Для развития устной речи, нужно с кем-либо беседовать. Когда люди хотят быстро и результативно решить свою проблему, они обращаются к юристу за помощью. Чтобы решить образовавшуюся проблему, юрист должен понять, о чем идет речь, и для этого суметь задать уточняющие вопросы. На правильно изложенный вопрос можно получить положительный или отрицательный ответ. Поэтому, если юрист хочет понять действия кого-либо, он должен точно сформулировать нормы права. Для повышения карьерного роста, у юриста должна быть развита устная речь. А чтобы развить устную речь нужно больше читать учебники на юридическую тему, смотреть документальные фильмы, ознакомиться с методами ораторского искусства и знать терминологию по специальности.

Грамотная письменная речь помогает специалисту правильно оформлять документы, касающиеся его деятельности. Для правильного оформления документов юрист должен уметь уместно применять термины; знать стили русского языка. Если юрист оформляет документы неграмотно, то это может привести к поражению на суде, договор может стать недействительным и разрушению основного закона страны.

Очень важно в работе юриста быть оратором. Ораторское искусство – это искусство публичного выступления с целью убеждения. Выступлению перед аудиторией студенты учатся на занятиях русского языка. Здесь преподаватели формируют навыки выступления на конференциях, учат не только выступить с докладом, но и уметь ответить на заданные аудиторией вопросы и правильно воспринимать критику. По теме «Ораторское искусство и введение дебатов», студенты учатся правильно оформлять доклады и рефераты; соблюдать деловой этикет, культуру и психологические основы общения, нормы и правила поведения. Цель подобных тем на занятиях русского языка - это формирование коммуникативных навыков и правильное общение с клиентами.

Так, в заключение мы поняли, что:

- 1) так как юрист – это социальная и общественная профессия, он должен уметь грамотно общаться с клиентами;
- 2) так как на правовой базе строится вся работа юриста, русский язык играет большую роль в формировании будущего профессионала;
- 3) юрист должен быть высоко моральным и умственно культурным работником, знающим и владеющим языком и правом.

Литература

1. Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность / Ред. Л.Р. Зиндер, М.И. Матусевич: Акад. наук СССР, Отделение лит. и яз., Комис. по истории филол. наук. - Л.: Наука. Ленингр. отд-ние, 1974. - 427, с. 413-418.
2. Скворцов Л.И. Культура речи // Русский язык. Энциклопедический словарь. М., 1979, с. 119—121.
3. Юрист // Словарь русского языка: В 4-х т. / РАН, Ин-т лингвистич. исследований; Под ред. А. П. Евгеньевой. — 4-е изд., стер. — Том IV. — М.: Рус. яз.; Полиграфресурсы, 1999. — 797 с.

ӘОЖ 894.342-3

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КҮРДЕЛІ ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ СИМВОЛДЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

*Лауланбекова Р.Т. - ф.ғ.к.
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

*В данной статье рассматривается сфера применения цветových понятии в
сложных номинациях.*

*This article considers comprehensiveness in using of the compound nominations
with the meanings of colours.*

Түр-түс атаулары тамыры алыста жатқан, халықтың ұзақ тарихымен сабақтас, оның рухани, мәдени өмірімен астарласа келіп, эстетикалық талғам-танымымен, ұлттық психологиясымен, салт-санасына, әдет-ғұрпымен ұласатын қоғамдық, филологиялық, этнолингвистикалық мәні үлкен мәселелер қатарына жатқызуға болады. Түр-түс ғылымының дүниеге келіп, жан-жақты зерттелу нысанына айналғанына екі ғасырға жуық уақыт өтті. Ең алғашқыда түс табиғаты олардың практикалық қажеттілігіне орай көбірек зерттелінді. Бұл тұрғыдан есімдері белгілі болғандар – Ньютон, Ломоносов, Вернер, Саккарде, Рунге, Освальд, Гете, Мерц, Поля, Рехтер, Раткин, М.

Люшер т.б. Түр-түстің лингвистикалық тұрғыдан зерттелуі жалпы тіл білімінде – Л. Уроф, А. Мэтьюз, Р. Фрумкина т.б., түркі тілдері әлемінде – А.Н. Кононов, Э.В. Севортян, А.М. Щербак т.б. есімдерімен байланыстырамыз.

Қазақ тіліндегі түр-түстердің зерттелу тарихына келсек, олардың семантикалық ерекшеліктерін, символдық мәнін, қолданылу аясын қарастырған Ә.Т. Қайдар, Р. Ғ. Сыздықова, З. Ахтамбердиева, Б. Өмірбеков, Ш. Жарқынбекова, Ұ.Б.Серікбаева, Қ.Т. Қайырбаева, Р.Т. Лауланбекова және тағы да басқа зерттеушілердің еңбектерін атауға болады [10].

Зерттеушілердің тұжырымдауына қарағанда, түр-түс мәселесін жан-жақты, тілдік материалдар негізінде тұлғалық-мағыналық ерекшеліктерін аша отырып зерттеген еңбектер көп емес. Түркі тілдеріндегі түр-түс атауларының семантикасын зерттеуді алғаш рет академик А.Н. Кононов қолға алды. Осы мәселеге қатысты түркі тілдеріндегі географиялық терминологияда кездесетін «ақ» және «қара» сөздерінің семантикасын, түс атауларының мағыналық ерекшеліктерін қарастырған А.Н. Кононовтың «О семантике слов «ақ» и «қара» в тюркской географической терминологии», «Семантика цветообозначений в тюркских языках» [1] еңбектері жатқызылады. Бұл еңбектерінде автор түркі халықтарының тіліндегі түр-түс атауларының жасалу жолдары мен олардың беретін мағыналарын зерттейді.

Бұл бағыттағы танымдық лингвистиканың бастау көзі Аристотельдің, Платонның, кейін В.Гумбольдт және оның шәкірттерінің философиясы концепцияларында жатыр. Танымдық үрдістің негізгі айырым белгісі тіл туралы жаңаша зерттеулерінде, зерттеу әдістеріне жаңа тәсілдер енгізуінде емес, таза танымдық бағдарының жаңалығында, тілге танымдық тұрғыдан келуінде [10, 7 б.]. Тұңғыш когнитивтік зерттеулер этнолингвистикалық және лингвистикалық типологияны шендестіру деңгейінде сипат алды. Тілдік әмбебеп құбылыстарды терең түсінуге талпыныс Н.М.Хомский, Д.Ж.Лакофф, Р.Лангакер және орыс тіл білімінде Ю.Д.Апресиян, Е.С.Кубрякова, Н.Н.Караулов т.б. еңбектерінен басталады.

Қазақ тіл біліміндегі танымдық бағыттың қалыптасуында этнолингвистикалық зерттеулердің мәні ерекше. Атап айтқанда, Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, М.Копыленко, Ж.Манкеева, Г.Гиздатов, Б.Қасым, Г.Қосымова, Қ.Жаманбаева, Г.Зайсанбаева, С.Жапақов т.б. ғалымдардың зерттеулерінен когнитивтік бағыт бастау алады.

Танымдық ғылымның нысаны болып саналатын таным, тіл мен ақыл, олардың өзара қатынасы сонау көне заманнан пікірталас тудырып келген түсініктер. Тіл мен ойлаудың өзара қатынасы – ертеде философтарды да ойландырған мәселе. Платонның «Кратили» – тілдің танымдық жағынан ең алғаш философиялық талдауы болды. Платон пікірінше тілдің негізі – атаулардың қоршаған ортаны танып білуде абсолюттік дәлме-дәлместігінде. Атаулар көмегімен қоршаған ортаны танып білу танымдық

құрылымның төменгі сатысын ғана құрайды, ал бұл процестің ең жоғарғы сатысын байқап бағдарлап, мән мағынасын түсіне танып білу болып саналады. Дүниетаным жеке адамның өмір сүруімен байланысты болумен бірге адамның қоғамдық өмірдегі орнына да қатысты. Дүниетанымның жинақы көрінер жері – ұлттық дүниетаным. Ұлттық дүниетаным ұлттың бүкіл бітім-болмысымен, қоршаған ортасымен, шаруашылық жүйесімен, табиғат құбылыстарымен өте тығыз байланысты. Ұлттық дүниетаным түр-түс компонентті күрделі атауларда да орын алады. Түр-түстік ұғымды білдіретін сөздерден жасалған күрделі атау да басқа күрделі ұғымдық атаулар сияқты біртұтас лексика-грамматикалық бірлік деп танылатын, сыңарлары кем дегенде екі мағыналы лексемалардан тұратын аталым болып табылады.

Күрделі ұғымдық атаулар номинациялық қызметпен қоса, танымдық қызмет атқарады. Қазіргі кезеңге дейін түр-түс атаулары түркі тілдерінде тіл білімінің морфологиялық саласында қаралып, лексика-грамматикалық тұлғалары анықталды. Этимологиялық тұрғыдан зерттеуге алынып, нәтижесінде күрделі ұғымдық атаулар категориясы белгілі бір жүйеге түсірілді. Түр-түске қатысты сөздер «сапалық сын есім» деп аталатын категорияда қамтылды. Алайда, қазақ тіл білімінде түр-түс проблемасын жан-жақты, түркі және басқа шетел тілдерінің фактілері негізінде тұлғалық-мағыналық ерекшеліктерін аша отырып жан-жақты зерттеген еңбектер шамалы.

Қазақ тіл білімінде түр-түс атауларын бұрынғы зерттеулерден мүлдем басқа тұрғыда қарастырып, олардың табиғатына тән ерекшеліктерді халықтың тыныс-тіршілігімен, салт-санасымен, эстетикалық талғамымен байланыстыра зерттеп, түр-түстер табиғатын басқа қырынан танытқан ғалым – академик Ә.Т.Қайдар. Ғалым өз зерттеулерінде табиғаттағы түр-түстерге, олардың жер-су атаулары құрамындағы мағыналық ерекшеліктеріне шолу жасай отырып, төрт түлік мал түстеріне байланысты атаулардың семантикалық және этнографиялық сөз орамдарына ұйытқы болуын жан-жақты әрі қызғылықты баяндайды.

Ғалым бұл тұста салт-сана, әдет-ғұрыпқа байланысты түр-түс символикасының өте көптігін жер бетіндегі этностық топтардың санымен және олардың түр-түс ұғымдарын өздерінше қабылдап, мағына беруінде деп есептейді [1, 35 б.]. Олай болса, тілдің эволюциялық жолмен дамып, өрбіп, соның негізінде туындаған символдар сол тілде сөйлеуші ұлттың танымымен, әдет-ғұрып, салт-дәстүрімен, рухани-мәдени өмірімен тығыз байланысты деп қорытынды жасауға болады. Соның нәтижесінде символдық мағынаға ие болған сөз белгілі бір дәрежеде халық танымындағы әлемнің тілдік бейнесін танытуы ықтимал.

Мысалы, қазақ мәдениетінде *ақтың* антиподы ретінде *қара* түс қолданылып, *ақ-қара* бинарлық жүйесін құрайды. Сонымен бірге *ақ* – *күннің*, *қара* – *түннің* символдық белгісі. Бәрімізге белгілі *қара* сөзінің негізгі мағынасы – *«күйенің, көмірдің түсіндей түс, бояу»*. Қазіргі қазақ тілінде бұл *қара* сөзінің ең негізгі түстік номинативтік мағынасы. Көптеген ауыс,

символдық мағыналардың пайда болуына ұйытқы болған түстік, сындық мағына беретін *қара* сөзінің неліктен түс атауына қатыссыз мағынаға ие болғанын қазіргі тілдік тұрғыдан дөп басып түсіндіру қиын. Нақтылай кететін тағы бір фактор, сөздің жаңа мағынаға ие болуы емес, оның белгілі бір ситуацияда немесе контексте жаңа қолданысқа түсуі. Аталмыш жайт таңбаланушы денотаттың символдану үрдісін көрсетеді.

Қара сөзінің бірінші мағынасы «*ақтың қарама-қарсы түрі*». Бұл оның негізгі мағынасы. Бірақ бұл номинативтік мағына одан кейін пайда болған коннотативтік мағынаның қалыптасуының барлығына бірдей ұйытқы бола алмайды. Мысалы, түркі топонимикалық жүйесінде жиі кездесетін *gara su* тіркесінің мағынасы сумен емес, жермен байланысты. Ал барлық орта ғасырлық түркі ескерткіштерінде кездесетін *gara budun* термині халықтың түсіне байланысты емес, оның қоғамдық-әлеуметтік орнымен байланысты, яғни қарапайым төменгі сатыдағы халық. *Қара* сөзінің ауыспалы коннотативтік мағынасы оның номинативтік мағынасына қарағанда әлдеқайда көп.

Қара сөзі де көптеген зат, құбылыс және іс-әрекет атаулымен тіркесе келе, әр алуан символизмдердің жасалуына ұйытқы бола алады. Олар: *қара, қара тұту, қара жамылу, қара тігу, қараны жығу, қаралы көш, қара қазан, қара шаңырақ, қара жаулық, қара ниет, қара жүрек* т.б.

Қара түске қатысты осы тәрізді символдық мәні бар тіркестерді көптеп келтіруге болады. Бұлардың бәрі, әдетте, жай ұғым-түсінік ретінде қабылданады да символдық мағынасы көмескіленіп тұрады. Оны тек өмірдің нақтылы көрінісінен, не көркем шығарма контексінен айқын көруге болады.

Этнограф ғалым Гросеннің пікірінше, қайғы қасіреттің белгісі европалықтарда – қара түс, ал австралиялықтарда – ақ түс болған десе, қазақтар үшін – *қара түс*. Оған тіліміздегі *қара жамылды, қара қағаз, қара тікті* т.б. сөз оралымдары дәлел бола алады.

Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсаринның, белгілі этнограф Ө.Жәнібековтың көрсетуінше, қазақ халқында ертеректе ел жақсысы қаза тапқанда шаңырақтан *қара ала шашақты қара жалау* көтеріп, жақындары *қара жамылып* аза тұтатын, оның мінген атын бір жылға дейін тұлдап, ертұрманына *қара жабу* жауып, көші-қон кезінде жетелеп ертіп жүрген. Қазақтар адам өлгенде найзаға *қаралы ту* тағып, шаңырақтан шығарып қоятын болған, адам жерленгеннен кейін найзаны сындыру ырымы жасалған. Мәселен, М.Әуезовтің «Абай жолы» романында мынадай көрініс суреттеледі: «Байдалы өлік үстіне тіккен ақ үйдің оң жақ белдеуіне өз қолымен әкеп *қара тікті*. Бұл жұмыс өліктің артын күтудің үлкен бір серті еді. *Қара* дегені – ұзын найзаның басына тігілген қара түсті ту». Бұл салт туралы Құрбанғали Халид «Тауарих хамса» атты кітабында қазақтар «өлікті қойып болған соң *«қара»* тұрғызады. *«Қара»* дегені – найза ұшына белгі байлау, мәйіт жас болса – қызыл, ересекке – ақ, орта жасар болса – бір жағы қара, бір жағы қызыл не ақ матадан құрап тігеді. Бұл *қара* қазақтың белгісі. Төрелер тірісінде қай ту ұстаған болса, өлігіне сол ту байланады, төрелерде

жас пен кәрісі бірдей. Өлікке тігілген белгі қай түрлі болсын «қара» деп аталады. «Қаралы күн тудының» белгісі» деп жазады [8, 221 б.]. Өлім-қазаға байланысты аза тұту дәстүрінің бұл бір ғана көрінісі. Ол салт-дәстүр ондаған символдық мәні бар жеке көріністерден, яғни рәсімдерден тұратыны белгілі. Өлген адамның атын тұлдау рәсімі бойынша аттың жал-құйрығын күзеп, ел көшкенде ерттеп, тоқымын қайыра тартып, үстін қара жабумен жабулап жетекке бос алып жүруді талап еткен «тұлданған ат» марқұмның жылдық асында міндетті түрде құрбандыққа шалынатын болған. Мұны «қараны жығу» деп атайды. Осы тәрізді атрибуттар мен іс-әрекеттердің бәрі де ритуалдық-символдық сипат алып, дала салтында орындалып келген. Ал сол үйде бір жыл бойы белдеуде тігулі тұрған қара туды ырымын жасап болғаннан кейін, табанға салып сындыру рәсімін «қараны сындыру» деп атайды. Қара ту, қара жабу әрекеті қазақтың жерлеу ғұрпымен байланысты «найза сындыру» салтында да көрініс табады [9, 52 б.]. Ал «қара жамылу» орта жастағы адам қайтыс болып, әйелі мен балалары жетім қалуына байланысты айтылған себебі қазақтар қаралы киімді әдейі тікпеген. Орта жастағы адам өлгенде әйелдер әшекейін алып тастап, иығына қара жамылған. Еркектер белін буып, қолына таяқ ұстаған. Қазақ салты бойынша күйеуі өлген әйел қара киінеді, қызы үстіне ақ киім, басына қызыл бөрік киеді. Күйеуі өлген әйел басына қара жаулық салса, ұлын жоқтаған ана басына ақ орамал тартқан. Ара-тұра осы тәріздес синкретті қолданыстар орын алса да, қазақтар үшін қайғы белгісі қара түсін қолдану кең етек алған деуге болады. Мысалы, қайғы белгісі қара түсімен қатар, ақ, көк сияқты түстердің де қазаға байланысты қолданылуын «Қорқыт ата кітабында» кездесетін Бамса-Байрақты жоқтаудан да көруге болады.

Мұндай символдық мәнге ие ырымдар көп болған, тілімізде олардың атаулары сақталса да, мағынасы бүгінде ұмыт бола бастаған сөздер де бар екен. Мәселен, өлім-жітім рәсіміне байланысты «қара» символынан туындаған «қарашы» деген сөзді елдің бәрі біле бермейді [9, 52 б.]. «Қарашы»- өлген адам бойынша аза тұтып, артын күтіп, оған құрмет көрсетуші тілеулес адам.

Қара жамылу, ниеті қара сияқты тіркестердегі қара сөзінің қайғы, қаза, жамандық мағыналарында жұмсалып символдық мән алуы лингвомәдени коннотация болып табылады [4, 13 б.].

«Қара түр-түс атауының бұдан басқа қасиетті, киелі деген мәнді білдіретін символдық мағынасы бар. Бұл тіліміздегі қара қазан, қара шаңырақ сияқты сөз тіркестерінің құрамындағы қара сөзінен көрінеді.

Этнограф ғалым С.Кенжеахметұлы өзінің «Жеті қазына»- деген еңбегінде қазан, қара қазанның символикалық белгісі жайлы былай дейді: «Қазанның басқа ыдыстарға қарағанда қазақ өмірі мен мәдениетінде алатын орны мүлде жоғары. Өйткені ол – күнделікті тіршілік құралы. Қазақ дастарханына түсетін тағамдардың барлығы да, ең алдымен, осы қазаннан өтеді. Халық жай ғана «қазан» демей, оны «қара қазан» деп қастерлеп атайды. Бұл жерде қара сөзі қасиетті, киелі, берекелі деген ұғымды білдіреді.

«Жеті жарғыдаң өлім жазасына бұйырылған адам жеті айып төлеп құтылса, оның біріншісі – «қара қазан төлеуі»деп аталады» [7, 128 б.].

Материалдық мәдениетке қатысты зат күнделікті тұрмыс қажеттілігін өтеумен қатар, символдық, белгілік қатынаста да жұмсала алады. Бұл орайда белгілі бір зат қандай да бір семиотикалық жүйеге кіргенде, ол белгі ретінде қызмет атқарады, ал жүйеден шыққан кезде зат ретінде қызмет атқарады. Олар зат тәріздес тек өздерінің тура арналғандығында ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік қатынастар белгісі ретінде де қолданылады.

Сол сияқты «*қара шаңырақ*» та киелі, қасиетті ұғымымен қатар, *үлкен, алғашқы* деген мағынаны да білдіреді. *Қара шаңырақ* – бұл үлкен үй, бір ата не бір ауылдың ұрпақтары тәрбие алған, ұшып шыққан ұя деген мағынаны білдіреді. Көне дәстүр бойынша қара шаңырақ кенже ұлға мирас болып берілген.

Қара сөзінің ендігі бір символдық мағынасы – *шыдамдылық, төзімділік*. Бұл қазақ халқының жас босанған әйелге қалжа беру дәстүрінде байқалады.

Қой түлігінің *қара* түстісін қазақтар кей жерлерде жемей немесе сыйлы қонаққа сыйлайтын әдеті болған. *Қара* түс күннің көзін өзіне көп сіңіретіндіктен қазақ жас босанған әйелге қара қойдың құнарлылығы мол, жұғымды тағам деп есептеп, қалжалығына сойған. Және қуаңшылық жылдарында жаңбыр жаудыру үшін қара қой сойып тасаттық берген. Оның қанын аптап ыстыққа күйген жерге жаққан. Ертеректегі жаугершілік замандарда жаушыға қара түсті ат мінгізіп жіберсе, жеңілісті білдірген.

Ертеректе қазақтар халық емінде қара қойды сойып, қара шешек болған балаларды терісіне орап емдеген. Қара ешкінің өкпесімен шошынып ауырған адамды қағып жазған. Қара түсті мал ақ, боз түстіге қарағанда шыдамды келеді екен. Яғни қара түс шыдамдылықты аңғартады.

Белгілі қазақ ақыны Мұхтар Шахановтың халықтың ауыр тағдырын, қайғы-қасіретін, зұлымдық зардабын «*қара*» түстің символдық мән-мағынасы арқылы суреттеген бір өлеңінде былай делінеді:

*Қара, қара, түндей қара, тастай қара, қап-қара,
Қара деген тіршілікке түскен қара нокта ма?
Солай, бәлкім, сондықтан біз қаралықтан қашамыз,
Қаралардың құпиясын ақ арқылы ашамыз.
Қара деген - мұңлы зат ол, қара деген шерменде.
Қара жалау көтереді ел ұлы адамдар өлгенде.
Жоқ, жоқ, тегі абзал болар берілмеген елеске,
Ана қыздың қара көзі мейірімді көз емес пе?
Жолығыса қалған кезде қарай қалса сәл тұрып,
Жүрегінді қуанышқа жібереді-ай толтырып.
Қара екен деп қандай адам жамандыққа қияды,
Күнде досқа хат жазатын мына қара сияны.
Ойға шомам, қара заттан қашуымыз бекер деп,
Інішегім мазалап жүр қара костюм әпер деп.*

*Ақ көңілдің шаттығы үшін киер болса оны адам,
Кисін, кисін бақытына не үркеміз қарадан?
Ал, түсі аппақ бола тұра берілсе адам жат ойға
Онда оның ақтығынан адамзатқа не пайда?
Өмір, өмір, дархан өмір, мен туғанда анадан,
Қарт анамның қолыменен ұсынғансың қара нан.
Содан кейін құлындай боп күндер заулап өтті де,
Балаға тән мінезбенен ауыз салдым тәттіге.
Шырын дәмі кермек татып, өсе келе о дағы,
Қара жерден өніп шыққан қара нандай болмады.
Қара заттар... Көзге қораш көрінгенмен баз бірі,
Тереңінде тұнып қана жатады екен мазмұны.*

Көріп отырғанымыздай, 26 жолдан тұратын бұл өлеңде «қара» атауы 22 рет қолданылып тұр. Бұл қолданыс белгілі бір стильдік мақсатты көздеп тұр десек те, оның мағынасынан «қара» түске байланысты өте күрделі философиялық ой айтылып тұрғанын аңғарамыз. *Қара түстің* тура, ауыспалы мән-мағынасын терең білетін ақын «қараның» бәрі шерменде, қайғы-қасірет, азалы дүние емес, оның да адам баласына жағымды әсер ететінін, адамға қажетті сүйкімді мәнде қолданылатын сәттері де аз емес, «ақтың» да «қарадан» жаман қасиеті болатындығын аңғартып тұр.

Қара түсті білдіретін атаудың «ақ» түсті білдіретін атау сияқты көп мағынаға ие болуы, біріншіден, оның табиғаттағы ең негізгі, көрнекті және басқа да көп түстердің құрамында кездесетін табиғаты күрделі түс болуына байланысты болса, екіншіден, қоғамдық өмірдегі көптеген құбылыстармен түр-түсіне байланысты сәйкестігі, ұқсастығы, мәндес-мағыналастығы негіз болған деп қарауға болады. Мәселен, қарайып көрінген зат бейнесі де, адамға тек зиянын тигізетін жын-шайтанның белгісіз болмысы да, қайғы-қасіреттің ауыр азабы мен қаралы сәті де, сән-салтанатта тым қарапайым көрінетін жұрт, қара қазақтың болмысы да, қара жер бетінде ағып жатқан судың да, қара ісімен айыпталған адамның бейнесі де – бәрі-бәрі «қара түспен сипатталуы логикалық жүйеге сай құбылыс.

Халқымыздың жанына жақын түстердің бірі – **қоңыр түсі**. *Қоңыр* – жер түсі, тірлік, өмір бейнесі. Қазақ нанымында бұл түс ерекше орын иеленеді. Жерден еңбекпен нәпақы тапқан, кең даланы меңгеріп ғұмыр кешкен қазақ үшін жер түсі бөлекше мазмұнды иеленуі заңды да. *Қоңыр* алдымен қауіпсіздік, тыныштық, мамыражай тірлік белгісі. Қоңыр сөзі түстік мағынадан басқа мынадай: *қоңыр күй, қоңыр дауыс, қоңыр күз, қоңыр жел, қоңыр әңгіме, қоңыр қабақ, қоңыр тірлік, қоңыр сөз, қоңыр самал, қоңыр дала, қоңыр салқын, қоңыр кеш, қойдай қоңыр, майда қоңыр* сияқты тіркестермен келіп, әр түрлі құбылыстың небір жанға жайлы, құлаққа жағымды, жүрек тебірентетін нәзік те әсем сәттерін, өмір, тіршіліктің жайбарақат, мамыражай, кейде тіпті жұпыны да сыпайы қалпын суреттейтін ерекшеліктері көзге түседі. Осы бір қоңырлық халқымыздың мінезіне тән қарапайымдығы мен момындығын сездіретін тәрізді.

Көркем шығармада түр-түс атауларын қалыптасқан дәстүрде пайдалану бар да, қатып қалған шаблон жоқ. Өнерде де көркем сөздің басқа тәсілдері сияқты түр-түс атаулары да дарындылыққа, шеберлікке есігін кең ашатын тіліміздің байлығына жатады. Осы тұрғыдан алғанда, кейбір қаламгерлердің туындыларындағы түр-түс атауларының соншама бай мүмкіншілігіне, оларды құбылта пайдаланғанына таң қалуға болады. Бұған дәлел ретінде Ж.Нәжімеденовтың төмендегі өлең жолдарын келтірейік:

*Қоңыр шешем қоңыр кешти жамылып,
Көзін сулап, қалып еді қамығып,
Қоңыр жолға түсіп едім мен өстіп,
Қоңырқай ой маза берер емес түк.
Қоңырайып жатыр алда жол әлі,
Кеудем кейде, қоңыр жырға толады,
Қазақ қоңыр әнмен бесік тербетіп,
Өргізіпті-ау, қоңыр-қоңыр баланы.
Қоңыр күні, қоңыр дала, қоңыр үн,
Қоңыр күймен өтіп жатыр өмірім.
Қоңыр күзде қоңыр шаруа күйбеңмен,
Қоңсы қонған қоңыр қызға үйленгем
Қоңыр, қоңыр күй тыңдап ем жасымда
Шешем қалды қоңыр төбе басында.
Қоян жонға қоңыр ымырт түскенде
Қоңырайып отырамын үстелге.*

Осы бір қысқа ғана жыр шумағында автор *қоңыр* атауын жиырма рет қолданып, қаншама жаңа тіркестер жасап отыр. Бірақ *қоңыр* сөзі қанша рет қайталанса да, бір жерде басы артық тұрған жоқ. Сөз зергерінің күші де осында болса керек.

Демек, кез келген мәдениеттегі түр-түс өзіндік символдық мәнге ие болып келеді. Бұл тәрізді символдар адам баласының сан ғасырлық тәжірибесінен қорытылып шыққан, тарихи жағынан қалыптасқан белгілі бір түсініктің, философиялық ой мен дүниетанымның жемісі

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ә.Қайдаров, З.Ахтамбердиева, Б.Өмірбеков. Түр-түстердің тілдегі көрінісі, Алматы, «Ана тілі», 1992, 158б.
2. Бекмағанбетов Ш. Тілдік таным негіздері және тілдік символдар. Алматы, 1999
3. Айдаров Е. Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілі. Алматы, 1991
4. Ислам А. Қазақ мәдениетінің тілде көрініс тапқан символдар астары // Ұлт тағылымы, 2003, №4
5. Белый А. Символизм как миропонимание. Москва, 1994
6. Голан А. Миф и символ. Москва, 1993
7. Серікбаева Ұ. “Ақ”, “қара” түр-түстерінің қазақ салт дәстүріндегі символдық мәні // Этнопедагогика және этнопсихология, Алматы, 1997

8. Құрбанғали Х. Тауарих хамса. Алматы, 1992
9. Шойбеков Р. Кейбір түс атауларының мағыналары//Қаз.ССРҒА хабаршысы, фил.сер.1990,№3
10. Лауланбекова Р.Т. Қазіргі қазақ тіліндегі түр-түс ұғымды күрделі аталымдардың танымдық табиғаты: монография. – Шымкент, 2015. – 164б.
11. Мажитаева Ш. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілі //Фил. ғыл. докт. дисс. автореф. –Алматы, 1999-53 б.

ӘОЖ 372.8:718

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ҚЫЗДАР БЕЙНЕСІ

Турдали Жансая Бекболатқызы
ҚТ-121 тобының 3-курс студенті
Жетекшісі: Белгибаева Г. А.
Магистр, оқытушы
Шымкент университеті, Шымкент қ.

Аннотация

Бұл мақала XX ғасыр әдебиетінде басып шығарылған шығармалардағы қыздар бейнесі мен XXI ғасыр қыздарының өмірі салыстыра отырып жазылған.

Қыз өмірдің гүлі, барша адам қадірлейтіндей, аялап алақанда ұстайтындай, мақтап көкке көтеретіндей, қанаттыға қақтырмай, түмсықтыға шоқтырмай өсіретін жаратылыс иесі болып табылады. Сонау ғасырлардан бері өмірдегі пәктік пен нәзіктіктің, ибалылықтың символы осы қыздар.

Ата-бабаларымыз қыз баласының тәрбиесіне, жүріс-тұрысына аса мән беріп, қазақ халқының ар-намысы осы қазақ қызының тәлім-тәрбиесінде деп ойлаған. Өйткені, қыз баласы жат-жұрттық. Сондықтан да, біреудің асыл жары, бір үйдің аяулы келіні болған уақытта, туып өскен еліне сөз келтірмейтіндей қылып тәрбиелеген дұрыс деп тапқан.

Сан ғасырдан бері үзілмей айтылып келе жатқан "Қызды қырық үйден тыю, қала берсе қара күннен тыю" деген жақсы мақал бар. "Қызым саған айтам, келінім сен тыңда", "Қызыңды мақтасын десең алысқа жібер" тағы сол сияқты қыз баласына қатысты түрлі мақал-мәтелдер әлі күнге дейін өз ізін суытпаған.

Сондай-ақ, қазақ әдебиетінде болмысы нәзік, қылықты қыздарымыздың

өмір үлгісін сипаттайтын шығармаларымызды көптеп кездестіруге болады. Жоғарыда атап өтілгендей, қазақ халқы үшін нәзік жандылардың тағдыры өте маңызды болған. XX ғасырдың басында осыған байланысты әйел теңдігі, сонымен қатар тағдыры жайында шығармалар көптеп шығарыла бастады.

Мысалға алатын болсақ, ең алғашқы қазақ романы М. Дулатовтың "Бақытсыз Жамалы"[1]. Бұл роман әйел баласының басынан өткерген неше түрлі сынықтардан өткен әйел затының ауыр тағдырын көрсетеді. Романдағы басты тақырыптардың бірі байлық пен кедейлік, сонымен қатар әйел теңдігі. Және де Ж. Аймауытовтың қаламынан туған ең көлемді прозалық шығарма - "Ақбілек" романы[2]. Бұл әсерлі де әсем романымыздың басты кейіпкері - Ақбілек. Он екіде бір гүлі ашылмаған Ақбілек арудың адам шошырлықтай көрген қорлығы, аяқ асты болып тапталған ар-намысы жайлы суреттелген ауыр, жүрекке дәл тиетіндей шығарма. Туынды реалистік оқиғаға сай етіп жазылған. Романды оқыған әрбір оқырманның жүрегі тілініп, Ақбілекпен бірге жылайды. Бұл шығармада көтерілген басты мәселе - қазақ қызының бастан өткерген ауыр тағдыры.

Қазақ әдебиетінде тағы да бір өз орнын алған шығарманың бірі - Ғ.Мүсіреповтың "Ұлпан" романы[3]. Туынды XIX ғасырда қазақ жерінде болған тарихи оқиғаға негізделіп жазылған көркем шығарма. Роман аузы дуалы, атақты бай, өткір сөзді, алып денелі, мықты Есеней мен ел анасы болып кеткен Ұлпан жайлы көркем туынды. Есеней даңқты адам болса да, бір балаға зар болған екен. Күндердің бір күнінде ол айдай сұлу, ақылды, құрбыларының алды, өткір тілді, өзінен қырық бес жас кіші Ұлпанды кезіктіріп, өзіне екінші әйел етіп алады. Кейіннен азды көпті он-он бес жылда Ұлпан барша жұртты билеп, ақыл айтатындай ел анасына айналады.

Кейін күйеуі Есинеі өлгеннен кейін, одан қалған жалғыз қызы Біжікенді Торсан деген жігітке күйеуге береді. Торсан Есинеіден қалған бар мал-мүлікті пайдаланып, Ұлпан мен қызына Торсан туыстарымен бірге күн көрсетпей, кекетіп-нұқатып отырады. Ол қорлыққа шыдамай, ашынған намысты Ұлпан "Маған көрсеткен қорлықтарың өз басыңа келсін!", - деп қарғап, бір түн ішінде у ішіп өледі.

Мінекей, қазақ әдебиетіндегі әйел тағдыры осылай бейнеленеді. Әйел заты қанша мықты, қайсар мінезді екендігін қай шығарманы ашып қарасаңыз да айқын көре аласыз. Қазақ қыздары қай уақытта болсын қиындықтарға, көрген қорлықтарына бой ұсынбай, өз мықтылықтарымен көзге түскен. Қаншалықты қайсар, ер мінезді, ар-намысты, өжет қыздарымыз болса да қарапайым халық болсын билік адамдары болсын әйел затына деген көрсеткен қорлықтарына бұдан әрі көз жұма қарап отыру мүмкін емес.

Жоғарыда жазылған "Қызға қырық үйден тыйым" деген әдемі мақалымыздың қазіргі таңда соған сай "ұлға елу үйден тыйым" деген жалғасы қолданыста. XXI ғасырда қызды ғана тәрбиелек бермей, ұлға да біраз салмақ салып, мән беріп тәрбиелеген жөн.

Иә, әдетте қызға ақыл айтып, тура жол көрсеткенге шеберміз. Алайда ұл балаларымызға да заманға сай көбірек көз тастап қойған дұрыс. Өйткені,

ата-бабаларымыздың өткен тарихындай қыздарымыз қорланбасын десек, ер жігіттерімізге қоғамға сай жөн сілтеп отырсақ екен. Әрбір нәзік жанды аруларымыздың дамыған заманда құқығы қорғалуы тиіс. Қорықпай, қауіпсіз өмір сүруі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М. Дулатов «Бақытсыз Жамал» ISBN 5-605-00871-4 ©«Жазушы» баспасы, 1991
2. Ж. Аймауытов «Ақбілек» ISBN 9965-05-874-1 ©«Атамұра» баспасы, 2003 жыл.
3. Ғ. Мүсірепов «Ұлпан» ISBN 9965-05-898-9 ©«Атамұра» баспасы, 2003 жыл.

**МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ САЛАУАТТЫ ТАМАҚТАНУ
МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ**

Қасымбай С.С.

(Қожса Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.)

Резюме: В этой статье подчеркивается важность питания и здорового питания. Обсуждается идея формирования у школьников знаний о "здоровом питании в педагогике". Анализируя взгляды многих исследователей на определение понятия "психолого-педагогические условия", мы выделили ряд важных для нашего понимания этого явления положений.

Түйіндеме: Бұл мақалада тамақтану және салауатты тамақтану маңызы көрсетілген. Мектеп оқушыларының бойында "педагогикадағы салауатты тамақтану" туралы білімді қалыптастыру идеясы талқыланады. Көптеген зерттеушілердің "педагогикалық-психологиялық жағдайлар" ұғымын анықтауға қатысты көзқарастарын талдай отырып, біз осы құбылысты түсінуіміз үшін маңызды бірқатар ережелерді аталып өткен.

Тамақтану - ағзаның сыртқы ортамен химиялық байланысы. Тамақсыз өмір сүру мүмкін емес. Дене-тамақ-орта біртұтас тұтастықты құрайды. Осылайша, ағзаның қоршаған табиғи ортамен бірлігі, ең алдымен, оған тамақ арқылы сіңетін химиялық заттар арқылы жүзеге асырылады.

Тірі ағза - қоршаған ортамен үнемі зат пен энергия алмасатын жүйе және ағзада метаболизмнің қалай жүретіні өте маңызды. Ол қысқартылған

немесе шамадан тыс қаныққан болып қалыпты жағдайдан ауытқуы мүмкін. Ақаулық міндетті түрде ағза жүйесінің жұмысында көрінеді, яғни, денеге әсер етеді. Осыған байланысты ағзамыздың анатомиясы мен физиологиясы эволюция мен табиғи сұрыпталудың өнімі бола отырып, тек биология ғана емес, сонымен қатар физика мен химия заңдары бойынша жұмыс істейтін теңдестірілген тірі өзін-өзі реттейтін жүйе болып табылады» [1].

"Ағза үшін тамақтанудың биологиялық маңызы көп қырлы:

- тамақ дененің барлық жүйелерінің жұмыс істеуі үшін энергия көзі ретінде қызмет етеді. Энергияның бір бөлігі өмірді қалыпты жағдайда сақтауға арналған негізгі зат алмасуға арналады. Ас қорыту процесінде тағамды өңдеу үшін белгілі бір энергия жұмсалады. Бұлшықет аппараты жұмыс істеген кезде көп энергия күйіп кетеді;

- тамақ ағзаны биологиялық белсенді заттармен – өмірлік процестерді реттеуге қажетті дәрумендермен қамтамасыз етеді;

- тағам ақпараттық рөл атқарады: ол ағзаға химиялық ақпарат ретінде қызмет етеді. Тағамның ақпараттық мәні тағамдық заттардың белгілі бір молекулалық құрылымында жатыр. Ақпарат неғұрлым кең және алуан түрлі болса, оның құндылық мазмұны соғұрлым көп болады. Басқаша айтқанда, ағзаның тамақтану диапазоны неғұрлым кең болса (барлық қоректілер), соғұрлым ол тіршілік ету ортасына бейімделеді"» [2]. Жоғарыда айтылғандардың бәрі салауатты тамақтану әр адам үшін маңызды екендігін айқындайды.

А. А. Покровский: "Өкінішке орай, көптеген адамдар дұрыс емес тамақтануға әдіттенген. Олар жолда тамақтанады, уақытында тамақтануды ұмытып кетеді, жас ерекшеліктері, еңбек жағдайлары және климатты ескермей, тамақтану ережелерін ойланбай бұзулары мүмкін: кейбіреулері шамадан тыс тамақтанады, басқалары таза эстетикалық себептермен тамақтанбайды, – "сымбатты қалыпты сақтау үшін" [2]. Балалардың дені сау және мықты болып өсуі үшін, тағамның барынша пайдасы болуы үшін олардың салауатты тамақтану туралы түсініктері болуы керек.

Салауатты тамақтану - салауатты өмір салтының маңызды құрамдас бөлігі. Ол дененің дұрыс өсуі мен қалыптасуын қамтамасыз етеді, денсаулықты сақтауға, жоғары өнімділікке және өмірді ұзартуға ықпал етеді.

Осылайша, салауатты тамақтану - бұл адамның денсаулығын жақсартуға және аурулардың алдын алуға ықпал ететін, өсуді, қалыпты дамуды және өмірлік белсенділікті қамтамасыз ететін тамақтану. Салауатты тамақтану балалардың денсаулығын және олардың дұрыс физиологиялық дамуын қолдауға мүмкіндік береді.

Мектеп оқушыларының бойында "педагогикадағы салауатты тамақтану" туралы білімді қалыптастыру идеясын Платон алғаш рет алға тартты, оны кейінгі ұрпақ ғалымдары дамытты. Сонымен, Аристотель Я.А. Коменский дамытқан салауатты тамақтанудың табиғилығы идеясын айтты. Оның салауатты тамақтанудың табиғилығы ұстанымы - адам табиғаттың бір бөлігі бола отырып, табиғаттың бөлшегі ретінде оның әмбебап заңдарына

бағынады деген ойды дамытады. Ж.Ж. Руссо табиғилықты баланың табиғатын ұстану, оның табиғатына салауатты тамақтану арқылы көмектесу ретінде қарастырады.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында "қоршаған ортаны педагогикаға бет бұрғызу" идеясы пайда болды (п.п. Блонский, п. Ф. Лесгафт, М. М. Пистрак, С. Т. Шацкий), онда балаға еркін физикалық және психикалық даму мүмкіндігі беріледі.

Л.С. Выготский оқытудың негізгі міндеті баланың ішкі күштері мен мүмкіндіктерін салауатты тамақтану арқылы да дамыту үшін жағдай жасауды қарастыру деп тұжырымдады

Д.Н. Узнадзе балаларды оқытуда педагогтың жеке басының маңыздылығын атап өтті. "Тәрбие трагедиясы" деп аталатын тұжырымдамасында ол педагог пен бала арасындағы қатынастарды зерттеу мәселесіне ерекше назар аударады. Осы қатынастардың сипатын талдай отырып, балаларда салауатты тамақтану туралы идеяларды қалыптастыру кезінде, ол балаға деген адамгершілік көзқарасты іздеу қажеттілігіне және оқу процесін құрудың тиісті психологиялық негізіне назар аударады" [3].

О.А. Маталыгинаның пікірінше, педагогтардың маңызды міндеті балаларда салауатты тамақтану саласында белгілі бір түсініктерді қалыптастыру, бұл болашақта баланың денсаулығын сақтауға көмектеседі. Баланың денсаулығын арттыру және сақтау мақсатында педагогтардың ең маңызды міндеті - оның салауатты тамақтану мәдениеті жайлы белгілі бір түсініктерін қалыптастыру.

Салауатты өмір салтының элементі ретінде салауатты тамақтану туралы түсініктерді қалыптастыру, ең алдымен, баланың денсаулығына деген саналы көзқарасына байланысты. Педагогтардың балаларда салауатты тамақтануға деген қажеттілікті қалыптастырудағы басты міндеті - балалардың қабылдауы үшін түсінікті түрде салауатты тамақтану өмірдегі ең үлкен құндылық деген көзқарасты қалыптастыру.

Көптеген ғалымдар салауатты тамақтануға құндылық қатынастың маңыздылығына назар аударады.

"Бала үшін әлі салауатты тамақтанудың құндылығы жоқ, , ол үшін ойын және құрдастарымен қарым – қатынас құру маңызды. Баланың құндылықтарында салауатты тамақтану түсінігі үшін тиісті орын жоқ, бұл құндылықтың маңыздылығы туралы түсінік жоқ. "Салауатты тамақтану" ұғымының абстрактілігіне байланысты балаға бұл ұғымның мағынасын түсіну қиынға соғады және осылайша оның құндылыққа және салауатты тамақтану процесіне оң көзқарасы қалыптаспайды. Мектеп оқушылары өнімнің пайдасына назар аудармайды, оның дәмді болуы маңызды. Дәмді - бұл әрқашан пайдалы және салауатты емес. Бұл "дұрыс емес тамақтану" белгіленеді [66].

Бүгінгі таңда мектептің білім беру жүйесінде тұлғаны дамыту үшін тек мазмұнға ғана емес, сонымен қатар түсініктер құрылымын, олардың жүйелілігін анықтауға жағдайлар жасалған. Мектептерде жүргізілген кейбір

зерттеулерде оқушылардың салауатты тамақтану туралы түсініктердің шағын жүйелерін игеру мүмкіндігі анықталды. А. А. Ошкина, О. Н. Царева, Н.Е. Яровая, М.В. Стрижакова және басқалары мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастырудағы маңызды элементтерінің бірі салауатты тамақтану болып табылады деп тұжырымдаған[3].

Көптеген зерттеушілердің "педагогикалық-психологиялық жағдайлар" ұғымын анықтауға қатысты көзқарастарын талдай отырып, біз осы құбылысты түсінуіміз үшін маңызды бірқатар ережелерді атап өттік:

- шарт педагогикалық жүйенің құрылымдық элементі болып табылады;

- педагогикалық-психологиялық шарт білім беру мүмкіндіктерінің жиынтығын көрсетеді (білім беру субъектілерінің мақсатты түрде құрылған ықпал ету шаралары мен өзара әрекеттесуі: оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны, әдістері мен формалары, білім беру процесінің бағдарламалық-әдістемелік жабдықтары) және материалдық-кеңістіктік (оқу және техникалық жабдықтар, Білім беру мекемесінің табиғи-кеңістіктік ортасы және т. б.) оған оң немесе теріс әсер ететін орта.

- дұрыс таңдалған педагогикалық-психологиялық шарттарды іске асыру педагогикалық жүйенің дамуы мен тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ете алады.

Осылайша, біз мектеп оқушыларда салауатты тамақтану мәдениеті туралы түсінік қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық шарттарын педагогикалық жүйенің жүйенің құрамдас бөлігі ретінде қарастырамыз[4].

Педагог-психологтарға салауатты тамақтану дағдыларын қалыптастыру жұмысында педагогикалық процесті ұйымдастырудың келесі ерекшеліктерін ескеруі керек:

- Балаларға берілген ақпарат қол жетімді болуы керек, эмоциялар мен сезімдерді оятып, іс-әрекетке итермелеуі керек.

- Көрнекілік, жүйелілік қағидаттарын сақтау, материалдың жүйелілігі және біртіндеп күрделенуі.

- Оқушылардың салауатты тамақтану жайлы түсініктерін танымдық зерттеу қабілеттеріне сүйене отырып дамыту.

- Оқушыларға ұсынылған материал оқиғалар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды талдау, жалпылау және орнату қабілетін дамытуға ықпал етуі керек[3].

Мектеп оқушыларында салауатты тамақтану туралы түсінікті қалыптастыру бойынша жұмыс жүйесінде негізгі буын отбасы болып табылады. Ата-аналарды өзара әрекеттесуге тарта отырып, әртүрлі жұмыс түрлері қолданылады: әңгімелер, кеңестер, семинарлар, ата-аналар жиналыстары, бірлескен мерекелер, сауалнамалар. Балалармен жұмыс істеу әдістері мен тәсілдерін көрсете отырып, ашық есік күндері өткізіледі, балалармен білім беру қызметінің әртүрлі түрлері көрсетіледі. Сондай-ақ, балаларда отбасындағы салауатты тамақтану туралы түсініктерді қалыптастыру туралы кеңестер мен әңгімелер өткізіледі.

Осылайша, оқушыларда салауатты тамақтану мәдениеті туралы түсінік қалыптастырудың тиімділігі педагогикалық-психологиялық жағдайларға байланысты, бұл балалардағы салауатты тамақтануға құндылық қатынасты қалыптастыру технологиялары мен құралдарын жүйелі және дәйекті қолдануды, бірыңғай педагогикалық кеңістікте білім беру мекемесінде пәндік-кеңістіктік білім беру ортасын құруды және отбасымен өзара әрекеттесуді қамтиды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Алексеева А. С. Организация питания детей в дошкольном учреждении : пособие для воспитателей детского сада. М. : Логос, 2016.125 с.
2. Бароненко Л. А., Рапопорт Л. А. Здоровье и физическая культура студента. М. : Альфа-М, 2003. – 417 с.
3. Формирование у школьников здорового образа жизни (элемент рациональное питание) : учебно-методическое пособие. Ульяновск: Издатель Качалин Александр Васильевич, 2012. 104 с
4. Леонтьев А. Н. Избранные психологические произведения. СПб.: Речь, 2018. 168 с.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

Әшірәлі Несібелі Ержанқызы

Қт-121 тобының 3-курс студенті

Жетекшісі: Белгібаева Г.А.

Магистр, оқытушы

Шымкент университеті, Шымкент қаласы

Қазақ халқының ұрпақтан ұрпаққа жеткен, сөз өнерінің асыл қазынасы, халқымыздың өткенінен сыр шертіп, салт-дәстүріміз бен тарихымызды мұра етіп қалдырған біздің әдебиетіміз. Тарихымызбен ұштаса отырып жазылған шығармаларымызда қазіргі таңда әлем әдебиетінен де ойып алар орны бар. Сол себепті ұлттық жадыны сақтау құралы ретінде үлкен қызмет атқарады.

Әдебиеттің қай кезеңі болмасын әдебиет тарихына аса үлкен өзгеріс әкеліп отырды. Бастау алар бұлағы сол көшпелі кезеңнен белең ала бастады. Ауыздан ауызға тарап, қазіргі кезге дейін жетіп отырған жырларымыз халық арасына кең тарап, сүйікті шығармалары бола

білді.”Қобыланды батыр”,”Алпамыс батыр”,”Ер Тарғын”,“ Қамбар батыр” секілді жырларымыз халқымызды батырлық пен отан сүйгіштікке тәрбиелесе,”Қозы Көрпеш-Баян Сұлу”,”Қыз Жібек пен Төлеген” жырлары жастардың адал махаббаты мен солардың қилы тағдырлары жайлы оқырман жүрегінен ерекше орын ала білді.Содан бертін келе жыраулық поэзия дамып,жеке ақындық өнер дами бастады.Жыраулық поэзияның қалыптасқан сөз саптауы,ел тағдырын ту етіп ұстап,ерлік пен елдікті мадақтап,халық арасындағы теңдік пен теңсіздікті жырлай бастады.Бұл әдебиет дәуірінің бастау алар бұлағы еді.

19 ғасырдан бастап қазақтың жазба әдебиеті дамып,бұрынғыдай өлең қызық,сауық сияқты ермек емес,елдің тілек талабы мен мақсат,мұң,зар сияқты сезімдердің басын қосып шығармалар өмір есігін аша бастады.

19 ғасырдың екінші жартысында туған әдебиетіміздің орны ерекше.Осы кезеңде халқы үшін бар өмірін сарп еткен, қазақтың маңдайына біткен алтын бағы деп айтсақта аздық қылатын,әдебиетімізге зор тәрбие мен жаңа леп алып келген өкілдеріміз пайда бола бастады.Ыбырай Алтынсарин,Абай

Құнанбайұлы,Шохан Уәлиханұлы оқу-өнер,ғылым-білім арқылы алдыңғы қатарлы елдерге теңелуге өз күштерін жұмсады.

Қазақ әдебиеті ұлы Абайдың ағартушылық дәстүрін жалғастыра отырып дами бастады.Бұл уақыттарда халықты ояту мақсатында Оян Қазақ,Маса сынды шығармалар халықты оятып,көзін ашу мақсатында жарық көрсе,халық жағдайын баяндайтын Қамар сұлу,Кедей,Адасқан өмір секілді шығармалар жарық көре бастады.

Әдебиетіміздің өткенінен біраз шолу жасасақ,әдебиеттің бүгінгі тағдырына бет бұралық.Ұлы Абайдан мұра болып қалған әдебиетіміздің қазіргі жай-күйі көңіл толарлық емес.Оқырманның аздығынан ба?,шығарма жазатын ақын болмауынан ба?әлде шығарма бола тұрып,халыққа саларлық ойы болмай,тілге де ойға жеңіл болған соң шығар әдебиетіміздің дамымай бір орында тұрып қалғаны.

Қазіргі оқырман оқитын бағыт бизнес пен психологиялық кітаптар болғанын мойындау керек.Жарнамасы асқақтап тұрма,әлде расымен халыққа берері көп болды мекен,әйтеуір халық қазір прозалық,драмалық шығармаларға деген қызығушылықтары төмендегендей.Жоғарыда атап кеткендей бизнес пен психологиялық бағыт деп жатамыз,сонда қазіргі оқырман рухани тәлім-тәрбие алып дамығысы келмей ме?деген сұрақ мазалайды.Осы жақын арада интернет желісінен көріп қалып елім,жас қызға «Абай жолын»кім жазды деген сұрақ қойылып жатыр еді,ойланбастан Абай деп жауап берді.Бойымда намыс оты ояндыма,іштей қынжылып қоя бердім.Біз жастардың әлемге әйгілі,әлем халықтары қызыға оқитын романымыздың бізді қызықтырмағаны ма?!

Көздерінде ойнар
Сөздерінде жалын бар
Жаннан қымбат оларға ар

Мен жастарға сенемін!деп айтып кеткен Маған атамның сенген жастары біз бедік?

Қандай да болмасын атадан балаға қалған асыл қазынамыз, тарихымызбен мәдениетімізден сыр шертіп, сан ғасыр бойы сақталып келе жатқан мұрамызды осындай деңгейге түсіргеніміз жарамас. Әр нәрсе өзімізден бастау алатындай, ата-бабаларымыз аманат етіп қалдырған әдебиетімізді ары-қарай дамытып, биік шыңға шығару өз қолымызда.

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ БАЛА ТӘРБИЕСІ ТУРАЛЫ

*ҚТ-121 тобының 3курс студенті **Матлап Меруерт***

*Жетекші: **Лауланбекова Р.Т.** - ф.ғ.к.*

Шымкент университеті, Шымкент қ.

Бала тәрбиесіне бей-жай қарайтын халық емеспіз. "Баланы өскенше, немерені өлгенше" тәлім беріп, ұлағатты ұрпақ қалыптастыру – салтпен сіңген қазақы қасиет. Мемлекеттің мерейін асқақтатып, оны өркениет көшіне ілестіру секілді салауатты да сауапты істе жас буынға артылар жүк те жеңіл емес. Мұхаң (Мұхтар Әуезов) айтқандай, ел болуды бесіктен бастаған халықпыз. Баланы тәрбиелеудегі мақсат туралы Мағжан Жұмабаев "Педагогика" атты еңбегінде былай баяндайды: "Бала тәрбиесі – бір өнер, өнер болғанда, ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер. Баланы дұрыс тәрбие қылу үшін өз тәжірибесі жетпейді. Басқа адамдардың тәжірибесімен танысу керек. Бала зағип болса, баладан емес, тәрбиешіден, бала тар ойлы ақымақ болса, бала кінәлі емес, тәрбиеші кінәлі, бала сұлулықтан ләззат ала білмейтін мылқау жанды болса, бала айыпты емес, тәрбиеші жазалы. Қысқасын айтқанда, тәрбиеден мақсұт – адам деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару". Иә, даналар айтып кеткендей, ата-ананың балаға берер ең жақсы сыйы – тәрбие. Шығыс халқы айтатын: "Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші көтерсін", – деген сөздің мағынасы тым терең. Расында да, бала қымбат болса, баланың тәрбиесі одан да қымбат. Осындайда Абайдың "...Әке ұрысса балаға, ол да – достық, баласы ұрысса әкеге, жараса ма?" деген дана сөзі ойға оралады. Абайдың айтқаны дәл бүгінгі қоғамға сай келіп тұрғандай. Себебі баспасөз бетінде ұлттық тәрбие жұмысы қағажу көріп, балалардың әдебі тым нашарлап кеткені туралы мәселелер арагідік көтеріліп жүр. Баланы бастан тәрбиелеудің мәнісі неде? Ізгілікке бастайтын жол қайсы? Халқымызда «ізгі

қасиет», «ізгі ниет», «ізгі арман» деген қастерлі ұғымдар бар. Осы ұғымдар арқылы ең қасиетті, асқақ арманы мен жақсы ниетін, ең қадірлі, сыйлы адамға деген өзінің бағасын білдірген. Олай болса, ізгілік дегеніміз не? Бұл ұғымның түбірі «із», яғни бабалар салған сара жолдан, кісілік жолынан, жақсы мінезден таймау, бір ізділік.

Ізгілік дегеніміз – адамгершілік пен әдептілікті, сыйластық пен сүйіспеншілікті, кісілік пен кішілікті, ізет пен парасаттылықты білдіретін ұғым. Олай болса, жақсылық пен адамгершіліктің сара жолынан таймай ата-баба дәстүріне, үлкен-кішіге сый-құрметпен қарайтын, жақсыларға тән жайсаң мінез, жайдары қасиетті бойына сіңірген кісілерге тән қасиеттерді «ізгілік» дейміз.

Демек, ізгілік адамзат баласының, ата-бабаның адамгершілік дәстүрінен адаспау, жақсылық жолынан таймау, әдет-ғұрып заңдарына сай өмір сүру, дәстүрімізді құрметтеп, қадір-қасиетін бағалау, ғасырлар бойы қалыптасқан сенім-нанымдарға сай құрметтеп қарау, ар жолынан аттамау, әр нәрсенің жол жобасын біліп ізгілікті, бір ізділікті өмірлік қағидаға айналдыру.

Олай болса, ізгілік адам бойындағы қасиеттің ең асылы мен сыйлысы. Баланы ізгілікке тәрбиелеу үшін ата-ана өзі де ізгі жан болуы керек.

Бір нәрсенің беті ашық: біреуді қорлаған адам өзі қорланады, алдаған алданады... Баласы өзін алдап кетсе, оған долданады. Себебі "ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілетін" бала көргенін айна-қатесіз қайталайды. Сосын "бұл бала бұзылыпты, бетімен кетіпті..." деп жатқан жандар қаншама. Абайдың оныншы қара сөзін оқып, осы жайтқа шындап қаныққандай болдық. Оқып көрелік: "Әуелі балаңды өзің алдайсың: "Әне, оны берем, мұны берем", – деп. Баста балаңды алдағаныңа бір маз боласың. Соңы... балаң алдамшы болса, кімнен көресің? "Боқта" деп біреуді боқтатып, кәпірқиянқы, осыған тимендерші деп, оны масаттандырып, әбден тентектікке үйретіп қойып, сабаққа бергенде, молданың ең арзанын іздеп, хат таныса болады деп, қу, сұм бол деп, пәленшенің баласы сені сыртыңнан сатып кетеді", – деп тірі жанға сендірмей, жат мінез қылып, осы ма берген тәлімің? Осы баладан қайыр күтесің бе?!". Психолог Гүлден Батырованың пікірі де осындай: жас кезінен ұрыс-төбелесті көріп өскен балалардың есейе келе мейірімсіз, тасжүрек, қылмыс істеуге бейім келетінін айтады. Психологтың сөзіне қарағанда, баланың тәрбиесіне үш нәрсе әсер етеді: ата-анасы, ұстазы және жүрген ортасы. Баяғыда бір кісі ойшылға барып: "Балам бір жасқа толды. Тәрбиесін қай кезден бастаған дұрыс?" – депті. Сонда әлгі ойшыл оған былай жауап қатқан екен: "Сіз тәрбиені бір жылға кешіктіріпсіз ғой. Бұдан байқағанымыздай, сәбиді дүниеге келмей тұрып тәрбиелеу керек екен. "Сүтпен сіңген мінез, сүйекпен кетеді" деген мақал осыған орай айтылса керек.

Сонымен, тәрбие баланың дүниеге келген күнінен басталғаны лазым екендігіне көз жеткіздік. Туылған күннен бастап баланың көңіліне қуат беретін, пікірін нұрландырып, зейінін тұрақтандыра түсетін, ақыл-ойын

арайландыратын бұлақтай таза қасиеттердің көзін ашып, отыру керек. Ендігі мәселе мұны кім жасайды? Қайда жасалынады? Ең қиыны осы сұрақ сияқты.

Бұл сауалға біз былай деп жауап беріп көрейік:

1. Отбасының тәрбиесі. Бұл міндет ата-анаға жүктеледі.

2. Мектеп тәрбиесі. Бұл ата-ана мен мұғалімнің, тәлімгер ұстаздың міндеті.

3. Өмір талабына сай ата-ана, ағайын-туыс, дос-жаран бір сөзбен қоғам тәрбиелейді.

Тәрбиенің бұл үш тағанының жүйелі жүргізілуін мемлекет қадағалайды. Оған барынша жағдай жасап, қамқорлық көрсетеді. Мемлекет ұлттық мүддеге сай тәрбие жүйесін іске асырады. Осы үшеуі ойдағыдай жүзеге асырылар болса, қазіргі «көше тәрбиесі» деп жүрген «желөтпе» дүниеге орын қалмас еді. «Көше тәрбиесі» желөтпе, құйын сияқты тәрбие ісінің ашық қалған, олқы жерінен желіп өткенде әлі орныға қоймаған осал жерімізді опырып ала кететін табиғи апаттың бірі сияқты. Тиянақты, жүйелі тәрбие болса, бұл апатты жел өтерлік саңылау қалмас еді.

Екіншіден, «қоғамдық пікір түзелсе, көше тәрбиесі» де түзу жолға түспей ме, ол да ізгі мақсатқа қызмет етпей ме? Өкінішке орай, қоғам мүшелерінің өзіне және өзі сияқты пенделеріне салғырттықпен қарауының салдарынан «көше тәрбиесі» қыңыр жолға итеретін фактор болып қалып отыр.

Ал енді, ана тәрбиесіне келейік. Бала ананың бауыр еті. Ана өзінің ақ сүтімен бірге жан дүниесін шымырлатқан сүйіспеншілік сезімін, мейірім-шапағатын төгеді. Баласының дені сау, жаны жайсаң, ардақты, абзал азамат болуын аңсайды. Өзі сүйген баласын елі де сүйсе екен деп тілейді. Онда жаман бала қайдан шығады? Баланың «жақсы» немесе «жаман» болып тумайтыны айдан анық. Олай болса, бұл олқылық тәрбиеден туады. Анығын айтқанда тәрбиесіздіктен шығады. Жүйелі тәрбиенің болмауы, ананың ақ сүтінің ақталмауына, тілегінің орындалмауына әкеліп соғады. Тілегі ақ болғанымен тәрбие беру ісінен хабары жоқ ана өзінде жоқ нәрсені балаға қайдан тауып береді? Міне, бұл кісінің бауыр етін езіп, жүрегін оттай күйдіретін ащы ақиқат.

Мұны түзетудің жолы «Баланы жастан, келінді бастан» дегендей жүйелі тәрбие беріп өсіру керек. Ол үшін, мектеп, бала-бақша жанынан аналарға ақыл-кеңес беретін педагог-психологтар болуы керек. «Ендігі жерде елдігімізді түзейміз десек осы мәселені бірінші кезекте шешуді қолға алуымыз керек»-дейді педагог Е.Нұрсейіт.

Ал енді «әке көрген оқ жонар...» дегендей әкенің жайына келейік. Әке отбасы, шаңырақ иесі. Отбасының асыраушысы, қамқоршысы, қорғанышы. Бірақ, қазіргі заманда «әке» туралы ұғым көп өзгеріске ұшырап деформацияланған жайы бар, кеше ғана жалғыз мамандықпен жарқырап жүрген азамат нарық қыспағына түсіп өз өнері мен біліктілігінің олқылығын сезінді. Оған қоса бұрыннан бойды билеген жалқаулық, енжарлық, ездiк

тағы бар. Бұл «әке, ер азамат» туралы ежелден қалыптасқан ұғымға олқылық ететінін көрсететін факторлар.

Екіншіден, мұндай әкелер бала үшін бас қатырғысы келмейді. Әке – қорғаушы, қамқоршы, асыраушы ғана емес, тәрбиеші де екендігін мойындағысы келмейді.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) заманында мынадай оқиға болған екен. Бір кісі бақшасында өсіп тұрған құрмасына тас лақтырған балаға ашуланып, сүйреген қалпы Алла Елшісіне (с.ғ.с) әкеледі. Сонда пайғамбар (с.ғ.с) сабырлы кейіппен баладан сұрайды: "Балапаным, құрма ағашына неге тас лақтырдың?" Сонда бала: "Қарным қатты ашты. Құрма жегім келді", – дейді. Сонда оған: "Жерге түскенін жесең, же, бірақ ендігәрі құрмаларға тас лақтырма", – дейді. Осы оқиғадан байқағанымыздай, баланың кінәлі екенін сезсек те ашу үстімен оған ұрыспай, істің дұрыс-бұрыстығын даналықпен жеткізген өте пайдалы. Бұл оқиғаның астарында педагогикалық тәлім-тәрбие жатыр. Алдына ашумен алып келген балаға, оның кінәлі екенін біле тұра пайғамбарымыз (с.ғ.с) зекіп, ұрыспады. Өйткені балаға ұрысқаннан гөрі оған жақсы көретінін білдіру аса маңызды. Бұл ғылымда да дәлелденген. Біріншіден, баланың таным деңгейін дұрыс анықтау. Әрбір адаммен өз дәрежесіне сай қарым-қатынас жасап, әркімнің санасына қарай шара қолдану керек деген қағидаға алып келеді. Екіншіден, байыптылық пен жұмсақтық. Баланы әдепті, көргенді етіп тәрбиелеу – ата-ананың ең негізгі міндеттерінің бірі. Тәрбиеде жұмсақтық пен жылылықты негізге алу керек. Үшіншіден, жақсы көру мен қорқыту. Бала тәрбиесінде, әрине ең негізгі ұстаным – сүйіспеншілік. Бірақ мамандар жақсы көруде де артық кетпей, тепе-теңдікті сақтау қажеттігін айтады. Төртіншіден, жақсы сөз – жарым ырыс. Тәрбие барысында ата-ананың сөзге абай болғаны жөн. Себебі әрбір жаман сөзді бала естіп, оны қайталайды. Бесіншіден, кемшіліктерін бетіне баспау. Жасалған қателікті жағдайға қарай толықтай кешіру не көрмеген сыңай таныту немесе жанама жолдар арқылы ескерту жасаған жөн. Жөнге салудағы басты ұстанымдардың бірі – кемшілікті бетке баспау. Алтыншы, баламен ақылдасу. Жеткіншектің өзіне қатысты мәселелерде үнемі пікірімен санасып, бірге ақылдасып шешу – баланы болашақ өмірге дайындаудың ең оңтайлы тәсілі. Жетінші, бүлдіршіннің бір тәуліктік күн тәртібін енгізу. Яғни оның өз-өзіне есеп беруіне итермелеу. Сегізінші, балалардың арасын алаламау. Өзін жанұяда артық адам секілді сезінуі – баланың психологиясына кері әсерін тигізеді. Осының салдарынан оның бойында қызғаныш, дұшпандық, бойкүйездік, т.б. жағымсыз сезімдер пайда болады.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448б

2. Нұрсейіт Е., Лауланбекова Р.Т. Педагогикалық мамандықтарға арналған «Әдепнама» оқу құралы. Шымкент: ОҚМУ, 2014. 110 бет.

3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. ISBN 9965-26-0966

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ХАНДАР БЕЙНЕСІ

*Серік Назерке – Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 2 курс студенті
Белгибаева Г.А. – Ғылыми жетекші*

Қазақ әдебиетіндегі хандар тұлғасы мәселесінің зерттелуі туралы сөз қозғағанымызда көркем әдебиеттегі жалпы тарихи тұлғалар туралы зерттеулер болғанымен, бірақ хандар бейнесі туралы зерттеулердің өте аздығын айтқанбыз. Кеңес билігі кезіндегі бұл жабық мәселе болатын. Басты себеп, біріншіден, Ресейдің шет аймақтарында, соның ішінде қазақ халқының дербес мемлекеттігі болмаған, ал қазақ жеріндегі тарихтан белгілі қазаққа қатынасы жоқ құрылымдар, тіпті Қазақ хандығын да мемлекет деп тануға келіңкіремейтінін алға тартып, қазақ халқы нағыз мемлекеттігін тек кеңес үкіметінің арқасында ғана алғанымызды санамызға сіңіріп келді. Екіншіден, қазақ хандары тарихи жағынан төмендетіліп, танылар-танылмас күйде қалдырылса, саяси жағынан кеңестік таптық көзқарастағы идеологиясы бойынша халықты қанаушы үстем тап өкілі ретінде бағаланды, сондықтан қазақ халқының тағдырындағы орны мен рөліне қарамастан шетінен жат саналды, халық санасынан аластатылу бағыты ұсталынды. Үшіншіден, Одақ көлеміндегі ұлттар мен ұлыстар тарихы, мәдениеті, өнері, әдебиеті кеңес идеологиясының халықтар достығы ұранымен бүркемеленген, бірақ үнемі сыналап енгізіліп, орыстардан, славяндардан басқаларға сездіріп отыратын ұлы державалық шовинистік саясаты тұрғысынан жүргізілді. Мәселен, қазақ тарихында болып өткен оқиғалар бір ғана орыс мүддесіне үйлесетіндігімен өлшенетін. Қандай бір себептермен бұрынғы алыс-жақын замандар тарихында Ресеймен қақтығысқа барған хан болсын, батыр болсын, олардың артындағы ел, орыс халқының жауы болып саналды.

XV ғасырда орыс княздерімен ұстасқан, Мәскеуді шапқан ноғай-қазақ билеушісі Едіге, Қазанды қорғаған Шора батыр олардың есіміне байланысты «Едіге», «Шора батыр» жырлары оқулықтардан шығарылды [1, 103]. Халық арасындағы беделіне қарамай академик Қ. Сәтбаевқа 1927 жылы «Едіге» жырын жарыққа шығарғаны үшін ғана кінә тағылған болатын. XIX ғасырдағы ұзақ жылдар бойы Ресей отаршылдығына қарсы қазақ елінің тәуелсіздігі үшін ұлт-азаттық көтерілісін басқарған Кенесары хан қазақ халқын орыстардан бөліп алып, өз мүддесін ғана күйттеген сепаратист есебінде бағаланды. Тарихты бұлай бұрмалауға келіспегендер, керісінше, хандар туралы жылы лебіз білдіріліп, ел көсемдері ретінде бағалап, шындықты айтып жазған М. Әуезов, Қ. Бекхожин сияқты ақын-жазушылар, Е. Бекмаханов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайлов сияқты зерттеуші тарихшылар мен әдебиетшілердің өздері қуғынға ұшырады, шығармалары сыналып,

тәркіленді [8, 119]. Хандарға қатынасты оң қабақ танытатын өлең-жыр-толғаулар, дастандар, ертегі, аңыз әңгімелер сияқты халық ауыз әдебиетінің үлгілері жиналмады, жиналғандары таптық тұрғыдан екшеліп, електен өткізілді. Хандарға қатынасты оң қабақ танытатын өлең-жыр-толғаулар, дастандар, ертегі, аңыз әңгімелер сияқты халық ауыз әдебиетінің үлгілері жиналмады, жиналғандары таптық тұрғыдан екшеліп, електен өткізілді. Осындай сүзгі торының тарлығы, сыны мен таңдауының біржақтылығы сондай, Р. Бердібайдың «Сол бір жылдарда» деген мақаласында ушыққан жағдайды айқынырақ көруге көмектесетін мынадай бір мәлімет келтіреді: «Түрлі нұсқаларымен қоса есептегенде жалпы саны төрт жүзден асатын қазақ эпосынан тек қана «Қамбар батыр» жыры халықтық деп мойындалды» [2, 118]. Өтпей қалғандарының ішінде ханның іс-әрекеті көпшілік ойынан шығып, бейнесі халыққа жақын болып көрінетін, кейбір жағдайларда бас кейіпкербатырдың ханның бұйрығын орындап, сөзін сөйлейтін он шақты батырлар жыры тізбегінен тұратын, көлемі қырғыздың «Манасынан» кем түспейтін «Қырымның қырық батыры», әйгілі «Едіге батыр», «Шора батыр» эпостары бар болатын. Оның есесіне ханды озбыр немесе ақылсыз етіп суреттейтін, келемеж-күлкі ететін кейбір ертегілер, аңыз әңгімелер, сөйтіп одан халықтың зейінін шығарып, ол туралы теріс көзқарас қалыптастыратын үлгілер кеңінен насихатталды. Мұның бәрі Қазан төңкерісінен бергі қазақ тарихы мен әдеби мұрасына төнген қасіретті ең ауыр жылдар, халық жадын ревизиялаудың алдыңғы 20,30, 50 жылдардың зобалаңы болатын. Оның үлкен «жеңісі» халық ауыз әдебиеті мен жазба поэзиядағы хандар тақырыбын, ол туралы зерттеулерді біраз уақытқа тұқыртқаны болды. Бұл салаларда уақытша «тыныш тық» орнағанымен жалпы әдебиетті тұмшалай алмады. 70 жылдары Т. Ахтановтың «Ант», Қ. Бекхожиннің «Ұлан асу» тарихи драмалары мен І.Есенберлиннің әйгілі романдары жарияланып, қазақ оқырмандарын дүр сілкіндіріп, кеңестік билік жүйесінің, оның сақшыларының ұйқысын қашырды. Алдыңғы кеңестік-сталиндік жүйенің адам санасын өңдеудің, халық жадын «тазалаудың» үлкен толқындары жаңғырығы – кіші толқын сол жетпісінші жылдардың тарихи туындылары шығуының ізін суытпай-ақ жүргізілді. Оның ерекшелігі – мәскеулік үлкен тоқпақтың батасымен, идеяларымен мықтап қаруланған, коммунистік интернационалистік рухта тәрбиеленген өз ұлтымыздың Алматыдағы ОК-тегі өкілдері эстафетаны іліп әкетті. Осы қысымның не себепті, қалай ұйымдастырылғаны және қаламдас ағайындардың қылығы Б. Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы» атты кітабында былай суреттеледі: «Қайткенде де кеміткісі келген ағайындар Орталық Комитеттің есігін босатпай, сыртынан жамандап, жала жауып келіп жатты. Негізгі айып: оның (І. Есенберлиннің) тарихи роман дары бізге жат, қазақ әдебиетіне абырой әпермейді, ескіні аңсаған қауіпті шығарма, бұл кітаптарды шығармау керек, деген пікірлер» [9, 64]. Б. Тілегеновтың осы кітабы туралы «Зұлымдық шежіресі» атты зерттеуінде М. Мағауин осы жағдайға былай деп баға береді: «Бірақ «ағайындар» – шешуші күш емес, олардың өзі желдің ыңғайымен жүрген

қосалқы көмекші ғана. Мәселенің түйіні – Есенберлинде емес, ұлттық рухқа қарсылықта» [3, 111]. Бұл түйінмәселені дөп басқан пайымдау деуге болады. Қазақтың халық ауыз әдебиетінің хан бейнесі суреттелмейтін бірде-бір жанры жоқ деп айтуға болады. Бірақ олардың көрі нісі жиі кездесуі мен бейнеленуінің тереңдігі жағынан әр жанр түрінде әрқилы болып келеді.

Жиілігі жағынан ең аз ұшырасатын жұмбақтардан барынша көп кездесетін ертегілер мен барлығында дерлік хандар ұшырасатын батырлар жырына дейін, бейнеленуінің тереңдігі жөнінен көбіне тек қана бір қыры, қасиеті ғана аталып өтетін мақалдардан тұлғалық бейнесі жанжақты сомдалатын тарихи жырларға шейін кейіптеледі. Мұның барлығын айтып отырған себебіміз, міне осындай кең диапазонда, әртүрлі қалыпта, деңгейде бейнеленуі ұшырасатын фольклорлық үлгілердегі хан тұлғасының зерттеу нысанына осыуақытқа шейін тиіп-қашып алынуы, әрине, өкінішті. Бұның үлкенді-кішілі, тікелей-жанамалай себептері біздерге былай болып көрінеді. Біріншіден, зерттеу кіріспесінен бері айтылып келе жатырған ең басты себеп – бұл қазақ деген халықтың жеке ел болғанын, дербес хандық түріндегі мемлекеттігі болғанын танытпауға тырысқан, сайып келгенде халықтың жадында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келген хандықпен тығыз байланысты дербестікті, бостандықты аңсаған биік рухын өшіруді көздеген ресейлік-кеңестік империялық саясат болғаны. Екіншіден, күнді алақанмен жауып көрсетпеуге болмайтын сияқты, қалайда тарихта болған, Ресейдегі мұрағаттар болмаса, батыстағы, араб-парсыдағы немесе қытайдағы құжаттардан әрідегі Түрік қағандығы, берідегі Қазақ хандығы туралы деректер мол табылып, қалай болғанда да мемлекеттігі, белгілі елбасы билеушілері болғандығын жасырып айтпауға болмайтын жағдайға жеткенде кеңес идеологиясы тарихтағы, көркем 12 әдебиеттегі хандарымызды жеккөрінішті етіп көрсетудің басқа айла-тәсіліне көшеді. Марксизм-ленинизм ілімінің негізгі қағидасы – қоғамдағы таптық күрес теориясы бойынша енді билік жүйесіндегілердің бәрі, хандардан бастап, ауыл ауқаттыларына шейін үстем тап өкілдері ретінде танылып, халықты нөмірі бірінші қанаушы – хан етіп көрсетіліп, одан халықтың зейінін шығару үшін тарихтағы, әсіресе, әдеби шығармалардағы олардың бейнесіне қара күйе жағылып, жауыз, қанішер, топас кейпінде беріледі. Халық ауыз әдебиетінің қай жанр үлгілері болмасын, қайсыбір түрі молырақ, екіншілері аз мөлшерде болсын қалай болғанда да фольклористика тарапынан зерттелді деуге болады. Бірақ, біздің байқауымызша, осы саланың басқа әдебиет салаларындағыдай өте аз, кейбір жанрларындағы мүлдем зерттеуші назарына ілікпеген қыры – бұл хандар бейнесі. Оның басты себебі жоғарыда әлденеше айтылған – Кеңестік Одақ кезіндегі а) мемлекеттік деңгейде жүргізілген таптық көзқарастың хандар – халықты қанаушы деген миф және ә) ол қағидаға қарамай тарихтану мен әдебиеттану ғылымдары саласындағы кейбір батылы барып зерттеу жүргізгендердің көресіні көргендері, енді бұл мәселегебаруға ойы бар зерттеушілер жүрегін шайылтқан қуғын-сүргін және оның зардаптары. Фольклор үлгілерінің ішінде біз зерттеу объектісіне алған

тақырып бойынша тіпті зерттеу назары түспеген жанрлық түрлері бар. Біз бұлардың қатарына халық ертегілері, батырлар жыры, қазір «жоқтау өлеңдері» деп аталып жүрген поэзия үлгілерін, мақал-мәтелдерді, қазақтың ұлттық ойын үлгілерін қосар едік. Соларға біршама тоқталып өтелік. Осы уақытқа шейін жинақталған ертегілерінің басым көпшілігі жақында жарық көрген алты томдық «Қазақ ертегілері» жинағына енгізіліпті. Осындағы 400-ден астам ертегілердің 300-ге жуығында хан, патша, бек дәрежесіндегі ел билеушілерінің бейнесі беріледі екен. Олардың көрсетілу деңгейі әртүрлі – ертегі басындағы «Баяғыда бір хан болыпты...» деп жай аталып қана басталып, арғы жағы басқа мазмұнда болып кететіндер, екіншілерінде хан немесе оның қырық уәзірінің ертегі кейіпкерімен кейбір қатынастары ғана баяндалатын түрлері, ал бірсыпырасында бүкіл сюжеті 13 белгілі бір хан ісіне байланысты құрылып, хан бейнесі әжептәуір ашылатын ертегілер [4,252].

Қазақ тарихының берідегі болған оқиғаларын негізге ала отырып, дүниеге келген фольклордың үш саласын атауға болады. Аңыз әңгімелер, шешендік сөздер, тарихи жырлардың басым көпшілігінде Қазақ хандығы кезіндегі хандық биліктің жайжапсары, қазақ хандарының ел басын біріктірудегі билермен қоян-қолтық жұмысы, жоңғар шапқыншылығын тоқтатудағы белгілі батырлар бастаған жорықтарды ұйымдастыруы, хандардың жеке басы өмірі, ішкі және сыртқы саясаты тағы басқа қызметін көрсететін іс-әрекеті жырланады. Ауыз әдебиетінің басқа жанрларымен салыстырғанда аталған үш саласындағы зерттеуге «өзі сұранып тұрған» әңгімежырлардағы жиі айтылатын белгілі тарихи тұлғалар – хандардың бейнесі жоғарыдағы айтылған себептерден ел тәуелсіздігі не дейін шырайы шығарылып, әдейі алынып зерттелмей-ақ кетті 1960 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті тарихының» I томының халық ауыз әдебиетіне арналған I кітабында XVIII ғасырдағы тарихи өлең, аңыз әңгімелер мен жырлар туралы тарауында Абылай туралы аңыз әңгімелер мен тарихи жырлар сол кездегі идеологиялық көзқарас тұрғысынан тиіп-қашып қана талданып, аңыздар мен жырлардағы Жәнібек, Салқам Жәңгір, Әз Тәуке, Әбілқайыр хандар атаусыз қалады, ал XIX ғасырдағы тарихи жырларға арналған тарауда Жанқожа батыр, Есет батыр, Бекет батыр және тағы басқа халық қаһармандары хақындағы жыр - лар талданып, Кенесары хан туралы жыр, дастандар ауызға алынбайды. Одан жиырма шақты жылдан кейінгі қазақ тарихи жырла- 15 рына арналған республикалық ғылыми конференцияда (1979 ж.) тарихи жырлардағы хандар бейнесі мәселесіне қатысты жалғыз «Абылай туралы жыр, аңыздар» атты баяндама оқылыпты. Ондағы Абылай ханның бейнесі сол 20 жыл бұрынғы сарында баяндалыпты.

Қазақ мемлекеттігінің өз тізгініне өзі ие болғандығының белгісі, тәуелсіздігінің символы болған хандар қазақ әдебиетінің, поэзиясының барлық салалары мен жанрларында әртүрлі көлемде және деңгейде, әйтеуір қалайда бір көрініс тауып жатқаны бүкіл зерттеу нәтижесінен анық байқалады. Бұны кең ауқымды зерттеу нысанының басты нәтижесі деп карауға болады. Зерттеуіміздің бұл өзекті нәтижесін қорытынды түрінде

әдебиет салаларына қарай рет-ретімен тарқатыңқырап айтудан бұрын алғашқы тарауда алдымен, осы мәселенің зерттелуіне шолу жасалып, қазақ поэзиясындағы хан тұлғасы бейнеленуінің негізі - нен хронологиялық принципке сүйенген жіктелісі анықталады.

Қарастырылған қазақ поэзиясындағы хан дар бейнесі сонау ауыз әдебиетінің шағын түрлеріндегі белгі бере бастаған ізінен, тұлғалық кейпі айқындала түскен авторы бар ақын-жырау поэзиясында жалғасып, жазба поэзия өкілдері шығармаларында биік тұлға ретінде сомдалған хандар бейнесі күйінде эволюциялық даму сатыларымен бізге жетіп, бүгінгі күн поэзиясындағы жаңарған тәуелсіз еліміздің елбасы бейнесін беру талпынысына ұласып отыр. Бүкіл зерттеуден хандардың қоғам дамуындағы, ел, халық тағдырындағы шешуші рөлі байыпталып, оның зор танымдық мәні айқындалады және ел билеушісінің биік тұлғасының тәрбилік маңызының қазіргі заман, бүгінгі күн талаптары қадесіне жарап, қызмет ететіні күмән туғызбайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Байпақов К. Страна уникальной городской цивилизации. // «Казахстанская правда», № 237, 27.10.2006, -- 8-б.

2. Қайырбеков Ғ. Көкшетау сені сағындым. // Көнсадақ. Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Атамұра, 2003, --85-90 бб.

3. Бердібай Р. Сол бір жылдарда. «Жұлдыз» журналы, № 5-6, 1995

4. Тілегенов Б. Тұйық өмірдің құпиясы. Алматы: Дәуір, 1992, 264 б

5. Мағауин М. Зұлымдық шежіресі. «Жұлдыз» журналы, № 2, 2001

6. Қазақертегілері. Алты томдық. Т.1 Алматы: Жазушы, 2000.

7. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Халық прозасының ертегіден басқа жанрлары (аңыздық проза). Алматы: Ғылым, 1984.

8. Қазақ тарихи жырларының мәселелері. Алматы: Ғылым, 1979. 312 б

ӘОЖ 372.8:811.111

FORMATION AND DEVELOPMENT OF SKILLS OF THE INDEPENDENT ACTIVITY WITH THE USAGE OF EDUCATIONAL GAME AT THE ENGLISH LANGUAGE LESSONS

*Өтеген Роза Керімбекқызы
Магистр, аға оқытушы
Шымкент Университеті*

Резюме: В этой статье рассматривается методы обучения, удовлетворяющие потребность детей в новизне учебного материала и

разнообразие выполняемых упражнений является сильным мотивирующим фактором. При использовании различных методов обучения представлены приемы, способствующие запоминанию языковых явлений, большей наглядности зрительных и звуковых образов, сохранению интереса и активности учащихся.

Түйіндеме: Бұл мақалада балалардың оқытылатын материалдың жаңалығына деген сұранысын қанағаттандыратын оқыту жолдары мен орындалатын жаттығулардың алуан түрлілігі күшті ынталандырушы факторлар қарастырылған. Оқытудың әртүрлі тәсілдерін қолдану тілдік құбылыстардың есте сақталуына, көрнекі және дыбыстық бейнелердің көбірек дәлелденуіне, оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігінің сақталуына ықпал етуші әдістемелер ұсынылған.

As far as we can judge, the great value in the organization of educational process promotes a played motivation of the doctrine. Thinking activation causes interest to this or that kind of task, to fulfillment of this or that exercise. The ways of training satisfying requirement of children in novelty of the studied material and a variety of carried out exercises are the strongest motivating factor. Usage of various ways of teaching promotes fastening of the language phenomena in memory, create more proof visual and acoustical images, maintenance of interest and activity of pupils. The foreign language lesson is considered as the social phenomenon where the class audience is a certain social surroundings where educational process is an interaction of all present. Thus, the success in teaching is a result of collective use of all possibilities for teaching.

Great opportunities for formation and development of skills of independent creative activity are given by use of game in the course of teaching a foreign language.

Game makes active aspiration of pupils to contact with each other and with the teacher, creates equality conditions in speech partnership, destroys a traditional barrier between the teacher and the pupil. Game gives the chance the shy to break an uncertainty barrier. In it everyone receives a role and should be the active partner in speech dialogue. In games pupils seize such elements of a dialogue as ability to begin conversation, to support it, to interrupt the interlocutor, from time to time to agree with his opinion or to deny it, ability to listen to the interlocutor purposefully, to ask specifying questions etc. Language games help to acquire various aspects of language (phonetics, lexis, etc.) They divide on: phonetic, lexical, grammatical and stylistic.

The main objective of phonetic games is statement (correction) of a pronunciation, training in a pronunciation of sounds in words, phrases, working off intonation. They are used regularly, mostly at the initial stage of teaching a foreign language (an introductory-corrective course) by way of the illustration and exercises for working at the most difficult sounds for a pronunciation, intonation. In process of advancement forward phonetic games are realized at the level of words, offers, rhyming, tongue twisters, verses, songs. The experience got in games of this kind, can be used by pupils further on speaking foreign language.

Lexical games concentrate attention of pupils exclusively on a lexical material. They help to get the vocabulary and to increase it, to illustrate and fulfill the use of words in dialogue situations. There are various kinds of lexical games:

Grammatical games urged to provide ability of pupils practically to apply knowledge on grammar, to stir up their cogitative activity directed on the use of grammatical designs in natural situations of a dialogue.

Stylistic games pursue the aim of teaching pupils to distinguish official and informal styles of a dialogue, and also to apply each of them correctly in different situations.

Speech games teach the skill of using language means in the course of fulfillment of the speech act and make a start from a concrete situation in which speech actions are carried out.

Games for training urge to help reading and listening with the decision of the problems connected with data VRD. And in the basis they assume work of pupils with the text: coding and an illustration, guess, designing, paraphrase, compression/expansion etc.

Games are very important for forming pupils' informative interests. They promote the realized development of a foreign language. They promote development of such qualities as independence, initiative; to educate the feeling of a collectivism. Pupils work actively, with enthusiasm, help each other, listen to the companions attentively; the teacher only operates educational activity. It is necessary to note efficiency a role game as a methodical way of training raises, if the teacher defines duration of speech dialogues correctly. Duration of optimum working capacity of pupils of elementary grades in a dialogue reaches five minutes. The expediency of use of role games, in 1-4 th forms is caused by the fact that children prefer the group form of study. For them joint activity and a dialogue get the personal importance, they aspire the development of new forms and ways of a dialogue, knowledge of other people of a dialogue, the organization of mutual relations with contemporaries and adults.

At all variety of plots in games the same maintenance essentially is activity of the person and the relation of people in a society. Essential psychological feature of children's role game isn't its utilitarian character defining appeal of the process of game. Participation in it is accompanied by the diverse and strong emotions connected about breakdown of own forces, self-affirmation. Role game is under construction on interpersonal relations which are realized in the course of a dialogue.

Game use in class allows to form and develop pupils at trained skills and abilities to find out the necessary information, to transform it, to develop on its basis plans and decisions, both in stereotypic and unstereotypic situations. It means that educational game can act as the means of pedagogical science. Most active educational game is used on fulfillment in foreign languages that speaking features of the given subject overall an objective - teaching language as a dialogue means. Game helps to provide a mutual dialogue of all participants and motivates

participants' active speech. It is necessary for formation of creative independent initiative thinking:

1) to create the external and internal conditions providing a high emotional inclusiveness (by principles of good, fascinating games) through:

- Children's creation and understanding a freedom in choosing the ways and means of achievement of the purpose at lessons;

- Understanding of possibility of "loss" at wasteful actions and the overestimated claims;

- Comprehension of dependence of "prizes" from own knowledge, skills, from ability of risking, which is well-grounded;

2) the teacher shouldn't be in a position of «the senior companion» or the partner equal in rights, and the commentator and the leader of game-lesson, the adviser;

3) to give pupils independence in their actions, to create conditions at which they should not count on the help of the teacher. Such lessons combine with lessons-consultations. Children, besides, have the additional information materials facilitating fulfillment of a problem;

4) in every possible way to encourage originality, a non-standard, efficiency of thinking.

In this light, we will underline that fact that formation of creative activity - the activization of supreme aim, but it is impossible to ignore its lower steps. Drawing up and a presentation of the tasks intensifying learning-informative and (what is more important) creative process at a foreign language lessons represent a content matter. Its other side is the organization of the made active study. Value of this method is great enough, but increasing efficiency is necessary to combine it with other forms. Tasks for face-to-face work can be directed on activization:

1) memory process;

2) process of logic thinking on the basis of available skills and knowledge;

3) creative activity and search of new knowledge. Specificity of a foreign language consists on the one hand on, mastering by speech activity. Speaking another language represents rather labour-consuming intellectual process demanding mobilisation of their attention from pupils, memory, purposefulness, will, and with another - process of mastering a foreign language stimulates the further knowledge of the world and cultural wealth of the people of other countries, their psychology, a way of life.

Any subject of a school course does not demand such constant, regular work of pupils as a foreign language, which mastering demands abilities, not much knowledge. The fewer meetings of schoolchildren with the teacher in a class, at the lessons the more especially necessity of significance for formation of learning-informative motivation. There is a purposeful independent work of pupils during free time at school and at home.

The aspiration to carry out the tasks demanding display great intellect, imagination, desire to get knowledge, dream, - here are necessary conditions of occurrence of a great interest in subjects. Independent work is considered to be the

specific form of the school pupils' educational activity characterizing by all its features. As a matter of fact, it is the form of self-education connected with educational activity of the pupil in a class. The concept of independent pupil's work of modern didactics is sure to correspond with the organizing a teacher's role.

Various kinds of individual and collective pupil's activity mean independent work. They are carried out by them in class and extra activity at home according to the tasks without direct teacher's participation. Learning a foreign language at home and somewhere else out of class, assumes as a basis of consideration of independent pupils' activity. It represents various kinds of activity with education and bringing up of the pupil's character himself, his independent work should be realized as free for choice, internally motivated activity. It assumes performance by the pupil of number of actions entering into it, the comprehension of the purpose of the activity, acceptance of an educational problem, giving a personal sense to it, submission of other interests to performance of this problem and forms of employment of the pupil, self-organizing in the distribution of educational actions in time, self-checking in the course of performance and some other actions.

Mastering a foreign language is connected with the formation of pupils' pronunciation, lexical, grammatical, spelling and other skills. This is the basis of abilities to understand oral speech, to improve speaking, reading and writing. As far as it is known, skills are developed only during regular performance of certain actions of a teaching material, i.e. such actions which allow to listen, say, read and write repeatedly in studied language.

Oral speech and first of all speaking practice is carried out directly in the presence of the interlocutors which role at school is carried out by the teacher and schoolmates. However teaching speaking is supposed to have certain stages for which independent work is the most adequate form.

It is also necessary to include certain links of work on a language material in independent work - acquaintance to it and partially training in its usage. As to reading, this kind of activity is made by the reader mainly alone with itself, hence, independent work quite corresponds to it. Attentive listening to English speech takes place now not only in a class, without preparation, in the presence of the teacher, from its voice or in phonorecord, but there are also audio texts for independent pupils' work, and this form of work is quite applicable to the given kind of speech activity. Training of writing also assumes certain stages. Speaking of independent work and pupils' work in a class the first one is of more significance.

The lesson-performance is effective and productive mode of study. Usage of works of art of the foreign literature at foreign language lessons improves pupils' pronunciation skills, provides creation of communicative, informative and aesthetic motivation. Performance preparation is a creative work which promotes the development of skills of children's language dialogue and disclosing of their individual creative abilities.

Such kind of work stirs up pupils' cogitative and speech activity, develops their interest to the literature, serves the best mastering of culture of the country of

studied language, and also extends of language. Thus there is a process of storing of vocabulary. At the same time formation of the school children's vocabulary leads to the so-called passive-potential vocabulary. It is important that pupils are satisfied with such kind of work.

The modern approach to studying of English language assumes not only getting of any sum of knowledge in a subject, but also development of own position, own relation to the reading: mutual wondering, empathy, interfaces and author's "I".

The dictionary of short terms treats the concept "essay" as a sketch version in which the leading role is played both by fact of reproduction and the image of impressions, meditations, associations.

At the English lessons pupils analyze the selected problem, defend their position. Pupils should be able to estimate the read works critically, to state thoughts in written form according to the put problem, to learn to defend their point of view and to make their own decision in an understanding way in a class. Such form of a lesson develops mental pupils' functions, logic and analytical thinking and that is important, ability to think in a foreign language.

The lesson in the form of a musical play promotes development socio-cultural competence and acquaintance with the cultures of the English-speaking countries. Methodical advantages of song creativity in teaching a foreign language are obvious. It promotes aesthetic and moral education of schoolchildren, opens creative abilities of each pupil more fully. Thanks to musical singing at a lesson the favorable psychological climate is created, the weariness decreases, language activity is stirred up. In many cases' it serves also as a discharge reducing pressure and restores pupils' working capacity.

Recently the method of projects gets more and more supporters. It is directed to develop child's active independent thinking and to teach him to remember and reproduce knowledge which are given to him by school, and to be able to put them into practice.

The design technique at work differs by a co-operative character on the project. Activity carried out is creative in its essence and focused on the person of the pupil. It assumes a high level of individual and collective responsibility for performance of each task on project working out. Teamwork of the group of pupils over the project is inseparable from active communicative interaction of pupils. The design technique is one of forms of the organization of research informative activity in which pupils take an active subjective position.

Theme of the project can be connected with one subject sphere or have a inter disciplined character. At selection of a theme of the project the teacher should be guided by interests and requirements of pupils, their possibilities and the personal importance of the forthcoming work, the practical importance of the result of work on the project. The executed project can be presented in the most different forms: an article, recommendations, an album, a collage and many other things. Forms of presentation of the project are also various: a report, a conference, a competition, a holiday, a performance. The main result of work on the project will

be actualization of available and getting new knowledge, skills and abilities and their creative application in new conditions. Work on the project is carried out in some stages and usually is beyond educational activity at lessons: a choice of a theme or a project problem; formation of group of executors; working out of the plan of work on the project, definition of terms; distribution of tasks among pupils; fulfillment of the tasks, discussion the results of fulfilment of each task in a group; registration of joint result; the report under the project; an estimation of performance of the project.

References

1. Анищенко О. А., Вяткина Л. А. Развиваем в игре. - Минск: Асар, 2000. - 105 с.
2. Бергер П., Лукман Т. Социальное конструирование реальности. Трактат по социологии знания. - М.: Медиум, 1995. - с.93-95.
3. Богоявленская Д.Б. Психология творческих способностей. - М.: Просвещение, 2002. - с.5.
4. Борытко Н.М. В пространстве воспитательной деятельности: Монография / Науч. ред. Н. К. Сергеев. - Волгоград: Перемена, 2001. - с.113.
5. Бушуева Л.С., Блощицина Л.П. Развитие творческого воображения в процессе обучения // Начальная школа, № 8, 2003. - с.4.
6. Воронов Н. В. О дифференциации искусства предметного мира // Человек, предмет, среда. - М., 1980. - с.101.
7. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. - М.: Просвещение, 1991. - с.63.

КЕНЕН – ЖЫРШЫЛЫҚ ӨНЕРДІ ЖАЛҒАУШЫЛАРДЫҢ БІРІ

ҚТМ-41 оқу тобының магистранты: Онер Асыл

Кенен – қазақтың бай эпикалық мұрасы мен импровизациялық дәстүрін жалғаушы әрі дамытушы. Ол қазақ, қырғыз халықтарының төл жырларымен шығыс аңыздарының желісіне құрылған қисса-дастандарды рухани азық етіп, өмір бойы жырлап өткен.

Алайда, XX ғасырдың көп ақындары сияқты Кененнің де жыршылық жыры бүгінге дейін ашылмай келді. Шындығында ол «Ұлы жүз жайында аңыз», «Жалғыз қаз», «Қырғызбай», «Әли батыр», «Кенебай – Кербез», «Жамбыл – жыр», «Бұрынғы өткен батырлар», т.б. ондаған жырлар мен «Сүйінбай мен Тезек төренің кездесуі», «Тезек төре мен Бақтыбай ақын», «Тезек төре – Түбек - Құлманбет», «Құлманбет ақынның Шабдан батырға

айтқаны» және өзінің айтыстарын жадында ұстап, ел арасына таратып келген.

«Жыршы» деген сөздің түп-төркінін, оның іргелес, бауырлас елдердегі мәнін салыстырып, жырау, ақын терминдерімен байланысын да, айырмашылығын да бірсыпыра сөз еткен профессор Е.Ысмайыловтың «Ақындар» [1] атты еңбегі болатын. «Жыр, жыршының төркіні – жар, жарлау, жар-жар, жаршы деген сөздермен бір сияқты. Жар шақырды, жариялайды дегеннің бәрі жұртқа бір пікірді, ойды ашық, айқын айту мағынасын білдіреді. Екінші жағынан, қазақта «жар-жар» көне салт жырының бір түрі. Ерлер мен әйелдер екі жар болып, қосылып хормен айтады. Жар-жар қыз ұзатыларда ғана айтылады. Әрбір шумақ өлеңнің аяғы «жар-жар» деген сөзбен бітіп отырады. Қазақта жігіттің келіншегін де, келіншектің жігітін де жар деп атайды. Сонда «жар-жардың» өзі үйленуді, әйелді құрметтеу, қастерлеуден туған бейнелі сөз емес пе екен? «Жыр» мен «жардың» түбі бір болуы да ықтимал» [1,45 б.] - деп жазған еді ғалым. Ал, белгілі әдебиет зерттеуші Р.Бердібаев: «Қазақта өлең мен жыр атаулары қатар қолданылып келгені белгілі. Олай болса өлең айтушыны өлеңші дегені секілді жыр жаттағанды жыршы деп атап кетуі де мүмкін. Ал «жырдың» түбірі жыр (өлең) деген сөзден де келуі ғажап емес. Ішіндегі сырын ақтарған адамды «шерін шығарды» деп те атайды ғой. Көршілес өзбек, түрікмен, тәжік халықтарында «жыр» осы күнде де «өлең» мағынасында қолданылады» [2,49 б.] - дейді.

Сөз өнерінің дамуына, таралуына және сақталуына айрықша қызмет сіңіріп келген жыршылар еңбегі үлкен ілтипат көрсетуді, арнайы сөз етуді керек етеді. Әдетте жыр, толғау және басқа түрлі жанрдағы поэзиялық туындыларды жатқа айтып, домбыра немесе қобызға қосып айтатын дарын иелерін жыршы деп атайды. Елдің көбінің түсінуінше жыршылар тек белгілі мәтіндерді (текстерді) жаттап, оларды жұрт алдында бұлжытпай, қайталап орындаушылар болып саналады. Бірақ жыршының тұлғасы да, сөз өнерінің өзге өкілдері секілді, сан қырлы. Жыршылар ертеден келе жатқан дастан, эпосты жаттап таратушылар ғана емес, оны белгілі дәрежеде дамытушылар да болып есептеледі.

Жыршылардың көрнекті өкілдері соңғы кезге дейін өмір кешіп келді. Атағы әйгілі ақындардың кейбіреулері уақытында жыршылықты да қатар жүргізгендер болатын. Жамбыл, Нұрпейіс, Иса, Кененнің көп жырды жатқа айтқаны анық. Жыршылық талай ақынның «қосалқы» кәсібі болғандай. Өнер иелері реті келсе өлең айтысына түскен, той бастаған, кейде жамағатшылықтың қалауы бойынша жыр, терме айтқан. Жалпы бұрынғы жыршы, ақын, сал, сері, өлеңші атауларының бесаспап, әмбебап болып келгендігі де осы айтылғанға байланысты. Қандай ортада қайсы өнер өтімдірек екенін аңғарған орындаушылар бірде жыр, бірде өлең айтып, әлеумет тілегін қанағаттандыруға ұмтылған.

Халықтың ауыз әдебиеті мұрасын жадында сақтап, ғасырлар бойында айтып келген өзгеше өнер иелері – жыршылар кешегі көшпелі немесе

жартылай көшпелі өмір жағдайында бір өзі тұтас театр қызметін атқарған десе де болады. Олардың еңбегін жұртшылық ақыннан кем бағаламаған. Егер ақындар өмірдің күнделікті нақтылы сауалдарына өз шығармаларымен жауап айтса, жыршылар негізінде өткен дәурен оқиғалары мен адамдарының ғибратты, қызықты тәжірибесін қайта елестетіп отырған. Ғалым С.Қасқабасовтың пікірлері бізбен бір жерден шығады. Ол: «Қазақ поэзиясында үш атау талант иелерінің үш сипатын, әр дәуірге сәйкес үш түрін, дәлірек айтқанда – үш кезеңін (стадиясы) мінездейді. Бұлар – импровизаторлық өнердің ғана үш өкілі емес, сонымен қатар ауыз әдебиетінің өмірді, ел тағдырын, қоғам тіршілігін бейнелейтін үш тәсілдің иелері десе де болады. Жырау – хандық мемлекеттің бас идеологі ретінде толғанса, жыршы – елдің тәуелсіздігін негізгі тақырыпқа айналдырады, ал ақын – адамның тіршілігі мен сезімін суреттейді» [3,116 б.], - деп жазды.

Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің тоғысар тұсында бұқарашыл идеяның туын биік көтерген Махамбетті көреміз. Тек, бір ғана Махамбет емес, халық мүддесін жыр еткен Абыл мен Нұрым, Ақтан мен Шернияз, Қашаған мен Ығылман, бертін келе Сүйінбай, Жамбыл, Нұрпейіс, Кенен тағы басқа да жыршылар бар. Олар үстем тап саясатын мадақтауға қарама-қарсы бұқара мүддесі тұрғысынан адамгершілік пен адалдықты толғады, өз дәуірінің бет пердесін риясыз түйреп отырды. Мұндай халықтық дәстүр, жыршылардың осынау шығармашылық игі өнегесі, ежелгі заманнан күні бүгінге дейін әр дәуірге сай өзіндік сипатымен жаңғырып, жаңарып келеді.

Жыршылық дәстүр – белгілі бір әдеби ортада қалыптасып дамиды. Қазақ жерінің әр аймағында да көрнекті ақын, жыраулар бастаған дәстүрлі орта болған. Жетісу аймағындағы Сүйінбай бастаған импровизатор ақындар тобы: Шығыс Қазақстан алқабындағы Абай өнегесімен өрбіген жазба әдебиет дәстүрі; Арқадағы Біржан, Ақан, Балуан Шолақ, т.б. арқылы танылатын әншілік салт; Сыр бойының Шығыс үлгісіндегі ақындар ортасы; Қазақстанның батыс өлкесіндегі Асан, Сыпыралардан тараған ақындық, жыраулық, жыршылық дәстүр – бұлардың бәрі – телегей теңіздей халық әдебиетіне құятын арналы әдеби бастаулар.

Профессор Е.Ысмайылов «Ақындар» атты еңбегінде «ақын, жырау, жыршы тұлғасы, ақындықтың даму, жетілу жайы, ақындық орта, дәстүр мәселелеріне әдейі тоқтап, Қазақстанның оңтүстік, батыс аудандарында батырлар жырын дамытып айтатын дәстүрлі жыршылық орта болғандығын» [1,49 б.] жазды.

Ақындық ортаға тән жыраулық, жыршылық дәстүрлер жайындағы пікірлерді біз Б.Орлов, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан, В.Жирмунский, Е.Ысмайылов, М.Ғабдуллин, Т.Сағитов, Х.Зарифов, М.Қаратаев, С.Қасқабасов, Р.Бердібаев т.б. ғалымдардың еңбектерінен кездестіреміз. Бұл ғалымдар жыраулық, жыршылық дәстүрді көбінесе, эпостық жырлар мәселесіне байланысты қарастырады, репертуар алмасу жыршылық дәстүрдегі заңды құбылыс екендігін нақты деректермен дәлелдейді. Осы орайда Е.Ысмайыловтың пікірін келтіруді жөн көрдік: «Қазақтың ертегі,

эпосын, тарихи жыр, айтыс өлеңдерін, аңыз-әңгімелерін, лирикалық дастандарды кеңес заманында өмір сүрген Жамбыл, Нұрпейіс, Мұрын, Қазанғап, Қуат, Нартай, Шашубай, Кенен сияқты ақын, жыршылардың поэзиясымен тығыз байланыстыра тексергенде ғана дұрыс ғылымдық қорытындылар жасай аламыз» [4,33 б.] - деді. Жыршылық дәстүрді жалғастырушылар еңбегін бағалағанда, ғалым Р.Бердібаев төрт түрлі нәрсені есте сақтауымызды айтады: «Біріншіден, жыр нұсқаларын көп өзгеріске түсірмей, дәстүрлі поэтикалық көркемдеу құралдарын сақтай отырып айтушылық... Екіншіден, жыршылардың репертуарындағы айырмашылық мәселесі. Әрбір өлке, өңірдің бұрыннан келе жатқан эпикалық дәстүріне орай, айтушылардың жыр құрамы да өзгеленіп келеді... Үшіншіден, орындаушылық шеберлігінің түрліше болушылығы. Бұл айтушының дарын қуатына, тәжірибесіне және көрген тәліміне байланысты нәрсе. Жыршылық мектеп ерекшелігі репертуардан ғана көрініп қоймай, эпос варианттарының көлемімен де, көркемдігімен де белгіленеді. Жыршылар еңбегі орындау қабілетіне, эпосты мол яки шағын білетіндігіне қарай да бағаланған. Мәселен, қырғыздар «Манастың» үш үлкен бөлегін түгел жатқа айтатындарды «шоң манасшы», эпостың жекелеген бөлімдерін ғана орындаушыларды «шала манасшы» деп атаған... Төртіншіден, эпос, дастандарды алғашқы түп негізінен күрделі өзгеріске түсіріп айтушылық дәстүрі...» [2,8-9 бб.].

Жыршылық – төкпе, суырыпсалма (импровизация) ақындықпен тығыз байланысты өнер. Кененді жазба әдебиетке тән көркемдік шеберліктерге жақындады десек те, ақынның дастандары – оның эпик жыршылығын импровизаторлық қасиетімен қоса айтуды керек етеді. Кенен өзіне дейінгі ақындардың шығармаларын, ел арасындағы аңыз-ертегілерді сағаттар, тәуліктер бойы жырлайтын болған. Ұзақ көлемдегі эпикалық дастандарды жырлау – импровизациямен тығыз байланысты екендігі – ауызша авторлық әдебиеттегі эпик жыршылық туралы зерттеулерде айтылып жүрген мәселе.

Жыршылардың дені ерте кезде көп қырлы өнерпаздар болғаны да нағыз көңіл бөлерлік жағдай. Кезі келгенде ақын, тағы бірде жыршы сипатында көріну бұрыннан келе жатқан дәстүр секілді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ысмайылов Е. Ақындар. –Алматы: ҚМКӘБ, 1956. –340 б.
2. Бердібаев Р. Сарқылмас қазына. –Алматы: Мектеп, 1983. –248 б.
3. Жамбыл туралы сөз /Ж.Жабаевтың туғанына 150 жыл толуына арналған ғылыми сессияның материалдары/ М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. –Алматы: 1996, –153 б.
4. Ысмайылов Е. Әдеби мұра және оны зерттеу. –Алматы: 1961.

ФУНКЦИЈАЛЫҚ ЕТІСТІКТЕРДІҢ БОЛЫМСЫЗ ФОРМАЛАРЫ

ф.ғ.к., аға оқытушы Дүйсенбекова М.Л.
Шымкент университеті

Резюме: В этой статье рассматриваются в казахском языкознании в традиционной грамматике при классификации форм глаголов до нашего времени встречаются противоречивые мнения. Отдельные категории глаголов исследованы по их функциональным возможностям. Определение роли форм глаголов в системе не является решенным вопросом.

Abstract: In this article is considered In traditional grammar of the Kazakh linguistics in the classification of forms of the verbs till our time there are contradictory opinions. Separate categories of the verbs are investigated on their functionality. Definition of a role of forms of the verbs in system is not systematized.

Қазақ тіліндегі етістіктің грамматикалық категориясының бірі – грамматика оқулықтарында, зерттеу еңбектерінде беріліп жүрген болымдылық, болымсыздық категориясы. Бұл жөнінде талай еңбектер, зерттеулер жазылып келді. Және де барлық ғалымдардың пікірлері бір жерден тоғысады.

А.Ысқақов: «Іс-әрекеттің жүзеге асуын білдіретін форма етістіктің болымды түрі деп аталады да, жүзеге аспауын білдіретін форма етістіктің болымсыз түрі деп аталады», — деп жеке категория ретінде қарастырады [1, 286]. Н.Оралбаева да осы пікірлес.

Н.Сауранбаев болымсыз етістікті өз алдына жеке категория ретінде қарастырса, Ы.Маманов болымсыз форманы жеке таныған. Есімдерден ерекшелігі ретінде де осыны атайды, бірақ ғалым етістіктің болымсыз түрін тек болымды түрімен бірге қарастырғанда ғана оның қарама-қарсылықтағы, бір-бірімен тығыз байланыста бар грамматикалық категория екендігіне онша мән бермейді [2,66]. Ал М.Балақаев «Қазіргі қазақ тілі грамматикасының кейбір мәселелері» атты еңбегінде *еш, жоқ, емес, ма, ме* формаларын болымсыздық үстеулері деген атаумен топтастырған [3,45].

Қазақ тіліндегі барлық категориялар тарихи дамудан өтетіндігі белгілі. Олар осы тарихи даму, қалыптасу жолында белгілі бір жүйеге түсіп, өздеріне амал-тәсілдер құрайды. Болымсыздық категориясы да осы жолдан өткен деп айтуымызға әбден болады. Болымсыздық категориясының ерекшелігі ретінде оның мағынасы тілдің лексика-грамматикалық мағынасын түгел қамтитынын айтуға болады. Өйткені болымсыздық мән қазақ тіліндегі сөз таптарының барлығын қамтиды. Бірақ олардың әрқайсысындағы болымсыздық мағынаны берілу тәсілі, атқаратан қызметі бірдей емес. Ал Т.Әбдіғалиева қазақ тілінде осы мағынаны беретін көрсеткіштер ретінде төмендегілерді атап көрстеді [4, 64]: *-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе, -сыз, -сіз, -бей, -а, -ны, бар, жоқ, еш, ешкім,*

ешқайсысы, ешқандай, ешқайда, түк, дым, дәнеңе, емес, түгіл, тұрсын, тұрмақ. Бұлардың ішінде жеке сөз де, көмекші сөздер де, аффикстер де, перефикстер де бар. Сондықтан олардың атқаратын қызметтері де әртүрлі. Осы қасиетіне қарап, оларды Т.Әбдіғалиева сөйлемдегі семантикалық өрісіне қарай ядролық көрсеткіштер және перифериялық көрсеткіштер деп екіге бөліп қарастырады.

Автор осы көрсеткіштердің біріншісінің қатарына етістіктің болымды-болымсыз категориясының семантикалық оппозиция көрсеткіштерін жатқызады. Кез келген етістіктің болымды және болымсыз формасы болатыны түсінікті. Мысалы, – *Мұнан былай есіңде болсын, аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат ете білмесең – көптен құр қаласың, – деді* (Ы.Алтынсарин). - *Henceforth remember, if you will be too lazy to do easy work, you will come across heavy work if you will not be content small, you will lose another, - he said.* Бұл мысалдағы етістіктің саны – алтау, олардың бесеуі болымды болса, біреуі *-ма (-ме, -ба, -бе, -на, -не)* қосымшасы арқылы болымсыз формада қолданған.

Қазақ тілінде болымсыз категорияның жасалуы, қимыл-әрекеттің жүзеге асу-аспауы, болу-болмауы синтетикалық және аналитикалық екі түрлі тәсілмен беріледі [4, 66].

Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған болымсыздық категориясы. Бұл тәсілге, ең бірінші, *-ма (-ме, -ба, -бе, -на, -не)* тұлғаларының негізгі және туынды етістіктеріне жалғануы арқылы жасалатын түрі жатады. *Әке жылағанға қарамады, Баласын қасына да шақырмады* (М.Әуезов). - *The father did not react to crying, and did not call the son to himself.* *Ұясынан құстай безген Ақжол өз үйіне бармады* (Н.Ғабдуллин).- *Akzhol as the bird left a nest, has not returned again to the house.*

Т.Әбдіғалиева болымсыз етістік жасайтын жұрнақтардың ерекшелігін де атап өтеді: біріншіден, белгілі бір тұлға түрін талғамайды, екіншіден, бар етістіктермен қолданады. Ал күрделі етістіктерде болымсыздық жұрнағы екінші компонент құрамында жиі кездеседі. Мысалы, *келіп кетпеді, айтып бермеді.* Кейде күрделі етістіктің бірінші компоненті де болымсыздық қосымшаны қабылдай береді. Мысалы, *бермей кетті, алмай жүр, алмай қайтты* т.б. Ы.Маманов осыған үшінші вариант ретінде болымсыз қосымшаның екі компонентке де қосылуын айтып кеткен (Ы.Маманов, 69 б.). Мысалы, *айтпай қоймайды, келмей қалмас, оқымай жүрген жоқ* т.б. *Майбасарлар білмей қалмасын, тегіс хабарлаңдар* (М.Әуезов).

Бұл жұрнақ барлық етістіктерге: *барма (бар-ма), келме (кел-ме)* сияқты негізгі түбірге де, *бастама (баста-ма), қолдама (қолда-ма)* сияқты туынды етістіктерге және етіс жұрнақтарының бәріне жалғана береді [5, 13].

Болымсыздық мән тудыратын қосымша үнемі сөздің түбірінен соң, етістіктің түрлі категориялары көрсеткіштері алдынан келеді. Бірақ бұл тұлғалар етіс көрсеткіштерінен кейін тұрып, етістікке болымсыз мағына береді, одан кейін есімше, көсемше, шақ, рай, жақ көрсеткіштері тұрады [4,

67]. Мысалы, *Жау танктерін ілгері бастырмады* (Ғ.Мүсірепов). - *He has not allowed to move ahead to enemy tanks. Хабары да естілмейді* (Қ.Тұрсынқұлов). - *Nothing is heard about him.*

Болымсыздықтың аналитикалық тәсіл арқылы берілуі. Амал-әрекеттің болмауы, іске аспауы **жоқ, емес** сияқты аналитикалық форманттар арқылы беріледі. Бұлар көбінесе есімшенің жұрнақтарымен келеді: *келген емес, айтқан емес, жатқан жоқ, келер емес, баратын емес* т.б. Осы жайды ескере отырып, олардың формаларының жалғану ерекшелігін көрсетуге болады: **жоқ** аналитикалық форманты бұрынғы өткен шақтағы іс-қимылдың жүзеге аспағандығын білдіреді (*мен келген жоқпын, сен көрген жоқсың, Асқар білген жоқ* т.б.). Сонымен қатар жоқ форманты қалау райдағы, мақсатты келер шақтағы іс-әрекеттің жүзеге асуының болымсыз түрін жасайды [4,67]. Мысалы, *Сол ілтипатын жасырғысы жоқ* (Т.Молдағалиев). - *He does not intend to hide his liking. Байқаймын, бергің жоқ* (Б.Тосыбаев). - *I feel, you do not wish to give. Өзімнің де өзгергенім жоқ* (Ж.Молдағалиев). - *And I do not wish to vary. Өлген артынан өлмек жоқ.* - *For the dead you will not die. Екі айналып келмек жоқ* (М.Әуезов). - *The second time you will not return to this world.*

Есімшенің **-ған** формасымен жасалған ежелгі өткен шақты; **-атын/-етін, -йтын/-йтін** формасы арқылы берілетін ауыспалы өткен шақ; **-ар/-ер/-р** арқылы жасалатын болжалды келер шақ; **-мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек** тұлғалы мақсатты келер шақтың болымсыз формасын **емес** аналитикалық форманты береді. Мысалы, *Ол мұнда келген емес* (С.Мұқанов). - *He did not come here. Майдан жайын әңгімелегенде шаршайтын емес* (Р.Қошқарбаев). - *He does not get tired, when he tells about front. Қарғаш есімнен кетер емес* (С.Шаймерденов). - *I can not forget Kargash. Енді мынау жұлдызынан қол жазбақ емес, айрылмақ емес* (М.Әуезов). - *Now I do not intend to lose this star*

Сонымен қатар М.С.Жылқыбаева толымсыз көмекші етістігі бұрынғы өткен шақтың, болжалды, ауыспалы, мақсатты келер шақ көрсеткіштері арқылы жалғанған етістіктің болымсыз түріне тіркесіп, оның болымсыз аналитикалық түрін жасайтынын атап көрсеткен [6, 15].

Т.Әбдіғалиева болымсыздық мағына берудегі қызметті ядролық (тірек) көрсеткіштер қатарына, ал болымсыздықтың сөйлемге емес, жекеше ұғымдарға тән мәнін перифериялық көрсеткіштер қатарына қосады. Бұл көрсеткіштердің қатарына етістіктің болымсыз категориясының синтетикалық, аналитикалық көрсеткіштерден басқаларының барлығы жатады. Оларды зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу, шылау сөз таптарына болымсыз мағына беруге қатысатын лексика-грамматикалық көрсеткіштер құрайды [4,69]. Бұл көрсеткіштер қатарындағы болымсыздық мағына тудыратын тұлғалар етістіктен басқа сөз таптарынан да жасалатыны анық.

Е.М.Гордон, И.П.Крылова болымсыздық категориясы негізінен (емес), (жоқ) сөздері арқылы жасалады да, көмекші етістігінен кейін қойылады.

Бірақ көмекші етістік тұрақсыз. Өйткені шақ категориясына байланысты өзгеріп отырады [7].

Л.Кутузов болымсыздық есімдіктері бастауыштық қызмет атқарып, болымсыздық мағынаны айқындайды. Ағылшын тілі сөйлемдерінде бір ғана болымсыздық мағына беретін формалар қолданылады. (*I read nothing = I do not read anything-Мен ешнәрсе оқымаймын.*) [8, 263-269]. *Anything-* жақсыз есімдік- болымсыз және сұраулы сөйлемдерде қолданылады.

Ағылшын тілінде болымсыздық мағынадағы *келген емес, айтқан емес, жатқан жоқ, келер емес, баратын емес* сөз тіркестері *келген жоқ, айтқан жоқ, жатқан жоқ, келер емес (келмейді), баратын емес(бармайды)* деген мағынада *didn't come, didn't say, doesn't lay, won't come, won't go* деп аударылады Жоғарыда айтылғандай, ағылшын тілінде қазақ тіліндегі сияқты сөз арасындағы етістік жұрнақтары болмайды, сондықтан мағыналар дәл қазақ тіліндегідей айтылмайды. Осыны ескере отырып, ағылшын тілінде болымсыз форма бір-ақ рет сөйлемде айтылады. Мысалы, *Ол ешқашан ешкімге шындығын айтпайды – He never says anybody the truth.* (Сөзбе сөз аударғанда, *Ол ешқашан ешкімге шындықты айтпайды*).

Болымсыздың формалардың ерекшелігі туралы Ж.Масалиева мынадай пікір білдіреді: «Тіл заңдылығы бойынша бірдей қызмет атқаратын тұлғалар болмайды. Олар не формасы, не мағынасы жағынан бір-бірінен ерекшеленіп тұруы тиіс. Мұндай ерекшелік болымсыздық мағына беруші тұлғалардың (-ма, емес, жоқ, емей) қолданысынан да байқалады, әрі нәзік грамматикалық мәніне қарай сараланып, стильдік талғамға ие [9, 67].

Жоғарыда қазақ тіліндегі коммуникативтік бірліктерді ұйымдастыратын функциялық етістіктердің болымсыз формалары анықталып және ағылшын тіліндегі ұқсас бірліктерге талдау жасалды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. — Алматы, 1974.
2. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. — 488 б.
3. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі грамматикасының кейбір мәселелері. — Алматы, 1941.
4. Әбдіғалиева Т. Болымдылық-болымсыздық категория және оның берілу тәсілдері // Қазақ тілі мен әдебиеті. — 1995. - №9. — Б.64-72.
5. Айтқазина Т.Д. Етістік сөз табындағы модификациялық етістіктер // ПМУ хабаршысы. Филологиялық серия. — 2005. — №4. — Б.9-11.
6. Жылқыбаева М.С. Қазақ сөйленістеріндегі Е етістігінің көмекшілігімен келетін тұлғалар // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. — 2006. — №5 (95). — Б.14-16.
7. Гордон Е.М., Крылова И.П. Modality in Modern English. - М.: Международные отношения, 1968. - 131 с.
8. Кутузов Л. Практическая грамматика английского языка. - М.: Вече, 1999.

9. Масалиева Ж.А. Етістіктің болымсыздық категориясы // ҚР ҰҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 2006. – №3. – Б.66-67.

СВОЕОБРАЗИЕ РУССКИХ ДЕТСКИХ СЧИТАЛОК

*Республика Узбекистан
к.п.н., доц. кафедры русского языка
и литературы университета
Альфраганус Азмиева Э.Э.*

Аннотация: В этой статье мы исследуем своеобразие русских детских считалок, рассматривая их историю, особенности и значение в обучении детей.

Ключевые слова: Считалки, наследие, рифмы, стихи, старинные стихи, древние стихи

Считалка - это рифмованные строки, короткий стих, который читается нараспев и помогает определить ведущего в игре. Появление считалок связано с языческими поверьями, древним фольклором. Считалка возникла в глубокой древности и играла серьезную роль, помогая людям распределить работу. В настоящее время детские считалки - это распределение ролей и установление очередности в игре, чтобы всем было весело и никому не обидно. Каждый ребёнок знает хотя бы несколько считалок. Детские считалки представляют собой краткие зарифмованные стишки, цель которых – определение ведущего игры. История считалок начиналась по - серьёзному и не была связана с игрой.

Взрослые члены племени определяли, кому какой трудовой «наряд» достанется, например, проводили охотничью жеребьевку. Считалки возникли на основе заговорных формул, то есть были связаны с древней магией, для обеспечения охотничьей удачи. Именно поэтому в старинных считалках много непонятных для современного человека слов и символических образов.

Кады, бады, налей воды. Корове пить, тебе водить.

Поскольку наши далекие предки крепко верили в силу слова, слова «кады, бады» имели определённый смысл. Определим, что «кады» – это направление к некоему священному дару, а «бады» – сбережение этого дара. Слово вода – символ жизни, а корова – олицетворение материнства. И не только русичи так считали, но и древние германцы, а у индусов корова и по сию пору священное животное.

В древности люди пользовались «тайным счётом», потому что существовал запрет считать: запрещалось считать убитую дичь, куриные яйца, гусей во время перелёта из-за опасения неудач в охоте и домашнем хозяйстве.

Ази, двази, призи, зизи,
Пятом, мятом, шума, рума,
Дуба, крест.

Взрослые забыли о загадочном счёте, а дети продолжают в настоящее время пользоваться им в считалках. Любая считалка учит детей следовать правилам игры, ведь водящий выбирается объективно, по воле случая. Как это происходит?

Все участники игры, кроме одного, образуют стройный полукруг; один – по указанию играющих или по собственному желанию – неторопливо произносит текст считалки, прикасаясь при каждом слове ладонью к плечу каждого входящего в игру.

Например:

Раз-два-три-

Поди-водить-ты.

На кого падает последнее слово считалки, тот и «водит».

Всем известна современная считалка:

Раз, два, три, четыре, пять,

Вышел зайчик погулять.

Вдруг охотник выбегает,

Прямо в зайчика стреляет.

Пиф-паф! Ой-ой-ой!

Умирает зайчик мой.

Привезли его в больницу

–Он украл там рукавицу.

Привезли его в буфет-

Он украл кулёк конфет.

Привезли его домой-

Оказался он живой.

Считалки не только продолжают жить, но и меняется их содержание в связи с появлением современных сказочных персонажей. Например, широко известные строчки:

На золотом крыльце сидели

Царь, царевич,

Король, королевич,
Сапожник, портной.
Кто ты будешь такой?
Говори поскорей,
Не задерживай
Добрых и честных людей!
Так эти строчки звучат сегодня
:На золотом крыльце сидели:
Мишки Гамми, Том и Джерри,
Скрудж Макдак и три утенка.
Выходи, ты будешь Понка!
Или:
На золотом крыльце сидели:
Винни Пух и Том, и Джерри,
Микки Маус, три утенка.
Выходи, ты будешь
Понка!
Если Понка не придет,
Скрудж Макдак с ума сойдет.

Как появились детские считалки? Есть несколько версий того, для чего считалки использовались в далеком прошлом: С помощью считалочки выбирали того, кто выполнит опасную или трудную работу; Охотники считали, что пересчет дичи отпугнет дичь при следующей охоте и пользовались считалками; Считалками отпугивали «злых духов».

Постепенно, когда люди стали отходить от суеверий, считалка стала способом помочь детям добиться объективной справедливости в игре, в доступной для них форме. Чем полезны считалки? Детские считалки также помогают развивать память, образное мышление и фантазию. С помощью считалок дети учатся играть без конфликтов, а еще считалку можно попробовать сочинить самостоятельно. Учить считалки рекомендуют и для развития речи. Загадка, считалка, счеты, всё это сопутствует человечеству на протяжении веков. Вероятно, считалки появились вместе с первыми формами письма и подсчета. На первых этапах развития общества, когда письменность была еще не так распространена, и счет велся нечасто, считалки становились важным инструментом для учета и запоминания информации.

Подводя итог сказанному, хочу отметить, что детские считалки - это не только средство для обучения счету, но и важная часть культурного наследия человечества. Они помогают детям не только освоить основы математики, но и развивают их умственные способности, воображение и языковые навыки. Вне зависимости от формата - будь то старинные стихи, бумажные книжки или современные мобильные приложения - детские считалки остаются незаменимым инструментом в процессе обучения и развития детей.

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИГРЫ И ИХ РОЛЬ В ОБУЧЕНИИ ЯЗЫКАМ В УСЛОВИЯХ НАЛИЧИЯ УГРОЗ ТРАДИЦИОННОГО И НЕТРАДИЦИОННОГО ХАРАКТЕРА

Г.А. Умарбекова

*старший преподаватель кафедры
русского языка и литературы*

А.К. Джамалова

*студентка филологического факультета
Alfraganus University г. Ташкент*

Одним из важнейших условий углубления реформ в современном Узбекистане является оптимизация процесса образования, подготовка высоко - квалифицированных кадров, развитие профессиональной и педагогической подготовки будущих преподавателей профессионального обучения. Сегодня одной из актуальнейших задач является подготовка свободно мыслящих, обладающих высокими морально-нравственными качествами преподавателей профессионального обучения для системы среднего специального профессионального и высшего образования, разработка современных форм, методов и средств формирования их профессиональных навыков и умений.

В постановлении Кабинета Министров Республики Узбекистан № 400

“О мерах по совершенствованию системы подготовки кадров для учреждений среднего специального профессионального образования” от 4 октября 2001 года подчеркивается, в частности, необходимость широкого использования на занятиях новых педагогических технологий, методов интерактивного, критического мышления. В постановлении Президента РУз «О дополнительных мерах по повышению качества образования в высших образовательных учреждениях и обеспечению их активного участия в осуществляемых в стране широкомасштабных реформах» аргументирована актуальность коренного совершенствования качества образования в высших образовательных учреждениях, обеспечения их активного участия в осуществляемых в стране широкомасштабных реформах, а также последовательной реализации задач, определенных в Стратегии действий, по пяти приоритетным направлениям развития Республики Узбекистан в 2017-2021 годах.

Педагогические игры, обычно, предусматривают активизацию и развитие обучаемых, формирование у них профессиональных навыков и умений.

С точки зрения обучения, педагогические игры наряду с педагогическими знаниями, навыками и умениями способствуют формированию методов взаимодействия в процессе совместного

коллективного решения задач, поиска решений проблем. Также, педагогические игры обеспечивают усвоение навыков самостоятельного планирования рабочего места, успешного выполнения технологических норм производства, передовых способов выполнения учебно-производственной работы.

Педагогические игры в процессе образования обеспечивают преемственность с профессиональной деятельностью будущего специалиста, дают возможность несколько раз эффективно применить типичные педагогические игры, предоставляют студенту самостоятельно, без помощи преподавателя усваивать знания и секреты профессиональной деятельности, предоставляют возможность предотвратить возможные ошибки в будущей самостоятельной профессиональной деятельности студентов, развивают в процессе игры у участников группы способность к коллективному мышлению; появляется возможность апробирования новых форм и правил, структуры, норм и методики управления и др. [2].

Навыки, умения и личные качества, формируемые посредством педагогических игр зависят, в основном, от планирования и проведения, а также мотивации, лежащей в основе педагогической игры.

Кроме того, эффективность педагогических игр состоит в том, что участники овладевают целостными системными знаниями, и на основе развития способностей самостоятельного, творческого мышления формируются начальные навыки будущей профессиональной деятельности, обеспечивается реализация учебного процесса в непосредственной связи с обучением. Именно поэтому педагогические игры считают высоко - эффективным методом развивающего и активизирующего обучения.

В процессе педагогических игр студенты выполняют практические действия в соответствии с заданной ролью (учитель – управляющий учебно-воспитательным процессом, учитель – организатор общественно полезного труда, руководитель кружка и др.). Основная задача педагогической игры – это обучение студентов практике принятия решений, основанных на анализе, правильной оценке ситуации, и её диагностики в соответствии с теорией педагогической науки. При этом вырабатывается педагогическая техника (общение, мимика, движения, управление своим состоянием, понимание себя и окружающих, взаимосвязь с ними и др.).

Таким образом, анализ опыта применения педагогических игр и имитаций в них, как средства обучения в профессиональной педагогической подготовке будущих преподавателей профессионального обучения создает возможность для формирования важнейших навыков и умений, связи теоретических знаний с опытом, приобретённым на практике, определения направления личного и профессионального развития.

Дидактические игры – это разновидность педагогических игр с правилами, специально создаваемых педагогической школой в целях обучения и воспитания детей [1].

В педагогической литературе выделяется несколько типов дидактических игр, сгруппированных по виду деятельности учащихся: игры-путешествия; игры-поручения; игры-предположения; игры-загадки; игры-беседы (игры-диалоги).

Игра-путешествие отражает реальные факты или события, в которых обычное раскрывается через необычное, простое - через загадочное, трудное — через преодолимое, необходимое — через интересное. Все это происходит в игре, в игровых действиях, становится близким ребенку, радует его. Цель игры-путешествия — усилить впечатление, придать познавательному содержанию чуть-чуть сказочную необычность, привлечь внимание детей на то, что находится рядом, но не замечается ими. Игры-путешествия обостряют внимание, наблюдательность, осмысление игровых задач, облегчают преодоление трудностей и достижение успеха. Иногда игру-путешествие отождествляют с прогулкой. Но прогулка чаще всего имеет оздоровительные цели. Познавательное содержание может быть и на прогулке, но оно является не основным, а сопутствующим.

Игры-поручения имеют те же структурные элементы, что и игры-путешествия, но по содержанию они проще и по продолжительности короче. В основе их лежат действия с предметами, игрушками, словесные поручения. Игровая задача и игровые действия в них основаны на предложении что-то сделать : «Помоги Маше расставить знаки препинания», «Проверь домашнее задание у Незнайки».

Игры-предположения «Как бы я поступил..?» или «Что бы я сделал...», «Кем бы хотел быть и почему?», «Кого бы выбрал в друзья?» и др. Иногда началом такой игры может послужить картинка, заданная ситуация. Дидактическое содержание игры заключается в том, что перед детьми ставится задача и создается ситуация, требующая осмысления последующего действия. Игровая задача заложена в самом названии «Как бы я поступил..?» «Что было бы...?» или «Что бы я сделал...». Игровые действия определяются задачей и требуют от детей целесообразного предполагаемого действия в соответствии с поставленными условиями или созданными обстоятельствами. Дети высказывают предположения, констатирующие или обобщенно-доказательные. Эти игры требуют умения соотносить знания с обстоятельствами, установления причинных связей. В них содержится и соревновательный элемент: «Кто быстрее сообразит?».

Игры-загадки. Возникновение загадок уходит в далекое прошлое. Загадки создавались самим народом, входили в обряды, ритуалы, включались в праздники. Они использовались для проверки знаний, находчивости.

Игры-беседы (диалоги). В основе игры-беседы лежит общение педагога с учащимися, учащихся или студентов друг с другом. Это общение имеет особый характер игрового обучения и игровой деятельности детей. В игре-беседе обучающий часто идет не от себя, а от близкого учащимся персонажа и тем самым не только сохраняет игровое общение, но и усиливает радость его, желание повторить игру. Ценность игры-беседы заключается в том, что

она предъявляет требования к активизации эмоционально-мыслительных процессов: единства слова, действия, мысли и воображения детей. Основным средством игры-беседы является слово, словесный образ, вступительный рассказ о чем-то. Результатом игры является удовольствие, полученное обучающимися. [2].

Перечисленными типами игр не исчерпывается, конечно, весь спектр возможных игровых методик. Однако на практике наиболее часто используются указанные игры, либо в «чистом» виде, либо в сочетании с другими видами игр: подвижными, сюжетно-ролевыми и др.

И так можно сделать вывод, анализ опыта применения педагогических игр и имитаций в них, как средства обучения в профессиональной педагогической подготовке будущих преподавателей профессионального обучения создает возможность для формирования важнейших навыков и умений, связи теоретических знаний с опытом, приобретенном на практике, определения направления личного и профессионального развития.

Использованная литература

1. Варенина Л.П. Технология игры // Актуальные проблемы государственных и естественных наук. – 2015. – №1. – С.66-68
2. Викторова К. М., Ткачук М. А. Роль игровых технологий в формировании общих и профессиональных компетенций обучающихся // Образование. Карьера. Общество. – 2013. – №4-1 –С.79-81.
3. Парпиев, О. Т. Педагогические игры и их возможности в профессиональном обучении / О. Т. Парпиев, Э. Д. Имамназаров. — Текст: непосредственный // Проблемы и перспективы развития образования : материалы II Междунар. науч. конф. (г. Пермь, май 2012 г.). — Пермь : Меркурий, 2012. — С. 149-150.
4. Сабанцева Н. Г. Игра как средство формирования навыков межкультурного общения на иностранном языке // Интеллектуальный потенциал XXI века: ступени познания. – 2012. – №13 – С.47-50.

КЕНЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІ

*ҚТМ-41 оқу тобының магистранты:
Бельгибекова Жазира*

Кенен – халықтың әншілік дәстүрінің бұзылмаған, ешқандай қоспасы жоқ ең соңғы өкілі. Үнін естігенінде дала оянып бас көтергендей болады. Дарынды талант ең әуелі Жетісу өңіріндегі әншілік мектепті қалыптастырады. Әннің туын ақиық Сүйінбай көтерген сөз тұрғысын – ақындықтың биігіне апарып тікті. Қыранның қос қанатындай екі өнер жарастық тапты.

«Құлағы өзінен қырық жыл бұрын туған» зерделі, саналы Кенен, өз төңірегінен алыстап шығып, исі қазақ даласының ән дариясынан жүзіп ішті. Біржан мен Ақанның, Мұхит пен Әсеттің халық жүрегін тербетіп бірге жасасқан ән-жырын Алатауға әкеліп жаңғырықтыра шырқады. Әншінің көкірегі алтын сандық. Ол бойына тек жақсылық қана жинайды. Асыл мен жасықтың құнын біледі. Әнші Кенен сөз өнерінің құдіретіне де мейлінше ден қойған. Ел мен жердің тарихын, ерлік, батырлық жайындағы жыр-дастандарды жаттап, ақындық, шешендіктің үлгілерін үйренеді. Сөзбен ұстасқанды сүріндіріп, өлеңмен қағысқанның қапысын табады» [1,193-194 бб.] - деп сырбаз әншінің бағалағанындай, Кенен шындығында да сегіз қырлы, бір сырлы, білгені мен түйгені мол, әнді де, жырды да тең меңгерген, қазақпен қоса, туысқан қырғыз халқының өнерін де тел емген саналы саңлақтардың бірі еді. Бұл жөнінде Кененнің тоқсан жылдық тойында Қырғызстанның халық жазушысы Шыңғыс Айтматов: «Қырғыз елі Сізді өзінің таңдаулы ұлдары, өзіңізбен замандас, үзеңгілес, дастархандас болған, Жетісудағы қырғыз-қазақ жерін бірге аралаған Оспанқұл, Әлімқұл Атай, Халық және басқа да бұлбұлдай сайраған ақындарындай көреді, біз Сізді өнердегі асқар Алатауымыз деп есептейміз», - деді.

Кенен Әзірбаевтың музыкалық мұрасының жиналу тарихы музыка зерттеуші, этнограф А.В.Затаевичтің қызметімен байланысты. Ол өзінің «Қазақ халқының 1000 әні» [2] (1963) жинағында Ораз Жандосовтың орындауынан Жетісу өңірінің бір топ әндерін жазып алды. Міне, Ораз Кененнен естіген едім деп «Сарыбас» әнін нотаға түсіртеді.

Академик А.Жұбанов түрлі зерттеулерінде әнші-композитор жайында беделді пікірлер қалдырды. Кененнің шығармаларын жазып алып, хор, оркестрге түсіріп гармониялаған композиторлар Е.Г.Брусиловский, С.Шабельский, Л.Хамиди, Б.Ерзакович еңбектерін атап өту керек.

Бұдан кейінгі мезгілде әншінің музыкалық мұрасын хатқа түсіріп жинақтап, насихаттауда елеулі еңбек сіңірген белгілі музыка қайраткері, профессор Б.Ерзакович. Оның нотаға түсіруімен және алғы сөздер, ғылыми түсініктермен берілген әншінің қолтума шығармалары – «Кененнің әндері» (1955), «Қазақстанның халық әндері» (1955), «Қазақстанның советтік халық әндері» (1959), «Өмірімнің әндері» (1961), «Қазақ халқының ән мәдениеті» (1966) деген кітаптарында жарық көрді. Кенен ән, күйлерінің бір тобы 1977 жылы «Бозторғай» деген атпен жеке кітап болып шықты. Алғы сөзін жазған Б.Ерзакович. Құрастырып, түсініктерін жазғандар Т.Кененқызы мен А.Серікбаева. Бұл еңбектің құнды жағы барлық шығармалардың шыққан мезгілдерін хронологиялық тәртіпке салып, олардың шығу тарихына,

оқиғасына байланысты ғылыми түсініктермен қамтылғандығы. Мұнда бұрын еш жерде жарық көрмеген біраз әндер мен күйлердің нотасы алғаш рет жарияланған. Өзіміз күнде естіп жүргендей, Кененнің әндері халық арасында түрлі нұсқалармен айтылып келеді. Әндердің музыкалық жағы ғана емес, сондай-ақ өлеңдері де түрлі өзгерістермен орындалады. Бұл автордың мезгіл-мезгіл төл шығармаларына қайта оралып қарап, кейбір жаңа өзгертулер енгізуінің әсері болса керек. Және кейбір әншілердің шеберліктеріне қарай әннің музыкалық бояу, нақыштарымен бірге өлеңдері де түрліше реңке ие болып, өзгеріске ұшырайды. Әсіресе, әннің қайырмасындағы өлең мәтіндерінің өзгертіліп айтылуы жиі. Кенен әндеріне «халықтікі» деген де айдар тағылып жүр. Мұндай жағдай Кенен музыка мұрасының шындығында да халықтық сипат алып өрістегенін көрсетсе керек.

Халық композиторының әндері мазмұны тұрғысы, жанрлық жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Қысқа-қысқа қайырылатын терме сарынынан бастап, кең тынысты созылмалы әндері де бір төбе. Олар идеялық мәнділігі, тақырыптық байлығы жағынан әр алуан. «Жүйрік дүбірге қызады» демекші, Кенен ән-өлеңдерін халықтың бас қосқан үлкен жиын-тойларында шығарған. Шығармаларын ел аралап, жүріп айтып, насихаттап отырған. Оның 1920 жылдарға дейінгі шығарған әндерінің біразы ұмытылып қалды.

Кененнің алғашқы кезеңдегі туындыларының қамтыған тақырыбы негізінен жеке басы төңірегінде өрбіп, қапас заманның мұңы мен зары, жоқшылықтан көрген қорлығы мен зорлығы тілге тиек етіледі. Олар – «Ри, қойым», «Бозторғай», «Көпшілік көрсін әнімді», «Түйе тыныс», «Тік шырқау», «Ой, жайлау», «Қызылқайнар», «Мөртай сұлу» тәрізді әндер. Әрқайсысының өзіне сай шығу тарихы бар.

Мәселен, «Түйе тыныс» әнінің шығу тарихын Т.Кененқызы «Бозторғай» жинағында берген түсінігінде: «Ел аралап, ән салып жүрген Кенен өзінің туған жері Мәтібұлақтан бастап заңғар биік Алатаудың жайлауларындағы елдерді аралайды. Осындай бір күнінде Кенен «Жауыркезең» деген биік жайлауға бет алып көшкен елге кездеседі. Бұл жерде тау басына көтерілудің қиындығы сондай, көшкен ел тастан қаланған текпішектерге дембіл-дембіл түйелерін шөгеріп, тынығады екен. Осындай түйелерін тынықтырып, дамылдап отырған көшке кездескен ақын шаршаған елдің көңілін көтеріп, ән шырқайды. Әннің «Түйе тыныс» деп аталуы да сондықтан», - дейді.

Сонау 1910 жылы дүниеге келген «Ой, жайлау» әні уақыт озған сайын жаңа туғандай құлпырып келеді. Әннің әуені өзгермегенімен оның сөздері бірнеше нұсқалармен айтылып жүр. Бұл әншілердің орындауына байланысты болса керек. Ән мәтіндері кезінде ән, өлең жинақтарында, кітаптарда жарық көргені белгілі.

Ой, жайлау, шөбің шүйгін, суың дәрі,
Болады халқыменен ақын сәні.
Беретін әнге шырқап ортаңызда,
Жиналған елім-жұртым жас пен кәрі [3,10 б.].

Ар жағында жүз құбылған қайырмасының сөздері бір төбе. Әйтседе, әншілеріміз әнді бұрмалап айтуға құмар. Радио, теледидар, түрлі концерттерде осы ән «Ертістің арғы жағы Семей ме екен?!» деп басталғанына қайран қаласың. Егер халық әні болса бір жөн, белгілі авторы бар әннің сөзін ұмытуымыз қалай? Бұл, әрине, әнші мәдениетінің төмендігін, ұлттық орындаушылық дәстүрімізді жете білмейтіндігін көрсетеді.

Кененнің композиторлық шығармашылығынан елеулі орын алатын ән «Базар, Назар» деп аталады. Бұл жоқтау сарынында шығарылған, естіген жанның сай-сүйегін сырқырататын әсерлігімен ерекшеленеді. Әннің шығуы жайында Т.Кененқызының лебізіне назар аударайық:

«1928 жылы Кенен арнаулы тапсырмамен Шу бойындағы көршілес қырғыз жерін аралап жүргенде, үйдегі Базар, Назар деген екі бірдей ұлы қайтыс болады. Бұлардың алдында да Зұлхия, Қырғызбай, Тұрсын, Тұрар деген ұл-қыздарынан айырылған ақын жанына, әсіресе, мына Базар, Назар өлімі қатты батады. Егде тартып, ел ағасы болған шағында кездескен бұл қайғыдан ақын көпке дейін арыла алмайды.

Көктемнің тамаша бір күнінде ақын іштегі шерін таратпақ болып, ауыл қасындағы кішірек төбеге шығып, айнала төңірекке көз салады. Қозы-лақты жамыратып кешкі қора-жай, отын-су қамында жүрген ауыл адамдарының қарекетін көріп, кешкі ауыл көрінісін тамашалайды. Осы заматта лақтарын іздеп, ана қойға бір, мына қойға бір жүгіріп, дамылсыз маңырап жүрген ақ ешкіге көзі түседі. Бұл көрініс қам көңіл ақын жүрегін тағы елжіретіп жібереді. Ақынның көзіне жас, көңіліне ән келеді. Базары мен Назарын жоқтап, зарлап отырған ақын төңірегіне ауылдастары түгел жиналады. Кенен ұзақ уақыт зарлап, жиналғандардың сай-сүйегін сырқыратады, талайлардың көңілін босатады. Халық көңілінен шыққан бұл ән ел арасына тез тарайды. Әннің кейде «Ақ ешкі» деп аталуы да осыдан», - дейді.

Кененнің ұстаздарының бірі – жыр алыбы Жамбыл шәкіртінің рухани талабының жан-жақты өсіп, жетілуіне үнемі қамқорлық көрсетіп, қолынан келгенін аямайды, дуалы өлеңмен демеп-жебеп, қуанышына да, қайғысына да әрдайым ортақтасып жүреді. Осы жөнінде Кенен: «Базарым, Назарым шетінеген жиырма сегізінші жылдың күзінде Алматы базарына бардым. Бір топ базаршылардың ортасында тұрған Жәкең мені анадайдан тани кетіп, «Кененбісің?» деп қасыма келді. Бас-аяғыма бір қарап алды да:

Ер жігіт десем, ез құсап,

Мойып қапсың сылқиып.

Қой, ойлама уайым.

Туарыңды ұрайын,

Тағы да табар жұбайың.

Түбін берсін ылайым, - деп көңілімді бір жұбатып тастаған еді.

«Бір жаманшылықтың бір жақсылығы бар, бір қайғының бір қуанышы бар», - дегендей, келесі жылдардың жазында Кенен үйіне қуаныш келеді, жұбайы Насиха ұл табады. Осы хабарды естіген Жамбыл кідірместен Қордайға жетеді. Үйге ене берген ол: «Кененім, келіп қалдым қуанған соң,

тұйғының үйрек, қаз бен қу алған соң, келінжан, бата берем, қолыңды жай, құдайдан өлгенің құн алған соң», - дейді де, былай деп бата береді:

Құтты болсын – Көркемің,
Өсе берсін өркенің.
Кененнен тудым дейтіндей,
Ұлы болсын өлкенің...

Бұл бата сөзді Кенен арнаулы әнмен айтатын» [4,201 б.].

Ақынның өнер тақырыбындағы шығармаларынан өнердің адам өмірінен алатын орны ерекше екендігі білінеді. Бала — болашақ, өмір жалғасы. Бала — ата-ана қуанышы, үміті. Ең нәрлі жыр шумағын ақын өз перзентіне арнайды. Ол баласына арнаған өлеңдері арқылы барлық әкелердің жүрегіндегі сырды дөп басып айтқан. Шығармалары — қысқа да шағын. Олар жаңа дүниеге келіп, аяғын апыл-тапыл баса бастаған бала өміріне арналған әке толғаныстары өлеңдерді бір-біріне жүйелеп тіркесе, перзентке арналған шағын поэма болып шығар еді.

Сен туып ең Жамбылдың батасынан,

Суырып әпергендей қалтасынан [3,201 б.], – деуі баласының туған елдің үмітін ақтайтын, соған қызмет ететін азамат болуын тілегендіктен айтылған. Балаға бағыт-бағдар, басшылық болмаса, талап қоюшылық болмаса, өз бетімен жағымсыз қылықтарға икемделіп кетуі мүмкін. Әділ де қатал жауапкершілік — еліне лайық ердің тәрбиеленуіне ол көмегін тигізеді. Сондықтан ақынның былай деуі өте орынды:

Адам бол, жігерлі бол қырық бұраудай,

Мінезің жұмсақ болсын май сылаудай [5], – осы сияқты басқа да көптеген өлеңдерінде адамгершілік, адалдық, кішіпейілділік, т.б. моральдық мінез-құлықты бала бойына сіңіруді талап-тілек еткен. Кенен бұл аталған шығармаларымен оқушы назарын бала тәрбиесіне терең мән беру керектігіне аударады.

Сонымен, Кенен қазақтың ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың өзіне лайықты шәкірті, әрі серігі бола білді, әйгілі ақын-әншілер Сүйінбай, Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Шашубайлардан бермен қарай жалғасып келе жатқан ауыз әдебиеті дәстүрлерін ілгерлетті.

Кененнің 1960 жылы ұлының үйлену тойында дүниеге келген «Келінжан» әні аз уақыт өтпей-ақ бүкіл Қордай жастары тойларының беташарына айналып кетті. Қазір бұл ән республика көлеміне кеңінен танымал.

Құтты болсын келінім, аяғыңнан,

Осы еді ғой күткенім баяғыдан.

Мал-мүлкіңе ие бол арнап жиған,

Өсекшілдің сақ болғын саяғынан [3,200 б.], - деп басталатын ән осы күнгі жастарға да үлгі аларлықтай.

Ақын жары болудың өз ерекшелігі, өз қиындығы бар. Ақын жары — дархан көңілді адам. Үлкен сезім иесі ақынды түсіну бар да оған қолдан келгенше көмек ету тағы бар. Соның нәтижесінде ақын жары жұрт көрген

қызықтардан құр алақан да қалады, бірақ мұның бәріне де төзеді. Ақын — халық адамы, халық жүрегінің тербелісі екенін жақсы ұғынады. Сондықтан қандай жағдайда да оған реніш білдірмей, сыйластықты одан әрі асыра түседі.

Қабағының жазығы-ай,
Бейілі елге азық-ай,
Жүрегінің тазасы-ай,
Болған емес жазасы-ай!
Көрші – тату, жекжат – мез,
Әрбір ісі тамаша-ай!

Бұл жолдардан ақын жарының үлкен жүректі азаматтығын көреміз. Ол сүйіктісін, жарын мақтаныш тұтады:

Ала көйлек, ақкөңіл,
Алақан – ашық, кең – пейіл [3,186 б.].

Отбасы сыйластығының қыбы мен құпиясы көп екеніне ақын өлеңін оқыған сайын көзіңізді жеткізе түсетін сияқтысыз. Үлкен қоғамдық өмірді атқарған адам да тірі пенде: күледі, әзілдеседі, мақтайды, ұсақ-түйекке де араласа кетеді. Бәрі де сыйластықтан.

Шындық өмірден туған ақын философиясының түйіні осындай. Амалсыз келісесіз, құптайсыз, риза боласыз, шындық аясын ашқандай күйді бастан кешесіз. Кенен Әзірбаевтың ақындық тапқырлық қиялы адам ойына қапелімде келе қоймайтын елеусіз, әдеттегі қажетті нәрселердің өзінен драмалық қайшылық философиясын таба қоюға шебер-ақ. Ақын өлеңдері өмірдің мәңгілік қайшылыққа толы екендігіне көзімізді жеткізе түскендей. Өткен кезең оқиғасына азаматтық көзқарасын сынай қарау арқылы қазіргі өмірдің артықшылығын қадірлей түсетіні анық жайт. «Қай жанрдағы қандай шығарма болмасын, оның жырлайтыны, бейнелейтіні адам өмірі, адамдардың қарым-қатынасы, сол жекеленген адам өмірін суреттеу арқылы ақын, жазушының бүкіл қоғам өмірінің шындығын ашуға тырысатынын білеміз» [6,112 б.] – деп жазады поэзия жанрын зерттеуші, профессор Ә.Нарымбетов. Уақыт шындығы – көркемдік кепілі деген пікірге сүйенсек, Кенен Әзірбаев өлеңдері өз кезеңінің шындығын бейнелейтін түрлі оқиғалар жиынтығы деуге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кәрменов Ж. Жаңғыртқан асқақ әнмен кең даланы/Жұлдыз. 1984. №4.
2. Затаевич А.В. Қазақ халқының 1000 әні. –Москва. 1963. –508 б.
3. Әзірбаев К. Екі томдық таңдамалы шығармалар: Бірінші том. /Құраст. Төреқұлов Н, Әзірбаев Б/. –Алматы: Жазушы, 1984. –360 б.
4. Төреқұлов Н. Жүз жасаған бәйтерек. –Алматы: Жалын, 1989. –240 б.
5. ҚРҰҒА Қолжазбалар қоры, №848 бума.
6. Нарымбетов Ә. Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы. –Алматы: Жазушы, 1981. –264 б.

КЕНЕН – СУЫРЫП САЛМА АҚЫН

**ҚТМ-41 оқу тобының магистранты:
Мыңжасарова Мөлдір Абжапарқизи**

Қазақтың өлең, жыр айтушыларының барлығын бірдей суырып салып айтушы ақын дей беруге болмайды. Ақындық өнердің тарихы бар, заманына, дәуірлеріне қарай әртүрлі атануы бар. Өлең-жыр шығарып, не жаттап айтушыларды қазақ жалғыз ақын ғана деген, одан басқа өлеңші, жырау, жыршы деп те атаған. Бұлардың ақыннан немесе өзара айырмасы бар ма, бөлек көрінетін ерекшеліктері қандай? Қазақ фольклорын жасаушылардың өзгеше танылатын қасиеттері қайсы? Ақын дегеніміз кім? Өлеңшінің ақыннан өзгешелігі бар ма? Жырау, жыршылар кімдер? Енді осындай өнер өрістерін анықтайтын, олардың айырым, ерекшеліктерін белгілейтін тоқтам-тұжырымдар айтпақпыз.

Бұл жерде бір айта кететін нәрсе – жыршылар бұрын шықты ма, жоқ ақындар, өлеңшілер бұрын шықты ма деген сұраққа М.Әуезовтің: «Эпостық дастандардың шығу тегі сөз болғанда олар тұрмыс-салт жырларының негізінде туды деп айтуға кәміл болады» [1,236 б.], - деген пікіріне жүгінсек, әр түрлі жағдайларды жыр еткен ақындар мен өлеңшілер көлемді үлкен эпостарды шығарған жырау, жыршылармен қатар, бәлкі бұрынырақ та өмір сүргенін көреміз. Бұдан көптеген өлеңдерді шығарып таратушылар да оның әр түрлі нұсқаларын жасап, орындаушылар да ақын, әнші, өлеңшілер екені өз-өзінен туады.

Қазақ ұғымында «ақын» деген сөздің мағынасы кең. Ақын сөзінің этимологиясы жайлы әр кездерде айтылып жүрген сан алуан салиқалы пікірлер бар. В.Радловтың, М.Әуезовтің топшылауларына жүгінсек, «ақынның» арғы тегі ағын, ағылудан тараған секілді. В.В.Радлов: «Шаршы топ, «асау той, тентек жиын» үстінде үздік өнерімен бұлақтай бұлқынып, жыр төккенде тыңдаушысын өзінің ағынды да әсерлі өлеңімен еліктіріп баурай білгенді ғана шын ақын деп тануға болады» - десе, белгілі тіл маманы К.Юдахин ұйғырдың «ақылгөй», «құрметті адам» турасындағы ұғымынан «ахун» сөзінің қазақ, қырғыз халықтарына жетуі мүмкін деген дерек, болжам келтіреді. Ақын деген сөз қазақ, қырғыз, қарақалпақ тағы басқа халықтарда ұлттық ерекшелігі бар нақты мағынаға ие болып қалыптасқан. Көрнекті әдебиет зерттеушісі, ғалым Е.Ысмайылов: «Қазақтың әдебиет, фольклор дүниесінде ақын бір ғана жырлаушы (певец), әңгімеші (сказитель) мағынасында жүрмейді, шығарып айтушы (поэт) мағынасында да қолданылады. Сондықтан бір ақын деген сөздің аумағында әрі поэт, әрі певец, әрі сказитель, әрі суырыпсалмалы (импровизатор) ұғымдар түгел

сиятын сияқты» - дейді [2,18 б.]. Қазақта «ақын» деген сөзбен «шайыр» термині қатарласа, кезектесе айтыла береді. Мұның дәлелді, түбірлі себептері бар. Мәселен, Үндістаннан Татарстанға дейінгі аралықтағы ондаған елдерде ақынды «шайыр» дейді. Біздің көне әдебиетімізде де сондай ұғым бар. Мұның өзі мазмұн жағынан бұл екі сөз бір-біріне жақын екендігін сипаттаса керек. Бізде кейде ауызша өлең шығарушыларды ақын, жазба туындылар авторын шайыр деушілік те орын тепкен. Кейінірек өлең шеберлерінің баршасын жіктемей, салаламай, «ақын» деген жалғыз-ақ сөзбен жаппай атау басым түсіп, «шайыр» сөзі ұмытыла бастаған. Осы тұста профессор Р.Бердібаевтың пікірін келтіруді жөн көрдік: «Шындығында «ақын» да, «шайыр» да синоним ретінде бірін-бірі алмастыруға хақылы. Қайта, бұл екі сөзге ерекше қосалқы мән сыйғызып қолдануымызға болады. Әсіресе Шығыс поэзиясы дәстүрінде жазатындарға «ақыннан» гөрі, «шайыр» келіңкірейді. Сонда «шайыр» өзінің о бастағы ұғымына, жазбаша ақын деген түсінікке жақындайды. Бұдан қазақтың суырып салма сөз шеберіне берген ежелгі атауы – «ақын» деген сөзге келіп жатқан зиян жоқ» [3,229 б.].

Кенен Әзірбаев шығармашылығының сан қырлы сыры мен сипатын айтқанда оның асқан айтыс ақыны болғанын ерекше атап өтуіміз керек. Кенен ақын жастайынан айтысқа да қатысқан. Айтыс – табан астында ойдан өлең өрбітетін өрен жүйріктердің ғана үлесі. Халық ауыз әдебиетінің ең кең тараған түрі – айтыс, суырып салма өнері – халқымыздың аса дарындылығын, көркем ойлауға ертеден шебер екенін аңғартады. Кенен мұндай өнерге жетік болған. Шәлипамен, Ләтипамен, Бөдене және Шәйнекпен, Бопинамен, Халимамен, Жамбылмен, Кенеқожамен, Әбдіғалимен, Шашубаймен, Есдәулетпен айтыстары бұл айтқанымыздың анық дәлелі. Оның үстіне Кенен сәлемдесу, қақтығысу түрінде де біраз мұра қалдырған.

Көлемі мен сыртқы түр ерекшелігіне қарағанда Кенен айтыстары бір-екі ауыз өлеңмен қолма-қол жауаптасу ретіндегі түре айтыс күйінде. Ақынның «қарсыластары» көбінесе қыздар болып келеді. Қыз бен жігіттің түре айтысы ойын-сауықтарда көп қолданылған. Бірақ, Кенен айтыстарына қарағанда, түре айтыс қазақтарда тек ойын-сауықтарда ғана емес, атақты ақындар үшін де кездескен жерде жедел айтыса кетуге лайық үлгі болғандығын көреміз.

Кенен Әзірбаев – атақты Жамбыл поэзиясының дәстүріндегі талантты, суырып салма ақындарымыздың бірі. Кенен «шүү» деп қолына домбыра алып, ақындық дүниеге алғаш қадам басқанда, өлең-жырды іркілмей суырып салып айтатын импровизаторлық өнерден, ақындық айтыстан бастаған. Академик М.Әуезовтің сөзімен айтқанда, Кенен «қынаптан қылыш суырғандай жалт еткіш, өткір өнер иесі».

Ақынның «ақындық» атағына ие болуы да, жұрт алдында «ақын» танылуы да айтыс арқылы болған. Айтыс – ақындардың өнер сайысы. Ақын халық поэзиясының дәстүрлі көркемдік нақыштарын, кестелі, өрнекті сөздерін орынды пайдаланады, әсерлі теңеу, жан жібітер сұлу салыстырмаларды қолданып отырады. Сондықтан да халық ақын өлеңіне,

оның сөзіне ежелден-ақ ынтық. Ақындық өнер қашаннан өте жоғары бағаланады. Жиын-той, қызық-думан, қай кезде болмасын, ақынсыз өтіп көрген емес.

Кенен Әзірбаев – қазақтың дәстүрлі айтыс өнерінде де кең танылған ақын. Ақынның Кенеқожа, Әбдіғали, Есдәулетпен айтысы, поэзия алыбы Жамбылмен сәлемдесіп қағысуы да тың дүниелер. Бұрынғы жастық шақтағы сан алуан қағысу айтыстарын айтпағанның өзінде ол 1961 жылғы халық ақындарының республикалық мәслихатында Халима Өтеғалиевамен айтысқа түсті. Ақын Халимамен сыпайы әзілдесудің жарасымды жаңа бір қырын байқатты. Ол ақсақал ретінде осы жиынды бастап, айтыс өнерінің ертеден келе жатқан үлгі-нұсқасынан сөз қозғады.

Есдәулет Қандеков пен Кенен Әзірбаев ауылдас болып, талай бірге жүргенімен айтысып, қағыспаған-ды. Халық ақындарының 1963 жылы болған облыстық айтыста екеуі өнер сайысына түседі.

Айтыс сол кездегі аудан, совхозаралық жарысты қыздыру мақсатымен өткізілген-ді. Сондықтан да Кенен ә дегеннен-ақ, өз колхозының табысын, еңбек адамдарын, олардың өнегелі істерін дәріптейді.

Есдәулет те кәрі серігі домбырасын күмбірлете келіп, қоңыр сазды әуенімен Кенен ауылынан байқаған кемшілікті батыл айтады:

Жүз қойдан жетпіс тоғыз алдың қозы,

Айтуға бұл мәлімет келді кезі.

Жасалған бар мүмкіндік заманыңда,

Тым ұят болмас па екен мұның өзі? [19] – деп, бүгінгі тұқымы асылданған, қора-жайы, күтімі механикаландырылып жақсарған шаруашылықта төлді кем алуға, малдың қоңын төмендетуге жол жоқ қой дегенді ескертеді.

Кенен:

Он жыл бұрын келсең де,

Озатұғын түрің жоқ.

Алпыс адам сиятын,

Әлі күнге клуб жоқ.

«Ақтеректе» өнерпаз,

Ұлың менен қызың көп.

Мен сияқты үйретер,

Есдәулетім, қырың жоқ [19], – деп Есдәулет отырған совхоздың мәдениет кемшіліктеріне сын тағады, оған жастарға ән-өлең үйретпейсің, сенің ептейлігің келмей жүр деп Есдәулеттің жеңілер жерін тағы да таба сөйлейді.

Кенен айтыстары сөз жарыстыру, әзіл-оспақ, сын түрінде келеді. «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» шебер қиюласқан шумақтарынан оның ақындық зергерлігін айқын аңғарамыз. Халық әдебиетінен еркін сусындаған ақын жырларының негізгі өзегі – әр саласынан мысалдар, мақал-мәтелдер, ақыл-нақылдық сөздер.

Ақын өмірден көріп, түйгендерін осындай шешендік толғау, терме

түрінде мақал-мәтел, ақыл-нақыл күйінде береді. Өзіндік сөз тіркестерін жасайды. Жан–дүниесінің сілкінісін, ақындық қиялдың серпілісін сипаттағанда, «көктұйғындай сілкінді», «ақ сұңқардай түледі», «тастүлектей таранды», «тау бүркіттей шаңқылдап», «ақиықтай таранды», «қыран құстай қаранды», «ақиықпен талпынды», «ақбөкендей желейін», «құстай ұшып», «сұңқардайын қиялап» деген халықтық тіркестерді, бейнелі оралымдарды тапқырлықпен пайдаланады. Сөйтіп, бір ойдың өзін сан түрлі киіндіріп, өрнектеп, әдемілеп жеткізеді.

Кененнің айтыстары – қазақ сөз өнерінің тарихындағы нағыз төкпе ақындықтың көрінісі. Төкпе ақындық (импровизация) өнері кез келген сәтте барлық тақырыптарға да өлеңді суырып салып айтуды қажет етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әуезов М. Он екі томдық шығармалар жинағы; Он бірінші том. – Алматы: Жазушы, 1969. –480 б.
- 2 Ысмайылов Е. Ақындар. –Алматы: ҚМКӘБ, 1956. –340 б.
- 3 Бердібаев Р. Биік парыз. –Алматы: Жазушы, 1980. –240 б.
- 4 ҚРҰҒА Қолжазбалар қоры, №848 бума.

ӘӨЖ:821.512.3: 39

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНДА ҚАЗАҚ ЖАЗБА ӘДЕБИЕТІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

*Сабырова Гүлнұр Сабырқызы –
ҚТМ-22 тобының 2 курс магистранты
Шымкент университеті, Тассай*

Ағылшын тілінің типологиялық жағынан қазақ тіліне ұқсастығы және оқыту әдістемесі

Элем тілдерінің дамып, қалыптасуы эр алуан сипатқа ие. Дүние жүзіндегі тілдердің жалпы саны 6000-ға жуық бола тұра, кейбір тілдер өлі тілге айналған. Басты себеп тұтас бір ұлттың, халықтың жойылуы. Демек, тілдің пайда болуының өзі күрделі құбылыс. Ана тіліміздің қашан, қалай қалыптасқаны әлі күнге нақты ғылыми тұрғыда айтылмай келеді, өйткені қазақ жерін мекендеген сан мың тайпалар мен тайпалық одақтар сан алуан болды. Ертедегі скиф-сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, сармат тайпаларының тілінен бастау алған тіл сан мыңдаған кезеңдерден өтті. Орта ғасырлардағы Орхон-

Енисей жазуларындағы руналық жазу-көне түркі тілі. Бұл түркі тектес халықтардың ортақ тілі ретінде саналды. Бұл кезең, яғни VI-VIII ғасырлар түріктердің, қарлұқ, қимақ, оғыз, ұйғырлардың қалыптасу дәуірі. Орта Азия жерін зерттеуші орыс, еуропа ғалымдары қазақ тілінің XIV-XV ғасырларда пайда болғанын алға тартады, себебі бірнеше тайпалардың бірігіп, бір халық болу генезисі осы кезеңге тән. Көне жазудағы тіл мен қазіргі қазақ тілінің арасында едәуір айырмашылық бар. Кейбір сөздер фонетикалық өзгерістермен қатар, лексика-грамматикалық өзгерістерге ұшыраған. Ал 1920-40 жылдардағы латын әліпбиін қолдану кезеңінде де біршама айырмашылықтар байқалды. Тілдің орфографиялық мәселесінен гөрі орфоэпиялық айтылу нормасына көбірек мән берілді. Яғни көпшілік қалай айтса, сол норма деп танылды. Кейіннен бұл сөздер жүйеге түсті.

Тілдерді топтастыру екі түрлі принципке негізделеді: генеологиялық және типологиялық. Генеологиялық классификация тілдің шығу генезисі, тегі, ұлттар тіліне байланысты. Олар тілдік семья тұрғысынан үнді-европа, семит-хамит тілдеріне жіктеледі. Тілдік семьялардың өзі бірнеше топтардан тұрады. Ағылшын тілі генеологиялық тұрғыдан үнді-европа тілдерінің ішіндегі герман тобына жатқызылса, қазақ тілі семит-хамит тілдерінің ішіндегі түркі тілдері тобының батыс бөліміне тән [1, 120]. Ғылыми тұрғыдан қарағанда, ағылшын тілі мен қазақ тілінің типологиясы мен генеологиясы екі түрлі.

Типологиялық классификация тілдердің құрылымдық, морфологиялық негіздеріне сүйенеді. Типологиялық зерттеуде туыстас тілдер ғана емес, бір-бірімен ешқандай туыстығы жоқ тілдер фактілері де салыстырылады. Бұл әдістің тіл білімінде қолданыла бастағанына біраз уақыт болғанымен, ол туралы әр елдің көрнекті ғалымдары пікір айтқанымен, бұл мәселе күні бүгінге дейін бірізді шешімін тапқан жоқ. Салыстырмалы сөздіктер жасауда, шетел тілдерін оқытуда бұл әдіс кеңнен қолданылады. бұл Дүние жүзі тілдері типологиялық жағынан мынадай топтарға бөлінеді:

Флективті

Аглютинативті (жалғамалы)

Даралаушы

Полнейнтетикалық

Жалғамалы тіл мен флективті типтердің арасында айырмашылықтар мен қатар ұқсастықтар да байқалады. Флективті тілдердің өзі аналитикалық және синтетикалық типке бөлінеді. Синтетикалық тип қосымша арқылы, яғни аффикстерден құралады. Бұған үнді-европа тілдері жатқызылады. Аналитикалық типті роман, герман тілдері құрайды. Басты ерекшелік көмекші сөздердің қосылуы. Аглютинативті тілдерде сөз құрамында аффикстердің әрқайсысы көбінесе дара мағына болып, бір қызмет атқарса, флективті тілдерде бір аффикс бірнеше грамматикалық мағынаны білдіріп, әр түрлі қызмет атқарады [3,85].

Тілде анализ, синтез, классификация тәсілдерін қолдана отырып оқыту-ең тиімді метод. Осы бағытта жүзеге асырсақ, үш тұғырлы тіл саясатының

жүзеге асуына серпін бермек. Халықаралық алты тілдің (ағылшын, қытай, орыс, неміс, француз, араб) ішіндегі ағылшын тілін меңгеру-қазіргі ел жастарының алдына қойып отырған басты мақсаты. Салыстырмалы түрде оқытуды фонетикадағы әріп, дыбыс және фонема ұғысдарынан бастаған жөн. Қазақ тілі латын әліпбиіне ауысқан жағдайда 32 әріпті құраса, ағылшын тілі 26 әріпті құрайды.

Ағылшынтілі	Қазақтілі
Aa	Аа
Bb	Бб
Cc	—
Dd	Дд
Ee	Ее
Ff	Фф
Gg	Гг
Hh	Хх (h)
Ii	Іі, Ии, (й)
Jj	Жж
Kk	Кк
Ll	Лл
Mm	Мм
Nn	Нн
Oo	Оо
Pp	Пп
Qq	Ққ
Rr	Рр
Ss	Сс
Tt	Тт
Uu	Ұұ
Vv	Вв
Ww	—
' Xx	—
" Yy	Ыы
" Zz	Зз

Бұданбасқа белгіленбеген жеті әріп бар: A'a'(ə), G'g' (ғ), N'n' (н), O'o' (ө), U'u'(y), Y'y' (У), Sh (ш), Ch (ч), Ii (и).

Лексикология - белгілі бір тілдегі сөздерді зерттейтін ғылым. Осы орайда, қазақ тілі сөздік қоры мен құрамы жағынан бай тілдердің қатарына кіреді. Қазақ тілі сөздік қоры жөнінен 600 мың сөзбен үшінші орынды иеленсе, ағылшын тілі араб тілінен кейінгі 700 мың сөзбен екінші орынды иеленеді. Одан кейінгі орында испан, қытай, орыс тілдері саналады. Бұл

сөздік қор саны бойынша рейтинг. Ал сол тілде сөйлейтін адамдар саны жағынан алдыңғы орындарда қытай, ағылшын, араб, орыс, неміс француз тілдері кұрайды [4].

Аударма принципі мен аудармалық дәлме-дәлдігі туралы ұғым заманалар озған сайын өзгеріп отырады. Мысалы: орта ғасырларда, әріпшілдік, сіреспе аударма басым болса, бертін келе, XVII-XVIII ғасырларда “еркін” аударма етек алды, одан соң әдебиет әлемінде балама аударма пайда болды.

Тіл морфологиялық, синтаксистік ережелерге бағынады. Аударма – киын мәселе. Аудармаға қойылатын талап пен талғам да зор.

Балама аударма – көріксіз көшірме емес, түпнұсқаның эмоциялық жеке эстетикалық ерекшеліктерін екінші тілде мүсіндеу. С.Сейфуллин сөзбе-сөз аударманы әділ сынаған. Сөзбе-сөз аударма әңгіменің, немесе сөйлемнің мағынасын бәсендетіп, немесе тіпті жоюы да мүмкін, аударма әдебиетінің атақты теоретигі Корней Чуковский сөзімен айтсақ, жақсы жақсы аудармашының мықтылығы “әріпті әріппен емес, юморды юмормен, көркемдікті көркемдікпен жаңғыртуында.”

Аудармаға қойылатын басты талап автордың стилистикалық өзіндігін сақтау, яғни адамдардын келбет-бітімі, жүріс-тұрысы бір-біріне қандай ұқсамаса, олардың сөз саптау машығында бір-біріне сондай ұқсамайды.

Аударма – мамандық емес – өнер. Өнерге өмірді арнағанда ғана өнімді еңбек беруге болады.

Аударма теориясы, соның ішінде, қазақ аудармасының теориясы да – жаңа ғана туып қалыптасып жатқан кейінгі ғылым. Жалпы аударманың үш түрі бар екенін білеміз:

- еркін аударма;
- мағыналық аударма;
- сөзбе-сөз аударма;

Әр-бір сөздің беретін екі мағынасы болады:

- а) сөздің лексикалық мағынасы;
- б) сөздің грамматикалық мағынасы;

“Бала кітапты жолдасынан алды” деген сөйлемді алатын болсақ әр-бір сөз бұл сөйлемде, ең алдымен белгілі лексикалық мағынаны білдіріп, сонымен қатар, бір не бірнеше грамматикалық мағыналарға ие болып тұр. Мысалы: “жолдасынан” деген сөзде – бір лексикалық, грамматикалық мағына, -ы- тәуелдік грамматикалық мағына, -нан- шығыс септік мағына, - жолдас- лексикалық мағына және жекелік грамматикалық мағына.

Сөзде грамматикалық мағына біреу болады да, ол сөздің түбір тұлғасы арқылы көрінеді, ал грамматикалық мағына бірнешеу болуы да мүмкін.

Кейде сөйлем ішінде сөз бастапқы, тура мағынасында қолданылмай өзге бір түсінік ретінде ауыспалы мағынада қолданылады.

“Семіздің аяғы сегіз” деген мақалда “сегіз” деген сөз санды білдірмей, көп деген ұғымды білдіріп тұр, яғни мал семіз болса, еті көп болады деген ұғымда айтылып тұр. Ағылшын тіліне осы мақалды аударған кезде осы

стилистикалық ұғымды сақтап қалу қажет. Сөзбе-сөз аудармада осы мағынасы жойылады.

а) Көп мағыналы сөздер: тура және ауыспалы мағынада

Қазақ тілі мен ағылшын тілі екеуі де, көп мағыналы сөздерге бай. Мысалы: “ай” сөзіні алайық. Мысалы: (ай туды, ай батты) – астраномиялық атау; (екі айдан асты) – уақыт өлшемі; (айдай, ай десе ауызы) – көріктілік ұғымы; (айға қолы жеткендей) – алыс мағынаны білдіреді.

Ағылшын тілінде –moon- деген сөз де осы төрт мағынаны білдіреді.

б) Фразеологиялар: идиомалар, мақал-мәтелдер.

Аударма процесінде қиыншылық туғызатын тұрақты сөз тіркестер (фразеология) – тіркестегі сөздердің орындарын алмастыруға болмайды, сөздердің негізгі мағынасы тіркестегі мағынасына сай келмейді, сөзбе-сөз аударылмайды.

Идиомалар-негізгі мағынасы тіркестегі мағынасына сай келмейтін, бірінен-бірін алып қарауға болмайтын, өзге тілге сөзбе сөз аударылмайтын тұрақты сөз тіркестері.

Барлық халықтардың өз идиомалары бар. Ағылшын-қазақ тілдеріндегі сәйкес келетін идиомалар бар, бірақ олар аздап айырмашылықтармен ерекшеленеді.

Қазақ тілінің “Жыланды ұясынан шығармау”, ағылшын тілінің “Let sleeping dogs lie” идиомасымен сәйкес. Олардың құрылымы, сөз тәртібі, сөз мағыналары бірдей.

Сол сияқты: “Not to know if one is coming or going” – “Қайда барып, қайдан келе жатқанын білмеу” мағынасы: “не істеп жатқанын білмеу”.

Ағылшын “In the dog’s house” деген идиоманы салыстырайық. Мағынасы: - “Ұялып тұр”, яғни ұялғанынан ит үйшігіне кірген сияқты теңеп жатыр.

Ал қазақ тілінде оған сәйкес идиома бар: “Ұялғанынан кірер тесік таба алмады”. Бұл да лексика жағынан өзгеше мағынасы бірдей.

Мысалға “Apple of one’s eye” және “көз қарашығы” деген идиомаларын алайық. Бұл идиомалардағы “apple” мен “қарашық” деген екі зат есімдер болмаса мағынасы жағынан бірдей.

Сол сияқты: On the tip of one’s tongue – тіл ұшында, Follow in someone’s footsteps – ізімен жүру.

Ал енді “blue blood” деген идиоманы алайық. Оның идиомалық мағынасы, қазақтың “ақ сүйек” идиомасының мағынасымен сәйкес. Екі идиома да сын есім мен зат есімнен тұрады және сөз тәртіптері де бірдей, бірақ сөз мағыналары сәйкес келмейді.

Тағы бір сәйкес келетіні “to butter someone up” және “біреудің аузын майлау” яғни алдын ала келісіп қою.

Сәйкес келмейтіндер:

Мына ағылшын идиомалары қазақ тілінде тіпті кездеспейді.

Monkey business – жасырынды экономика

Old hat – қайталана беретін іс-әрекет

On the ball – ақылды, пайдалы, жұмысты жақсы білетін.

Екі тілдегі грамматикалық категорияларды салыстыру арқылы аударма жұмысында көптеген қиындықтарды жоя отырып, ағылшын тілін тереңірек меңгеруге қол жеткізе аламыз. Тіл мен сөйлеу бір-бірімен ажырамас бірлікте. Сол себепті ағылшын тілінің өзіндік ерекшеліктерімен грамматикалық құбылыстарын, заңдылықтарын танып білмейінше, ол тілді үйрену мүмкін емес. Екі тілді салыстыру әдісі – тиімді әдіс, сондықтан ағылшын тілінде сөйлем құрау, оны қазақ тіліне белгілі ережелерге сүйене отырып, аудару жұмыстарын пайдалану арқылы көптеген жұмыстар жүргізуге болады.

Аудармашылық, шеберлі оқушылардың таным деңгейін тереңдетеді, екі тілді жете игеруді дамытады, аудару, салыстыру, анализ жасау, зерттеу, байқау, іздену, қорытынды шығару тағы басқа қасиеттерін шыңдайды.

Алдымен өз тілін, содан кейін шетел тілін меңгеру қазақ мәдениетін кеңейтеді.

Осы зерттеу жұмысы ұлттық мектептердегі ағылшын тілін үйреніп жүрген шәкірттердің екі тіл арасындағы ерекшеліктер мен айырмашылықтарды түсінуіне, аудару процесіндегі проблемаларды жеңілдетуге көмектеседі.

Ағылшын тілінде сөйлеп, тез үйренудің оңай тәсілдерінің бірі-көп сөз білу. Сөздер семантикалық тұрғыдан әр алуан мағынаға ие. Лексикологияның семасиология, фразеология атты салалары ең күрделі салалар қатарында. Бұл барлық тілге де ортақ заңдылық. Методологияның негізгі принципі омонимдес, синонимдес, антонимдес сөздерді оқыту. Ағылшын тілінде бір сөздің бірнеше омонимдік баламалары бар. Мәселен, present-осы, present-сыйлық, present-түгел, present-кеш немесетаісһ-сіріңке, match-матч, match-неке, match-қарсы. Бұл- омонимдік құбылыстар. Ал ағылшын тіліндегі антонимдер саны коммун и кати вті к тұрғыдан сан жоқшексіз болып табылады.

Халықаралық стандартқа сәйкес, ағылшын тілі бес деңгейден тұрады:

Нөльдік деңгей (700 сөз)	Beginner
Бірінші деңгей (1300 сөз)	Elementary
Екінші деңгей (1900 сөз)	Pre-Intermediate
Үшінші деңгей (2500 сөз)	Intermediate
Төртінші деңгей (4000 сөз)	Upper-Intermediate
Бесінші деңгей (6000 сөз)	Advanced

Сөйлем құрастырудағы негізгі талап-шақ, жақ, септік, тәуелдік, жіктік, көптік, рай, шырай категорияларын меңгеру. Ағылшын және қазақ тіліндегі атау сөздерге зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу жатады. Көмекші сөздер атауыш сөздерге тіркесіп келіп жұмсалады. Көмекші сөздер қатарын ағылшын тіліндегі көмекші есімдер, шылаулар, көмекші етістіктер предогтар мен артикльдер құрайды. Қазақ тіл білімінде артикль, предлог болмайды. Ағылшын тілінде артикль тек зат есімнің алдында көрсеткіші ретінде жұмсалады. Оның дербес, жеке лексикалық мағынасы болмайды.

Ағылшын тіліндегі саналмайтын зат есімдер қазақ тіліндегі көптік мәнді зат есімдермен мағыналас. Бұлар тек жекеше түрде қолданылады, олардың алдына артикль қойылмайды. Мысалы: Here is some information for him. Сонымен қатар олар сан есімдермен қолданылмайды. Ағылшын тіліндегі кейбір зат есімдерге - s жалғауы жалғанғанымен, олар саналмайтын зат есім болып есептеледі де, етістік жекеше түрде қолданылады. Мысалы: The news is bad today. Қазақ, ағылшын тілдеріндегі зат есімнің бұл категорияларының өзіндік ерекшеліктері бар-олар затты топтап атайды, сонымен қатар оларға практикалық тілде жалғаулар жалғанбайды [5,12]. Екі тілде қатар меңгеру-тілдің экстралингвистикалық бағытына тіреледі. Олар тіл және ойлау (менталингвистика), тіл және қоғам (социолінгвистика), сөйлеу әрекеті (психолінгвистика), нейролінгвистика, когнитивті лингвистика. Осы аталған қағидаларға сүйеніп, мектеп, ЖОО бағдарламаларына енгізсек, үш тұғырлы тіл саясатының жеміс беретінін байқаймыз.

Қорыта айтқанда, үш тілде қатар білім беру бүгінгі күннің басты талабы. Мектеп, жоғары оқу орындарында ағылшын және қазақ тілдерін салыстырмалы, эксперимента түрде оқыту ең тиімді болып саналады. Әлем тілдерінің ішіндегі генеологиялық жіктелімі екі түрлі топқа жатса да, типологиялық тұрғыдан бұл тілдердің ұқсас екендігін байқай аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ.Қазіргі қазақ тілі.-Алматы: «Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы», 1962. -315 б
2. Қордабаев Т., Қалиев Ғ. Жалпы тіл білімі: Оқулық. -Алматы: «Дәуір», 2004. -240 б. 3.Аханов К. «Тіл білімінің негіздері: оқулық.-Алматы: «Өлке», 2010. -560 б
4. Islam.kz сайтынан 09.02.2017
- 5.Баданбекқызы З. Ағылшын және қазақ тілдерінің салыстырмалы грамматикасы: - Алматы: "Бастау", 2010. -420 б

ӘӨЖ:821.512.3: 39

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КӨРНІС

*Өмірзақ Г. –ҚТ-222 тобының 2 курс студенті
Н.Ш.Базарбекова аға оқытушы
Шымкент университеті, Тассай*

Ұлттық болмыс - ұлттық қадір-қасиет. Ол – сатылмайтын байлық. Біз үшін сатылмайтын байлық- тіліміз, дініміз, ұлтымыз, Отанымыз. Бұл байлықтар біз үшін бәрінен де жоғары. Осы аталған нәрселер әр адамда бар, бірақ өкінішке орай, бәрі бағалай бермейтіні жүрегімізге батады. Ана тілінде сөйлейтіндерден гөрі, шүлдірлеп сөйлейтін қазақтар өте көп. Дінін сатып, басқа дінге көшкендер де жеткілікті.

Ұлттық болмыстың бастау алар бір көзі – тіл болса, екіншісі – тарих. Өз елінің, ұлтының тарихынан қол үзген адам тамырсыз ағаш іспеттес, өсуін тоқтатады. Атам қазақ шыққан тегін білмеген адамды – «тексіз», тарихына тұшынып көрмеген адамды – «көргенсіз» деген. Тексіз болу – анаңнан, көргенсіз болу өзіңнен. Білуге ұмтылмасақ, көргенді түйе алмасақ, көптің мүддесіне үлес қоса алмасақ, адамдықтан не пайда?

Халық пен қоғам, дәуір мен әдебиет әрқашан бір-бірімен тығыз байланыста болады. Сол қоғам мен дәуірдің ақиқатын айқындайтын ірі тұлғалар әдебиет майданында қызмет етеді. Кешегі кеңестік кезеңнің «ашысын татпаса да», «ақиқаттың ауылын шырқ айналып» іздеумен ғұмыры өткен қас талант- Мұқағали Мақатаев.

Оның поэзиясында табиғат та, адамзат пен дөңгелек дүние де анау-мынау ұсақ-түйек күйкі тіршілік емес, пендешіліктен адам жоғары қасиеттерімен даралана білді. Әкімшілдік - әміршілдік билік тұсында ғұмыр кешсе де, сәбилік, ата-ана, туған жер тақырыбына бірте-бірте ұлттық рух, ұлттық тарих пен намыс деңгейіне көтеріліп, «Адамгершілік» атты ұлы сезімге ұласып, атамұра сырларын ұғуға, «Құйрық – жалы кесілген» тарих қойнауына, сыры беймәлім әрбір таңбаға үңілуден еш жалықпады..[3,5-бет]

Мұқағали Мақатаев...

Көбелек деп жүрсің бе отты айналған?

Қуатым бар кеудемде шоқтай жанған.

Кер бестімін кермеде қаңтарылған,

Бәйге болса қалайда шаппай қалман, - деп басталатын «Қарт аңшының дегені» атты өлеңінде ұлтымызға тән қасиетті дөп басып айтқан. Атамыз қазақ бәйге болады екен десе, соған күні бұрын атын жаратып, баптап, үкілеп бәйгеге қосатын болған. Бәйге жөнінде ақын:

Шаппай қалман және де озбай қалман,

Бәсінді қой нанбасаң сөз байласқан, - дейді.

Ақын бәйге атын жырлай отырып, бұрын байқалмаған тың образ жасауға игі қадам жасаған.

Кер бестімін кермеде қаңтарулы,

Дүбір шықса үзермін арқаныңды, - деп кермедегі қаңтарулы жүйрікті әдеби фон ретінде ала отырып, ақын өмірдегі өзінің жыр бәйгесіндегі бейнесін жасайды. Әрине, бәйгені шаппай бермейді. Өзінің ерен жүйрік екенін нық сеніммен айтады. Айтуға қақысы бар. «Қазағым аман болса, мен ешқашан өлмеймін» деген еді Мұқағали өзі туралы..[4,10-бет]

Мұқағалидың «Тоқта, ботам, атаң келеді артыңда» өлеңінде:

Әй, болашақ! Қарт келеді зиялы,

Кейімесін ата қыран ұялы.
Сен сыйласаң, сәби шақтың бір сәтін
Атаң саған ұзақ ғұмыр қияды.
Тоқта, ботам! Атаң келеді артыңда.
Дария шалқар даналығын ал, тыңда! – десе,
«Әкеме» өлеңінде:
Зиратың аяқ асты болмасын деп,
Бұзылған қорғанымнан тас қаладым, - деуінде әке алдындағы парызын
өтеудің бір көрінісі деп ұғамыз.
Бәріміздің бабамыз сөзден өлген,
Өнердің кереметін сөзбен өрген.
Қалайда айтарымды айтып өлем,
Айта алмасам, жасайды қайтіп өлең?- деп сөз құдіретін аса жоғары
бағалаған ақын:
Қалам ба деп қайғырмаймын көмусіз,
Кетем бе деп қапаланам өмірсіз, - деп күдігін де жасырмайды.

Дегенмен: Өлсе өлер, Мұқағали Мақатаев,
Өлтіре алмас, алайда өлеңді ешкім! – деуі де нағыз шындық. Ақынның
өзі өлгенімен, оның өлмес өлеңдері Мұқағалидың есімін мәңгілікке сақтап
қалары даусыз. [3,4-бет] Иә...

Ең бірінші бақытым - Халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін... –
деп өзі жырға қосқан, сенімін артқан, жырын аманаттаған «қалың ел -
қазағының» өлшеусіз махаббатына бөленген, тамырын оқырман ойы мен
санасына, халқының жүрегі мен жанына, елінің көкіркі мен жанына – уақыт
желі, заманалар дауылы шайқай алмас тереңге жіберген бақытты да,
армансыз Ақын жаңа ғасыр қақпасын ендікпей, еркін ашып, жаңа
мыңжылдық айдынына шығып отыр.

Қазақ жыры аманда, қазақ өлеңін оқитын ел аманда мына сыры мен
сиқыры мол ғаламды өзінің құндағына алып тербетер құдіретті Жырдың да
халқымен бірге, ұлы даласымен бірге, ұлы даласымен бірге өмір сүрері,
ғұмыр кешері ақиқат.

Өнер мен Өлең мәңгілігі дегеніміз осы емес пе?

Қорытынды

Мұқағали жырлары тақырып ауқымының кеңдігі, көркемдік қуатының
өзгешелігі жағынан да оқшауланады. Ақындық табиғаты күрделі,
шығармашылығының қыры да, сыры да мол. Ақындық болмысы мен
ерекшелігіне, бейнелеу шеберлігіне көз жіберер болсақ, ол күшті ағысы мол,
тау суындай тасқынды. Сан тармақтан табысып, дала төсіне бауырын жазып
жөнкіле аққанда иірімі мол, жылым дарияға айналады да сусап, сұраныс
жасағандарды қуатты ағыс құшағына алып, бауырына басады. Жыр дариясы
жиһан кездіріп, қилы-қилы тағдырлармен табыстырып, сан қиырға саяхат
құрғызады.

Мұқағали - тума талант. Шабытты шағында өлең нөсерін селдетіп, жыр топанын тұрғызады. Қиналып, өлерменденіп жазбайды. Арам тер боп тыраштанып, тыртаңдамайды. Жетінші дәптердегі он күнде 27 өлең жаздым дегеніне қарап-ақ өлеңсіз күні өтпейтінін, жұтқан ауа, ішкен ас пен барабар қорегіне, қажетіне айналғанын аңғару қиын емес. Оның өлеңдерін мектеп оқушысынан зейнеткерге дейінгі барлық буын басына жастанып оқиды, асабадан академикке дейін жаттап жанын азықтандырады. Үзінділер тыңдаушысын рухтандырады. Сөйтіп өзін де, өзгені де, авторын да биіктетеді.

Мұқағали – ұлт ақыны. Оның өлеңдерінде қазақ қаны атқақтап, қаракөздер жүрегі лүпілдеп соғып тұрады, ұлттық намыс отайлап көрініс береді. Бізге сонысымен құнды, сондайлығымен нәрлі. Ұлылығының - ариадна жібіндей алтын арқауы осында. Танымал талант Марат Қабанбай: ”ұлылар - өз ұлтының микроатом, микроклеткаларынан тұрады” деуінің мықты себебі бар [90.10 б]. Әрине жазушы мұнда бүтінді бөлшекпен, бөлшекті бөлекше кішірейтіп көрсеткен. Алайда ұлттық белгілер неғұрлым көп болса, соғұрлым сапалана түспек. Бірақ жадағай ұран салған жалаң ұлтшылдықтан сақтану қажет. Жаңағы М. Қабанбай: “Махамбет, Абай, Мұхтар , Мұқағалилар ұлт өкілі ретінде ары қарай өмір сүре береді, олардың шығармаларына ұлтымыздың өлмес коды жазылған, әлем бізді он ғасыр өтсе де сол кодтар арқылы тауып, танып алады“ [сонда] деуі білгір ой қорытындысы. Ұлт ақыны болу – ұлттың тарихына, ұлыстың шежіресіне жазылу. Оның мәңгіліке өлмесі, өшпесі мәлім. Мұқағали - үлкен суреткер. Суреткерлік сегіз қырлы, сансыз сырлы болуы мүмкін. Соның бір ғана көрінісі кемел қайыру - Мұқағалиға тән.

Мәселен “Мен күрсінсем, күңіреніп тау жылаған”. Қандай ғажап шендестіру. Адам мен табиғат бір-біріне әсер береді, ықпал етеді. Ақын күрсінісі мен таудың күрсінісі үйлесім тауып, үндесіп кеткен. “Қалауын тапса” дейтін шеберлік осындай- ақ шығар. Бірінен бірі зарядталып, бірінен–бірі рухтанып жасампаз күш пен құдіретке айналған поэзия падишалығы бұл.

Мұқағали мұрасына біршама баға берілді десек те әлі жеткіліксіз. Алдымызда Мұқағалитануды қалыптастыру міндеті тұр. Жоғары деңгейде ғылыми тұрғыда зерттеп, зерделеуге мүмкіндік ашылды. Кемімізді толтырып, төрт құбыламызды түгендеуге қазір жағдайымыз жетеді.

Мұқағалиды дәріптеу қазақ әдебиетін, күллі қазақ өнерін, ұлттық құндылықтарымызды санада сақтау, қадіріне жетудің бір үлгісі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. М. Мақатаев. Күнделік. Алматы: Жалын, 1991ж., 48 б.

2. Бегманова Б. С. М.Мақатаев лирикасының ұлттық сипаты.

(Филология

ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының авторефераты), Алматы, 2006

3. Тұржан О. Махамбет поэзиясының көркемдік ерекшелігі. (Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының авторефераты), Астана, 2005 ж.
4. Алпысбаев Қ. Мұқағали өрнегі. Алматы, қазақ университеті, 2001ж.187.

УДК 37.091.33:821.512.122

ОҚЫТУДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Алимова Гулирано Абдикадировна – ШТМ-22,
2 курс тобының магистранты
Шымкент университеті*

Педагогикалық технологиялардың бәрін талғамай, оқытушының өзінің ішкі мүмкіндігі мен материалдық жабдығын ескермей, тіл үйренушінің қабылдау және түсіндіру әдістерін елемей қолдануға болмайды. Одан нәтиже шықпайды. Бүгінгі дәстүрлі дәріс оқу технологиясына жатпайды. Жалпы, педагогикалық технологияның негізгі мақсаты - оқушының даралық тұлғасын дамыту. Осы пікірді зерттеуші Г.К.Селевко өз еңбегінде айтып өткен. Егер өткізілетін сабақ оқушыға ой тастамаса, онда ол сабақтың мүлде пайдасы жоқ, пайдасы жоқ болған соң, оқушының да оған қызығушылығы оянбайды. Оқушының қызығушылығы жоқ жерде мақсат та айқындалмайды. Бқпалдастық технологиясы әрі оқушыны субъекті, оқытушыны субъекті дәрежесіне ынталандырады [1].

Инновациялық амал-әрекеттің рефлексивті бағытының белсенді түрде көрінуі педагогтің жеке басының қабілетіне де байланысты. Бұл процестің қайнар көзі педагогикалық амал-әрекеттің қарама-қайшылығы. Міне сондықтан оқу-кәсіби қызметінде мынандай жағдайларды туғызуды қажет етеді: рефлексивтік бағыттың белсенділігін арттыру, өзіндік қабылдауын

қалыптастыру, өзін-өзі ынталандыру. Мысалы, оқытушы оқушыларының алдындағы өзінің инновациялық қызметіне жауапкершілікпен қарайды. Оқытудың дәстүрлі технологиялары белгілі - бір мақсатқа жүйеленген, алдын-ала жоспарланған қатынасы, оны оқу үрдісінде жүргізу адамзаттың ықылым заманнан жинақталған тәжірибесі, іс-әрекет тәжірибесі және танымдық тәжірибелері. Заман мен қоғам дамыған сайын да оқыту - тарихи тұрғыдан өзгеріске ұшырап тұратын үдеріс. Ол ең алдымен, қоғам қажеттілігіне, әлеуметтік жағдайына, қоғамның рухани жағынан байып, өсу қарқынына, оның мәдени салт-дәстүрі мен білімінің деңгейіне тікелей байланысты. Оқыту, үйрету оқушының қалыптасуына оң әсер ететін ең негізгі амалдардың бірі болып табылады.

Оқыту түрлері - бұл оқытушы мен оқушының бірлестікте ұйымдасқан амал-әрекеті. Оқушының белсенділігі - бұл оқу үдерісінде білімді пайдалануда практикалық дайындықтың, дағдылар мен шеберліктерді қалыптастыру барысындағы амал-әрекеті. Оқыту үдерісінде белсенді оқу-танымдық іс-әрекеттерде пайдаланатын амал-әрекеттер оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері делінеді. [3].

Белсенді әдіс-тәсіл деп - оқушылардың тіл үйренуге деген қызығушылығын тудыра отырып, белгілі дәрежеде теориялық біліммен практикалық дағдыларын қалыптастыратын амал әрекетті айтамыз. Адам сыртқы дүние заттарымен байланысқа түсе отырып, реалды шындықты танып біледі, ол жайында іс-тәжірибесі байиды және оған өзі де ықпал етеді. Дамыта оқыту мен проблемалы оқыту мақсатын жүзеге асырудың негізінде белсенді әдіс жатыр, ол оқушыларды өз бетінше ойлануға, белгілі бір пікірге келуге, қорытынды жасауға дағдыландырады, сабақ материалынан ең басты теорияны бөліп алуға үйретеді, тілін дамытады және өзіне деген сенімін арттырады [2].

Белсенді оқыту әдістері - бұл үлкен әрекеттегі оқу. Белсенді әрекеттердің негізіне оқытушы мен оқушының бір-бірімен өзара диалогтық қарым-қатынасы жатады. Диалог құруда оқушының коммуникативті қабілеті дамиды, кездескен қиыншылықты ұжым болып шешуді үйренеді, өз ойын ауызша да, жазбаша сауатты логикалық байланыста жүйелей білуге дағдыланады. Оқытудың белсенді әдістері оқушылардың өз бетінше атқаратын танымдық әрекетін дамытуға бағытталады, қандай да бір танымдық мәселені меңгеруге деген жеке қызығушылығын арттырады, нәтижесінде оқушы алған білімін қажетті жерде тиімді пайдалануға мүмкіндігі туады. Сабақтың соңында оқушының өзі өтілген тақырып бойынша диалог құрып үйренеді. Мысалы: Vocabulary. Make up a short dialogue with the words:

Кез-келген әдіс белгілі бір нақтылы тілді меңгерту қызметінде жұмсалады, тілді оқытудың кез-келген жүйесі түрлі әдістері кешені мен коммуникативті әдісті пайдалана отырып, белгілі бір тілде өзгенің ойын айтуға, өзгенің ойын дәлме-дәл бере білу шеберлігін қалыптастыруға бағытталады. Когнитивті тәсілдердің шеңберінде жасалып жатқан саналылық

принцип жеңіске жетеді, алайда саналылыққа жоғары деңгейде талап қойылады, тек қана лингвистикалық білімге сүйеніп қоймай, сонымен бірге бағыт-бағдар жасау ептілігі мен болжам жасай алуы да ескеріледі. Онда оқушылардың білім деңгейі есепке алына отырылып, қажетті әдістер таңдалады. Егер бұл әрекет белгілі бір тілдік құралдарды және оның тәсілдерін құрылымдық жағынан дәл де толық беру сипатына ие болса, онда бұл әдіс репродуктивті деп аталынады. Бөгде тілді меңгеруде тиімді әдістерді пайдалану маңызға ие болатыны белгілі, алайда оқушының сабақ материалын есте сақтау қабілеті де маңызды рөл атқарады. Ал танымдық үдеріс үйренушінің ойлау белсенділігіне де сүйенеді, сол себепті оқытушы сабақ барысында шығармашылық, зерттеушілік қабілеттерді дамытатын әдістерді де пайдаланғаны жөн.

Әдіскер-ғалым И.А.Зимняя шет тілін [2], меңгертудегі өнімді әдістер «үйренушілердің қайта жасау құралдарына сүйене отырып, бөгде тілде қарым-қатынас жасаудың негізгі мақсаты болып табылады», - дейді. Шет тілін үйретудің жалпы мақсатын шешу үшін әрбір нақтылы жағдайда үйренушілердің оқу әрекетінде қайта жасау мен өнімді әдістердің әрқайсысын анықтау талап етіледі. Шет тілін оқыту әдістемесінде соңғы жылдары оқытудың интенсивті әдістері, нәтижелі оқу құралдарымен дамыта оқыту технологиялары кең түрде пайдаланыла бастады. Атап айтқанда:

1. Нақтылы сөздік қорды құру мақсатында ақыл-ой қызметін дамытатын белсенді әдіс-тәсілдерді пайдалану;

2. Барлық тапсырмалар жүйесін коммуникативті әрекетке бағыттау.

Негізінде оқыту әдісі тәсіл деген жекелей элемент қосындысынан тұрады, яғни оқыту әдістерінің құрамды бөліктері. Оқыту үдерісінде әдіс пен тәсіл алуан түрлі жолмен үйлесіп отырады. Оқушының сабақ барысында белгілі бір іс-әрекет түрі бір жағынан жеке әдіс ретінде көрінсе, ол кейбір жағдайда оқытудың тәсілі деңгейінде де көрінеді. Мәселен, әңгіме мен түсіндіру оқытудың жеке әдістері болып табылады. Егер оқытушы сабақ барысында оқушы тарапынан жіберілген қателерді түзету мақсатында шағын әңгіме мен түсіндіру элементін пайдаланатын болса, онда олар жаттығу әдісінің құрамындағы тәсілдің белгілі көрінісі. Әдіс пен тәсіл орындарын алмастырып отыруы мүмкін. Мысалы, оқытушы жаңа материалды түсіндіру барысында түсіндіру әдісін қолданса, түсіндіре тұрып көрнекі құралдарды пайдаланып отырса, онда бұл көрсетілім тәсілі рөлін атқарады. «Егер көрнекілік жаңа білім алудың объектісі болса, онда бұл оқыту әдісі де ал оқытушының ауызша түсіндіру тәсілі болады. Тәсілдің түрлері әдебиеттерде дидактика-әдістемелік және пәндік болып екіге бөлінеді. Бірінші топтағы тәсілдерге материалды меңгеру барысында оқытушы мен оқушының түрлі әдістемелік іс-әрекеттері жатады. Бұндай тәсілдер жалпы-дидактикалық сипатқа ие, өйткені, олар кез-келген оқу пәнін меңгеруге пайдаланылады. Олардың кейбіреулері әр түрлі мақсаттарға, кезеңдер мен жұмыстың әдістеріне сай келеді (көрнекіліктерді пайдалану, ұжымдық немесе жеке тұлғамен шығармашылық жұмыс), ал басқалары болса кейбір оқыту

әдістерін іс жүзінде жүзеге асырады (нақты бір әдіске сәйкес келетін тіл үйренушілердің хабарларын тыңдау). «Шет тілін үйретуде әдістемелік тәсілдердің арасынан, әсіресе, тілдік құбылыстарды салыстыру тәсілі ерекше маңызды», - [2].

Шет тілін үйренудің шешуші кезеңінде сөйлесу дағдылары мен лингвистикалық теориялық мәліметті нақтылы қалыптастыруға бағытталған іс-әрекет тәсілдері қолданылады. Бұл жерде лексикалық талдау жұмыстары мен қарым-қатынас барысында сөйлеу үлгілерін пайдалануда жетілдіруге баса назар аударған жөн. Сабақтың алға қойған мақсатына байланысты берілетін жаттығулар оқушылардың өзіндік қабілеттері мен тілдік мүмкіндіктеріне сәйкес келуі шарт. Мәтін мазмұнын ұғыну үшін тірек сөздер пайдаланылуы тиіс, ал мәтіндер өткізілетін тақырыптарға сай саралануы тиіс.

Бұнда жылдам меңгеру тәсілі практикалық бағытқа ие, оның өзіндік ерекшелігі бар. Бұны педагогикада оперативті тәсіл деп те айтады. Оперативті тәсілдің әрекеті қандай да бір мәтін немесе сөйлем құрамына енетін сөзді немесе сөз тіркесін анықтау, таңдау, топтау немесе практикада пайдаланатын тұсымен сипатталады. Оқушы оперативті әрекетті іс жүзіне асыруда белгілі бір жаттығуларды орындайды, яғни, лингвистикалық теорияларды практикада пайдалануға қол жеткізеді. Тілді үйрету әдістемесінде жаттығуларды әр түрлі негізде топтастырылған жаттығуларды орындау барысында қалыптастыратын дағды мен шеберліктеріне қарай, тілдік материалдың мазмұнына байланысты жаттығулар лексикалық, фонетикалық және пунктуациялық болып бөлінеді. Тілдерді оқыту әдістемесінде алдын ала дайындық (тілдік, сөйлеу алды, коммуникативті емес) және сөйлеу немесе коммуникативті жаттығулар бөлек-бөлек көрсетілген. Тілдік әрекеттердің нәтижелі болуы осы топтастыруларға байланысты. «Сабақта жүргізілген сөйлесу жаттығулары міндетті түрде әрбір оқушының жекелей сөйлеу шеберлігін шыңдайтын жаттығулармен жалғасады», - [2].

Белгілі бір мақсатқа жұмылдырылған жаттығуды аналитикалық, конструктивтік деп екіге бөлуге болады. Оқушы аналитикалық тапсырмаларды орындауда белгілі бір тілдік заңдылықтарға жүгінеді, жіктейді, дәлелдейді, астын сызып, көшіріп жазу және т.б. жұмыстарын атқарады. Екінші конструктивті жаттығуларда керісінше, жаттығу мәтіні өзгеріске ұшырайды. Бұл жағдайда мәтіндегі шақ, жақ категориялары өзгеріске ұшырауы мүмкін, не мәтін кеңейтіліп, не қажетсіз элементтер алынып тасталуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Беркимбаев К.М., Нышанова С.Т., Керимбаева Б.Т. Применение информационно-компьютерных технологий для активизации процесса обучения иностранным языкам в ВУЗе.-2011. - Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы № 4 (36)- 50-53б.

2. Таубаева Ш.Т. Оқытудың қазіргі технологиялары. Бастауыш мектеп. - 1999. - № 4. 5-15 б

3. Обратнева О.А., Марусева М.В. Применение современных информационных технологий в обучении иностранному языку, Гуманитарные науки.

УДК 37.091.33:821.512.122

ҚАЗАҚ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ЭТНОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Алмахан Гүлжан – ҚТМ-22,
2 курс тобының магистранты
Шымкент университеті*

Қазақ топонимдерін ұлттық – мәдени аспекті де қарастыру қазақ топонимиясының халқымыздың материалды және рухани мәдениетімен, шаруашылығымен, сан түрлі және кең байланыстарын, сабақтастығын, өзара қатынастарын айқын көрсетеді. Топонимдерде қазақ елінің жайғасқан, тіршілік жасаған мекендері мен ру – тайпалық құрамы, шаруашылығы мен сан ғасырлық мәдениеті жайында құнды мәліметтер мен деректер, дүниетанымы мен сенімдері, әдет ғұрыптары, әлеуметті өмірі туралы көптеген ақпараттар сақталған.

Қазақ жер су аттарының этномәдени ерекшеліктерінің, ұлттық – танымдық сипаттарының пайда болуына, қалыптасуына негіз болған географиялық, этнографиялық және де тарихи – әлеуметтік факторлар.

Географиялық орта этностың шаруашылығына, өмір тіршілігіне зор ықпал етеді. Мәселен, мал шаруашылығымен айналасу үшін сол аталмыш шаруашылығына тиімді және ыңғайлы, сәйкес болып келетін табиғи орта болуы шарт, яғни мал жаю үшін жайылымдар, оларды сумен қамтамасыз ету үшін су көздері, жауын – шашыннан, дүлей борандардан сақтанатын, ықтайтын жерлер (рельеф) т.т. керек. Қазақстан территориясының басым көпшілігі көшпелі мал шаруашылығымен айналысу үшін қолайлы болды.

Сол себепті де қазақ халқы ежелден төрт түлік малды асыраумен айналысты. Сондай – ақ, көшпелі мал шаруашылығымен күнін көрген қазақ халқы географиялық (табиғи) ортаның барлық ерекшеліктерін, жағдайларын жетік білген -онсыз мал асырау, шаруашылықты жүргізу мүмкін емес еді. Сондықтан да қазақ халықтық географиялық терминологиясы мен топонимиясы өте бай және мейлінше жіктелген.

Бұл жөнінде қазақ халқының географиялық терминологиясын зерттеген географ – ғалым Ғ.Қ.Қонқашпаев былай деп жазған: «Разнообразие природы Казахстана: лесостепи и степени на севере до песчаных солончаковых пустынь на юге, включая высокие горы на юге – востоке с их вертикальной зональностью, сказались и на скотоводческом кочевом способе ведения хозяйства, который способствовал детальному знакомству казахов со своей территорией, со своеобразием ее ландшафтов, с элементами природы, имеющими решающее значение для пастбищного скотоводства; именно очень богата, разнообразна и детализирована казахская терминология, связанная с разнообразием природы Казахстана, и прежде всего с пустынями, степными и горными ландшафтами, и потому большинство казахских народных географических терминов связано со скотоводством (с типами пастбищ, водоемов, укрытий для скота и т.п.) и сравнительно мало терминов, связанных с земледелием» [1,38б.].

Қазақ халықтық географиялық терминологиясы өте бай. Мәселен, жер бедерінің (рельефтің) нысандарының, яғни орографиялық объектілердің атауларының саны 234, оның ішіндегі 9 – атау (даба, емел, индер, қапшығай, рай, толағай, замар, худзир) тек топонимдер құрамында кездеседі, ал 18 -і диалектсөздері болып келеді (аң, апай, атанақ, атау, ашық, аптыз, қараш, құрткесек, сарлыұ, түлей т.б. [2].

Қазақ топонимдерінің этномәдени ерекшеліктерін көрсететін географиялық жалқы атаулардың ерекше бір лексика – семантикалық тобы – жайлаулар атаулары. Ғ.Қ.Қонқашпаевтың көрсетуінше, жайлаулар дала мен таулы өлкелерде орналасқан, шөбі шүйгін, су көздері бар жазғы жайылымдар – жайлаулардаң түрлері біршама көп: төр жайлау, қон жайлау, кер жайлау, сару жайлау, бөктер жайлау, ой жайлау, етек жайлау т.б. «Жайлау» сөзі (термині) кейбір топонимдер құрамына енген: Саржайлау, Көкжайлау, Ойжайлау, Жайлаулы т.б.

Географиялық және этномәдени ерекшеліктерге ие халықтық географиялық терминдердің бір қатары – жайылымдар атаулары. Жайылымдар атауларының біразы қазақ топонимдер құрамында кездеседі.

Әр жайылым атауының өзінді семантикасы бар. Мәселен, «аңыз» деп аталатын жайылымды Жетісу қазақтары егін жиналып болған соң, орнында масақ қалған жерді атайды. Ал Солтүстік Қазақстанда «аңыз» деп жыртылмай, яғни пайдаланылмай қалған, немесе «егіс жиналған, орнында масақ қалған» мал жаятын жерлерді (жайылымдарды) атайды.

«Соны» деп әлі малдың тісі тимеген жайылымды атап, осы сөзбен белгілейді.

Шөбін қысқа дайындап шауып алатын жерді қазақтар «шабындық» деп атаған, шабындықтарды «жайылма» деп те атаған. Мұндай шабындықтар мен жайылымдар Жетісуда, Арыс, Талас, Шу, Сырдария, Сарысу, Нұра, Ертіс, Торғай, Жем, Жайық өзендері бойларында көптеп кездеседі.

Қазақтың көшпелі мал шаруашылығында жайлаулар мен жайылымдар жылдың маусымына қарай пайдаланылған. Сол себепті жазғы, күзгі, көктемгі және қысқы жайылымдар түрлері ажыратылған.

Мәселен, Қыста қар басып қалған шөпті жылқы мен қой малы аяғымен (тұяғымен) ашып көректенген. Осындай тебіндеу тәсілімен пайдаланатын жайылымдарды көшпелі малшы қазақ «тебін» («тебіндік») деп атаған. Тебіндердің алатебін, ақтебін, ақтебін, қойтебін т.б. түрлері ажыратылған.

Ғ.Қ.Қонқашпаевтың көрсетуінше: «Тебін – зимнее пастбище, покрытое снегом, где лошади и овцы из-под снега ногами откапывают себе корм, отсюда и происхождение слова. Тебін носит различные названия, в зависимости от степени стравливания пастбища. Например, алатебін – пестрое пастбище, т.е. недостаточно использованное зимнее пастбище, по которому табун пастуха недолго, в э́том случае кучи переворошенного снега перемеживаются с нетронутым, отчего само пастбище кажется пестрым. Полностью в нем нет нетронутых мест, метель задерживается переворошенным снегом и алатебін является естественной защитой скота, выпасаемого на нетронутых участках» [1,41б.].

Жайылымдық және де басқа халықтық географиялық терминдер көптеп қазақ топонимдер құрамында кездеседі. Сондықтанда қазақ топонимдері аталған табиғи нысанның түрлі сипаттарын белгілейді, сондай – ақ аталған сипаттар қазақ халқының этномәдени өміріне қатысты болғандықтан қазақ топонимдері этномәдени ерекшеліктерге ие болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Хинаятұлы Б. Қазақтың төрт түлікке қатысты дәстүрлі ырым, жосын – жоралғы, әдет – ғұрыптары // Қазақ әдет – ғұрыптары мен салт – дәстүрлері. Өткендегі және бүгінгі мақалалар жинағы. Алматы, 2001 – 183-190бб.
2. Қондыбай Серікбол. Арғы қазақ мифологиясы 4-ші кітап. Алматы: - Дайк – Пресс, 2004.
3. Қондыбай С. Казахская мифология. Краткий словарь. Алматы: Издательство «Нурлы Алем 2005.

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ КОНЦЕПТТЕРЛЕРДІҢ ВЕРБАЛДАНУЫ

*Жиембаева Жаннат Рашитовна – ҚТМ-22, 2 курс тобының магистранты
Шымкент университеті*

Ертегілік жануарлар концепттері басқа типтегі концепттермен мәтін аясында байланысады, сөйтіп өзінің лингвокогнитивтік және тілдік көріністерін айқындай түседі.

Мәселен, қазақ ертегілерінің кейбір мәтіндерінде судан (ол өзен, дария, көл болуы мүмкін) өткен ертегі кейіпкері судың ар жағында сиырларды (немесе бұзауларды) көреді. Оларды өздері бағады немесе сиырларды жайып жүрген өзге адам болады.

«Керқұла атты Кедебай» ертегісінде: «Таудың арғы беткейінде сиыр бағып жүрген зор денелі бір адам бар: «Делдаш батыр ертегісінде Делдаш батыр» шөп жазиралы қалалардан да, өркештеп аққан өзен – дариядан да өтіпті. Күндердің бірінде өзеннің жағасында сиыр бағып жүрген бір тазшаға жолығыпты.

«Құйын батыр» ертегісінде қара итімен жер кезіп жүрген Құйын батыр өзеннің ар жағында өгіз бағып жүрген сол адаммен танысып ақырында бірнеше жылдан кейін өзі сол өгіздерді бағады.

«Тұмарбас батыр» ертегісінде Тұмарбас дарияның жағасында мың бұзау бағып жүрген тазды көреді. Сол тазды Тұмарбас батыр жоқ қылады, қару – жарағын бір жерге көмеді, бұзауларды өзі бағады.

Осы ертегілердегі «су» концепті мен «сиыр (бұзау, өгіз)» концепті бір – бірімен ішкі (имплициттік) деңгейде байланысты болып келеді.

«Су» о дүниені, өлілер дүниесін кейіптендіретін болса, «сиыр» «сумен», яғни «о дүние» ұғымымен байланысты.

Қазақтың бұрыннан келе жатқан танымында сиыр (өгіз, бұзау) судан жаратылған: «Халық аңызында жылқы – желден, түйе – сордан, қой – бейіштен (оттан), сиыр – судан, ешкі - тастан жаратылған деп әспеттейді». [1,176 б.]

Судан жаратылған «сиыр» қисынды түрде су бейнесінде кейіптелген о дүниемен (өлілер дүниесімен) халық ұғымында мифологиялық танымда байланыстырылады. Ал о дүниенің тұрғындары – аруақтар, яғни өлген адамдардың рухы болса, С.Қондыбайдың пікірінше: «Бұл жердегі сиыр (өгіз, бұқа, бұзау) – өлген адамның жаны (рухы), ал сиыршы (сиыр баққан таз, Тазша) – өлген жан – рухтарды бағушы (өлілерінің әміршісі). [2,439 б.]

«Кеңістік» концептімен байланысты танылатын зооморфттық концепттерінің бірі – «айдаһар» концепті. Айдаһар бейнесі қазақтың ғажайып ертегілерінің біразында кездеседі, кейде айдаһар жылан бейнесіне және керісінше, жылан айдаһар бейнесіне ауысып тұрады.

«Есекмерген» ертегісінде Есекмерген батыр айдала тақыр жерде түнейді: «Таңертен тұрса, айналасын биік тау қоршап алыпты. Есекмерген

таудан әрі де, бері де өте алмапты. Аласа жерін іздеп шығайын десе, жаңағы тау сілкініп қалады да, биіктеп кетеді. Ақыры тауға тіл бітеді: - Сен Есекмергенсің, мен айдаһармын...». Осы дискурста айдаһар бейнесі тау бейнесіне жақындастырылады. Осы тұрғыда алсақ, тау -ғаламдық тау, ал айдаһар – ғаламдық жылан бейнесінде көрініп тұрған секілді.

Мифологиялық дәстүрлерде айдаһар/жылан амбиваленттік (екі ұдайлы) бейне – ол әлемдік су символы және Уақыт пен Мәңгіліктің символы, солармен бірге о дүниенің бір кейпі.

С.Қондыбай айдаһар жайындағы сөздік мақаласында былай деп жазған: «Айдаһар- хтоникалық мақұлық, оның бойында үш әлемнің бейнелері бар- жыланның, құстың және жыртқыш аңның, бірақ оның «жыландық» бейнесі басым болып келеді. Қазақ тілінде «айдаһар» мен жылан» синонимдес болып келеді және бір бейнені атайды.

Көп жыл (жүз немесе мың жыл) өмір сүрген жылан айдаһарға айналады.

Халықты құтқару үшін оған үнемі бір қызды жеуге береді. Қаһарман айдаһардың аузына, оның ішіне жұтқан ауамен бірге барады, ішін селебесімен жарып екіге бөледі, айдаһарды жеңеді және құтқарылған қызға (әдетте ол – патшаның қызы) үйленеді. Мифтердің бір қатарында айдаһар симург немесе Алып Қаракұс балапандарын жейді. Мифтер бойынша, көп өмір сүрген айдаһар (өазан татарларында 100 немесе 1000 жыл) – оны бұлттар алып кетпесе юхва демонына айналады.

Айдаһар жер астында өмір сүреді, үнгірлерде, теңіз аралдарында, тау жыраларында, су астында. Олар жер астындағы көмбе қазыналарды күзетеді.

Айдаһардың үш бейнесі бар:

Мифтерде айдаһар әлемдік жылан/айдаһар ұғымдары бір – біріне ауыса береді. Айдаһар -үш деңгейлі тік әлемнің моделі, яғни оның жыландық бөлігі – жер дүниенің кейпі, одан кейінгісі) – су немесе жер асты «лемін бейнелесе, оның қанаттары – жоғарғы, аспан әлемін кейіптендіреді. Айдаһар – медиатор, яғни ол үш әлемді өзара байланыстырады.

Ертегілік Айдаһар. Ертегілік айдаһар араб – парсы зұлым мақұлық: осындай бейне әлемнің барлық ертегілерінде бар. Осы бейнеде араб – парсы фольклорынан алынған көптеген сипаттары бар.

Эпикалық айдаһар. Прототүркілік айдаһар- мүлдем басқа мификалық мақұлық оның бейнесін лингвистика арқылы реконструкциялауға болады.

Бұл – жағымды бейне қазақ қаһармандық эпосында сақталған» [3,43-44бб.].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Конкашпаев Г.К. Казахские народные географические термины // Известия АН Каз. ССР. Серия географ. 1951, №99.

2. Керимбаев Е.А. Лексико – семантическая типология оронимии Казахстана: автореф. дисс. канд. филол. наук. Алматы, 1988.

3.Қазақ топонимдерінің лингвостиликалық қызметтері» магистрлік диссертациясының Мақаласы.

4.Хинаятұлы Б.Қазақтың төрт түлікке қатысты дәстүрлі ырым, жосын – жоралғы, әдет – ғұрыптары// Қазақ әдет – ғұрыптары мен салт – дәстүрлері. Өткендегі және бүгінгі мақалалар жинағы. Алматы, 2001 – 183-190бб.

5.Қондыбай Серікбол. Арғы қазақ мифологиясы 4-ші кітап. Алматы: - Дайк – Пресс, 2004.

6.Қондыбай С. Казахская мифология. Краткий словарь. Алматы: Издательство «Нурлы Алем 2005.

УДК 37.091.33:821.512.122

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ ҒАЛАМНЫҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНІҢ КЕҢІСТІК ЖӘНЕ ТАБИҒАТ КОНЦЕПТІЛЕРІ

*Қартбаева Несібелі Бекхожақызы –
ШТМ-22, 2 курс тобының магистранты
Шымкент университеті*

Қазақ ертегілік ғалам бейнесінің сипаты мен құрылымын анықтау үшін оның құрайтын концептілер санатын, түрлерін түгендеуіміз керек. Басқа сөзбен айтқанда, қазақ ертегілерінің концептосферасын анықтауымыз қажет. Когнитивтік лингвистикаға бұл терминді ендірген акедемик Д.С.Лихачев. Д.С.Лихачевтың көрсетуінше, концептосфера – концепттердің жүйелі жиынтығы, құрылымдырылған бірақ бүтін концептуалдық кеңістік. Концептосфера өзінің тілдік көрінісі ретінде ғаламның тілдік бейнесін құрайды.

Қазақ ертегілеріндегі ғаламның тілдік бейнесі көптеген универсалды (жалпыадамзаттық) және ұлттық (этномәдени) концептілерден құралған. Осы орайда ескеретініміз – универсалды (әмбебаптық), яғни жалпы адамзатқа тән концепттердің өзі этномәдени (ұлттық – мәдени) бояуға ие, себебі таным әлеміндегі әрбір зат пен құбылыс этникалық (ұлттық) сана арқылы танылады және сипатталады.

Ұлттық концептосфераны, соның ішінде ертегілік концептосфераны түрлі концепттерге бөліп жіктеп, топтастырған ешкім жоқ, сондықтан да

қазақ ертегілерінде концептосфераны біз шартты түрде үлкен екі топқа бөлеміз:

1) кеңістік, табиғат, уақыт концепттері;

2) адам концепттері және оның заттық әлемнің концепттері. Әрине, осы көрсетілген екі топтың ішінде концепттер өзара тағы бөлінеді, себебі табиғат, уақыт, кеңістік, адам, заттар – іргелі категориялық ұғымдар, сондықтан кез келген категория өз кезегінде тағы да бөлшектенеді.

Кез келген этникалық мәдениеттің кеңістік, уақыт, сан концепттері универсалды (әмбебаптық) концепттер қатарына жатады: «Время, пространство и число являются важнейшими концептами культуры. Эти фундаментальные категории философии и естествознания, социологии, физики и других гуманитарных и точных наук А.Я.Гуревич называет эти категории системой координат, при помощи которых люди, принадлежащие к той или иной культуре, воспринимают мир и создают его» [21,71б.].

Кеңістік концепттері тілдік бірліктерде (сөздер мен фразеологиялық тіркестерде), мәтінде, соның ішінде қазақ ертегілер мәтіндерінде өздерінің ментальдік – танымдық, этно – (ұлттық) – мәдени бейнесі бейнелік көріністерін концепт – сөз (фразеологизм) немесе фрейм – сценарий түрінде береді.

Қазақ тіл білімінде қазақ тілі материалы бойынша лексика – фразеологиялық жүйедегі мифтік – танымдық құрылымдық аясында мифологиялық кеңістік сипаттары қарастырылды [37]. С.Е.Керімбаеваның «Ономастическая экспликация мифологической модели мира в казахском языке» атты кандидаттық диссертациясында ғаламның мифологиялық моделі жалқы есімдер деңгейінде қарастырылған және сипатталған [38].

Қазақ ертегілеріндегі кеңістік концепттерінің генезисі өте көне, ежелгі тарихи кезеңдерінде жатыр, себебі ертегілердегі мифологиялық танымдардың төркіні тас, темір дәуірлерінен бастау алады. Ежелгі мифология замандар басында және одан кейінгі дәуірлерде әлем мен кеңістікті түсінуінің, тануының бірден – бір тәсілі мен жолы болған.

Қазақ ертегілерінде мифологиялық кеңістік негізінде үш концепт арқылы сипатталады – ол «аспан, көк» концепті (жоғарғы әлем), «жер» концепті (орта әлемі – тау, бәйтерек т.б.) және төменгі (жер асты) әлем. Бұл үш деңгейлі ежелгі космологиялық модель жер жүзіндегі барлық мифологияда бар деп айтуымызға болады.

Кейбір қазақ ертегілеріндегі басты қаһарман үш әлемді де саяхаттайды, яғни ертегідегі батыр (мерген, бала т.б.) жоғарғы, орта және төменгі (жер асты) әлемдерінде басынан түрлі оқиғалар өткізеді. Мәселен, «Ер Төстік» ертегісінде Төстік жер астына түсіп кетеді, ал «күн астындағы Күнікей» ертегісінде жігіт көкке (аспанға) аттанады, сол жоғары әлемде – күн астындағы күнікейді іздейді.

Қазақ ертегілеріндегі ғаламның тілдік бейнесіндегі кеңістік концепті «жол», «жол жүру», «саяхаттау» концептілер мен байланыса өз көрінісін береді, себебі кеңістікті меңгеру үшін жол жүру керек, сапар мен саяхат

барысы кеңістік (кеңістіктер) сипаттары бейнеленеді. Қазақ ертегілерінде ер жеткен жігіт болашақ жарын іздеп көз көрмеген, құлақ естімен алыс жерлерге аттанады немесе жоғалып кеткен ағаларын іздейді.

Көлденен және тік кеңістіктерде әлем қаһарманға жақын (ол өз ауылы, атамекені т.б.) және алыс, жат, жағымсыз кеңістіктерге тап болады. Әдетте жағымсыз, жат кеңістіктерде болады. Әдетте жағымсыз, жат кеңістіктерде адамға қас тұлғалар кездеседі. Олар – мыстан кемпір, жалмауыз, жезтырнақ, албасты, пері, шайтан.

Орта әлемде – жағымды кеңістікте ертегілер қаһармандары: батырлар, аңшы- мергендер, бала мен шал, кемпірлер, қыздар т.б. мекен етеді. Сондай-ақ жерде алыптар – көл жұталар, желаяқтар т.б. ертегілік адамдарға дос, қамқор болып келетін тұлғалар тұрады.

Қазақ ертегілерде, яғни тілдік ғалам бейнесінде аспан, жер, жер асты кеңістіктері киелі саралды кеңістіктер түрінде көрсетіледі. Мәселен, «Ер Төстік» ертегісіндегі дала-киелі жер, онда әулиелі орындар орналасқан. Бір перзентке зар болған баймен оның кемпірі әулиелі жерлерді аралайды: «Қай жерде әулие болса, соған түнеп, екеуі қаңғи береді. Бір жыл бойы бармаған әулие қалмады».

Қазақ ертегілерде өз көрінісін берген вертикальді (тік) кеңістіктің космогиялық моделі бойынша жер асты, яғни төменгі дүниеде сакральды, киелі әлем түрінде бейнеленеді. Қазақ ертегілердегі ғаламның тілдік бейнесіне қатысты сипаттамаларда төменгі (жер асты) әлемі өлілер, яғни аруақтар әлемі ретінде суреттеледі. Аруақтар әлемі – киелі әлем, онда қазақ ертегілерінің мазмұнына зер салсақ жыландар патшалығы орналасқан, ал жылан патшаларының есімдері – **Балу хан** және **Темірхан**.

С.Қондыбайдың байқауынша, қазақ ертегілік және эпикалық дәстүрінде Темір есімді кейіпкерлер жиі кездеседі: Сәтемір, Әзтемір, Шынтемір, ЖайғанаТемір немесе Темірхан. Осы есімдерді тарихи тұлға – ортаға сарлық Әмір Темірмен (Темірланмен) байластыру қате екенін, керісінше қазақ эпосы мен ертегілеріндегі Темір компоненті есімдер «мифтік Темір» екендігіні жайында талантты зерттеуші С.Қондыбай жазған. С.Қондыбай «Темір» есімінің, яғни «темір сөз этимологиясын «о дүние», «төменгі дүние», «өлілер дүниесі» деп аталатын түсініктер аумағында қарастырады. Зерттеуші реконструкцияланған мифтік Темір бейнесін мынадай сипаттармен түстейді:

«1.Темір – о дүние, жерасты немесе суасты дүниесінің бас кейіптеушісі төмен «Төменгі» деген сөздермен байланысты.

2. «Темір» деген металл атауы да ең алдымен осы жер асты, қойнауына байланысты, мифтік Темір бейнесіне қатысты шаққан туынды сөз. Мифтік Темір теміріші, ұста функциясын атқарушы болуы мүмкін, өйткені көптеген мифтік дәстүрлерде ұста – металшылар ең алдымен төменгі дүниемен байланысты болып суреттеледі.

3.Қазақ тіліндегі «тамшы», «таму», «тамыр», «тамызық» сөздері де осы Темір- «жер асты», «су асты дүние» персонификациясы дегенге қатысты шыққан туынды сөздер болып табылады.

4.Темір – өлілерелінің әміршісі. Оның күзетші қызметін атқарған құбыжық иті бар. Оның батырға қалыңдық болатын қызық да бар»[39,248б.].

Қазақ ертегілеріндегі жер асты дүниесі – өлілер, яғни аруақтар дүниесі. Ал қазақ танымында ежелден бері сақталған сенім бойынша аруақтар жылан кейіпінде көріне біледі. Сондықтан да қазақ ертегілерінде жер астын жыландар, яғни аруақтар мекендейді. Ал жер үстінде 23 де аруақтар жылан кейіпінде көрінеуі мүмкін. С.Қондыбайдың көрсетуінше, эпоста, ертегілер мен аңыздарда аруақтар жылан немесе айдаһар болып көрінеді: «По мусульманской традиции, аруақ может показаться вое время сноведения в облике старца в белом, в мифопоэтике он может принимать вид других существ. Например в эпосе «Парпария» герою помогает аруақ его предка – Баба-тукти-шашты-азиза, являющийся в образе айдаһара –дракона. Айдаһар спугнул врагов, а затем исчез. Аруақ предка в образе айдаһара или двух змей помогает батыру Ураку, а у батыра Шора собственный аруақ является в виде айдаһара.

Аруақ в облике змея, двух змей или айдаһара очень часто встречается в легендах и предания о святых.

В других эпосах конуретный образ не выражен, но его действия (например, жауар бұлттай сыздаған, қар аралас жаңбырдай, аруағы ердің бораған – словно чернеющая мрачная туча, словно буран со снегом и дождем – эти метафоры обычно относятся к образу дракона или Алып Каракуса) также показывают айдаһара. Все это является отголоском древнего прототюркского представления об аруаке – духе предков в обличье змееобразного существа, культа змея» [40,90-91беттер].

Қазақ ертегілерінде жер үсті (орта дүние), жер асты (төменгі дүние), аспан (көк) жоғарғы дүние) сол аталған кеңістіктерде өмір сүріп жатқан, сол дүниелерді мекен ететін, немесе соларда орналасқан адамдар, жануарлар, құстар, жын – перілер, мыстан, жалмауыздар т.б. сондай – ақ ағаш, өсімдіктер т.б. арқылы да сүреттеледі. Мәселен, жер астында жыландар патшалығы орналасқан болса және жыландар әміршілері Темір хан, Бапу хан болса, жре үстінде адамдар: батырлар, мерген-аңшылар, қыздар тағы басқа ертегілік кейіпкер өмір сүреді. «Ер Төстік» ертегісіндегі басты кейіпкер «Жер үсті Ер Төстігі» деп бекер аталмаған.

Қазақ ертегілеріндегі ғаламның тілдік бейнесінде тік (вертикаль) космологиялық моделіндегі кеңістіктер (жоғары, орта, төменгі дүниелер) бәйтерек – ғалам терегі (ғалам өзегі) арқылы байланысады. «Ер Төстік» ертегісінде «Бәйтерек» концептісі төмендегідей фрейм – сценарий арқылы тілдік тұрғыдан келбеттенеді: «Жер үстіне шығартын есікке дейін алты айлық жол екен. Жолдың ауырлығына шыдамай, жылан Бапы ханның қызық және жолдастарының бәрі қырылып қалады, күңке деген бір күңі мен Шал құйрық, Ер Төстік үшеуі қалады. Үшеуі шаршап келіп бір бұлақтың басына

келіп жатады. Бұлақтың басында бір үлкен бәйтерек тұрады. Бір мезгіл сол бәйтеректің басынан шуылдаған ащы дауыс естіледі. Қараса, шуылдаған балапандар екен, оларды жеуге бір айдаһар жоғары өрмелеп бара жатыр екен. Ер Төстік садағын алады да, өрмелеп бара жатқан айдаһардың екі көзінің арасынан дәлдеп қалады, айдаһар сылқ ете түседі. Айдаһардың жерге құлап түскенін көрген соң, балапандар шуылын тоқтатады» [41,23б.].

Қазақ ертегілеріндегі Бәйтерек – ғаламдық ағаштың тұрпаттануы, яғни ғаламдық ағаштың символы. Ғаламдық ағаштың сипаттарын С.Қондыбай былай деп көрсеткен: «Ғаламдық ағаш тағаламның кеңістік құрылымын бере алады.

Тік тұрпат (вертикаль) бойынша Ғаламдық ағаш үш деңгейден (төменгі – тамыр, ортанғы – дің, жоғарғы – бұтақтар мен жапырақтар) тұрады, олар реттелген ғаламның вертикаль моделін (тернардық моделін немесе триграмманы) көрсете алады.

Тамырлар – төменгі дүние,

Ағаш діңі – ортанғы дүние,

Бұтақтары мен жапырақтары – жоғарғы дүние.

Бұл әрине, ғаламдық ағаш орналасуының бастапқы, идеал мифтік сипаты. Ал кейінгі мифтер мен мифсізденліген келтірімдерде (ертегілерде, жырларда, т.б.) ғаламдық ағаштың орналасуы басқаша болып шығады; кейбір келтірімдерде ол тек төменгі дүниеде (жер астында, құдық түбінде) орналасса, енді бірінде – жоғарғы дүниеде орналасады» [42,485-486 беттер].

С.Қондыбай өзінің орыс тілінде жарық көрген мифологиялық сөздігінде Бәйтерек концептісіне мынадай шын мәнісінде лингвокогнитивтік сипаттама бергені: «Бәйтерек – мировое дерево. Один из вариантов мироздания, модели мира. Встречается во всех мифотрадициях, в том числе и в казахской мифологии. Бәйтерек (буквально: изначальный тополь, Мать – тополь) как мировое дерево связывает все три уровня – верхний, насчитывающий девять или семь слоев мироздания. Его отдельные части представляют собой части отдельных миров: корни – подземный мир, кронасредний мир, ветки и листья – верхний мир. А эти молочия слова терек (варианты: дарак, дарау, дара, тарак) исходит, по – видимому, от корня *Тіг – жизнь. Бәйтерек – изначальная жизнь. Наиболее частый, фактически единственный, встречаемый во многих сказках, сюжет таков. Герой попадает в подземный мир и после долгих странствий доходит до большого дерева, где помогает птенцам гигантской птицы Алып Каракус (Симург), убивая змея или дракона – айдаһара. В благодарность за это птицы доставляет героя на поверхность земли. Дерево – Мировое дерево, а птица и змей – представители противоположных миров – верхнего и нижнего. В их вечное противостояние включается и представитель среднего мира – человек, герой сказки. Бәйтерек – Мировое дерево представляет собой центр мироздания. Он – дверь, ворота между мирами, и обычно под таким деревом происходят сакральные действия. Бәйтерек находится еще и в центре горизонтальной модели мира.

Горизонтальная структура мира: справа от дерева – луна, слева – солнце и звезды (айың тусын оңыннан, жұлдызың тусын соңыннан) [40,106-107беттер]. Қазақ ертілеріндегі ортанғы дүние – адамдар дүниесі, сол колденен модель орта дүниесінде, әрине, адамдардан да басқа табиғи объектілер: тау, дала, өзен, бұлақ, мұхит т.б. орналасқан. Бұл табиғат объектітері (нысандары) ертегілерде мифтік тұрпатта куреттелген.

Мәселен, «Құйын батыр» ертегісінде хан мыстан кемпір азғыруымен Құйын батырды сусиырдың сүтіне жібереді. Су сиырға жету үшін батыр алты таудан асуы керек. Олар: Құз мау, Таз тау, Қар тау, Мұз тау, Саз тау, От таулары. Олардан асып өту мүмкін емес.

Мәселен, Қар тауын басқан қалың қар күндіз түні көптеген жылдар бойы жауған қардан жинақталған, қар қабатының қалыңдығы мың кез (бір кез – 71 метр 21 см құрайды. Ал мұз таудың шыңына жету үшін өте жылдам ұшатын құс тау етегінен шыңына дейін дем алмай бір ай ұшуы керек екен. Құйын батыр Алып Қарақұс көмегімен осы таулардан асып түседі.

Кейбір қазақ ертегілерінде «От тауы», «От дариясы» концепттері вербалданған. Мәселен, «Керқұла атты Кедыбай» ертегісінде батырдың тұлпары өз егесіне мынандай кеңес береді: «Анау – жалыны аспанға шығып жатқан от дариясы. Сенің баратын жерің – сол дарияның ар жағында. Қазір көзіңді жұмда, мен аш дегенше ашпа. Көзіңді ашсаң екеуімізде өлеміз». От тауы – ыстығы күнге дейін жететін бұл таудан адам түгіл құс та өте алмайды.

Пайдалынған әдебиеттер:

1. Брутян Г.А. Языковая картина мира // Теория названия : в 4-т/ Под ред. Р.А. Лекторского, Т.И. Ойзермана. – М. : 1991, Т 2-с 25-32.

2. Павиленис Р.И. Проблема смысла: современный логико-философский анализ языка. – М.: Мысль, 1983-286 с.

3. Валиханов Ч. Тенкри (Бог)//собр.соч. 65т.-Алма-ата : глав.ред.Каз.сов.энцикл., 1985-Т1-432с.

4. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи.-СПб. 1870,ч.3-712с.

5. Казахский фольклор в собрании Г.Н.Потанина (Архивные материалы и публикации) – Алма-Ата: наука, 1972-382с.

6. Поярков Ф. Из области киргизских верований// этнографическое обозрение. 1891. 4. 21-23с.

7. Қазақтың халық творчествосы//Ә.Диваев жинаған материалдар/Алматы: Ғылым, 1989-415б.

8. Казахская народная поэзия (Из образцов, собранных и записанных А.А.Диваевым)-Алма-Ата, 1964-256с.

9. Диваев А. Киргизкий заговор против укуса ядовитых насекомых и пресмыкающихся. Заклинание и призыв ветра//Этнографическое обозрение, 1910,№1.2-с. 128-133.

10. Көпеев М.Ж./Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері/ 2-т. – Алматы: Ғылым, 1992-39б.
11. Катанов Н.О. Среди тюркских племен – СПб. 1898-23б.
12. Васильев А.В. Образцы киргизской народной словесности: 12 молитвенных благожеланий «Батасоз»-Оренбург, 1905-22с.
13. Пантусов Н.Н. Образцы киргизской народной литературы – Казань, 1909-55с.
14. Самойлович А. Из казак-киргизских материалов М.Чокаева//Живая старина, 1916, вып1-с.1-33
15. Далауалаялатының газеті-Алматы: Ғылым, 1994-81бс.

УДК 37.091.33:821.512.122

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕР КОНЦЕПТОСФЕРАСЫНДАҒЫ «МЕРГЕН», «КЕМШІР» КОНЦЕПТТЕРІ

*Сәдібеков Рүстем Ерболатұлы –
ҚТМ-22, 2 курс тобының магистранты
Шымкент университеті*

«Мерген (аңшы)» концептісі қазақ ертегілерінің біразында өзтілдік кһрінісін береді, яғни ертегілік мәтіндерде вербалданған.

С.Қондыбайдың пікірінше: «Қазақ ертегілерінде көне, ежелгі аңшылар – «мерегн» деген жалпы атаумен белгіленген, ал олардың қатарына (есімдеріне) келетін болсақ (мерген(сөзі олардың есімдерінің екінші бөлігі болып табылады. Мұндай есімдер мифологиялық ақпараттарға ие. Арғы-мерген және Арық – мерген -ең алғашқы (бастапқы) мерген, сұр -мерген - сұры бар мерген (сұр-күн).Кұр – мерген (кұр – күн), Есек – мерген (ескі – мерген), Құла – мерген (құла – күн түсті) және т.б.» [1,75б.].

Қазақтың архаикалық ертегілерінде аңшымергендер туралы айтылады, яғни олардың кәсиби – аңшылықпен өзін, елін асырау, күн көру екендігі жөнінде сөз етіледі. Мәселен, «Қарамерген» ертегісінде: «Бұрынғы өткен

заманда қазақ жұртынан бір Қарамерген деген кісі болыпты, өзінің дәулеті және перзенті жоқ екен. Мергендікпен бұғы атып, құлан атып, әртүрлі аңатып, терісін сатып жан сақтайды екен», - делінген.

«Арғымерген» ертегісінде Арғымерген аңшы жөнінде былай деп айтылған: «Бұрынғы өткен қазақзаманында бір Арғымерген шыққан екен. Қазақ қарияларынан естуімше оның өзі ылғи қылатын кәсібі аң аулап, сол аңдардың етін жеп, сонымен күн көрсе керек».

С.Қондыбайдың «Мифологиялық сөздігінде» Арғымерген атты ертегілік кейіпкерге мақала арналған: «Арғымерген Ежелгі аңшылар қатарына жатады мифологиялық кейіпкер. Ежелгі аңшылар – қазақ архаикалық ертегілерінде ерекше бейнелер. «Арғымерген» - есімі өте көне, арғыдүниелік. *Arig – басқа, бөтен, ар жақтағы (салыстырыңыз: грек – эрхэ – архаикалық, архаика, археология, архив).

Арғымерген – мифологиядағы өлі жер бетінде адам болмаған замандарындағы аңшы. Қазақ фольклорында осы сынды аңшылар, бір – біріне ұқсас қайталанатын іс – әрекеттерімен белгілі, көптеп кездеседі. Олар бір – бірін қайталайды, дегенмен ежелгі аңшылардың бір мифологиялық архетипіне жатады». [2,715б.].

Мергендер (аңшылар) жайындағы көптеген ертегілерінде мына типтік сюжет концепт – сценарий ретінде қайталанатын. Оқиғалар желісі негізінен бірдей – тек кейбір болмашы варианттар мен ұсақ – түйек егжей тегжейлер ғана кездеседі.

Бұл типтік сюжет былай болып келеді: адам жоқ жерде, әдетте мерген от жағып отырғанда оған бір әйел кез болады, мерген ұйықтап жатқанда оны әлгі әйел өлтіруге әрекет жасайды, ол шын мәнісінде әйел кейіпіндегі жезтырнақ болып шығады. Кейбір ертегілерде мерген қызға үйленеді немесе онымен түнеп шығады, ал қыз айдаһарға айналады.

Мергендердің айдалада кездескен, немесе бірге түнеп шыққан, үйленген әйелдердің жезтырнақ немесе айдаһар болуының астарында өте көне, ежелгі мифологиялық түсініктер мен танымдар жатыр.

Қазақстандық ғалым Ю.А.Зуевтың ежелгі түркілер жайындағы монографиясында айдаһар (жылан) бейнесіндегі әйел (хатун) билеушілерінің Жылан/Айдаһар, Су мен өнімділіктің тәңір иелері екені көрсетілген: «символом және фратрий катунцариц (например, в тюркском каганате) был Змей/Дракон как инкарнация божества Вод и плодородия» [3,141б.].

Бір кездегі жағымды сипаттағы айдаһар бейнесі жағымсыз сипатта ертегілерде, мифтерде көрсетіледі. Бұл құбылыс матриархалды (әйелдер билеуші) заманның патриархалды (ер адамдар -билеуші) ауысқанына байланысты болып келеді. Көне түркі дәуірінде матриархалды хатундық фратрия патриархалды фратриямен қатар өмір сүрді – матриархалды әлеумет («ашина», яғни «бөрі» (ер) және матриархалды әлеумет («ашиде» (әйел – аштақ/ашдаһа – айдаһар) өзіндік культтерін дәріптеді. Алайда патриархалды (ашина) қоғамдық дәуір орныға және күшейе түскен тұста бұрынғы «тәңірие дәрежелі» культтік бейнелер (мысалы, «Жаратушы Ана», «Билеуші – Хатун»,

«Ұмай» т.б.) жағымсыз, төменгі, ер адамға қас және қауіпті бейнелерге ауысты. Сондықтан да патриархалды мифологияда «жалмауыз кемпір», «жезтырнақ», «мыстан кемпір», «айдаһар» сияқты «кейіпкерлер пайда болды.

Қазақ ертегілеріндегі «кемпір» атты басты кейіпкерлер С.Қондыбайдың байқауынша төмендегідей кемпірлерге бөлінеді: «жалмауыз кемпір», «қарға бұтты кемпір», «қу аяқ кемпір», «мәстен кемпір», «жалғыз көзді кемпір», «жәдігөй кемпір», «масаты кемпір» т.б.

«Кемпір» сөзіне анықтауыш ретінде тіркелетін сөздердің мағынасы мен мәніне қарағанда осы кемпір мифтік бейненің бір емес бірнеше түрі болғандығын болжауға болады. Сондай – ақ ертегілерде кемпірлерге берілген «жақсы – жаман» деген этикалық бағам, С.Қондыбайдың пікірінше, мифтік кемпірдің бейнесін реконструкциялауға маңызды емес, себебі кемпір бейнесі-амбивалентті, яғни екі ұдайлы, яғни жақсы да, жаман да, болуы мүмкін.

Ертегілік (эпостық) кемпірлердің неше түрі болғанымен солтүрлері негізінен олар бастапқы екі ежелгі («От Ана», «Су Ана»,) мифтік бейнелерден төркін бастау алғаны көрінеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қондыбай С. Казахская мифология. Краткий словарь Алматы: «Издательство», «Нурлы Алем», 2005.
2. Қондыбай Серікбол Арғықазақ мифологисы – 3ші кітап – Алматы: Дайк – Пресс, 2004.
3. Зуев Ю.А. Ранние трюки: очерки истории и идеологии Алматы. 2002.

УДК 37.091.33:821.512.122

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ АДАМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАТТЫҚ ӘЛЕМІНІҢ КОНЦЕПТТЕРІ

*Чукаева Актөлгай Талғатовна –
ШТМ-22, 2 курс тобының магистранты
Шымкент университеті*

Қазақ ертегілеріндегі ғаламның тілдік бейнесіндегі ең іргелі концепттерінің бірі, яғни бірегейі – ол адам концепті. Бұл концептте (және оның көптеген түрлерінде) адамға қатысты мифологиялық, мәдени, этникалық, дүниетанымдық, тарихи, әлеуметтік, этикалық, эстетикалық т.б. сан қырлы көзқарастар, ментальды ұстанымдар мен мазмұндар жинақталған. Аталмыш концепттіңосындай лингвоментальды мәндері мен мазмұндары қазақ ертегілерінің мәтіндерінде имплицитті түрде өзіндік тілдік көріністерін береді. Зерттеушінің мақсаты мен міндеттері – адам концепттерінің тілдік

калыптары астарында бүгіп жатқан лингвоментальды мазмұндарды айқақтау, сыралау, тану және сипаттау.

Қазақ ертегілеріндегі «адам» типтік концептісін өз кезегінде тағы бірнеше концепттер түрлеріне бөліп қарастыруға болады және болуы да тиіс. Мәселен, «адам» концептісі «ер(еркек)» және «әйел» концепттеріне бөлінеді, ал «ер» концептісі өз кезегінде «аңшы(мерген)», «батыр», «тазша» т.б. концептілерге бөлінеді. Сондай жіктелу (бірнеше түрге бөлу) «әйел» концептісіне де тән.

Диссертациямызда «адам» концептісін жіктеп, жеке-жеке түрлеріне лингвокогнитивтік сараптама жүргіземіз.

Мәселен, жалпы «адам» концептісіне жататын қазақ ертегілерінің лингвоментальды кеңістігінде (өрісінде) «аңшы – мерген» концептісі вербалданған. Қазақтың архаикалық батырлық ертегілеріндегі басты кейіпкерлер Қарамерген, Құламерген, Қоңырмерген, Арғымерген деп аталады. Бұл ертегілік есімдерде «мерген» антропонимикалық лексикалық компоненті тұрақты түрде орныққан.

«Қарамерген» ертегісінде : «Бұрынғы өткен заманда қазақ жұртынан бір Қарамерген деген кісі болыпты, өзінің дәулеті және перзенті жоқ екен. Мергендікпен бұғы атып, құлан атып, әр түрлі аң атып, терісін сатып жан сақтайды екен. «Тағы бір «Қоңыр мерген» атты ертегіде: «Ерте заманда Қоңыр деген мерген болыпты. Ол Қоңырдың өнері көзіне көрінген аң болсын, құс болсын атып жығып, ешбір аңдарды қоймайды екен», - делінген. «Арғымерген» ертегісінде басты кейіпкер жөнінде былай баяндалады: «Бұрынғы өткен қазақ заманында бір Арғымерген шыққан екен. Қазақ қарияларынан естүімше оның өзі ылғи қылатын кәсібі аң аулап, сол аңдардың етін жеп, сонымен күн көрсе керек». Ал «Құламерген» ертегісінде Құламерген деген аңшы, батыр жайында айтылады: «Құламерген деген батыр, өзі аңшы болыпты».

Жоғарыда аталған «мергендер» - архаикалық, яғни өте көне ертегілердің кейіпкерлері. Неолит және энеолит дәуірлерінде мерген – аңшылар ежелгі ру-тайпалар мүшелерінің күн көрісін қамтамасыз еткен, себебі ол замандарда егіншілік пен мал шаруашылығы әлі дамымаған. Мергендер ежелгі мифологиялық персенаждарға (кейіпкерлерге) жатады: «В казахских сказках древние охотники называются общим именем мерген – стрелок, снайпер, оно составляет вторую часть личного имени конкретного охотника. Вообще сами имена носят мифологическую информацию. Арғы – мерген и Арык-Мерген – изначальный стрелок, Сур – мерген, стрелок, имеющий «Сур» или «Сюр» (сур-солнце, сурья – стрелок). Курмерген – солнечный стрелок (кур-солнце) или потусторонний стрелок, Есек – мерген-древнейший (ески) стрелок, кула – мерген- саврасый, солнечный (кулог) стрелок и др. Аламан, Жаламан, Қарамергне» [48,75б.].

Көріп отырғанымыздай, мергендердің есімдері де мифологиялық семантикаға, мифтік ақпараттарға ие. Негізгі антропонимикалық компонент «мергне» ежелгі аңшыларды атауы болса, оның алдындағы атрибутивті

компонент «күн», «ескі», «қара», күр» сынды мифологиялық мағыналармен сипатталады.

Кейбір ертегілік кейіпкерлер есімдерінде «мерген» деген лексикалық компонент болмағанымен оларда мергендер, яғни неолит пен энеолит замандарындағы кейіпкерлер, олардың асыраушы функциялары ертегіде міндетті түрде айтылады.

Мәселен, алты жасар Кендебай «Керкұла атты Кендебай» ертегісінде: «Аң аулап әкесіне жәрдемдесіпті, бара-бара құлан атыпты, Құралайдың көзінен тигізіген мерген болыпты, арқар мен киікті, құлан мен маралды мая-мая үйіп тастапты. Қара судың бойындағы қара үйлі кедейлер қарқ болыпты да қалыпты».

«Арғымерген» ертегісіндегі кейіпкерге – Арғымергенге С.Қондабай өзінің «Мифологиялық сөздігінде» көлемді мақала арналған: Арғымерген. Мифологический персонаж, относящийся к категории древнейших охотников. Древнейшие охотники – категория особых образов казахской архаической сказки. Аргы – мерген, имя которого буквально означает древний, потусторонний стрелок, где аргы исходит из древнего корня ***Arig**, потусторонний, древний из другого мира, с противоположной стороны (ср.греческ. архэ-древнейший, архаика, археология, архив).

Аргы – мерген-охотник, в мифологии действовавший во времена, когда людей не было на земле. Подобных охотников, с краткой и часто повторяемой сказочной историей в казахском фольклоре предостаточно. Они по облику, по действиям повторяют друг друга, составляет единый мифологический архетип древнейшего охотника» [48,72б.].

Аңшы – мергендер туралы ертегілердегі негізгі және де барлық «мергендік» ертегілерде қайталанатын сюжетте (фрейм-сценарий) аңшы – мерген айдалада бір әйелді кездестіред, ол әйел мергенді өлтірмекші болады – ал шын мәнісінде ол әйел кейіпіндегі жезтырнақ болып шығады. Немесе мерген қызбен жыныстық қатынасқа түседі, кей ертегілерде ол қызға үйленеді – ал қыз айдаһар болып шығады. Басқа бір ертегіде аңшы мерген таутайлақты өлтіреді, ертегілердің кейбірінде мерген қыздары бар ауылға барады, онда бір қызбен көңіл қосады – қыз таң атқанша ұйықтамауын өтінеді, бірақта мерген ұйықтап қалады. Ұйықысынан тұрса ауылда, қызда жоқ болып шығады.

Бірнеше айдан кейін әлгі қыз тоқсан жолдың торабына мергеннен тұған нәрестені әкеліп тастайды.

Мергендер туралы ертегілерінде осы қайталанатын сюжет (фрейм-сценарий) жөнінде С.Қондыбай былай деп жазады: «Все это – не примитивный сказочный сюжет или охотничья байка, это реликт, хотя и очень профанированный, древнего мифологического действия, сюжета, смысл которого можно расшифровать».

Охотник в мифологии – культурный герой, часто в встречающийся в архаических мифах. Распространен также астральный миф о небесной охоте – преследовании охотником космического лося, оленя или архара,

превращающегося в созвездие. С мотивом охоты связаны деяния героев, убивающих чудовищ.

Женщина – жезтырнак – в архаической мифологии богиня-мать и покровительница охотников, диких зверей, а ее металлические когти – это рудимент древнейшего состояния мифа, т.е. прежде она выступала в облике когтистого хищного зверя – медведицы. Бревно, накрытое одеждой охотника, вероятно связано с жертвоприношением или имитацией жертвоприношения в охотничьем ритуале древнейших людей. Охота на хтонических животных таутайлака, айдахара, змея также является деянием древних героев» [48,73-74беттер].

Арғымергеннің әйелі айдахар болып шығады: «Қожайын саудагер айтады: - Айдахар суға шыдамайды. Өзің жасырып су ал, - дейді. Мақұл! – деп өзіне су алады. Екеуі жол жүріп келе жатып көп жерге жүрген соң: -Су тап, шөлдедім,-дейді әйел.-Ойбай, анау ойда, мынау ойда, - деп біраз жол жүреді. Жүдә көнбеген соң: «Сен осы жерде тұр, мен су алып келейін», - деп сары атанды қамшылап жөнәйді. Бір уақытта айқай шығады: «Өлдім!» - деп. Қарамайды айқайға. Енді жауын болып, ызғырық шамалы тұрады да шарт етіп басылады. Барса, көк жал болып айдахар жатыр, алдын орап арқа терісінен кесіп алады. Амандықпен елге барған соң осылардың бәрін айтады».

Арғымергеннің әйелі айдахар болуы, айдахарға айналуы – кездейсоқ нәрсе емес. Бұл байланыстың, бұл құбылыстың астарында көне мифологиялық түсініктер мен танымдар жатыр Ю.А.Зуевтың көрсетуінше әйел билеушілері – патшайымдардың қауымында (фратрияларында) мысалы, түрік қағанатының Жылан/Айдахар Су мен Өнімділіктің тәңіриесі кейіпінде танылған: «символом же фратрий катун – цариц (например, в тюркском каганате) был Змей/Дракон как инкарнация божества Вод и плодородия» [46,141б.].

«Арғымерген» ертегісінде айдахар мен Арғымерген әйелі (олардың тұтастығы ретінде де) жағымсыз Кейіпкерлер ретінде суреттеледі. Ал өте ертедегі түркі ру-тайпаларында Түрік қағанатында Айдахар/Жылан «Жаратушы Ана»/ кейіпінде танылғанын ескерсек не себеп бұл тәңірие жағымсыз сипатқа ие болды деген қисынды сұрақ туындайды. Бұл сұраққа төмендегідей жауап беруге болатын сияқты.

Қазақ ертегілерінің лингвокогнитивтік өрісінде кейбір концепттер көне (ежелгі) қауымдарда болып өткен матриархалды (әйелдік) және патриархалдық (еркектік) этноәлеуметтік (мифтік сипаттағы) тарихи дәуірлердің деректерін береді. Көне түркі дәуірінде аталмыш матриархалды және патриархалды әлеуметтік жағдай «ашина» мен «ашиде», яғни «ер» (ашина – бөрі) және «әйел» (ашида (аштак/ашдаһа – айдахар) «күн» және «ай» культтермен байланысты болып келген. Сол заманда матриархаттық культтерді жеңе бастаған «еркектік» патриархалдық культтердерде бұрынғы матриархалдық жағымды «тәңірие дәрежелі» түсініктер мен соған қатысты атаулар «жағымсыз» «демондық» сипатқа ие болды. Сол себепті бұрынғы

«Ұлы Ана» кейіпіндегі бейнелер зулымдық «Жалмауыз» кемпірлерге айналды. Сондықтан да кейбір ертегілердегі айдаһарлар отқа қыздырылған темір үйлерде өлтіріледі немесе оған су берілмей өлтіріледі.

Айдаһардың/жыланның осындай түрлі сипатта болуы осы мифтік бейнесінің амбивалентті (екіұдайылы), яғни жағымды және жағымсыз (зұлымдық) тұрпатта болуының осындай сан бейнесі көріністерінің астарында әлі де болса анықталмаған, зерттелмеген мәндер мен түсініктер, мифологиялық қабаттар бар.

Қазақ ертегілеріндегі «ер адам» концептісінің бір түрі – «Ер Төстік» концептісі. Бұл концепт терең мағыналы мифологиялық түсініктер мен мағыналардан қалыптасқан. «Ер Төстік» концептінің семантикалық құрылымына кіретін аталмыш мифологиялық түсініктер мен мағыналардың біразын С.Қондыбай реконструкциялаған.

Ертегілік Төстіктің дүниеге келуінің өзі ерекше: «Ерназардың кемпірі түндікті ашқанда, шаңырақтың күлдіреуішіне ілулі тұрған кер биенің төстігіне көзі түседі. Сол төстікті асып жеген соң жүкті болып Ер Төстікті туады».

«Төстіктің шаңырақтың күлдіреуішінде, - деп жазады С.Қондыбай,- ілулі тұрған төстен (сегіз сәулелі Күн-Төс пе?) жаралуының өзі кездейсоқ болып шықпайды (...)

Төстің күлдіреуіште ілулі тұруынан осындай орынға орналасқан тәңіриемнен де, Күнмен де байланыстылықты күтуге болатын сияқты.

Екіншіден, «төс» дегеніміздің өзі – сүйекті мақұлықтардың (оның ішінде адамдардың) бойында кеуде жағында болатын сүйектің атауы. Арқа жақтағы айыртқа тізбегінен басталатын қабырғалар кеуденің қақ ортасында тұрған төс сүйегіне келіп «тоғысады». Яғни төс пен оған келіп түйіскен қабырғалар пішіні іс жүзінде сегіз сәулелі жұлдызды.

С.Қасқабасовтың көрсетуінше, Атымтай Жомарт туралы қазақ ертегілері жанрлық және сюжеттік сипаттарына қарасты үш топқа бөлінеді. Бірінші топтағы – ғажайып ертегілер араб, әзірбайжан ертегілерімен ұқсас болып келеді. Бұл ертегілерде Атымтай өте бай және жомарт адам. Екінші топтағы ертегілеріндегі Атымтай – кедей, бірақ та соған қарамастан жомарт мұқтаж адамға ол соңғысын беруге дайын, кімге болса да көмекке келуге асығады, адамның қиналғанына бей – жай қарай алмайды. Керек десеңіз, өзін (Атымтайды) хан бұйрығымен өлтірмекші болған ұрыға да көмек береді [50,356.].

Атымтайдың бейнесі көптеген түркі халықтарының фольклорында белгілі. Түркмен ертегілерінде Хатымтай бейнесін зерттеген әдебиеттанушы М.А.Сакали былай деп жазған: «этот образ – единственный, не имеющих себе равных по высоте великодушия и духовной щедрости не только в восточном эпосе, но может быть и во всем мировом фольклоре» [51,696.].

Қазақтың халық ертегілерінде «ер адам» көнцептінің тағы бір тілдік көрінісі – аталмыш көнцепттің вербалдануы Сүлеймен бейнесі мен мифоантропнимі

арқылы іске асырылады. Бұл ертегілік, мифтік бейне қазақ фольклоры мен танымында өзіндік тұрақты орнын алған.

«Сүлеймен мен диқаншы» деп аталатын қазақтың ғажайып ертегісінде Сүлеймен туралы былай баяндалады: «Баяғы өткен уақытта, халық дінге бағынған заманда Сүлеймен пайғамбар уақытысында әлемдегі барлық хайуандар, өсәмдік, өзен, тау... тіршіліктері барлық заттың бәрі Сүлеймен пайғамбарға келіп, есеп беріп, үлкен жиын құрады екен».

«Сүлеймен» концептісінің вербальдануы, әрине, бүкіл ертегілерінің бойындағы сюжет, сюжеттік оқиғалар, мифоантропонимнің семантикасы, осы бейнеге қатысты түрлі ассоциациялар мен коннотациялар арқылы іске асырылады. Қазақ ертегілеріндегі басқа да концептердің вербалдануы да осындай сипаттар тән.

Қазақ ертегілерінде «адам» концептісі екі типке (түрге) бөлінеді:

1. «ер адам» концептілері;
2. «әйел» концептілері «Ер адам» концептісі тағы өз ара түрлеріне бөлінетінін көрдік, ал «әйел» концептісін шартты түрде «кемпір», «қыз», «батырдың әйелі» т.б. бөлуге болады.

Қазақ ертегілеріндегі басты кейіпкерлер мен бейнелердің бірі – ол «кемпір». С.Қондыбайдың көрсетінінше: «Ертегілеррездесетін кемпірлер жай ғана «кемпір» деп айтыла салмай, алдына анықтауыш сөз қойылып айтылады, мәселен, «жалмауыз кемпір», «мыстан кемпір», «мәстен кемпір», «масаты кемпір», «жәдігөй кемпір», «жалғыз көзді кемпір», «ққ аяқ кемпір», «қу бас кемпір», «қарға бұтты кемпір» т.б. Мұндай терминологиялық ала – құлалықтың болуы тегіннен – тегін емес, өйткені ертегілік, эпостық, аңыздық кемпірдің бейнесінің бір кейіпкерде тоғысуымен қалыптасқан» [52,67-68 беттер].

С.Қондыбайдың пікірінше «кемпірлерге» қатысты сөздер мен сөз тіркестерінің, мәтіндердің мағынасына қарап мен сөз тіркестерінің, мәтіндердің мағынасына қарап осы мифтік бейненің болмысын реконструкциялауға болады. Реконструкциялауға қажетті алдын ала орындалуы тиіс шарттар С.Қондыбайдың пайымдауынша төмендегідей болуы тиіс:

«1.Ертегілер мен жыоларда көрсетілген «кемпір» сөзінің алдына жалғаннатын «жалмауыз», «мыстан» сияқты атаулар мен мифтік кемпір бейнесін жеке-жеке, өз алдарына бөлек қарастыру қажет, өйткені осы анықтауыш ұғымдар (мыстан, жалмауыз, жәдігөй, жеті басты, жалғыз көзді т.б.) – нақты кемпірден басқа да ертегілік кейіпкерлерге қатысты қолданыла береді (мысалы, жалмауыз жезбырнақ, жалғыз көзді дәу, жеті басты жез тырнақ, т.б.) яғни бұлар – дербес түсініктер, сондықтан оларды мифтік кемпірдің бейнесін реконструкциялауда негзгі айғақ ретінде қолдануға болмайды. Басқаша айтқанда, анықтауыш атаулар – бір бөлек, кемпір – бір бөлек қарастырылуы қажет.

2. Ертегілік – эпостық кемпірлерге берілетін «жақсы – жаман» деген этикалық бағам – мифтік кемпірдің бейнесін реконструкциялауда маңызды емес, өйткені мифтік бейне – екі ұдайлы, яғни жақсы да, жаман да болуы мүмкін.

3. Ертегілік – эпостық кемпірлерге берілген «қу аяқ кемпір» «қу бас кемпір», «қарға бұтты кемпір», т.б. осы сияқты сипаттық деректерге назар аудару қажет, өйткені олар ежелгі мифтік бейнелерге тән болған атрибуттық рудименттер болып табылады. Тек бұл жерде де сипаттық деректер мен кемпірдің мифтік бейнесі әуелі бөлек – қарастырылуы тиіс.

4. ертегілік (және эпостық) кемпірлер реалды тарихта екі түрлі бейнеден шығуы мүмкін. Біріншісі – нақты этникалық – мәдени ортадағы белгілі бір культтің атқарушысы (әйел абыз). Кейінгі уақыт осындай екі түрлі (бірі – мифтік, бірі-тарихи) бейнесін мидай араластырып жіберген» [52,68-69беттер].

«Асанбатыр», «Құланайжарқын», «Майлықараша», «Аққоян», «қараүйрек» ертегілерінде «от сурауға барғанда кемпір қан сорады» сюжеті қайталанатын. Сол типтік сюжеттің бірінде: «Бір қыздың үйінде ошақтағы от сөніп қалады. От іздеп шыққан қыз алыстан көрінген шоқты (жарықты) немесе тік (немесе қисық) көтерілген түтінді көреді де, сол жаққа жүреді. Барса, ол бір үйдің шаңырағынан шыққан түтін немесе есігінінен көрінген от (немесе – кемпірдің көзі) екен. Үй ішінде бір кемпір отырады. Қыз, үйіндегі. Ал кемпір болса, өз кезегінде қызға отты тек саусағынан не тізесінен (балтырынан) қан сорғызса беретінін айтады. Қыз көңіге мәжбүр болады, кемпір болса күнде келіп қыздың қанын сорып тұратын болады» [52,70б.]. Қыздың ағасы (немесе ағалары) ертегілерде аяғы жоқ кемпір болып суреттеледі, сол аяғы жоқ ереке кемпірді ұстап алып өлтірмекші болады, сонда кемпір әлгі кем-тардарды жұтып, қайтадын бұрынғы (аяқ – қолы бүтін) қалпына келтіріп береді.

Қан сорғыш кемпір – оттың иесі болып тұр, ал кемтар еренді жұтып оны қайтадан сау қалпына келтіру функциясы тек Тәңіриелерге тән қасиет. Сондықтан да: «Бұл ертегілік бейнеден ежелгі «От ана» немесе «Рулық оттың иесі» деген мифтік бейне келтірімін көріп отырмыз», - деп жазады С.Қондыбай (52,70б.)

Ендігі бір ертегілік сюжеттерде кемпірдің бейнесімен іс-әрекеттері сумен байланыстырылады.

«Кемпір бір судың бетінде қып – қызыл өкпе түрінде қалқып жүреді. Пенде оны алмақ болғанда, өкпе кемпірге айналып, пендені қылқындырады. Өз жанын қимаған пенде кемпірге өз баласын беруге көнеді» («Алтын сақа» ертегісі).

«Кемпір ханға бір тал шашы суға ағып кеткен қызды әкеліп бермек болады. Қыз – ерненің келіншегі (не қарындасы). Кемпір осы екеуіне шеше болып, қыздан (келіншектен) ағысының (күйеуінің) жанының қайда екендігін сұрап алады. Жаны – селісерде (қылышта, бәкіде т.б.) оны суға тастаса өледі. Кемпір қызды қайыққа отырғызып алып ханға әкеп береді» («Бай мен

баласы», «Үш батыр», «Төлеген мен Назипа», «Көкжан батыр мен айдаһар», «Аламан мен Жоламан», «Ұшар ханның балады» ертегілері).

«Сондай – ақ бұл кемпір – сумен байланысты: суда өкпе басып жүзіп жүреді, балаларды суға тастайды, өзі аяғына тас байлап алғандықтан, суға батып кетеді, ереннің жан қоймасы – семсерді суға салады, қалыңдықты қайыққа мінгізеді, т.т. Осыларға қарап – ақ мифтік кемпір бейнесін реконструкциялауға болады.

Ол – су стихиясымен байланысқан (су немесе су асты, яғни о дүниемен), бала беру мен қалыңдық беру мәселесін реттеп отыратын ежелгі мифтік қатын – тәңіріе. Біз оны «Қал әже» деп отырмыз. Ол – Су ана. Су ана мен От ана, яғни Хал әже мен Ал әже стихиялық тегі (бірі – сумен, бірі – отпен) байланысты болғанына қарамастан, екеуі де о бастағы бір бейнеден – рудың түп – анасы, Ұлы – анадан өрбіп шығып, дамыған мифтік дербес бейнелеріне айналған», - деп есептеді С.Қондыбай | 52,746. | .

Қазақ ертегілерінде және кейбір эпостарда «Тазша» бейнесі кездеседі. Тазша бейнесі көп қабатты: сол қабаттарда мифтік, этномәдени, тарихи, әлеуметтік мағыналар мен танымдар, деректер сақталған. С.Қондыбайдың байқауынша «таз» тақырыбы, көп қабатты, көп бағытты мифтік комплекс болып табылады. «Таздық» мифологиялық комплекс, іс жүзінде, жалпы түркілік мифологияның көне қабатын немесе жоғарғы сатысын құрап отыр».

Ал енді «тазша» концептісіне қатысты анықтаманы С.Қондыбайдың «Казахская мифология. Краткий словарь» сөздігінен беріп отырмыз: Тазша. Буквально: «плешивый, лысый. Плешивый мальчик (тазша бала), один из распространенных персонажей казахской сказки. Тазша, обычно, объект насмешек или, наоборот, окружающие становятся объектом его насмешек и проделок.

Представляется в виде мальчика или юноши, обладающего хитрым умом и сноровкой, в некоторых вариантах – он обладатель таинственного знания. Он плешивый. В генезисе тазша – образ, связанный с потусторонними силами, является одним из воплощений потустороннего мира.

Само понятие «плешивость», как противопоставление «волосатости», в древнейшем дуалистическом мифе относилось к потустороннему миру, миру мертвых или миру Духа – Предка или духа – Праматеру. Это обстоятельство и наличие форманта «ша» в слове «тазша» дает почву для предположения о древнейшей мифической природе этого образа: по всей видимости в генезисе Тазша – праматерь – созидательница, хозяйка мира предков или мира мертвых – Таз – ажи» | 48,2116. | .

«Тазша» немесе «таз» концептінің өте көне бірден көріне бермейтін, танылуы оңай емес ежелдегі мифтік ақпараты және семантикасы арнайы ғылыми ізденістерден кейін ғана ашылуы «оқылуы» мүмкін. Ол үшін біраз өте көне замандардан қалған этномифологиялық деректерді қарастыру керек. Мәселен, қазақстандық тарихшы Ю.А.Зуевтың мәліметтеріне қарасақ ежелгі халықтарының біразында «тақырбастылық» болған, яғни белгілі бір ру –

тайпаның өкілдері шаштарын тақыр етіп алып тастаған. Геродоттың деректері бойынша жеті рулық (тайпалық) аргиппейлер тақырбас, яғни таз болған. Эфталиттер, яғни ақ күндердің де басында шаш болмаған. «шахмеде» Қабул патшасының – Мехрабтың арғы бабсы Таз болған. Ал енді «Алпамыш пен Барсын – Хылуу» башқұрт ертегісінде Алпамыш таз болған, оның желкесінде алтын ай таңбасы басылған. Қыпшақтар (половцы) арасында таз рулары болған, ал қыпшақтардың кейбір тас мүсіндерінің желкесінде қайшы суреттелген; түркмендердің таз тайпасының атабай руындағы таңба – қайшы түрінде болған. Қырғыздың «Манас» эпосында Джақыптың тойына «қыпшақтардан Таз чечен» келген: «Таз» пен «кашка» терминдерінің Ю.А.Зуевтің пікірінше, адамның сыртқы тұрпатына сәйкестігі жоқ, алайда Ай культине «Ай тәңіріесіне) қатысты туындаған сөздер.

Қазақ ертегілеріндегі ғаламның тілдік бейнесі адам, Кеңістік табиғат, уақыт, заттар концептосфераларынан құралған. Біздің зерттеу жұмысымызда кеңістік пен кейбір концепттердің мифологиялық семантикасын, лингвокогнитивтік сипаттарын қарастырдық.

Қазақ ертегілерінде адамды қоршаған кеңістікті, кеңістіктегі табиғи нысандарды бейнелегенде олардың фактографиялық суреттемесі берілмеген, - кеңістік құрылымының, әлемінің бөлшектері, әлемның (ғаламның, дүниенің) өзі ежелгі замандарданкеле жатқан таным – сенімдердің лингвоментальдық көрсекіштері мен жемісі.

Сондай – ақ қазақ халықтық ертегілеріндегі заттар мен қару бейнелері де күрделі және көлемді лингвокогнитивтік ақпараттарға ие. Көптеген заттардың әсіресе фольклорлар шығармаларындағы суреттелеуінде және де өмірде (тұрмыста, ғұрыптарды) практикалық (утилитарлық) және таңбалық (семиотикалық) функциялары мен семантикалары байқалады.

Мәселен, қамшы – өзінің «қамшылау», «ұру», «сабау» (атты, малды, адмды) функцияларымен қатар семиотикалық (таңбалық) функциялары мен семантикасы бар. Бақсы ойындарында қамшының ритуалдық – ғұрыптық қызметі мен мифтік мәні, мағынасы іске асырылады.

Пайдалаған әдебиеттер

1. Брутян Г.А. Языковая картина мира // Теория названия : в 4-т/ Под ред. Р.А. Лекторского, Т.И. Ойзермана. – М. : 1991, Т 2-с 25-32.

2. Павиленис Р.И. Проблема смысла: современный логико-философский анализ языка. – М.: Мысль, 1983-286 с.

3. Валиханов Ч. Тенкри (Бог)//собр.соч. 65т.-Алма-ата : глав.ред.Каз.сов.энцикл., 1985-Т1-432с.

4. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи.-СПб. 1870,ч.3-712с.

5. Казахский фольклор в собрании Г.Н.Потанина (Архивные материалы и публикации) – Алма-Ата: наука, 1972-382с.

6. Поярков Ф. Из области киргизских верований// этнографическое обозрение. 1891. 4. 21-23с.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТРЕНДТЕР МЕН ИНОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ӘОЖ: 5.377

ДЕНЕШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТПЕН АЙНАЛЫСАТЫН ӘРТҮРЛІ ДӘРЕЖЕДЕГІ СПОРТШЫЛАРМЕН САБАҚ ӨТКІЗУ ЕРЕКШЕЛІГІ

*Турлибеков А.А. магистрант
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Аннотация: Решение проблемы поддержания необходимого уровня состояния здоровья студента всегда было важной задачей на всех этапах его обучения на кафедре физического воспитания. Состояние здоровья студента определяет его возможность жить полноценной, энергичной жизнью, неповторимо интересной и счастливой. Здоровье — это залог комфорта, оно лежит в основе продолжительности жизни и рождении здоровых и полноценных детей.

Ключевое слово: *адаптивная физическая культура, студенты, адаптивное физическое воспитание, физические упражнения*

Abstract: Solving the problem of maintaining the necessary level of student's health has always been an important task at all stages of his studies at the Department of Physical Education. The student's state of health determines his ability to live a full, energetic life, uniquely interesting and happy. Health is the key to comfort, it underlies life expectancy and the birth of healthy and full—fledged children.

The key word: *adaptive physical education, students, adaptive physical education, physical exercises*

Бейімделетін дене шынықтыру-мүгедекті қоса алғанда, денсаулығында ауытқулары бар адамның және қоғамның дене шынықтыру саласы. Бұл мүгедекті қоса алғанда, денсаулық жағдайы бұзылған адамның өмірге жан-жақты дайындығын құру жөніндегі қызмет және оның әлеуметтік және жеке маңызды нәтижелері; кешенді оңалту және әлеуметтік интеграция процесінде оның жай-күйі мен дамуын оңтайландыру; бұл адамның іс-әрекетінің нақты процесі мен нәтижесі, сондай-ақ физикалық жаттығулар, табиғи орта және гигиеналық факторлар арқылы адамның барлық жақтары мен қасиеттерін денсаулық жағдайындағы ауытқулармен (физикалық, интеллектуалды, эмоционалды-ерікті, эстетикалық, этикалық және т.б.) жетілдіру және үйлестіру құралдары мен тәсілдері [1].

Дене шынықтыру сабақтарында адамның физикалық және психикалық дамуының қалыптан тыс болуына байланысты айтарлықтай айырмашылықтар бар. Осы ережелерге сілтеме жасай отырып,

денсаулығында ауытқулары бар студенттермен сабақтарды дұрыс құруға ықпал ететін құралдар, әдістер мен принциптер бар [6].

Зерттеудің мақсаты денсаулық жағдайында ауытқулары бар студенттерге бейімделу дене тәрбиесі бойынша қолданыстағы Әдістеменің тиімділігін анықтау.

Зерттеу әдістері. Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, сауалнама.

Зерттеуді ұйымдастыру. Денсаулық жағдайында шектеулері бар білім алушылардың білім алуында олардың өмірлік құзыреттілігін дамытуға ерекше мән берілуге тиіс. "Өмірлік құзыреттілік" және "академиялық" компоненттерінің арақатынасы стандарттың әрбір нұсқасында және мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың әрбір санаты үшін білім берудің әрбір саласын әзірлеу ерекшелігін көрсетеді. Өмірлік құзыреттілік пен оқу іс-әрекетінің арақатынасы белсенділік дәрежесіне және өмірдің тәуелсіздігіне әсер етеді

мүмкіндігі шектеулі адамды оның мүмкіндіктері мен шектеулеріне қарай дайындайды [4].

ЖОО-да дене шынықтыру сабақтары медициналық ұсыныстармен расталған студенттің мүмкіндіктері мен шектеулеріне сәйкес құрылуы керек. Дене шынықтыру сабақтары көрсетілген білім алушылар денсаулық жағдайының ерекшеліктерін ескере отырып, пән бойынша бағдарламаны меңгереді. Алайда, барлық студенттер дене шынықтырумен айналыса алмайды және өз кезегінде теориялық материалды одан әрі дайындықпен зерттейді [4, 5].

Айта кету керек, денсаулық жағдайында шектеулері бар студенттермен оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру оқытушылар құрамының тиісті құзыреттері мен дағдыларының болуын талап етеді [4].

Студенттердің моторлық және басқа функцияларын шектеу арнайы құралдарды, оларды қолдану әдістері мен әдістерін таңдау арқылы өтелуі керек [3].

Авторлар ROS құралдарына физикалық жаттығулар, табиғи орта және гигиеналық факторлар жатады. Негізгі спецификалық құрал-бұл физикалық жаттығу, оның көмегімен қатысушыға бағытталған әсерге қол жеткізіледі, сонымен қатар бірқатар міндеттер шешіледі (түзету-дамыту, компенсаторлық, емдеу және профилактикалық, білім беру, сауықтыру, білім беру) [1,4].

Дене жаттығулары денсаулық жағдайындағы ауытқулары бар адам ағзасының функционалдық жүйелеріне оң әсер етеді, атап айтқанда:

1) тірек-қимыл аппаратын, буындар мен байламдарды нығайтуға және дамытуға ықпал етеді, бұлшықеттердің күшін, тонусын және серпімділігін арттырады,

2) метаболизмді және қан мен лимфа айналымын жақсартады,

3) ОЖЖ - ге жағымды әсер етеді, ми қыртысының жұмысын жақсартады;

4) ОЖЖ аналитикалық-синтетикалық қызметін және екі сигналдық жүйенің өзара іс-қимылын жақсартады;

5) сенсорлық жүйелердің функцияларын жақсартады.

Бейімделетін дене шынықтыру үшін келесі әдістер топтары ең типтік болып саналады [1]:

1) білімді қалыптастыру әдістері,

2) қозғалыс әрекеттерін оқыту әдістері,

3) физикалық қасиеттер мен қабілеттерді дамыту әдістері,

4) жеке тұлғаны тәрбиелеу әдістері,

5) педагог пен қатысушылардың өзара іс-қимыл әдістері.

Жоғарыда келтірілген әдістердің әр тобы әр адамның немесе ұқсас қасиеттері бар адамдар тобының ерекшеліктерін көрсететін әртүрлі әдістемелік әдістерді қамтиды.

Бейімделетін дене тәрбиесінде ең үлкен маңыздылық арнайы әдістемелік принциптерге беріледі [2].

Диагностика принципі-негізгі ақаудың ерекшеліктерін, оның құрылымын, зақымдану уақытын, медициналық болжамды, жаттығуларды қолдануға қарсы көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштерді, сондай-ақ қатар жүретін аурулар мен қайталама ауытқуларды ескеру;

Түзету-дамыту, компенсаторлық және профилактикалық бағыттылық принципі.

Сондай-ақ, жалпы ғылыми принциптердің маңызы зор: ғылыми, көрнекілік, қол жетімділік, сана және БЕЛСЕНДІЛІК.

Айта кету керек, Бейімделген дене тәрбиесі бойынша мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу және мазмұны жалпы әдістемелік және арнайы-әдістемелік қағидаттарды ескере отырып жүзеге асырылады [1, 2].

Әртүрлі нозологиялардың денсаулық жағдайындағы ауытқулары бар (көру қабілетінің бұзылуы, есту қабілетінің бұзылуы, тірек-қимыл аппаратының зақымдануы, оның мәні дене шынықтыру сабақтарында денсаулық жағдайы ауытқулары бар студенттердің қызығушылығын анықтау, сондай-ақ респонденттердің пікірі бойынша дене шынықтыру сабақтарын өткізу деңгейін анықтау болды (10 балдық Ликерт шкаласы бойынша). Сауалнамаға барлығы 96 респондент қатысты. Сауалнама нәтижелерін өңдегеннен кейін келесі нәтижелер алынды [5] :

- Дене шынықтыру сабақтарына қызығушылық бар - 78%;
- Дене шынықтыру сабақтарына қызығушылық танытпаңыз - 12%;
- Жауап беру қиын болды-10%.

Дене шынықтыру сабақтарын өткізу деңгейіне қатысты студенттердің жауаптары 10 балдық шкала бойынша бағаланды. 1-ең төменгі деңгей, 10-ең жоғары деңгей.

Нәтижелер денсаулық жағдайындағы ауытқулары бар студенттердің пікірі бойынша дене шынықтыру сабақтарын өткізу деңгейінің орташа мәні 4,8-ге тең екенін көрсетті, бұл ЖОО-дағы Бейімделген дене тәрбиесі

процесінде денсаулық мүмкіндігі шектеулі студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандырудың жеткіліксіздігін көрсетеді.

Бірқатар авторлардың пікірінше, университеттегі бейімделгіш дене тәрбиесі процесі педагогикалық құрамның назарын аударуды талап етеді, өйткені дене шынықтыру сабақтары Денсаулық жағдайындағы ауытқулары бар студенттің әлеуметтік бейімделуінде маңызды рөл атқарады [4, 5].

Дене шынықтыру әдетте дене шынықтыруды бақылау стандарттарының көмегімен анықталады, бұл қозғалыс белсенділігінің нақты көріністеріндегі бұлшықет өнімділігінің деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Осындай стандарттардың әрқайсысында жүктеме шегіне дейін орындалатындықтан (әйтпесе өнімділіктің объективті сипаттамалары алынбайды), олардың көп бөлігін арнайы медициналық топтардың оқушылары үшін пайдалануға болмайды.

Тікелей сынамалардың көпшілігін пайдалану мүмкін связистігіне байланысты дене дайындығының негізгі көрсеткіштері жанама көрсеткіштер болып табылады, олардың көмегімен дене дайындығына байланысты ағзаның функционалдық күйінің жекелеген белгілерінің өзгеруі негізінде оның деңгейін бағалауға болады.

Көрсеткіштердің физикалық дайындығын тікелей сипаттайтын түзу сызықтар ретінде келесі қозғалыс сынамалары мен дағдыларын қолдануға болады.

а) іш бұлшықеттерінің дамуына арналған сынама-жату орнынан қолдың көмегінсіз отыру жағдайына өту. Ол I. P. - ден орындалады-шалқасынан жатып, қолдар дененің бойымен, аяқтар тірекке бекітілген. Жеңіл нұсқа: белбеудегі қолдар, отыру күйіне өтіңіз. Қиын нұсқа: қолдар шынтаққа бүгіліп, бастың артында. Отыру күйіне өтіңіз. Ең қиын нұсқа: тік қолдар бастың артына созылып, құлыпқа қосылады. Отыру күйіне өтіңіз.

б) іш бұлшықеттерінің дамуына арналған сынақ - аяқты бұрыштың позициясына дейін көтеру. Оқушыларға арқалықтарға (немесе жақын тұрған үстелдерге, орындықтардың арқалықтарына) баса назар аударып отырып жүргізіледі. Саусақтарыңызбен тірек бетін ұстау жаттығуды жеңілдетеді. Керісінше, алақанмен заттың бетіне тіреу сынаманы орындауды қиындатады, бұл түзетілген аяқтарды көлденең күйге көтеру және оларды 1 с-тан артық ұстамай, төмен түсіру қабілетінен тұрады. Бұл үлгінің күрделі түрі-гимнастикалық қабырғадағы ілулі позициядан тік аяқтарды көтеру. Арнайы топ студенттері үшін бірінші әрекет ретінде ұсынылмайтын одан да ауыр нұсқа-штангаға ілулі тұрған тік аяқты көтеру.

в) арқа бұлшықеттерінің дамуына арналған сынама — и. п. — кеудеге жатып, қолды бастың артына, аяқты тірекке бекітеді. Басыңызды және жоғарғы денеңізді еденнен көтеріңіз. Бұл позицияны бекітіңіз (1 с артық емес).

г) аяқтың бұлшық еттерін дамыту сынағы-бір аяққа еңкейіп, қолыңызды жақын жерде тұрған орындыққа немесе үстелге ұстаңыз. Қиын нұсқа — қолыңызбен тіреусіз бірдей.

д) лақтыру дәлдігіне сынама — 10 м қашықтықтан нысанаға шағын допты лақтыру.

е) лақтыру қашықтығына сынама-граната лақтыру.

ж) тепе — теңдік сынағы - "Қарлығаш".

з) үйлестіру сынағы-бір және екі аяқпен арқанмен секіру.

Диагносттардың алуан түрлілігіне байланысты арнайы медициналық топтардың оқушыларында дененің физикалық белсенділікке бейімделуінің белгілі бір деңгейлерін көрсететін функционалдық сынамалардың орташа көрсеткіштерін келтіруге мүмкіндік жоқ. Сондықтан функционалды-диагностикалық мәні бар ең құнды көрсеткіш — бұл сынамалардың әрқайсысының көмегімен оқушылар денесінің функционалдық жағдайының өзгеру динамикасы екенін есте ұстаған жөн. Дене тәрбиесі процесінде қолданылатын жүктемелермен және қатысушылардың әл-ауқатымен функционалды сынамалардың көрсеткіштерін салыстыра отырып, (өзін-өзі бақылау күнделіктерінің мәліметтері), сіз арнайы топтардың оқушыларының жағдайының өзгеруіне және ағзаның бейімделу мүмкіндіктеріне объективті сипаттама ала аласыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Евсеев С. П. адаптивті дене шынықтыру теориясы және ұйымдастырылуы: оқулық. 2 Т. Т. 1: Мамандыққа кіріспе. Бейімделетін дене шынықтырудың тарихы, ұйымдастырылуы және жалпы сипаттамасы [Мәтін] / С. П. Евсеев. М.: кеңестік спорт, 2005. 296 б.

2. Петков В. А. дене шынықтыру және спорт қызметіндегі студенттердің өзін-өзі анықтауын педагогикалық қолдау [Мәтін] / В. А. Петков, Н. А. Чувилова // педагогикалық білім және ғылым, 2012. № 9. 31-36 бет.

3. Петков В. А. университет студенттерінің физикалық әлеуетін өзін-өзі дамытуды ұйымдастыру [Мәтін] / В. А. Петков // Адыгей мемлекеттік университетінің хабаршысы. 3 Серия: Педагогика және психология, 2012. № 2(129). Б. 67-71.

4. Суворова С. Н. ДВГИИ-де мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған "дене шынықтыру" пәнінің ерекшеліктері [Мәтін] / С. Н. Суворова. - Владивосток: Рио ДВГИИ, 2017. 28 б.

5. Татарова Г. Г. әлеуметтанудағы деректерді талдау әдістемесі [Мәтін] / Г. Г. Татарова. М.: NOTA BENE, 1999. 224 б.

6. Худоренко Е.А. мүмкіндігі шектеулі адамдар. Білім беру және инклюзия мәселелері [Мәтін] Е. А. Худоренко / әлеуметтанулық зерттеулер, 2010. № 9. 65-70 Б.

7. Шапкова Л.в. адаптивті дене шынықтырудың жеке әдістері [Мәтін] / Л. в. Шапкова. М.: кеңестік спорт, 2003. 464 б.

СПОРТТЫҚ САЙЫСТАРДА ОҚУШЫЛАРМЕН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

*Исмайл.Б.К. аға оқытушы
Есенбек Ұ. ДС-222 тобының білім алушысы
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Тәрбиелеу процесі түрлі құралдармен атқарылады, олар адамгершілік ағарту адамгершілік тәрбие жинақтауды ұйымдастыру және адамгершілік ынталандыру болып табылады.

Жас спортшы үшін мұғалімнің, жаттықтырушының беделі бірінші орында тұрады. Бастауыш сынып оқушысы үшін жаттықтырушының сөзі әке – шешесі де тіпті әжесі де өзгерте алмайтын заң. Бұл кезеңде оқушыларда үлкен қоғамдық белсенділік пайда болады, олар өзі немесе отбасы үшін емес, ұжым үшін көп нәрсе жасай алады. Қатарларымен қарым – қатынаста кең пейілділік, талқылау барысында тік мінезділік, көмекке әзірлік байқалады, көңіл – күйі әдетте қуанышты болады, оқыту психиканы дамытудың негізгі факторы болып табылады

Жекелеген психикалық процестерді дамыту жас спортшыны оқытудың бүкіл бастапқы сатысы бойында жүргізіледі. Педагогикалық ықпал үшін оқыту және тәрбиенің бірінші жылында жеткіліксіз үйлесім біршама албырттық және бағыттың айқын болмауы тән.

Жаңадан бастаушы спортшылар өздері үшін маңызы бар, олардың көңіл – күй мазасыздануларына байланысты нысандарды және көзге тез шалынатын түсінікті және ыңғайлы белгілерді тез қабылдайды. Осыған байланысты ұғымдарды нақты анықтап, талаптарды қолайлы қалыптастырып, қойылған міндетті жаттықтырушы үшін де маңызды болатындай ету қажет.

Осы кезеңде жас спортшылардың есінде сақталатындай үлкен жаттығулар кешені ендіріледі.

Бұл жаста механикалық есте ұстау қабілеті дамиды деп есептеледі. Балалар әңгімелегенге қарағанда көрсетілген жаттығуларды тез есте ұстайды. Көптеген жаттықтырушылар бұл сатыда көрнекі құралдар мен бейнелеп көрсетуге ден қояды. Алайда жаттығуды үйренуге тапсырма берместен бұрын оны көрсетумен қатар оның қандай принципке құрылғанын аталған бірізділік неліктен таңдалып алынғанын, т.б. есте ұстау қажет. Бұл жастағылардың адамгершілік ережелері мен дене жаттығуларын мағынасыз есте ұстауы тиімді емес. Материалды ойға түйгенде ол жақсы сақталып, тез жаңғырады.

Балалардың зейіні таңдау сипатында болады және олар үшін өте маңыздысына қарай бағытталады. Олардың зейінін бір нысанда ұстап тұру өте қиын. Тәжірибелі жаттықтырушы тәрбиеленушілерінің зейіні қашан

төмендейтінін біледі, сол кезде ол оқушылардың зейінін басқа нысанға аударады. Осы мақсатта оң көңіл – күй тудыру және оны күшейтуге бағытталған жаттығулардың кең шеңбері пайдаланылады.

Бұл жастағы балалардың зейін көлемі үлкен емес. Бұл табиғи нәрсе, жас спортшы екі мектептің яғни білім беру мен спорттық бағдарламалар бойынша оқиды. Көптеген жаңа және қиын ақпараттарды қабылдап соған зейін аударуға тура келеді. Оқушы біртіндеп зейінін қажетті және сырты тартымды заттарға аударып, соны тұрақты сақтауға үйренеді. Зейінді тудырып, оны қалыптастыру және оны бағыттап білу – алғашқы оқу жылы мен жас спортшы тәрбиесінің маңызды міндеттерінің бірі.

Оқытудың алғашқы сатысында ойлауды дамыту процесі нақты бақыланады. Ойлау негізінен нақты болып қалғанмен танымдық нысандар саны мен олардың арасындағы қарым – қатынас біршама ұлғаяды. Сондай – ақ салыстыру процесі дамытылады. Балалардың заттар мен құбылыстардың белгілері мен қасиеттері туралы талқылау негізінде негізінен көрнекілік бейнелеу мен сипаттау жатыр.

Мұнда ойлауды дамытудың екі сатысы байқалады. Біріншісі – алғашқы оқыту сатысында барлық материалдарды талдау көрнекілік - әрекетті жоспарда жүргізілген жағдайда, яғни жас спортшылар бұл жағдайда ақиқат заттарға немесе олардың тікелей баламасына сүйенеді. Екінші сатысы – абстрактілеу мен жалпылау қабілеттерін игеруде байқалады, дене жаттығуларымен екі – үш жыл жүйелі айналысқан соң басталады. Бұл процесс, әрине, жеке ерекшеліктерге ие, яғни біреуінде мидың аталған қызметі тез дамыса, келесісінде – баяу дамиды.

Жалпы білім беретін және спорттық мектептерде жас спортшының елестету тәрізді маңызды психикалық қабілетін дамытуға көмектеседі. Жас спортшыны алдын ала даярлау сатысында елестету өз дамуының екі кезеңінен өтеді. Спорттық қозғалыстың алғашқы үлгілері ақиқат нысанды жақын сипаттайды, оларда бөлшектері аз, тұрақтылық көп, өзгерісі аз, өзара байланыс әрекет пен өзгерісті көрсетпейді. Бұл нысандардың жуық шамадағы жағдайын олардың сипаттарын толық көрсетпейтін, бірақ сол заңдылықтар бойынша жұмыс атқара бейнелеп, анықтай білуді қалыптастыру бағытында дамиды бейнелеуге (өнімді елестету) тән. Туындаған елестетулер ақиқат бейнелерді жасайды.

Бұл жаста спорттық дайындық сатылары мен Олимпиада ойындарында өнер көрсетуге дейін маңызы зор шығармашылық елестетуді дамыту үшін алғышарттар болады. Шығармашылық қабілеттің жоғары деңгейде дамуы спорттық жетілдіруде тәрбиеленуші үшін де, тәрбиеші – жаттықтырушы үшін де құнды қызмет көрсетеді.

Шығармашылық елестету жас спортшылардың жеке, ойлап тапқандарымен байланысты тапсырмаларды орындауда қалыптасады (барлық жаттығулар, ойындар, айла – шарғылар, т.б.). Бұндай шығармашылық ойындарда дамушы тұлғаның сезімі, яғни оның ақиқат нәрселерге деген көңіл күй көзқарасы айқын көрінеді.

Оқу – жаттықтыру сабақтары да басқа психикалық процестер тәрізді балалар көңіл күйінің жалпы ойпатын өзгертеді. Жас спортшы біртіндеп мектептегі, спорт секцияларындағы үйлеріндегі бірқатар мінез – құлық ережелерін меңгереді. Осы ережелерді орындау барысында бала өз ісіне қанағаттану сезімін басынан өткереді, ал оны жаттықтырушысы мақтаса, қуанғанын білдіреді. Ережені бұзу кейде жаттықтырушы тарапынан көңілінен шықпауы мүмкін деп қорқақтауды туындатады. Жас спортшыларда жауапкершілікті дамыту осылай қалыптасады.

Эстетикалық, этикалық және адамгершілік сезімдерді қалыптастырудың маңызы зор. Төменгі сынып оқушыларында көңіл күй тұрақсыз тез өзгеріп отырады. Жақын адамыңның немесе ересек адамның қате әрекетіне деген түсінбеушілігі, ұнатуы немесе немқұрайлы қарауы, яғни көңіл күй реакцияларының көрінуі үшін мазасыздануға жол ашады.

Бұл жаста болашақ азаматтың адамгершілік сапаларының мықтылығы мен сенімділігінің іргетасы қаланады. Балалардың ерік – жігері әлсіз және тұрақсыз, сондықтан барлық педагогикалық құралдарды соны жетілдіруге бағыттап, оларды зейін салып, мұқият болуға қабылдаған шешімін дер кезінде орындауға, бастаған ісін соңына дейін жеткізуге үйрету қажет.

Мұнда жаттықтырушының орны оның дайындығы мен осы жастағы балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заңдылықтарын білуінің маңызы зор.

Дене жаттығулары сабақтарында жас спортшының, ерік-жігері бекиді, яғни жаңа білімді іскерлік пен дағдыны меңгеру үшін ерік – жігер күші талап етіледі, ол спорт дайындығының алғашқы сатыларында түрі мен мазмұны жағынан әр түрлі, жасына сәйкес спорттық жаттықтыру құралдарымен және әдістерімен қалыптастырылады.

Жасөспірімдік кезең – бұл өзіндік қалыптасу кезеңі. Жасөспірім өзінің бойында кейбір қарапайым міндеттерді дербес шешу үшін күш барын байқап, оның бойында өзін ересектер санатына қосу қажеттігі туралы талап туындайды. Алайда ересек және дербес талқылау орта есеппен 12-13 жастан басталатын үлкен жасөспірімдік жасқа ғана тән екенін ескеру қажет.

Жасөспірімнің өзінің жеке тұлғасы туралы өз пікіріне сай орын алу талабы (көбінесе асыра бағалау) оның мінез – құлқына, оқуына, жаттықтыруына деген көзқарасында әсер етеді.

Сонымен қатар оқудағы, спорттағы табыстары өзіндік қалыптасу құралы ретінде қолданылады. Бұл жағдайда алдыңғы дайындық сатысындағы жас спортшылармен жұмыс барысындағыға қарағанда басқаша педагогикалық құралдар талап етіледі.

Жасөспірімнің, әсіресе, жыныстық жетілудің алғашқы кезеңіндегі жасы (оны екінші жыныстық белгілерінің даму деңгейі бойынша дәл анықтауға болады) педагогикалық ықпалдар үшін өте қиын болады. Жасөспірімнің басынан өткеретін барлық толқыныстары мен қиындықтарына отбасының, мектеп пен жаттықтырушы тарапынан өте сезімталдық пен байсалды көзқарас қажет етеді.

Жасөспірім өзін тұлға ретінде танып, мойындатуға құмар келеді. Бұл кезеңде жас спортшыға өз бетінше ширату жаттығуларын жасауға рұқсат етіп, оны алдын ала даярлық топтарына басшылық жасау мен жарыстарды ұйымдастырып және өткізуге қатысуға тарту қажет.

Жасөспірімдердегі танымдық қызығушылықтары сан түрлі болып келеді. Мысалы, заманауи әуеннен классикалық әуендерге дейін спортпен шұғылдандудан өлең жазуға дейін, т.б. Бұл әрине, жоғары дәрежелі спортшыны қалыптастыру үшін де, жеке тұлғаны жан – жақты дамыту үшін де қолайлы жағдайлар тудырады. Жасөспірім қоршаған өмірді түсіну үшін көп біліп, өз білімін дербес толықтыру қажет екенін біледі. Оқыту барысында ол ойға тоқудың пайдасы көп екенін түсінеді, бірақ оқу әрекетінде әлі де механикалық есте сақтау жиі қолданылады.

Библиографиялық тізім

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Химия мектепте, 2005ж. №3. 16 б.
2. Қазақстан Республикасы президентінің Қазақстан халқына жолдауы Астана, 2004.-Б.
3. Әбділлаев Ә.К., Оңалбек Ж.К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі. Түркістан. 2004.
4. Әбділлаев Ә.К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі.(2,3,4) Кентау. 2007.
5. Әбділлаев Ә.К., Мұхамеджанов Б.Қ. Дене мәдениеті. Кентау. 2008.
6. Әбділлаев Ә.К., Мұхамеджанов Б.Қ. Олимпиадалық білім. Кентау. 2008
7. Әбділлаев Ә.К. Дене мәдениеті мен спорттың жалпы педагогикасы. Кентау. 2010.
8. Ахмедзянов М. Н. Физическое воспитание учащихся в деятельности начинающего педагога: учебное пособие. Челябинск. 1997. Баранов В. А.,
9. Венглинский Г. П., Столяр К. Э. Теория и практика физической культуры в вузе. М., 2004.
10. Барчуков И. С. Физическая культура: учебное пособие для студентов высших учебных заведений. М.: ЮНИТИ, 2003.
11. Боген М. М. Физическое совершенство как основное понятие теории физической культуры // Теория и практика физической культуры. 2007. № 5.

СПОРТТЫҚ ШЕБЕРЛІКТІ ЖОСПАРЛАУ. СПОРТТЫҚ ШЕБЕРЛІКТІ ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ

*Сапаров К.Т. магистрант
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

АННОТАЦИЯ

Выявленная структура тактической подготовленности позволяет определить уровень тактического мастерства, что способствует направленному формированию тактики проведения технических действий согласно предложенной методике подготовки, с последующей возможностью рационального планирования времени на тактическую подготовку в предсоревновательном периоде тренировки борцов высокой квалификации.

Ключевое слово: технические действия, тактическая подготовленность, спортивная борьба, борцы высокой квалификации.

ABSTRACT

The revealed structure of tactical preparedness makes it possible to determine the level of tactical skill, which contributes to the targeted formation of tactics for conducting technical actions according to the proposed training methodology, followed by the possibility of rational planning of time for tactical training in the pre-competition period of training highly qualified wrestlers. The key word: technical actions, tactical preparedness, wrestling, highly qualified wrestlers.

Бейімделетін дене шынықтыру-мүгедекті қоса алғанда, денсаулығында ауытқулары бар Тактикалық өнер, әсіресе, жекпе-жектің спорттық түрлерінде, онда жағдайды лезде түсіну, серіктесті жақсы түсіну, ойнаған комбинацияларды тез пайдалану, жарыс ережелерін терең білу, бай бәсекелестік тәжірибе жинақтау қажет. Спорттық жекпе-жектегі Тактика дайындықтың құрамдас түрлерінің бірі болып табылады. Жекпе-жектегі тактикалық әрекеттер күрделі, үнемі өзгеріп отыратын жағдайда орындалады. Олар интеллектуалды және психомоторлық қабілеттерді, білімді, дағдыларды қажет ететін спортшының кешенді қызметі. Олар физикалық қасиеттерді, техникалық дағдыларды, дағдыларды және психикалық қабілеттердің көріністерін (когнитивті, эмоционалды-ерікті, психомоторлы) оңтайлы пайдаланумен байланысты шығармашылық ойлау әрекетінің нәтижесі (а.в. Родионов, 1978; О. Б. Малков; В. Л. Дементьев; г. О. Героян; О. А. Сиротин және т. б.).

Сапалы тактикалық дайындық спортшыға жарыс, жекпе-жек процесінде күштерді ұтымды бөлуге және ойластырылған әдістерді сапалы негізде орындауға мүмкіндік береді, бұл сайып келгенде жоғары спорттық көрсеткіштерге қол жеткізу міндеттерін шешуге мүмкіндік береді (р.а. Пилоян, 1995; к.Анарбаев; н. п. Хохлов, 2001 және т. б.).

Қазіргі заманғы жоғары жетістіктер спортының тәжірибесі көрсеткендей, бұл әдебиеттер отандық дзюдошылар тактикалық жағынан

Жас баскетболшыларды даярлау үдерісіндегі басты міндеттердің бірі-ОФП пен СФП құралдарын өзара байланыстыра білу. Спорттың жетекші теоретиктерінің бірі В. Н. Платонов (1986) спортшыны даярлаудың қазіргі жүйесі спортшының ең жоғары спорттық көрсеткіштерге жетуін, сондай-ақ спортшыны жарысқа дайындаудың ұйымдастырушылық-педагогикалық процесін қамтамасыз ететін күрделі, көп факторлы құбылыс екенін атап өтті. Спорттық жаттығу процесінде FPP мен FPP арақатынасы спорттық шеберліктің өсуіне қарай өзгереді, бұл FPP-ге артықшылық береді.

Баскетболда спортшыға қажетті қасиеттер - қолдың күші, секіру қабілеті, реакция жылдамдығы және бағдарлау, бүйірлік көруді қолдана білу, сигналдарға жауап беру кезінде қозғалыс жылдамдығы, арнайы төзімділік (секіру, жылдамдық, жылдамдық-күш), секіру ептілігі, арнайы икемділік. Осы қасиеттерді дамыту үшін әртүрлі заттармен жаттығулар қолданылады: баскетбол, баскетбол, теннис, хоккей доптары, арқанмен.

10-12 жастағы балалар бастапқы дайындық топтарында анықталады. Олардың жаттығуларының негізгі мақсаты-жан-жақты дене шынықтыру, ойынның негізгі техникалық әдістері мен қарапайым тактикалық әдістерін меңгеру. Бастапқы дайындық топтарындағы сабақтарда шешілетін негізгі міндеттер мыналар болып табылады:

1. Денсаулықты нығайту, физикалық даму және жан-жақты дене шынықтыру;

2. Ойын дағдыларын сәтті игеру үшін қажетті арнайы қасиеттерді тәрбиелеу (қозғалыстарды үйлестіру, жылдамдық, икемділік, ептілік, өзгермелі ортада шарлау қабілеті, жылдамдық-күш);

3. Тірек-қимыл аппаратын нығайту;

4. Допты жылжыту және тіреу, ұстау, беру, дриблинг, допты сақинаға лақтыру техникасының негіздерін үйрету;

5. Шабуыл мен қорғаныстағы тактикалық іс-қимылдарды бастапқы оқыту;

6. Бәсекеге қабілеттілік дағдыларын және баскетболға деген тұрақты қызығушылықты тәрбиелеу.

Осы міндеттерге сәйкес 10-12 жас аралығындағы баскетболшылардың ойдағыдай ойнау үшін қажет ерекше маңызды қасиеттерін атап өтуге болады: күш, икемділік, үйлестіру, ептілік, жылдамдық, жылдамдық және жалпы төзімділік. Келесі дағдылар да үлкен маңызға ие: дриблинг, сақинаға лақтыру, дриблингтен кейін қозғалыста лақтыру, допты ұстап алу және қозғалыста беру.

Әдебиет

1. Баскетбол: оқу. дене шынықтыру институттары үшін / В. М. Корягин, В. Н. Мухин, р.с. Мозола. - Киев, 1989.

2. Вари Б. 1000 жаттығу баскетбол ойындары: аударма. / П.Вари ; ред. Л. Ю. Поплавский. - Киев, 1997.

3. Вуден Д. Қазіргі баскетбол / Д. Вуден; транс.ағылшын тілінен. Е. Р. Яхонтова. - М., 1987.

4. Гомельский а. я. Баскетбол: шебердің құпиялары / а. я. Гомельский. - М., 1997.

5. Колос В. М. Баскетбол: теория және практика / в.М. Колос. - Минск, 1998.

6. Корягин В. М. жоғары білікті баскетболшыларды даярлау: Оқу. дене тәрбиесі жоғары оқу орындары үшін / В. М. Корягин. - Львов, 1998.

7. Костикова Л. В. Баскетбол. Спорт әліпбиі/ Л.в. Костикова. - М., 2002.

ҚОҒАМДАҒЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ

Урисова Айгуль Избасханқызы

Магистр, аға оқытушы

Шымкент университеті, Шымкент қ.

АННОТАЦИЯ

Эта статья посвящена физической культуре в обществе.

Ключевые слова: общество, спорт, физического воспитание, культура

ABSTRACT

This article is about physical culture in society.

Keywords: society, sport, physical education, culture

Ел дамуының қазіргі кезеңінде қоғам өмірінің барлық аспектілерін сапалы қайта құру жағдайында біздің отандастарымыздың табысты жұмыс істеуі үшін қажетті дене шынықтыруға қойылатын талаптар артып келеді.

Елдегі халықтық білім беруді қайта құру жоғары мектептің алдына болашақ мамандардың кәсіби дайындығы мен дене тәрбиесін түбегейлі және жан-жақты жақсарту міндетін қойды.

Жаңа жағдайларда дене тәрбиесінің әлеуметтік-кәсіби қызметке жоғары дайындығы бар ЖОО түлегінің жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғасын қалыптастырудағы әлеуметтік маңыздылығы артады.

Тұлға дамуының үйлесімділігін барлық халықтар және барлық уақытта бағалады.

Бастапқыда "мәдениет" сөзі латын тілінен аударғанда "өңдеу", "Өңдеу" дегенді білдіреді. Қоғам дамыған сайын "мәдениет" ұғымы жаңа мазмұнмен толтырылды.

Қазір бұл сөз жалпыадамзаттық мағынада-бұл жеке тұлғаның белгілі бір белгілері (білім, дәлдік және т.б.) және адамның мінез-құлық формалары (сыпайылық, өзін-өзі бақылау және т. б.) немесе қоғамдық, кәсіби және өндірістік қызмет формалары (өндіріс мәдениеті, күнделікті өмір, бос уақыт және т. б.).

Ғылыми мағынада "мәдениет" сөзі-бұл қоғамдық өмірдің барлық формалары, адамдардың іс-әрекетінің тәсілдері. Бір жағынан, бұл адамдардың материалдық және рухани іс - әрекетінің процесі, ал екінші жағынан-бұл қызметтің нәтижелері (өнімдері).

"Мәдениет" мазмұнына кең мағынада, мысалы, философия, ғылым және идеология, құқық, тұлғаның жан-жақты дамуы, адамның ойлау деңгейі мен сипаты, сөйлеуі, қабілеттері және т. б.

Осылайша, "мәдениет" - бұл адамның шығармашылық шығармашылық қызметі.

"Мәдениетті" дамытудың мәдени-психологиялық процесінің негізі мен мазмұны, ең алдымен, адамның физикалық және интеллектуалдық

қабілеттерін, оның адамгершілік және эстетикалық қасиеттерін дамыту болып табылады.

Осыған сүйене отырып, дене шынықтыру жалпы мәдениеттің құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады, ол қоғамның материалдық және рухани мәдениетімен қатар пайда болады және дамиды.

Дене шынықтырудың 4 негізгі формасы бар:

дене тәрбиесі және нақты қызметке дене шынықтыру даярлығы (кәсіптік-қолданбалы дене шынықтыру даярлығы);

дене шынықтыру құралдарымен денсаулықты немесе жоғалған күштерді қалпына келтіру - оңалту;

демалу мақсатында дене жаттығуларымен айналысу, деп аталатындар-рекреация;

спорт саласындағы жоғары жетістік.

Айта кету керек, адам мәдениетінің деңгейі оның бос уақыт сияқты қоғамдық игілікті ұтымды, толық пайдалану қабілетінде көрінеді. Оның қалай қолданылатынына тек еңбек, оқу және жалпы дамудағы сәттілік қана емес, сонымен бірге адамның денсаулығы, оның өмірінің толықтығы да байланысты. Мұнда дене шынықтыру және спорт маңызды орын алады. Дене шынықтыру-бұл денсаулық.

Дене шынықтыру (тәрбие) қоғамдық және жеке гигиена ережелерін, Еңбек және тұрмыстық гигиенаны, Еңбек және демалыс режимдерін сақтауды қамтиды, яғни бұл адамды өсіру процесі.

"Дене шынықтыру" термині алғаш рет Англияда өткен ғасырдың соңында пайда болды.

Дене шынықтыру-бұл адамның физикалық және рухани қажеттіліктерін мақсатты дене шынықтыру сабақтары, тиісті білім мен дағдыларды игеру және қолдану, сондай-ақ спорттық іс-шаралар мен жарыстарға қатысу арқылы қанағаттандыратын әлеуметтік қызметтің ерекше түрі.

Дене шынықтыру дене жаттығулары арқылы адам денсаулығының жай-күйін және оның жалпы және арнайы дене шынықтыру деңгейін анықтайтын табиғаттың табиғи күштерін және факторлардың барлық жиынтығын (еңбек режимі, күнделікті өмір, демалыс, гигиена және т.б.) қолдана отырып, адамдарды өмір мен жұмысқа дайындайды.

Қоғамдағы дене шынықтыру жағдайының көрсеткіштері:

оның дамуының жаппай болуы;

білім беру және тәрбиелеу саласында дене шынықтыру құралдарын пайдалану дәрежесі;

адамдардың физикалық қабілеттерінің денсаулық деңгейі және жан-жақты дамуы;

спорттық жетістіктер деңгейі;

кәсіби және қоғамдық дене шынықтыру кадрларының болуы және біліктілік деңгейі;

дене шынықтыру мен спортты насихаттау;

дене шынықтыру алдында тұрған міндеттер саласында БАҚ-ты пайдалану дәрежесі мен сипаты;

ғылымның жағдайы және дамыған дене шынықтыру жүйесінің болуы.

Дене шынықтыру-белгілі бір тарихи жағдайларды дамытудың өнімі.

Құл иеленуші қоғамда дене шынықтыру таптық сипатқа және әскери бағытқа ие болды. Ол мемлекет ішіндегі қанаушы бұқараның наразылығын басу және жаулап алу соғыстарын жүргізу үшін пайдаланылды. Алғаш рет дене шынықтыру жүйелері мен арнайы оқу орындары құрылды. Дене тәрбиесі мұғалімі мамандығы пайда болды. Дене шынықтыру сабақтары поэзия, драматургия, музыка сабақтарымен қатар бағаланды. Ежелгі грек Олимпиадасының қатысушылары: Гиппократ (дәрігер), Сократ (философ), Софокл (драматург) және т. б.

Феодализм дәуірінде халықтардың физикалық дамуы еңбек қызметі, ашық ойындар, тұрмыстық, мәдени және әскери сипаттағы процестерде жүзеге асырылды.

Дене тәрбиесінің мақсаты оның міндеттерінде нақтыланады, оның бірінші шеңбері-сауықтыру, білім беру және білім беру.

Сауықтыру міндеті-денсаулықты нығайтуға, ағзаның ауруларына төзімділікті арттыруға және оны қатайтуға бағытталған дененің формалары мен функцияларын үйлесімді дамыту.

Тәрбиелік міндет-адамның моторлық қасиеттерін (күш, жылдамдық, төзімділік және т.б.), сондай-ақ ерік-жігер қасиеттерін, шаршауға қарсы тұру қабілетін дамыту.

Сауықтыру міндеті-өмірлік маңызды моториканы, Дағдылар мен білімді қалыптастыру.

Міндеттердің екінші шеңберіне дене тәрбиесінің тәрбиенің басқа жақтарымен, атап айтқанда, моральдық, ақыл-ой, Еңбек және эстетикалық байланысының міндеттері жатады.

Міндеттердің үшінші шеңбері-жастарды қоғамдық-саяси қызметке тартудан, патриоттық тәрбиеден, біздің спортшылар арасындағы достық байланыстарды нығайтудан тұратын қоғамдық-саяси сипаттағы міндеттер

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. В. Парфененков. - М.: кеңестік спорт, 2008. - 206 б.
2. Курамшин, Ю. Ф. дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі: оқулық / Ю. - М.: кеңестік спорт, 2003. - 463 б.

СПОРТШЫЛАРДЫҢ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ІС-ҚИМЫЛДАРЫНЫҢ ДЕНЕ МҮМКІНДІГІН АРТТЫРУ

*Сарсембаев.А.Б. магистр аға оқытушы
Рысқұлбек.Г. ДС-420 тобының білім алушысы
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Дене қасиеттерін тәрбиелеуде жас ерекшелігіне байланысты кезеңдерді, сондай-ақ әртүрлі жастағы және жыныстағы оқушыларды тексеру материалдарына түрлі талдау жасалуы тиіс.

Дене қабілеттерін дамытудың жылдық өзгерістерін мектептегі оқудың барлық кезеңін дене өзгеруімен пайыз арқылы салыстырғанда, оқушыларда көбінесе орта және жоғарғы мектеп жасында дене дайындығының қарқыны өсетінін зерттеу материалын талдағанда көруге болады. Дене қабілеттері дамуының ең жоғарғы қарқынының жылдық кезеңдері уақыт жағынан сай келмейді. Біз алған бақылаудың мәліметтері мен нәтижелері дене қабілеттерін жедел түрде дамыту кезеңдерінің көне әдебиеттік мәліметтермен [44,45] сай келетінін көрсетеді, сондықтан сатылы дамуды мектеп оқушыларының қозғалыс қызметін арттырудың жалпы заңдылығы деп, білу керек.

Қозғалыс қызметін дамытудың сатылық сипатын жауапты кезеңдер концепциясы тұрғысынан талдағанда жасы және жынысы әртүрлі оқушылардың жас кезеңдерінің шартты хронологиясын жасауға мүмкіндік болады. Жылдық мезгілдерді біз шартты түрде қарастырдық, егер қандай да бір дене қабілетін дамытудың өзгеру деңгейі санақтық шартты бірлігінен төмен болса, дамудың аса жауапты кезеңі туралы гипотеза қабылданатын, сөйтіп, көлемі жағынан өсудің біркелкі жоғары қарқынды кезеңі өсудің шапшаң қарқынды кезеңін және өсудің аса жоғары қарқынды кезеңі ажыратылды. Дене қабілеттерін дамытудың жауапты кезеңдерінің осылайша анықталған хронологиясы кейін педагогикалық эксперименттің негізінде алынады. Мектеп жасындағы оқушылардың жаттығу сабағындағы міндеттерін шешуде осындай кезеңдердің педагогикалық мәні көрсетіледі.

Оқушылардың қозғалыс қызметін дамытудың динамикасын оны шартты түрде кезеңдерге бөле отырып талдағанда, педагогикалық академия ұсынған қазіргі мектеп құралдарындағы (екінші балалық 7-12 жас, жасөспірім шақ 13-14 және ер жеткен мезгіл 15-17) оқушылардың дене қабілеттерінің көрсеткішінде осылай сатылағанда елеулі өзгеріс жоқ екенін көрдік. Олар мектеп оқушыларының дене қабілеттерін дамытудың негізгі сатыларын нақты көрсетеді.

Әртүрлі дене қасиеттерінің өзара байланысын кеңейту кезеңдері (Ұл балаларда 10-11,15-17 жас, қыз балаларда 8-9,13-16 жас) уақыты жағынан қандай да бір қасиетті дамудың шартты жауапты кезеңдерімен сай келеді. Бұларды бір дене қабілеті дамыту нәтижесін басқа бір қолайлырақ

жаттығуларға алмастыру деп, қабылдау керек. Антрометриялық белгілер оқушылардың қозғалыс функциясының сыртқы көрінісін негіздейтін факторлар болып табылады, олар зерттеушілер қарастырған жас кезеңдерде онша үлкен роль атқармайды [47]. Көптеген зерттеулердің нәтижелері 13-15 жастағы балалардың орташа күші қандағы гемоглабиннің мөлшеріне, кеуде және мойын жасушаларының айналым шеңберіне, дене ұзындығы мен салмақ ерекшелігіне, оқушылардың дене дайындық көрсеткіштері мен даму деңгейіне елеулі мүмкіндіктермен байланыспайтындығын көрсетті.

Осыған байлынысты антрометриялық белгілер дене қасиеттерін сатылық дамуына, қозғалыс әрекеттерінің сапалық ерекшеліктерін дамытудың аса жауапты кезеңдерінің антогонистік хронологиясына онша әсер етпейді деуге болады.

Көптеген зерттеулер акселерация, яғни, шапшаң өсу феномені жоғары жастағы оқушылардың абсолютті деңгейіне, өсу қарқынын тұрақтандыруға, ұл баланың жедел даму кезеңдерінің аумағын кеңейтуге және аумақты тарылта отырып, ертерек мезгілге ауыстыруға онша қатты әсер етпейтінін атап өтеді.

Осылайша, әдебиеттік мәліметтерді зерттеуде дене қабілеттері өсу қарқынының жоғарғы жауапты және төменгі жауапты кезеңдерін ажыратуға мүмкіндік туады. Өсудің ең жоғарғы қарқыны аяқтың және дененің қозғалыс жылдамдығын дамытуда 7-8 жаста, жалпы төзімділік 8-9, 10-11 және 12-13 жастарда, омыртқа сүйегінің майысқақтығы -9-10, 13-14, 15-16, жастарда, дененің тепе теңдігін сақтау -9-10, 14-15, 16-17 жаста, қол күшінің динамикасы мен төзімділігі -14-15, 16-17 жаста, дененің иілгіштік күші 16-17 жаста көрінеді.

Өсудің жоғарғы қарқыны дененің иілгіштікке төзімділік күші 12-13 жаста және 15-16 жаста дененің иілгіштік күші, статистикалық төзімділігі, аяқ және дененің жылдамдық, күшітілік қабілеті 14-15 жасында көрінеді.

Оқушы қыздардың ең жоғарғы өсу қарқыны, дененің аяқ пен кеуде қасиетінің даму жылдамдығы 7-9, 10-11 және 13-14 жаста, дененің статистикалық дамуы 8-9, 11-12 жаста, кеуде және аяқты бұғу қасиетінің жылдамдық күштілігі 9-12 жаста, кеуденің динамикалық иілгіштікке төзімділік күші 9-12 жаста, кеуденің бүгілу күші 10-11 және 16-17 жаста, жалпы төзімділік 11-12 жаста, омыртқа жотасының иілгіштігі 14-15 және 16-17 жаста көрінеді.

Өсудің жоғарғы қарқыны қолдың иілгіштік дене қасиетінің статистикалық төзімділік дамуының болуы 7-8, 10-11 және 14-16 жаста, дененің статистикалық тепе – теңдігіне 7-8, 9-10 жаста, кеуденің иілгіштік күші мен төзімділігі 8-9 12-13 жаста, кеуде мен аяқ қозғалысының жылдамдығы 9-10 жаста, жалпы төзімділік 9-10 жаста, кеуденің бүгілу күші 11-12 жаста және омыртқа желісінің иілгіштігі 11-12 және 13-14 жаста көрінеді.

Өсудің біркелкі баяулаулауының жоғарғы қарқыны дене қасиетіндегі - кеуденің бүгілу күшінің дамуы 7-9 жаста, аяқ пен кеуденің жылдамдық

сапасы 7-8 және 14-15 жаста, күш төзімділігі 8-9 және 16-17 жаста, дененің статистикалық тепе-теңдігі 12-13 жаста және кеуде мен аяқтың қозғалу жылдамдығы 15-16 жаста көрінеді.

Дене қабілеттері дамуының жоғарғы және төменгі қарқыны кезеңдерінің осы көрсетілген айырмашылықтарына сүйене отырып, жалпы білім беретін мектепте дене тәрбиесінің оқу бағдарламасын жасауда қандай спорт ойыны ең көп кездесетінін анықтау керек болды.

Балалармен жасөспірімдерді даярлайтын спорт мектептері әр түрлі спорт ойындарының жаттығу сабақтарына хронометр жасау нәтижелері жылдамдықтың ең жоғарғы деңгейде көрінетін спорт түрі мыналар екенін байқатты: кіші футбол, баскетбол, теннис және т.б. Жылдамдықтың көрінісі деп,- қозғалыс реакциясының жылдамдығын, қозғалыс жылдамдығын, ойын кезіндегі күш қабілеттерінің (соққы беру, лақтыру, ойын ережесі шегінде қарсыласты итеру күші, т.б.) көрінісін түсіну керек. Мұндай күш қабілеттері ең жоғарғы деңгейде доппен ойналатын ойындарда: төзімділік- кіші футболда 35%, баскетбол, гандболда -30%, кіші футболда -25% көрінеді. Иілгіштік волейболда-35%, баскетбол, кіші футболда - 25%, гандбол үстел теннисінде - 10%. Ептілік волейболда, баскетболда - 25%, үстел теннисінде - 30%, кіші футбол, баскетбол-20%, гандбол - 10%.

Оқу бағдарламасы мен дене тәрбиесі, спорттық секциялар сабағының жылдық жоспарын жасауда негізгі ережелердің бірі дене қасиеттеріне – жылдамдыққа, ептілікке, төзімділікке тәрбиелеуде жас ерешелігін ескеру қажеттігі болып табылды. Оқушылардың дене тәрбиесінің сан түрлі ерекшеліктерін ескеруде, біздің ойымызша, ең қолайлы дене шынықтыру мен спорт саласындағы белгілі мамандар ұсынған әдебиеттер мәліметі негізінде жасалғанын топтастыру болды, сондай-ақ, көп жылдық ғылыми зерттеулер мен практикалық қорытындылардың да нәтижелері пайдаланылды.

Спорттық ойындар бүкіл әлемдегі жеткіншектер мен балалардың арасында кең тараған және сүйікті дене жаттығулары болып табылады. Спорттық ойындар – дене тәрбиесі мен спорттың ерекше түрі. Бұлардың ішіне кіретін көптеген ойындардың әр қайсысы спорттың жеке түріне жатады. Бүгінде спорттық ойындар бойынша үнемі спорттық жарыстар өткізіледі. Ең кең тараған ойындар олимпиадалық ойындардың бағдарламасына енгізіледі. Бірінші олимпиаданың өзінде теннистен, голфтен жарыстар бойынша Олимпиада жүлделері берілді. Қазіргі уақытта ойындардың 9 түрі бойынша футбол, баскетбол, гандбол, волейбол, хоккей, көгалдағы хоккей, су добы, теннис, үстел теннисі бойынша жарыстар өткізіледі. Олимпиада ойындары бағдарламасының осы ойындар бөлігін кеңейте түсу қарқыны жоғары. Мұндай шешімнің дұрыстығына дау жоқ, себебі ойындарға басқа жаттығулар арасында бірінші орын беріледі.

Спорттық ойындардың кең таралуының көптеген себептері бар. Ойындардың аса көп түрлері адам үшін ыңғайлы. Олар үшін қымбат жабдықтар, ерекше орын табу қажет емес, ең бастысы жарысқа қатысу үшін алдын- ала, ұзақ дайындықтардың да қажеті аз. Алаңдағы жарысушылардың

ойынын бақылаушыға спортшылардың белгісіз жеңіске ұмтылған қимыл-қозғалыс шеберлігі, жылдамдығы қатты әсер етеді.

Ойынның тағы да бір кең тараған себептері, олар жалпы дене дайындығының ең бір жан-жақты да, терең әсер беретін құралы болып табылады, ойындардың көмегімен жүгіру, секіру, лақтыру сияқты - өмірлік маңызды дағдылар – жылдамдық, ептілік, күш, төзімділік, икемділік жетіледі.

Қазіргі қоғамда спорт маңызды орын алады, егер спортты ХХІ ғасырдың феноменіне айналды десек, бұл баға спорттық ойындарға қатысты, себебі олар спорттың ең жақсы (көңілді көтеретін) түрі болып отыр.

Ойынның әлеуметтік қызметі еңбекке дайындау болып табылады. Өмірдің шындық жағдайларын бейнелейтін ойындардан тұлғаның еңбекқорлығын анықтайтын қасиеттері көрінеді. Бірақ ойын процессінде материалдық қажеттіліктері өтеліп, шығармашылық қабілеттер көп көрінеді. Сондықтан да ойындар адамға оның психикасы мен дене іс-әрекетінің жетілдіруге бағытталады. Осы аталған ерекшеліктер ойын мен еңбек арасындағы тығыз байланыс пен өзара әсерді көрсетеді. Осыдан жеке адамның сондай-ақ, тұтас қоғамның дамуын қамтамасыз ететін ойынның әлеуметтік қызметінен көрінеді.

Мәдени өмір мен өнердегі көптеген бағыттар осы ойындардан шыққанын атап көрсету орынды, себебі, ойындарда адамның өзін-өзі шығармашылықпен таныту қабілеті қалыптасады, қиял мен сезім, ғылым мен техникадағы тапқырлық ойындарда да дамиды.

Ойындардың ең маңызды әсер ету саласы деп, ойын үстіндегі әлеуметтік интеграцияны атау керек. Бұл тұрғыдан спорттық ойындар ортақ мақсатқа жету үшін іс-әрекетті бірігіп ұйымдастырудың әлеуметтік түрі ретінде өте маңызды. Ойнаушылардың әрбір ұжымы өзара міндет бөліскен, ұйымдасқан мүшелердің шағын жүйесі болып табылады.

Дене тәрбиесі саласында ойындар кәзіргі спорттың бастапқы түрі болып саналады. Спорттың көптеген түрлеріне айналған жарыс түрлері ойындардан келіп туындаған. Ойын мен спорттың жақын туыстығы үлкен спорттық жарыстар мен олимпиадалық ойындардан көрінеді. Осылайша ойын – адам қоғамымен бірге туып, бірге дамып келе жатқан жаттығулардың арнаулы түрі. Бұның төрт түрлі аспектісін: биологиялық, әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық қырларын көрсетуге болады. Бұлардың әрқайсысы адам табиғатын жетілдіру және дамыту мәселелерін шешудегі ойындардың маңызын көрсете алады. Бірақ ойындардың адам санасының күш-қуатын тудырған құбылыс ретіндегі нағыз құндылығын жоғарыдағы салаларды түгел ескергенде ғана көреміз. Сондай-ақ, ойын табиғатын қате, шектеулі түсіндіріп, оны биологиялық құбылыс деп, білетін көзқарастар бар. Осы тұрғыдан ойын қабілеті туғаннан пайда болатын рефлекторлық табиғаты бар болып сипатталады, жануарлар ойыны адам ойындарына теңеледі, ал адамның өзі ешқандай бақылаусыз ойынға ұмтыла беретін болып қабылданады. Осыдан келіп еркін ойын теориясы деп аталатын бағыт

басталады, сол ойын барысына, талдауға қандайда бір педагогикалық кеңес берудің мүлде керек еместігін айтады.

Мұндай көзқарас ойын іс-әрекетінің табиғилығын тым дәріптейді. Адамның құнын түсіріп, инстинкт құлына айналдырады, ал ойындар адамның әлемге қатынастағы жаңа белесі болып табылады. Адамдар ойындары – ең алдымен адам санасының жемісі. Сананың шығармашылық іс-әрекеті, яғни, ойындар балалардың өздері өмір сүрген және өздері өзгертуге тиісті әлемді тану жолы. Ойынның күрделілігі, оның түрлерінің көптігі, соған байланысты оның әсер ықпаланың аса кеңдігі, оны нақты, анық табуды қиындатады. Бірғана аспектісін қарастыра отырп, ойынға нақты анықтама беруге тырысады. Бірақ бір жақты ғана бағыт ұстап анықтау өте қиын. Біздің заманымызда ең толық анықтама мынадай: ойын бұл «қоғамдық мәні бар шығармашылық іс-әрекет арқылы дене және эстетикалық белсенділікте жеке адамның материалдық емес қажеттіліктері ерікті түрде қанағаттандырылады». Қоғамның дамуына байланысты ойын қызметі күшейе түседі. Ойын табиғатын ашу: бай тәжірибені ғылыми негізде, түрлі әлеуметтік міндеттерді шешуде ойындарды дұрыс пайдалана алу, ойын мазмұнын дамыту оның ролін өсіреді, сөйтіп ойын туралы оның өзгерместігі туралы жалған тезисті жолға шығарады.

Ойындардың дамуы түрлі фактілердің әсері мен үздіксіз жүреді. Ең алдымен тірліктің материалдық жағдайларын атау керек. Өмір жағдайының өзгеруі ойын мазмұнында көрінеді. Басқа бір фактор - өмірлік тәжірибенің халық даналығының жиналуы. Ойындар – мәдениеттің бір элементі, халық шығармашылығының нәтижесі.

Ойындардан халық дәстүрі, оның өмірі мен тәжірибесінің ғасырлық жиынтығы көрінеді, әсіресе, ұлттық ойындардан бұл көп көрінеді. «Бұл елде қандай халық тұратынын білгің келсе, балалардың ойындарына қара» - деген моңғол мақалы бар екені бекер болмаса керек.

Ойындардың дамуы адамдар арасындағы моральдық – этикалық және экономикалық қатынастарға байланысты. Сондай-ақ ойындардың дамуы дене тәрбиесі теориясымен мен практикасының қалыптасуына да байланысты. Қоғам қалыптасуының алғашқы сатыларында- ақ ойындар әскерге дайындау тәсілі ретінде ептілікке, жылдамдыққа, мергендікке үйрету үшін қолданылады. Көне Египет, Греция, Рим тарихында жастардың дене тәрбиесі жүйесінде ойындадың қандай үлкен орын алғаны туралы мәліметтер көп. Кейініректе сарбаздың артықшылықтары мен қатар жұмысшының, кәсіпкер мен өнер шеберінің –дәлдік, ептілік, шығармашылық қиял мен қабілет, дем ала алу сияқты қасиеттер де жоғары бағалана бастады. Бұл кезде де ойындар жақсы көмекші болды.Осылайша өсіп келе жатқан ұрпақты қоғамдық пайдалы іс-жүйесі қалыптасты. Қазір ойындардың тармақтары ,соған орай атқаратын әлеуметтік қызметі жоғарылай түсті. Ойындардың мәні мен маңызының күшеюі болашақта адамды өмір сүру құралдарын жасау үшін көп уақыт шығынынан құтқаратын ғылыми техникалық дамуға байланысты болады. Өндірістің дамуына байланысты адамдардың бос уақыты да

көбейеді. Ғалымдардың ойынына, өз қажетіне жұмсай алатын бос уақыты – адамдардың басты байлығы болып табылады. Бос уақытты тиімді пайдалана алу қазіргі қоғамның негізгі проблемасына айналды.

«Көңілді жаттығулар» ойындары әр адамға өз бос уақытын пайдалы өткізу мүмкіндігін береді. Ойындар белсенді демалыс пен шығармашылық қабілеттерді дамытудың құралы. Бұған қоса ойын өзінің аса маңызды әлеуметтік қызметін- қазіргі қоғамның шығармашылық потенциалдық өсу қызметін атқара береді.

Спорттық ойындардың түрлері аса көп. Бүгінде қимыл-қозғалыс әрекеттерінің барлығы іске асуда. Сондықтан қажет жағдайда тиісті ойын түрлері нақты беріледі. Ой әрекетін талап ететін қозғалыссыз ойындар шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ және т.б., өте жоғары дене және психологиялық күш қуатты талап ететін, қарсыластардың бетін қайтару үшін өз денесін, ойын құрал – жабдығын ғана емес, арнайы қозғалу құралдарын да дұрыс игеріп алып жүруді талап ететін қиын ойындар да көп (ролик немесе конькимен ойналатын хоккей, вело-мото-автобол, ат жарыс).

Спорттық ойындар сан түрлі әрі өте көп. Олардың арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарына қарап, оларды белгілі топтарға бөліп, осылайша оларды таңдауды жеңілдетуге болады. Әр ойында ойнаушылардың қимылының негізгі сипатын анықтайтын ең негізгі екі белгісі болады - мүшелердің өзара қатынасы және олар ұмтылатын ойындардың мақсаты. Ойнаушылардың өзара қарым-қатынасын екі салада қарастыру керек.

- ойын барысындағы екі жақты ойнаушылардың қарым-қатынасына;
- ойынға қатысушы бар ғана жақтың ойнаушыларының өзара қарым-қатынасына.

Ойнаушылардың өзара қарым-қатынасы мен мүдделері егер олар қарама-қарсы мақсат ұстанса, бір-біріне қайшы келеді, ал ортақ мүдде болса, өзара келісім. Осы белгі бойынша барлық спорттық ойындар екі үлкен топқа бөлінеді: командалық ойындар (екі немесе көп топтардың қатысуымен) және жеке (екі ойыншы арасындағы) ойындар. Соңғысы аздау кездеседі және түрлі нұсқалармен толықтырылады: мұнда ойнаушылар екі ойыншыдан немесе ойын нәтижесі жарысқа қатысушы бірнеше ойыншының кезектесіп атқарған қимылдарының жиынтығымен анықталады.

Библиографиялық тізім

1. Спорт ойындары Алшынбаев К.И., Тастанов А.Ж., Ермашова А.О., Айтжанов А.А. Оқулық Шымкент 2017
2. Сихымбаев.Қ. Жоғарғы оқу орнындағы дене тәрбиесі. 2014. Оқу құралы.
3. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі Астана-2017. Ұ. Мұхаммеджанова. Оқу құралы
4. Жасөспірімдерге арналған волейбол ойыны. Бекбергенова Ж.Е. Шилібаев Б.А.

СПОРТШЫЛАРДЫҢ ШЕБЕРЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

*Сарсембаев.А.Б. магистр аға оқытушы
Фахриддинов Р. ДС-420 тобының білім алушысы
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Соңғы жылдары бір талай елдерде көптеген спорт турлерінен құрама командаларының жасару тенденциясы байқалады. Ерте спорттық мамандану идеясы спорттық және көркем гимнастика, мәнгерлеп сырғанау және сол сияқты күрделі-координациялық спорт турлеріндегі жасөспірімдердің акселерация теориясына негізделген. Осы идеяларды жүзеге асыру үшін жас спортшыларды дайындау бағдарламалары қайта қарастырылды, жаттықтыру жүктемелерінің көлемі мен тығыздығы арттырылды.

Дегенмен жоғарғы спорттық көрсеткіштерге қол жеткізу үшін бағытталған спорттағы ерте мамандану дене тәрбиесі жүйесінің мақсаты мен міндеттеріне, негізгі принциптеріне карама-қайшы келеді - жастардың жан-жақты дамуына, денсаулығын нығайтуға, және еңбек ету қызметіне даярлауға. Спорттағы жасарту процесі алға қойған өзіндік мақсатқа айналып бара жатыр, ол үшін ерте жастан машықтанудың арнайыландырылған амалдары мен жүктемелерін қолдануға тура келеді, өз кезегінде бұл шаралар баланың морфологиялық және психофизикалық дамуындағы организм функцияларының көптеген керек емес өзгерістеріне алып-кеп соғады. Арнайыландырылған дайындықты ерте жастан қолдану спорттағы көптеп іріктелудің негізгі себепкері болып табылады: жас спортшылардың 48-72 % үлкен, монотонды жүктемелерді орындағылары келмегендіктен спортпен айналысуды тастап кетеді. 15-16 жастағы жүзушілерден тұратын спорттық жетілдіру топтарында 7-8 жастарынан спортпен тұрақты айналысып жүрген 8,2 % спортшылардың қалғандығы анықталды, ал конькимен жүгірушілер, шанғышылар және велосипедшілердің арасында оданда аз: 3,3%, 2,9%, 4,3% (В.Г. Половцев). Жаттықтырушының жұмысының сапасы, мәртебесі және жалақы мөлшері әдеттегідей оның оқушыларының спорттық жетістіктерімен бағаланады. Сонымен қатар қазіргі кездегі ғылыми жетістіктер мен білікті жаттықтырушылардың тәжірибесі (опыт) жан-жақты психофизикалық дайындықтың, жақсы денсаулықтың және азаматтық тәрбиенің базасында спорттық маманданудың керек емес ықпалын және жоғарғы жетістіктерді қамтамасыз ететін спорттық машықтану жүйелерін ұсынып келеді.

Дене тәрбиесінің жалпы міндеттерінен басқа, балалардың спорттық дайындығының міндеті, спорттық қызметке тұрақты қызығушылықты қалыптастыру болып табылады, ал сол арқылы - қимыл-әрекет белсенділігін арттыру, бос уақытын тиімді пайдалану және «үлкен» спорт үшін резервтарды даярлау.

Оқушылардың спорттық дайындығы белгілі бір ұйым құрамының қол емінде сыныптық-оқулық жүйедегі сабақтармен және «Президенттік тестер»

жөніндегі жұмыстар арқылы жүзеге асырылады. Ол дене тәрбиесін ұйымдастырудың сыныптан тыс және мектептен тыс формалары түрінде жүргізіледі. «Жалпы білім беретін мектептердің I-XI сыныптарының дене тәрбиесінің кешендік бағдарламасы» секцияларда айналысу үшін сыныптарды неғұрлым тиімді спорт түрлерінен бірнеше топтарға бөледі. Мысалы, I-IV сыныптарда гимнастикадан, жүзуден, стол теннисінен, конькимен жүгіру спортынан, бадминтоннан және саяхаттан сабақтар жүргізілуі мүмкін.

Мектептегі секциялық сабақтардың ерекшелігі, балалардың жан-жақты дене дайындығын дамытуға бағытталған. Жаттықтыру уақытының 10 % -ғана арнайы дайындыққа бөлінген. Бұл сабақтарда әр-түрлі жалпы дамыту жаттығулары қолданылады.

Техникалық және тактикалық дайындықтарға бөлінген уақыт көлемі спорт түрінің ерекшеліктеріне байланысты. Мысалы, күрделі координациялық спорт түрлерінде (спорттық және көркем гимнастика, акробатика т.б.) төзімділікті талап ететін спорт түрлеріне қарағанда, көзғалыс дағдыларының қалыптасуына көңіл көбірек бөлінеді. Мектеп секцияларында дене тәрбиесі мұғалімі оқушыларды балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінде (БЖСМ) айналысу үшін алғашқы іріктеуді жүзеге асырады. Спорт мектептерінің жаттықтырушылары және ол жерде жаттығып жүрген оқушылар өз мектептерімен тығыз байланыс ұстап отырады: мұғалімге спорттық жарыстарды ұйымдастыруға және өткізуге көмектеседі, өзінің класының және мектебінің құрамасында барлық жарыстарға катынасады, сыныптың дене тәрбиесін ұйымдастырушысы міндетін атқарады және т.б.

Балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінде (БЖСМ) бастапқы дайындық және оқыту-жаттықтыру топтары құрылады. Жас спортшыларды даярлау жұмысында жоғарғы жетістіктерге қол жеткізгенде, спорттық жетілдіру топтары ашылуы мүмкін. Егерде осындай топтардың саны екіден асатын болса, онда осы мектеп «Олимпиадалық резервтағы БЖСМ»-не айналдырылуы мүмкін. Олимпиадалық резервтағы БЖСМ құрылу уақытынан бір жылдан кейін бұл мектепте мынандай топтар ашылуы керек: оқыту-жаттықтыру, спорттық жетілдіру және жоғарғы спорттық шеберлік.

Айналысушылардың жас шектері біркелкі емес және ол спорттың түріне, айналысушылардың дайындық деңгейіне және бейімділігіне байланысты болады. Яғни, спорттық және көркем гимнастика, мәнерлеп сырғанау түрлеріндегі бастапқы дайындық топтарына балаларды 6 жастан қабылдайды, ал жеңіл атлетика мен волейболға 9 жастан.

Бастапқы дайындық тобының ерекшеленген міндеттері: спортпен шұғылдануға белсенді қызығушылықты тәрбиелеу, айналысушылардың дене икемділіктерін кешенді дамыту.

Сабақтың жүйелі жүргізілуі 2-рет міндетті түрде өткізілетін мектептегі дене тәрбиесі сабағымен БЖС мектептеріндегі 2-3 реттік машықтану сабақтарымен байланысты қамтамасыз етіп отырады. Бір машықтану сабағының ұзақтығы екі академиялық сағаттан аспауы керек.

Машықтанудың мазмұны айналысушылардың координациялық икемділіктерін дамыту, олардың қосалқы әр-түрлі қимыл-қозғалыс дағдыларып үйрету бағытында құрылады. Осы талаптарға мән бермеу, спортшылар өскен сайын бұданда күрделі жаттығуларға үйретуде кері әсерін тигізеді. Ереже бойынша спорттық техниканы меңгеру, жеңілдетілген жағдайда және алдына-ала берілетін дайындық жаттығуларын кеңінен қолдана отырып жүзеге асырылады.

Машықтану үдерісінің қайталанушылығы (цикличность). Бұл қағида машықтанудың толық аяқталмаған бірліктерінің үнемі қайталануын қадағалайды: машықтану тапсырмаларының және кіші, орта, үлкен цикл сабақтарының.

Машықтану келесі бөлімдерге бөлінеді: айла-тәсілдік (техника), тактикалық, дене дайындығы, психикалық, теориялық, интегралдық дайындықтар. Бұл жерде «дайындық» термині «спортшының дайындығы» терминімен салыстырғанда, тар мағынада қолданылады. Машықтануды бөлімдерге бөлі шартты және ол жоспарлауға, бақылауға, амалдар мен әдістерді таңдап алуға ынғайлы болу үшін жасалады.

Техникалық дайындық - бұл әр спорт түріне арналған спецификалық қимыл-әрекеттерді игеруге бағытталған педагогикалық үдеріс. Спорттық техникаға үйрету балалық-жасөспірімдік кезден басталады. Жас шағы мен спорттық шеберліктің өсуіне қарай, спортшының жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, техника жетілдіріледі. Нәтижесінде ар-қилы жағыдайларда, барынша тиімділікпен қолдана алатын қимыл-қозғалысы шеберлігі қалыптасуы тиіс.

Тактикалық дайындық - жарыстық бәсекелестіктерді жүргізудің тиімді турлерін (формаларын) меңгеруге бағытталған педагогикалық үдеріс. Ол өзіне жарыстық әрекеттердің заңдылықтарын, нақты спорт түріндегі жарыстар мен шарттарды, қазіргі кездегі отандық және шетелдік спортшылардың айла-тәсілдерінің жалпы күйін, өз қарсыластарын оқып-зерттеу заңдылықтарын қамтиды; алдыда тұрған жарыстарда өз айла-тәсілдерін құра білуді; айла-тәсілдік құрылымды тәжірибеде қолдану үшін, машықтану да және бақылау жарыстарында іске асыруды қарастырады.

Дене дайындығы - дайындықтың барлық жақтарын жетілдіру үшін қолайлы жағдай туғызатын, дене қасиеттерін тәрбиелеуге және функционалдық мүмкіндіктерді дамытуға бағытталған педагогикалық үдеріс. Ол жалпы және арнайы деп екіге бөлінеді. Жалпы дене дайындығының міндетіне денсаулықтың нығайуына жәрдемдесу және өмірде маңызды қимыл-әрекеттердің дағдысын жетілдіруге ықпал ету кіреді. Арнайы дене дайындығының міндетіне нақты спорт түрі үшін спецификалық дене қасиеттерін тәрбиелеу кіреді.

Психикалық дайындық - спортшының жеке тұлғасын, оның моральдық және жігерлілік қасиеттерін тәрбиелеуге бағытталған педагогикалық үдеріс. Ол көпжылдық дайындықтың барлық кезеңдерінде, машықтану сабақтарында, оқыту-жаттықтыру жиындарында, жарыстарда жүзеге асырылады. Бұл

жұмыс, сол спортшы оқитын немесе еңбек ететін мекемелердің тәрбие жұмысымен тығыз байланыста болуы тиіс.

Теориялық дайындық бұл педагогикалық үдеріс, спортшының идеялық-теориялық деңгейін көтеруге, оны белгілі бір білімдермен қаруландыруға және осы алған білімдерін машықтану сабақтары мен жарыстарда қолдануға үйретеді. Ол көпжылдық дайындықтың барлық кезеңдерінде жүзеге асырылады. Спорттағы талаптардың өскендігі соншалықты, арнайы тереңдетілген білімсіз, жоғарғы спорттық көрсеткіштерге қол жеткізу мүмкін емес. Теориялық дайындықты дұрыс бағаламау, орындап жатқан машықтану тапсырмасының маңызын түсінбеушілікке алып келеді. Түсінбеушілік - сылбырлықты, жаттығуларды механикалық түрде қайталауды туғызады.

Интегралдық дайындық - спортшының машықтану бөлімдерінің барлығын, жарыстық әрекеттерінде, толықтай-бірге жүзеге асыра алуын тәрбиелеуге бағытталған педагогикалық үдеріс. Интегралдық дайындықтың міндеттері осыған талаптандырады: дайындықтың барлық бөлімдерінің арасында байланысты орнату және оны жарыстық әрекеттерде жүзеге асыру; интегралдық дайындықтың жоғарғы формасы болып табылатын, жарыстың қиын-қыстау жағыдайында, спортшылардың табандылығына қол жеткізу.

Дене тәрбиесі жүйесінің негізінде және спортта өзіндік мотивтердің бар екендігі анық. Спортпен айналысудың мотивтеріне тұлғаның жан-жақты дамуы, отанды қорғауға және еңбекке деген құлшынысы, спорттың еркендеуіне өз үлесін қосуы, өз елінің атағын шығару немесе спорттық қоғам құру жатады.

Бұл мотивтер спортпен айналысу барысында ашылып немес басылып қалып отырады, ал бұл арнайы спорттық этиканы сақтауға әкеледі: спорттық жетістіктерге жету жолындағы қиындықтарға төзу, спорттық тәрбиені, күш жігерді, спорттық мінез-құлықты дамытуды.

Өз-өзінен спорттық іс-әрекет тұлғалық сапаларды дамыта алмайды, нақты жағдайларда спортшының мінез-құлығында жағымсыз әрекеттерде пайда болуы мүмкін (менменшілдік, өркөкіректік, эгоизм), егер бұған дер кезінде адамгершілік тәрбие мен спортшының мақсатты бағдары және өз-өзін тәрбиелеуі болмаса. Жаттықтыру барысында адамгершілік тәрбие беру ең алдымен жаттықтырушының басты міндеттерінің бірі болып саналады. Спорт дегеніміз - тандап алынған спорттың бір түрінде жоғарғы жетістіктерге қол жеткізуге бағытталған педагогикалық процесс. Спорт - жарыстарға негізделіп, олардан жеңімпаздар мен спорттық жетістіктер өндіруге бағытталған, тарихи заңдылықтармен қалыптасқан адам іс-әрекетінің бірі. Спорт қазіргі заман структурасына кіреді. Оның маңыздылығы жан-жақты және барлық салаларды қамтиды. Әлемдегі әлеуметтік-саяси жүйеге оның элементтері ретінде әртүрлі спорттық бірлестіктер кіреді: спорттық мәселелер жөніндегі халықаралық бірлестіктер; спорт түрлерінен халықаралық федерациялар; техникалық спорт түрлерінен халықаралық бірлестіктер; халықаралық саяхаттық мекемелер. Спортты

дамыту мәселелері «Бірлескен Ұлттар Ұйымында» (ООН) және мемлекеттердің парламенттерінде талқыланады, олар саяси партиялар мен ел конституцияларында кеңінен атап көрсетіледі; Спортқа басшылық ету мемлекет деңгейде қамтамасыз етіледі.

Спорттық іс-әрекет оның тиімді тіршілігін қамтамасыз ететін базалық бөлімі және арнайы қызметтері болып бөлінеді. Базалық бөліміне жарыстар кіреді, арнайы қызметтерге кіретіндер: машықтану, спортшыларды іріктеп алу, төрешілік т.б. Жарыс өз алдына мақсаттар қояды, осы қызметтерді бір ортақ мақсаттың шешімін табуға біріктіреді. Спорттың функционалды құрылымы осының негізінде құрылған, және олар келесі бөлімдерге бөлінеді: спорттық жарыстар, жарыстардың тіршілігін қамтамасыз ету (ережелер, шарттар, жарыстардың күнтізбесі, төрешілер, ұйымдастырушылар), машықтану, спортшыларды іріктеп алу және резервтерді даярлау, ғылыми және әдістемелік қамтамасыз ету, арнайы кадрларды даярлау, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, жарыстардың жүру барысы мен оны қамтамасыз ету қызметін ұйымдастыру және басқа ру. Спорттық жарыстар оқушылардың дене тәрбиесінде негізгі бір ұйымдастыру формасы болып есептеледі. Осыған бағытталған бірнеше әдістемелік нұсқауларда бар. Соның ішінде «Орта мектеп оқушылары арасында жарыстарды ұйымдастыру және өткізу әдістемесі».

Дегенмен көптеген мамандардың тәжірибелеріне сүйене келсек, жарыстарды ұйымдастыруда, әр дәрежедегі жарыстарда төрешілік етуде, олардың бағдарламасын және сценариін құрастыруда, мектеп мұғалімдерімен және студент-пратиканттармен көптеген жылдар бірге бақылауда мынандай бір пікірге келіп тоқталуға болады: спорттық жарыстарды методикалық өте сауатты ұйымдастырып, оны дұрыс өткізгенде ғана одан жоғарғы деңгейде білім берушілік және тәрбиелік нәтиже күтуге болады. Жарысты ұйымдастыруда «ұсақ-түйек» деген болмайды және болмауы керек. Соңымен қатар жарысты ұйымдастырып, өткізуде оқушылардың өздерін жұмыла көмектесуге баулыған жөн. Бұндай әдісті қолдануға мүмкіндіктер өте көп - сынып біріншілігінен бастап, мұғалімдердің, ата-аналардың және қамқорлыққа алған мекемелердің жарысқа қатысуы арқылы.

Оқушылар бұл жарыстарда ұйымдастырушы, тереші, жарысқа қатысушы және жанкүйер екендіктеріне қарамастан, спорттық жарыстар, оқушыларды жан-жақты педагогикалық тәрбиелеудің негізгі бір құрамы болып табылады. Дене тәрбиесін ұйымдастыру формасының бірі ретінде жарыстар бірнеше міндеттерді шешуге көмектеседі: ұйымдастырушылық қасиеттерін қалыптастырады, командалық және жеке сайыс тактикаларын меңгертеді, қозғалыс мүмкіндіктерін кеңінен қолдантады, жігерлігін тәрбиелейді, түрлі сәтсіздіктерді ерлікпен көтеруге дағдыландырады.

Сынып ішіндегі, қосалқы сыныптар арасында, бір жастағы топтар арасында, бір жынысты және аралас командалар арасында, жеке, командалық және жеке-командалық мектеп біріншіліктері барлық денсаулығы дұрыс оқушыларға әртүрлі жарыстарға бірнеше реттен қатысуына мүмкіндік

туғызады. Ал денсаулығы жарамсыз немесе түрлі себептермен уақытша дене тәрбиесі сабағына қатыса алмай жүрген оқушыларды осы жарыстарды атқаруға көмекші ретінде қосқан жөн.

Мектеп жарыстарын көп және сапалы өткізу үшін оқушылар белсенділері, мектеп спорт клубы және мектеп жастар ұйымдарының көмегі өте қажет. Сонымен қатар жалпы және ата-аналар комитеттері, қамқорлыққа алған мекемелердің спортшылары, студент-практиканттар, жергілікті жерде тұратын спорт ардагерлері жарысты өткізуде едәуір көмектерін тигізе алады.

Жарыстарды өткізудің негізгі міндеттері жүктелген жоғарғы сынып оқушыларына бұл жарыстар дене тәрбиесі сабағында алған көптеген білімдерін толықтыруға, ұйымдастырушылық қасиеттерің қалыптастыруға кептеген көмегін тигізеді. Соңдықтан жарысты ұйымдастырып, өткізуге қатысатын оқушылардың «қызметтерін» деміл-деміл өзгерте отырып, осындай «сынақ мектебі» арқылы олардың «қосалқы мамандық» алып шығуларына көмектесу керек. Бұндай кепшілік мамандарының сабақтарыда қысқа мерзімді семинарлар, жиылыстар, консультациялар үнемі өткізіліп тұруы керек. Дене тәрбиесінен бапталған белсенді оқушы - ол қамқорлыққа алынған бала-бақшаларында, тұрғылықты жерде, демалыс лагерьлерінде, т.б. жерлерде өткізілетін спорт мерекелерінде таптырмас көмекші болып саналады.

Дене тәрбиесінің, дене шынықтырудың, немесе жаттықтырушының кез келген педагогтың алдында тұрған міндеттің бірі тәрбиеленушілердің тұлғалық жетілуін жан-жақты дамыту. Тәрбие берудің жағымды жақтарын дұрыс өрбіте білу үшін, ол оқыту мен дамытудың адамға тән әлеуметтік қырларын толық меңгеруі қажет. Педагогикалық қабілеттер - бұл оқушылармен жұмыс істеуге, балаларға де-ген мейірім, олармен қатынаста болудан ләззат ала білу бейімділігін танытушы тұлғалық сапалар. Көп жағдайларда педагогикалық қабілеттер –мәнерлі сөйлеу, ән салу, сурет салу, балаларды ұйымдастыра білу және с.с. –нақты әрекеттерді орындауда көрінетін ептіліктер дәрежесінде қалыптастырылады.

Библиографиялық тізім

1. Дене шынықтыру пәнін оқыту әдістемесі.-Астана.-2016.
2. Дене мәдениеті және спорт педагогикасы .Шымкент 2016 Омаров Б.С.Оқулық
3. Дене тәрбиесі Астана-2017 Б.Төтенай.Оқулық
4. Дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиялық негіздері» Қорғанбаева З.С.Шымкент 2017.Оқу құралы

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ахмедов Б. А.

*Аға оқытушы Қ.А.Ясауи атындағы
ХҚТУ, Түркістан қ.*

Ондасинов Канагат

*Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ,
Түркістан қ.*

*6B01406-Музыкалық білім білім беру
бағдарламасының 1 курс студенті*

Қазіргі таңда дене тәрбиесі осы қоғамда өмір сүретін адамдардың денсаулығын нығайтумен қоса, жеке тұлға бойындағы психологиялық қасиеттердің жан-жақты жетілуіне барлық қызмет аясын бағыттаған әлеуметтік сала болып табылады. Қазақстан Республикасының бағытты даму жағдайында дене тәрбиесі арқылы жан-жақты жетілдірудің мүмкіндіктері кеңейді.

Саламатты өмір салты мен адамның өз денсаулығы үшін ынтымақты жауапкершілігі қағидаты – міне, осылар денсаулық саласындағы және халықтың күнделікті тұрмысындағы мемлекеттік саясаттың ең басты мәселесі болуы тиіс - деп атап көрсетілген [1].

Дамып келе жатқан қоғамның құрамдас бөлігі бола отырып дене тәрбиесі жалпы халықтық, кемелденген әлеуметтік жүйенің барлық белгілерін иемденген. Мәдениеттің дамуы, қоғамдық қатынастардың, адамдардың да жан-жақты дамып қалыптасуына әсерін тигізді. Сонымен бірге, адам баласы қоршаған ортаға бейімделу арқылы тәрбиеленіп қана қоймай, табиғатты өзгертуге себепкер болды. Қоғамдық қатынастың саяси және экономикалық бағыт алуы дене тәрбиесіне елеулі өзгерістер әкелді. Бұл жағдай спорт жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін, пайдаланылатын құрал-жабдықтарын, қолданылатын жаттығуларының түрлерін дамытуға ықпал жасады.

Қай кезеңде болмасын жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі болары хақ. Егеменді еліміздің болашақ ұрпақтарының сана-сезімін, ұлттық психологиясы – қазіргі күннің өзекті мәселелеріне айналып отыр. Себебі ең берекелі, ең парасатты тәжірибе – халық түйген тұжырымдар, ғасырлар бойы «зергерлік» ұқыптылықпен сұрыпталған үрдістер, дамыған даналық дәстүрлер, тәлім-тәрбиелік ойлар.

Дене тәрбиесінің құрамды бөлігі ретінде дене мүмкіндіктерін тәрбиелеу әлеуметтік міндеттерді шешуге жәрдемдеседі: жан-жақты жетілген адамды дамыту, әлеуметтік-экономикалық жағдайға ағзаның бейімділік қасиетін арттыру, ағзаның төзімділігін жоғары деңгейге жеткізіп, жеке тұлғаның салауаттылығын қалыптастыру. Сонымен қатар дене тәрбиесін беруде дене мүмкіндіктерін тәрбиелеп қана қоймай, ақыл-ой жұмыс қабілетін қалыптастырып, рухани-адамгершілік сезімдері арқылы шығармашылық

күш-жігерін толық мәнінде көрсетуге әсер етеді. Дене тәрбиесін беру проблемасының тамыры терең бастаулардан алады.

Қазіргі қоғам және дене тәрбиесі, оның психологиялық процестердегі орны қажет дүние. Көптеген ғылыми ізденістер дене тәрбиесіндегі психологиялық жағдайларды анықтаудың ғылыми жолын іздейді. Оның технологиясы мен инновациясын ұсынады. Теориясы мен әдістемесін ұсынудың тиімді жолдарын іздейді. Сондықтан да дене тәрбиесі мен психологиялық процестерге екі жақты қарап, өзара ара жігін ажыратып, оған қоса екі жақты тығыз байланыстылықты көрсетіп, оған өзіндік сипаттама берілді.

Дене тәрбиесі – ілім. Оның мазмұны мен құрылымы педагогикалық тұрғыдан талданып, жан-жақты саралануы, пән ретінде жүйеленуі – дене тәрбиесінің теориясы деп аталады.

Дене тәрбиесі мен спорт құралдары арқылы кәсіби маңызды психикалық қасиеттерді қалыптастырудың маңызы зор [2].

Зейіннің көлемі мен таралымы өзінің психофизиологиялық құрылымы бойынша жоғары жұмыс қарқыны жағдайында бірнеше іс-әрекеттерді біркөзгілде орындау дағдысы түрінде қалыптасады. Сонымен қатар көретін объектілер мен құбылыстар саны, олардың арасындағы ара қашықтық және қабылдау темпі үнемі өсіп отырады.

Зейіннің жекелеген қасиеттері арнайы ерекшеліктерге ие, осыған байланысты оларды қалыптастыру және жетілдіру барысында әр түрлі психологиялық әдіс-тәсілдер пайдаланылады [3].

Зейіннің тұрақтылығы ерік-күш қасиеттерін қалыптастырумен және белгілі бір физиологиялық өлшемі, әсіресе көз анализаторының төзімділігін жаттықтыру жолымен қамтамасыз жасайды. Зейіннің сапалы болуы үшін гимнастикалық және сапта тұру жаттығуларының мүмкіндігі жоғары болады.

Зейін дене тәрбиесі процесінде бірнеше жолмен жүзеге асады:

- қайта аудару “бағыты” мен техникасын алдын-ала меңгеру ережелерімен бір объектіден екінші объектіге зейін қою арқылы;
- қосымша объектілерден анағұрлым маңыздысын бөліп алу жаттығулары арқылы;
- зейіннің бір объектіден екінші объектіге тез аударылу жылдамдығына жаттығу арқылы.

Зейіннің көлемін және жан-жақты дамытуға арналған жаттығулар: жүгіру, жол бойына велосипедпен жүру; бір мезгілде қолмен және аяқпен жаттығулар орындай жүріп орташа және үлкен жылдамдықпен жүгіру (мысалы, эстафеталық жарыс); ағаштар арасындағы таумен жүгіру; жүгіріп келіп ұзындыққа секіру; жеңіл атлетикалық қондырғыларды лақтыру; қол мен аяқтың түзулігіне арналған еркін гимнастикалық жаттығуларды жасау; екі немесе одан да көп доптарды лақтыру; қатар қойылған екі гимнастикалық отырғыштармен жүру [3].

Доппен ойнау ойындары зейінді дамытудың тиімді әмбебап құралы болып саналады. Бұл ондағы қозғалыстардың әр түрлі зейін қасиеттерінің

жоғары деңгейде көрінуін талап етумен үйлестіріледі. Мысалы, волейболшы ойын барысында бірізгілікте 10-нан артық нысанды қабылдауға және олардың элементтерін орындауға тура келеді. Мысалы, ол допты қабылдай отырып, бір мезгілде доп пен ойыншы арасындағы ара қашықтықты анықтайды, өз ойыншыларының және қарсы жақтың ойыншыларының орын алмастыруын бақылайды, доппен берудің тәсілі мен күшін тандайды және т.б. Бұдан басқа, волейболшы ойын кезінде зейін аударылған нысанды үнемі бірден өзгертіп отыруға тура келеді. Ол допты шабуылшыға беріп жатып, өз зейінін сақтануға және қабылдауға аударады, т. б. Тек бір секундтің ішінде волейболшының зейіні кезек-кезек 3-6 нысанға аударылады. Ойынның ұзақтығы, тәсілдік жағдайлардың әр түрлілігі зейіннің тұрақтылығын талап етеді. Мұның бәрі волейболмен шұғылданудың өзі зейін сапасының дамуына ықпал ететіндігін көрсетеді. Мысалы, волейболшының зейін көлемі гимнастшы, күресші, жүзушілерге қарағанда 25-31 % жоғары болады.

Тиімді әсері бар жағдайлар:

- дене тәрбиесі материалын тез ойланып қабылдауға үйрету (проблемалық оқыту және ақыл-ой әрекеттерін кезеңмен қалыптастыру қағидасы бойынша);

- ойыншының орта қашықтыққа жүгірушінің, күресшінің тактикалық ойлауын дамытуға арналған жаттығулар түрі бойынша алгоритмдік (белгілі бір схемамен бойынша шешілетін) және эвристикалық (ойдың шығармашылық күшін талап ететін) тапсырмаларды орындау;

- байқағыштық, есте сақтау, қабылдау, зейін, ерік және тез ойлаумен байланысты басқа да психикалық процестерді дамытуға арналған жаттығулар.

Дене тәрбиесі процесінде тез ойлануды дамытудың тиімді жолдары болып: тактикалық дайындық элементтерін қолдану, сабақтарда спорт ойындары мен еркін күрес жаттығуларын кеңінен қолдану; арнайы педагогикалық ықпал ету жүйелерін ендіру.

Эмоционалдық тұрақтылық кәсіби-қолданбалы дене тәрбиесі процесінде төмендегідей жолмен жүзеге асады:

1) эмоциональдық шиеленіс жағдайында ерік-күш тәжірибесін жинақтау, стресс-факторларға бейімделудің физиологиялық процестерін жетілдіру;

2) дағдылар мен қабілеттерге, әдеттерге үйрену, эмоциональдық шиеленісті өздігінен реттеу. Әр түрлі стресстік жағдайларды модельдеуге және қойылған мақсатты тиімді орындау үшін барлық айналысушының күшін жұмылдыруға арналған жаттығулар анағұрлым тиімді әдіс болып саналады. Бұл бірінші міндетті шешу үшін қолданылады. Екінші міндетті шешу соматикалық және жағымсыз өзгерістерді қабылдау (мимикалық және қаңқа бұлшық еттерін реттеу, арнайы тыныс алу жаттығуларын жасау) және эмоциядан, өзін-өзі сендіруден арылу жаттығуларын орындау арқылы жүзеге асады [4]. Жеке тұлғаны нақты ерік-күш қасиеттеріне тәрбиелеуге арналған ықпалдар жүйесі, оның ерік-күш мінез-құлық тәжірибелерін жинақтауы, ерік-

күшінің көрінуі үшін жақсы функциональдық, физиологиялық және морфологиялық база жасауы ерік-жігер қасиетін қалыптастырудың әдістемелік негізі болып табылады. Өндіріс қиындықтарымен пара-пар, қиындықтарды жеңуге арналған дене жаттығулары, спорт түрлері осы міндеттерді шешу үшін негізгі әдіс-тәсілдер қызметін атқарады.

Ерік-күш қасиетінің бұл түрін қалыптастыру негізінен, ынташылдық мінез-құлық тәжірибелерін дене тәрбиесі мен спорт сабақтарында жүргізу арқылы жүзеге асады.

Сыртқы және ішкі қиындықтарды мейлінше жеңуге арналған – элементтерден тұратын – жаттығулар төзімділік қасиетті дене тәрбиесі процесінде қалыптастырудың анағұрлым әрекетшіл құралы болып табылады. Бұлар қолайсыз метеорологиялық жағдайда орындалады, айтарлықтай жүйке күйзелістерін талап етеді. Төзімділікке тәрбиелеу барысында қолданылатын жабдықтардың тиімділігін арттыра түсетін әдіс-тәсілдерді қолданған жөн: күш-жігерді өсіру, топта жаттығу, салыстыру, жаттығуға эмоциональдық факторларды енгізу, техникалық құралдарды қолдану.

Төзімділікті қалыптастыру кезінде тек ерік-күш жігерін жаттықтырып қоймай, күштің физиологиялық базасын да нығайту керек. Бұл жағдайда жүктеменің кезеңдік өсу принципін және оның ағзаның мүмкіндіктеріне тепе-теңдігін қатаң сақтау қажет. Қарама-қарсы жағдайда физиологиялық базаның әлсіреуі пайда болады, ақырында ерік-күші азаяды.

Қазіргі кезеңде психикалық күйзеліс пен психологиялық шаршаудан арылудың тәсілі ретінде аутогендік жаттығудың маңызы зор. Бұл әдісті меңгеру үшін орта есеппен бір айға жуық уақыт пен күніне 10-15 минуттық жаттығу қажет. Ойлағандай нәтижеге жету үшін, алдымен сәттілікке сену керек. Креслода отырып немесе жатып, мазалайтын ойларды алып тастап, алдын-ала жақсы жатталған тексті жаймен, бір сазбен созып айту керек: “Мен демаламын. Әр түрлі ойдан босаймын. Өзімді жеңіл және еркін сезінемін. Барлық дене босады. Маған жеңіл және жақсы. Мен демаламын т.б.”

Бұдан кейін тез тұру керек, қолды көтеріп, екі жаққа жазу керек, тез және терең тыныс алып, шығарарда демді тартып тұру керек те, содан соң қатты терең дем ал керек. Жаттығу жасау тиімді болып саналады.

Дене және психофизиологиялық жаттығуларды, кешендерді, жүйелерді қолдану бойынша ақыл-кеңес беру, әрине, студенттің бүгінгі және ертеңгі кәсіби жұмысына дайын болуына, кәсіптік аурулардан жазылуға, артық жүктемеден, шамадан тыс шаршаудан алыс болуға әсерін береді.

“Ойлау”, “эрудиция” секілді ұғымдарды түсініп алмайынша, ақыл-ойды дамытудың мәнін анықтау мүмкін емес. Адам ерікті және еріксіз өмірді тани отырып, өздері қабылдаған құбылыстар мен заттарды салыстыруға, талдауға және жинақтауға, модельдеуге, қорытынды шығаруға, гипотеза мен теория жасауға мәжбүр болады. Сезім мүшелері арқылы танылатын заттың барлығы – шындық емес, көпшілігі өркениет жетістігімен түсіндірілетіндіктен, біздің органдарымыз үшін алыс та. Осы кезде қоршаған

ортаны тану тікелей ойлау, ақыл-ой қызметі арқылы жүзеге асырылады. Танымның нақты ойлау процесі, іс-әрекеттер алгоритмі мен жеке тұлғалық мүмкіндіктерге негізделген мақсатты ақыл-ой белсенділігі ойлау болып саналады. Әрине, әр түрлі адамдарда ақыл-ой жұмысына деген қабілет әр басқа болып келеді. Тиімді ойлаудың, ақпаратты өңдеу мен түсінудің ақыл-ой мүмкіндіктері интеллектің мәнін құрайды, ал ойлау – оның іс-әрекетінің процесі. Адамның ойлау іс-әрекеті әрқашанда ақпараттық жаңарусыз жүзеге аспайды [4].

“Эрудиция” және “интеллект” ұғымдарының бір-біріне қарым-қатынасы “сан” және “сапа” дегенмен бірдей болады. Адам неғұрлым көп ақпарат алған сайын, соғұрлым оны тез өңдейді және меңгереді. Адам меңгеретін жүйелі ақпарат көлемі, яғни білім мөлшері, оның қызмет етуі үшін қажетті білім эрудиция деп аталады. Бүгінде интеллект өз дамуының ең жоғары деңгейінде дәстүрден тыс шығармашылық ойлау, мәселені шешудің жаңа жолдарын табу болып қарастырылып жүр. Адам интеллектісі өзгермелі, адамның өзінің ақыл-ой қабілетіне қарай жақсара түседі не төмендейді. Интеллектің ішкі құрылымы үйлесімді ұйымдасқан, іс-әрекет үшін тұтастық болып құйылған, интеллектің біртегізде өмір сүруінің формалары болып табылатын деңгейлерден тұрады: дұрыс ойлау, түсіну, ақыл.

Ойлау – күнделікті өмірде зат пен құбылыстың өзара байланысына негізделген анағұрлым тұрақты түсінік, бас миының оң жақ жарты шарының қызметімен байланысты практикалық ойлау формасы. Дұрыс ойлау – ой бағыттарын дұрыс практикалық пайымдау түрінде таңдауға, табиғи жаратылысқа негізделген арнайы филтрге ұқсас келеді.

Түсіну – бейнелеу мен тәрбиелеу шикізаты – сезімдік ақпарат, тұрмыс шындығы базасымен емес, жоспарланған жазу мен ережелер, нормалар мен схемалар бойынша жұмыс жасайтын практикалық және ғылыми сипаттағы білімдердің алдын-ала меңгерілуі негізінде қалыптасады. Түсіну іс-әрекеттер алгоритміне қабілеттілік болып табылады, оған автоматизм, бағдарланған іс-әрекет және консерватизм тән. Түсіну қызметі мидың сол жақ жарты шарының қызметімен, әрине грамматикалық формалармен – тілмен байланысты.

Ақыл – адам ойлауының ең жоғарғы сатысы, негізі – дұрыс ойлау мен түсінік құндылықтарының жаңа сапаға айналуы – шығармашылықпен ойлауға қабілетті болып табылады. Ақылға құбылыс мәніне терең бойлау, тұрақты схемалар мен логикалық құрылымдарды өзгерту, жаңа матрицаларды құру, заттар мен құбылыстар арасындағы байланыс заңдылықтар анықтау, шығармашылық көру, болашаққа мақсатын көзқарас, интуиция элементтері (түйсік) тән. Ақылмен ойлау бас миының екі жақ жарты шарының жұмысымен байланысты деп түсіндіріледі. Ми көлемі адамның ақыл-ойын анықтай алмайды. Негізгі көрсеткіш – функциональдық байланыстардың саны, нақты айтқанда – ми құрылымында нейрондар арасында байланыстың пайда болуы. Ал олар бір нейронның бойында 10 000-ға дейін болады. Қандай жағдай болмасын тек 500-600 ғана жұмыс атқарады [4].

Ми қартаймайды және істен шықпайды - өйткені үлкен потенциал оған мұндай мүмкіндік бермейді. Ежелгі заман уақытынан бергі адам миының өзгеруі туралы түсінік ғылыми дәлелсіз болып шықты. Нейрофизик Г.А.Кураева былай дейді: “Сізді ренжітуге тура келеді – ми мүлдем өзгерген жоқ. Адам бүгінде үлкен білім мөлшерін меңгерген., сондықтан ол ақылдырақ болған. секілді көрінеді. Ал құрылымы бойынша., бұрынғы ата-бабаларымызбен бірдей: екі жарты шар, сол жағы – тілдік, мұнда көру, есту, сөйлеу орталықтары бар, бұған қоса ол оң қолмен басқарады. Оң жақ жарты шары – субдоминантты. Егер оң жақ мидың қандай да бір бөлігін алып тастаса., айтарлықтай қауіп тумады. Бүгінде дүние жүзінде оң жақ жарты шарының түбірі бұзылған. 160 астам адам өмір сүреді, олардың миы дұрыс қызмет етеді. Пастер жастық шағында үлкен соққы алып, нәтижесінде оң жақ жарты шарының қорексіз болып қалғанына қарамастан., үлкен ғалым болып шықты”.

Жүрек-қан тамырларының соғысы да қызығушылық тудырады. Ақыл-ой жұмысы кезінде ми тамырларының қанмен толуы күшейді, ақырғы перифериялық тамырлар тарылады, ал ішкі тамырлар кеңейеді, басқаша айтқанда тамырлар реакциясы бұлшық ет жүктемесі уақытындағы тамырлар жұмысына керісінше әсері болады. Қысқа мерзімді қатты ақыл-ой еңбегі жүрек соғысының жиілігін күшейтеді, әсіресе, жұмыс жүйкелік-сезімдік жағдайда. өтсе, тез бұзу факторларымен., уақыттың жетіспеушілігімен., сыртқы жағдайлардың керітартпа әсерімен. бірге жүрсе, жүрек жұмысының жиілігі арта бастайды. Ұзақ мерзімді ақыл-ой жұмысы барысында жүрек қан тамырларының соғу жиілігі баяу болады.

Ұзақ және мақсатты ақыл-ой еңбегін. кейін жалығу пайда болады, бұл – ағза болмысының шын айы жағдайы, сыртқы сезім мүшелерінің жұмысына әсер етеді: ағзаның реакция беруі бірден көтерілуі не төмендеуі мүмкін: жаңа ғана меңгерілген білімнің бір сәтке жоғалуы пайда болып, есте сақтау күші төмендейді. Ұғымдар мен түсініктер бұлдыр тартып, “ой қашады”, жұмыс жасау құлқы жоғалады, ағза жағдайы ұзақ уақытқа өз қалпына келмейді.

Көбінесе жалығу жағдайын шаршаумен – индивидтің субъективтік пікірімен шатыстырады, оған жоғарыда аталған белгілердің бәрі тән., бірақ олар қысқа мерзімді, олардың себептері белгілі: жасаған іс-әрекетіне көңілі толмау, сәтсіздіктер, ойлау жұмысының дұрыс ұйымдастырылмауы, көңіл-күй толқын (мысалы: емтихан күні жоғары баға алу) және т.б. Айта кету керек, студенттің емтиханды жақсы тапсыруға ұмтылуы оны ода. сайын жұмылдыра түседі, ал “құлап қалу” депрессия жағдайына түсіреді.

Ақыл-ой еңбегі қозғалыс белсенділігі аз жағдайда жүзеге асады, бұл мидың үлкен шарында тежелу процестерінің дамуына әсер етеді,

бұдан.н. жалпы көңіл күйі мен. жұмысқа. қа.білеті төмен.дейді, жалығу па.йда. бола.ды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ә.К.Әбділлаев. Дене мәдениетінің ілімі мен әдістемесі. Оқу құралы, Түркістан, 2011

2. Физиология мышечной деятельности. Учебник для институтов физической культуры. /Под ред. Я.М.Коца/.-Москва. «Физкультура и спорт», 2012.

3. Дене мәдениеті-оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде.Ізденіс-Поиск. 2009, №2 (2)- Б.262-264

4. Е.Уақбаев Қазақстанда дене тәрбиесі жүйесінің дамуы.Алматы:Санат, 2000

ӘОЖ 372.8:718

ФУТБОЛ ОЙЫНЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Дәурен.Ж.Б. магистр оқытушы
Нұртасбек.А. ДС-322 тобының білім алушысы
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Бүгінде білім - қоғамның әлеуметтік-экономикалық, интеллектуалдық және рухани дамуының стратегиялық бағдары ғана емес, сонымен қатар біздің қоғамымыздың қауіпсіздігінің кепілі.

Оқытудағы жаңа технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол оқытушылар мен оқушыларға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану оқушылардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс

денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты. Қазіргі кезеңде жалпы орта мектептердегі оқу бағдарламаларын құрастыру бағыт-бағдары өзгерді. Алайда, бұлардың бәрінде мектеп оқушыларын қайда оқитындығы ескерілмейді, олардың меңгеруі тиіс негізгі дағдылар мен қабілеттер, оқу нормасын тапсыруға арналған шарттар көрсетілген. Денені шынықтыру жаттығуларының орындалуы қозғалыс дайындығының деңгейі туралы мәлімет береді. Дегенмен, бұл бағдарламалар базалық, үлгілік сипатқа ие, сондықтан оларды әрбір педагог жергілікті жағдай мен салт-дәстүрлерге орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, өзгерте алады. Дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық процестер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып, тәжірибеге сын көзбен қарап, дене тәрбиесі міндеттерін жүзеге асыруға белсенді, салауаттылық пен дене мәдениетін меңгерген маман даярлаудың маңыздылығы артуда.

Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, оқушылардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі.

Елімізде бәсекеге қабілетті білім – білім беру саласының ең басты міндеті болып отыр. Дамудың алдыңғы қатарындағы елдердің білім дәрежесімен теңесу – еліміздің біліми саясатының негізгі көздегені. Дамыған елу елдің қатарына енудің алғышарттарының бірі де осы сапалы да бәсекеге қабілетті білім. Сондықтан да еліміздегі мектептердегі білім берудің басты ұстанымдары мен міндеттері, әрекеттері, жолдары осы мақсатқа орай ұйымдастырылады.

Мақсатқа жетудің түрлі жолдары бар. Солардың бірі де бірегейі оқытудың жаңа технологияларын пайдалану. Қазақстан Республикасының

«Білім туралы» Заңының 18-бабының 8-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын сынақтан өткізу, білім берудің жаңа мазмұнын енгізу үшін білім беру ұйымдарында эксперимент тәртібімен іске асырылатын білім беру бағдарламалары әзірлену мүмкіндігі», - атап көрсетілген. Осыған орай қазір еліміздегі көптеген мектептерде білім берудің жаңа жүйесі енгізіліп, әлемдік білім беру кеңістігіне бет алуда. Білімі мен ғылымы өз дәрежесінде дамыған елдер көш бастап, қашан да елдік дамудың кез келген саласында озық тұрары сөзсіз. Бізде осы көштен қалмаудың қамын жасап бағудамыз.

Жалпы орта мектептердегі «Дене тәрбиесі» пәнінің мақсаты әлі күнге дейін толықтыруды қажет етеді, осыған орай оның ғылыми негізделген бағыт-бағдарын жасау қажеттілігі туындайды. Осы бағыттағы ізденістердің тиімдісі дене тәрбиесі сабағында дәстүрлі емес оқыту құралдарын қолдануды зерттеу болып табылады.

Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Республикамыздағы білім беру саласында және әртүрлі қолдану салаларына байланысты жаңа бағыттағы спорт, дене тәрбиесі жүйесі бойынша мамандарға деген сұраныстардың артуы, оларды дайындаудағы білімділігі мен қабілеттілігі, біліктіліктің қазіргі талаптарға сай болуы өте үлкен маңызды жұмыстарды атқаруды талап етеді және болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын, білім стандартына, мазмұнына сай жетілдіру мәселелері көкейкесті мәселе болып отыр. Көрсетілген міндеттерді толық жүзеге асыру дене тәрбиесі жүйесіне тікелей байланысты. Дене тәрбиесін жүзеге асыру – денсаулықты нығайту, білім беру, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін шешуге арналған педагогикалық жұмыстардың бірі бола отырып, жеке тұлғаның денсаулық деңгейін арттыру, табиғи күш-қуатын нығайту, дене мүшелерін гигиеналық негіздері мен дене- қозғалыс қабілеті мүмкіндіктеріне сай, өз бетінше қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындап, өзін-өзі үнемі дамытып, көңілді де сергек жүруге баулиды. Болашақ ұрпағымыздың денсаулығының мықтылығы, салауатты өмір сүруі мектеп мұғалімінің жеке басымен оның жоғары оқу орнындағы теориялық жеке тәжірибелік дайындығының дәрежесіне тікелей байланысты. Осыған орай оқушылардың дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастыруға болашақ мұғалімдерді даярлау ісін кәсіби дайындықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек. Дене тәрбиесі және спорт мамандары күрделі әлеуметтік міндеттерді шешуге араласумен бірге оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне сай, оқу-тәрбие міндеттерін шешуде олардың рухани жетекшісі де болуы тиіс. Оқушыларға дене шынықтыру сабақтарында жаңа технологияны пайдалану оқыту мен тәрбиелеудің жалпы заңдылықтарына бағынған. Сондықтан оны іске асыру барысында дене тәрбиесінің жас және жыныстық ерекшеліктерін

ескере отырып, осы заңдылықтарды көрсететін жалпы педагогикалық ұстанымдарды басшылыққа алу қажет. Ол ұстанымдарға жататындар: жан-жақтылық, саналылық пен белсенділік, бірте-бірте жасалатын әрекет, қайталамалық, көрнекілік, жеке даралық.

Оқу үдерісінің үздіксіздігі негізгі үш қағидаларда көрініс тапқан:

а) оқу-тәрбие үдерісі көп жылғы және жыл бойындағы сипатқа ие болуы тиіс;

ә) сабақ барысында әрбір келесі сабақтың әсері алдыңғы сабақтың ізінше қатпарлы әсер қалдыруы тиіс, себебі жас оқушының ағзасында алдыңғы сабақтардың әсерінен пайда болған жағымды өзгерістер беки түсуі және жетіле түсуі қажет;

б) демалыс жұмыс қабілетін қалпына келтірудің арта түсуі үшін жеткілікті болуы тиіс.

Дене жүктемелерін бірте-бірте және жоғары деңгейге арттыру ұстанымы олардың көлемі мен қарқындылығының, оқушыны дайындауға қойылатын талаптардың бірте-бірте күрделенуінің үздіксіз арта түсуімен байланысты болып келеді.

Сабақтарды бір-бірте күрделендіру оқушыны дайындаудың мүмкіндіктері мен деңгейлеріне сәйкес келіп, олардың спорттық жетістіктерінің үздіксіз арта түсуін қамтамасыз етуі тиіс. Дене жүктемелерінің толқынды түрде өзгеру ұстанымы олардың динамикасының толқынды сипатын көрсетеді, себебі ол салыстырмалы алғанда оқу – тәрбие үдерісінің кіші-гірім үзіндісіне, немесе сабақтардың кезеңдері мен тұтас бір дәуіріне де тән болуы мүмкін.

Спорттық техника мен оны жана тұрғыда жетілдіруге үйрету әдістерінің кез-келген түрінің жағымды жақтары бар, бірақ ол жеке қалпында шапшаң әрі тиімді үйретуді толық қамтамасыз ете алмайды, сондықтан спорттық техниканы меңгеру барысында барлық әдістер бірін-бірі толықтыратын түрде қолданылады. Олар жиірек бір уақытта пайдаланылады. Қимыл-қозғалыстарды белгілі реттілікте игеру. Атап айтқанда: дайындалып жүрген оқушылардың оқуға деген жағымды ынтасын қалыптастыру; қозғалыс қимылының мәні туралы білімді қалыптастыру; әрбір спорт түрлері бойынша үйренетін қозғалыстар туралы толық түсінікті қалыптастыру; үйренетін қозғалыс қимылын тұтастай игеру. Сөйтіп, қимылға үйрету дегеніміз - бұл білім алу, қозғалыс икемділігін қалыптастыру және тиісті дене жағынан қалыптасудың қасиеттерін тәрбиелеу.

Талдау, жалпы білім беру мектептерінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мен басқаруға білім беру мен спорттық мекемелерге тән құрылымдар - мақсат, жалпы және арнайы (арнайылық) міндеттер, әдістер мен қағидалар, оқу кеңістігінде жүзеге асатын, нақты бағыттылығы бар, оқу материалының теориялық және тәжірибелік мазмұны кіретінін көрсетті. Оқушы-спортшының осы білім беру кеңістігіндегі таңдаған жолының басы, мектептегі оқу мерзіміндегі бастапқы кезеңнің де нақты құрылымы немесе мазмұны болады.

Дене тәрбиесі сабағында оқытудың дәстүрлі емес құралдарын қолдану барсында оқушылардың дене тәрбиесін дамыту технологияларын жетілдіруге; дене тәрбиесі сабақтарында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге, дене тәрбиесі арқылы жеке тұлғаның психофизиологиясын өзгеруге: өзін-өзі реттеуін қалыптастыру; дене тәрбиесі сабақтарын пәнаралық байланыс арқылы жетілдіру; дене қабілетін рухани құндылықтар арқылы дамыту; релаксация арқылы жеке тұлғаның психофизиологиялық қабілеттерін дамыту; психикалық қуат мүмкіндіктері мен дене тәрбиесін сабақтастырып дамытуға т.б. қол жеткізуге болады.

Футбол ойындары мектеп бағдарламасына енген басқада дене шынықтыру және спорт жаттығуларымен бірге оқушылардың адамгершілік-ерік және қимыл сапаларын жақсартуға көмегін тигізеді. Футбол ойыны үздіксіз жүйелі түрде ойнау төзімділік, ептілік және қимыл-әрекеттер жасауда тапқырлық таныту сапаларын қалыптастырады. Футбол ойынының мәні ерекше. Оқушы әрбір ойынға қандай сипатты қимыл-әрекеттер тән екенін және оларды қалай меңгеру ерекшеліктері мен әрбір ойынның ағзаларына қандай әсері болатынын білуі керек.

Футбол ойынының физиологиялық негіздеріне қысқаша тоқтала кетсек, футбол ойыны ағзаның жеке жүйелерінің морфо-функционалдық жағдайына әсерлері – ойындардың мерзіміне, қарқынына, алаңның аумағына, ойыншылар санына және т.б. факторларға тәуелді болады. Ойын барысында жүгірістер қанша көп болса, вегетативтік өзгерістер сонша айқын болады.

Футбол ойыны аралас типті жылдамдық-күш қимылдармен сипатталады. Ацикалдық қимыл қозғалыстар ойындарда басым. Көздеу қимылдарының дәлме-дәл орындалуының мұнда маңызы зор. Бұлшық ет жұмыстары футбол ойындарында динамикалық сипатта. Бірақ күш әдістерін қолданғанда еттер қысқа мерзімді статикалық ширығулар туғызады. Бұл футбол ойындарымен шұғылданушылардың күш дайындықтарына жоғары талаптар қояды.

Футбол ойындарындағы цикльдық қимылдар қуаты ауыспалы. Ойынның әрбір сәтінде ол үлкен, суб-максималды, максималды болуы мүмкін. Ойын барысында спортшы әрекеті қысқа мерзімге үзілуі мүмкін (ойын ережесінің бұзылуы, допты жоғалту, 1 мин. үзіліс және т.б.). Жұмыс қуаты төмендегенде және қысқа мерзімді үзілістерде, қайта қалыпқа келу процестері күшейеді. Олар көрнекті, жоғары мамандықты жүйке процестері құбылмалы спортшыларда ерекше білінеді.

Футбол ойындарында организмнің анаэробтық мүмкіндіктеріне жоғары талаптар қояды. Егерде ойын жоғары қарқынмен жүрсе организм анаэробты жағдайда жұмыс істейді, сонда ол ұзақ жүктемеге шыдай алмайды. Осыған байланысты ойын ережесі бойынша ойыншылар ауыстырылады. Спорттық мұндай түрлерінде жоғары нәтижеге жету үшін анаэробтық мүмкіндіктермен қатар, аэробтық мүмкіндіктерді де жетілдіру көзделеді.

Футбол ойындары жылдамдық, күш, ептілік және арнайы төзімділіктің дамуына септігін тигізеді. Жаттықтыратын жүктеменің өте

үлкен көлемі, жалпы төзімділік қасиетінің дамуына әкеледі. Спорт ойындарымен шұғылданушылардың қимыл дағдылары алуан түрлі. Олардың күрделілігі алаңда тез қозғалу, допты тебу, беру және т.б. басқа ойын әдістерін қолданумен байланысты.

Футбол ойындарында қимыл дағдыларын автоматтандыру қажет. Ол қанша жоғары болса, спортық әрекет сонша тиімді болады. Ойынның жеке әдістері ғана автоматтындрылып қана қоймай, тіпті күрделі компоненттері де автоматтандырылады. Кейбір жағдайларда үйренген қимылдар тиімсіз болады. Спортшының мұндай стереотипті әрекеттері туылған жағдайларға қарай өзгеріп отыруы қажет. Бұлар ерікті және еріксіз түрде экстрапаляция жолымен жетіледі. Сонда жаңа қимыл формалары жасалуын қамтамасыз ететін шартты рефлекторлық байланыстар пайда болдады. Дәлірек айтқанда, футбол ойындарында стереотиптік қимылдар тез және жеңіл өзгере алуы керек. Бұл қимыл әрекеттерін басқарушы жүйке процестері құбылмалылығының арқасында іске асады.

Футбол ойынымен шұғылдану жүйке процестері құбылмалылығын жетілдіреді. Оның жанама көрсеткіші-шартты қимыл реакцияларының латенттік уақытының қысқаруы. Жүйке процестерінің құбылмалылығы тек қана қимыл құрамы мен екпінділігін өзгерту үшін қажет емес, сонымен қатар тыныс пен қанайналым мүшелерінің орайлас өзгерулеріне де қажет. Айтылған мүшелер жұмыс қуаты көтерілгенде қызметтерін тез көтеріп төмендегенде тез қалпына келуі шарт. Ойын қимылдардың тез, үйлесімді және дәл болуын талап етеді. Сондықтан көру мен есту мүшелерінен, ойыншылар мен доптың, өз денесінің қалпы мен бұлшық еттерінің күйі туралы, вестибуляр және қимыл әрекеттерінен келетін ақпараттар айқын және қажетті уақытта келуі шарт.

Футбол ойыны қимыл аппаратына арнайы талаптар қояды. Ойыншы дайындығында еттер күшінің «жарылысты» қасиетін жетілдіруді, «секіргіштік» төзімділікті, сөрелік екпін жылдамдығын, жылдамдық төзімділікті қамтамасыз ететін жаттығулар көзделеді. Арнайы күш дайындығы бұлшық еттердің гипертрофиясына әкеледі. Бірақ гипертрофия олардың жылдамдық қасиетін төмендетпеуі керек.

Футбол ойыны сұрапыл әрі адамның жүрек қылын тербететін дене тәрбие ойыны болғандықтан, ол “дүниедегі маңдай алды спорт”, “дене тәрбиесінің патшасы” делініп, бүкіл дүние халқының қастерлеуіне бөленуде.

Футбол ойынында жарыс майданы кең, жарыс уақыты ұзақ, қатынасатын адам көп әрі сайысуы қат-қабат, допқа таласуы қиян-кескі, еліктіргіштігі күшті, драммалық қасиет болады. Бұл жағынан да әр қандай бір дене тәрбие түрімен салыстырғанда алда тұратындығы шүбәсіз.

Футбол ойыны адамдарды дене жақтан жан-жақтылы шынықтырып, жылдамдық, күш, төзімділік, икемділік, ептілік жақтарынан да, қайсар, зерек, қағылез, мойымас қасиетпен жұдырықтай жұмылып селбесетін ұжымдық рухты жетілдіру жағынан да зор маңызға ие.

Библиографиялық тізім

1. Қуанышев С.Ә. Базалық спорт түрлерін оқытудың ілімі мен әдістемесі.-Шымкент.-2019. -Оқу құралы.174бет
2. Практиканың әдістемелік негіздері.-Шымкент.-2016
3. Алшынбаев К.И. Футбол ойынын оқыту әдістемесі.-Шымкент.-2009
4. Серимбетов Ж. Футбол ойынының әдіс тәсілдері.-Шымкент.-2019.-Әдіст.нұсқау.

ӨОЖ 372.8:718

ВОЛЕЙБОЛ

*Даурен.Ж.Б. магистр оқытушы
Кулниязов Э. У. ДС-323 тобының білім алушысы
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Қазіргі таңда техникалық жоғарғы оқу орындарында дене шынықтырудан тыс жұмыс істейтін студенттік спорт клубтары қарқынды дамудың үстінде. Сондықтан спорт және негізгі міндеті дене тәрбиесі болып табылатын дене мәдениеті тұжырымдамаларын ажырату керек.

Дене шынықтыру немесе дене мәдениеті - қоғамның жалпы мәдениетінің бөлігі, денсаулықты қолдауға бағытталған әлеуметтік қызметтің бағыттарының бірі, адам денесінің қабілеттерін дамыту және әлеуметтік тәжірибенің қажеттіліктеріне сәйкес оларды пайдалану.

Спорт - бұл әлеуметтік маңызды нәтижелерге жеткізетін дене жаттығуларын қолдануға негізделген білім беру, ойнау, бәсекеге қабілетті қызмет болып табылады. Спорттың айрықша ерекшелігі - бұл жаттықтыру, ал спорттың басты мақсаты – жақсы нәтижелерге қол жеткізу. Алайда, бұған қоса басқа да маңызды әлеуметтік мақсаттарға жеткізіледі - олар: адам денсаулығын нығайту және физикалық жетілдіру, оның идеологиялық, ақыл-ой, моральдық, эстетикалық тәрбиесі. Сондай спорттық ойындардың бір түрі - волейбол спорт ойыны, өз өзектілігін жоғалтпайды, жастар арасында танымалдығы одан сайын арта түседі.

Волейбол - бұл командалық ойын, әр ойыншы өзінің қарсыласының іс-әрекетіне байланысы қозғалыс қимылдарын жасайды. Волейбол студенттерге теориялық ақпараттар алуына, тактиканың және техниканың негізгі әдістері мен тәсілдерін үйренуіне, өздерінің мүмкіншілігіне сәйкес жаттығуына, екі жақты ойын кезінде үйренген дағдыларын жетілдіруіне мүмкіндік береді.

Дене тәрбиесінде волейбол ойынының кең көлемде таралуы оның әр түрлі жаттығуларға ыңғайлылығымен, жастардың демалыстарын дұрыс

ұйымдастыруымен, денсаулықты және дене тәрбиесін жетілдірудегі жан-жақтығымен, ойын ережесінің қарапайымдылығымен, керекті құралдардың және алаңның күрделі еместігімен түсіндіріледі. Ойын жағдайы жаттығушыларды жалпы мақсатқа жету үшін өзінің ойын кезіндегі іс-қимылын ұжымының мақсатына бағындыруға, жағдайға байланысты өзінің бар мүмкіншілігімен әрекет етуге, спорттық сайыс кезінде қиындықты жеңе білуге, ойын барысындағы шиеленіскен жағдайда дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелейді. Бұлар студенттердің ұжымдық сезімін; тез зейін қоюы мен шапшаң ойлауын, шешім қабылдағыштығын және өзінше қимылдар жасай білу дағдысын қалыптастырады.

Техникалық жоғарғы оқу орындарында волейбол ойыны алдында тұрған міндеттер:

а. Студенттердің денсаулығының деңгейін көтеру.

б. Кейінірек студенттердің жоғарғы оқу орында білім алуды аяқтағаннан кейін олардың кәсіби жұмыста және өмірде қажет физикалық қасиеттердің қалыптастырып, болашақ мамандардың тиімді жұмыс істеуіне үлес қосу болып табылады.

Біздің университетте техникалық мамандықтарда оқитын инженерлердің және т.б кәсіптік маңызды физикалық қасиеттерін атап өтсек, олар : жоғары жұмыс өнімділігі және әлсіздікке ,күйзеліске дем бермеу, күш-жігер, төзімділік, икемділік, мұқияттылық, шапшаң реакция жылдамдығы, жоғары концентрациясы және оның мұқият ауысуы, жақсы дамыған жады,әсіресе жедел, жоғары деңгейдегі мағлұматты қабылдау және дамыған байқампаздық,практикалық ойлау, күрделі шешімдерді жылдам қабылдау мүмкіндігі,қимыл-қозғалысты жоғары үйлестіруді қамтиды. Жоғарыда аталғандардың барлығы - бұл волейбол ойнау үшін қажетті талаптар болып табылады. Жалпы алғанда, волейбол спорт түрінде ғана емес, мамандықтары жоғары қарқындылықпен, тұрақтылықпен, шешім қабылдау мен ойлау шапшаңдығымен және дәлдікпен ерекшеленетін адамдардың мамандықтарына арналған оқыту құралдарының бірі ретінде қарастырылып келе жатыр.

Алайда,бүгінгі таңда техникалық жоғарғы оқу орындарында волейбол спорт ойыны жоғарғы дәрежедегі спортшыларды дайындау құралы ретінде дамуы мәселелерге тіреліп отыр.

Сондықтан, бұл жұмыстың мақсаты: жоғары оқу орындарында студенттік волейбол спорттық командаларды ұйымдастыру және дайындау ,волейбол спорт ойынын дамыту үшін тиімді жағдайларды анықтау болып табылады.

Студенттік спорт түрі ретінде волейболды университеттерде дамытудың маңызы зор. Жақсы қалыптасқан тиісті инфрақұрылыммен жабдықталған спорттық ортада, сондай-ақ белсенді дене шынықтырумен айналысуға арналған ортада жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізе отырып,келесідей нәтижелерге қол жеткізуге болады:

Университеттің студенттік қауымдастығында үнемі студент-спортшылардың қатысуымен салауатты өмір салтын және волейбол ойынының танымалдылығын арттыру;

Волейболдағы спорттық жетілдірудің кейінгі сатысында (17-18 жастағы) спорттық дарындарын анықтау және ұлттық құраманың резервіне дейін кәсіби деңгейге жеткізу;

Жоғары білімді табысты біріктіруге қабілетті жастардың мансабын кеңейту;

Спорттық мансапты аяқтағаннан кейін кәсіби деңгейдегі спортшылардың әлеуметтік бейімделуін жеңілдету.

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді тиімді шешу үшін:

а. тиісті логистикалық және кадрлық базаның болуы;

б. Кәсіби волейболмен айналысу және таңдалған мамандық бойынша сабақтардың икемді кестесі, жоғары сапалы жатын орын және тамақтану жағдайларын қамтамасыз ету, сондай-ақ студент-спортшылардың өзіндік жұмысы үшін қажетті жағдайлармен оңтайландыру;

с. академиялық жүктеменің ерекшеліктерін ескере отырып, спорттық іс-шаралардың ең қолайлы күнтізбесін әзірлеу

д. студенттік жарыстарды әлеуметтік қана емес, сондай-ақ жергілікті және ұлттық маңызды оқиға ретінде тұту;

е. командаларды қалыптастыруда ең үздігін таңдаудағы әділеттілік принципін негізге алу, спортшыларды іріктеудегі айқындылық және оларды насихаттау

Алдағы жылдары студенттердің жоғары деңгейдегі спорттық командалары Қазақстандағы ең жоғарғы деңгейдегі спортшылардың қатарын толтыра алады. Техникалық жоғарғы оқу орындарындағы студенттердің өз тәжірибелерін және шет елдердің ең табысты тәжірибесін ескере отырып, университеттің волейбол спорт ойыны жана, одан да жоғары даму деңгейіне жетуі мүмкін. Дегенмен, бұл үшін студенттік волейбол спорт секциясының жұмыс істеу шарттарын мен факторларын жақсарту қажет.

Библиографиялық тізім

1 Жасөспірімдерге арналған волейбол ойыны. Бекбергенова Ж.Е. Шилібаев Б.А. Оқу құралы Алматы 2019

2. Волейбол ойыны Шымкент-2019 Қонарбаев Ж, Балабеков А. Оқу құралы

3. Спорт ойындары Алшынбаев К.И., Тастанов А.Ж., Ермашова А.О., Айтжанов А.А. Оқулық Шымкент 2017

4. Жасөспірімдерге арналған волейбол ойыны. Бекбергенова Ж.Е. Шилібаев Б.А. Оқу құралы Алматы 2019

5. Алшынбаев.К., Спорт ойындары.- Шымкент.-2017.-Оқулық.-70бет

ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫННЫҢ ПАЛУАНҒА БЕРЕТІН МҮМКІНДІКТЕРІ

Дүйсенов Қ.К.

*Аға оқытушы Қ.А.Ясауи атындағы
ХҚТУ, Түркістан қ.
kaldibek.duisenov@ayu.edu.kz*

Серік Дарига

*Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ,
Түркістан қ.
6B01406-Музыкалық білім білім беру
бағдарламасының 1 курс студенті*

Дене тәрбиесі және спорттық жаттығулар-бұл қозғалыс мәдениетін дамыту арқылы адамның қабілеттері мен қасиеттерін дамытуды басқарудың мамандандырылған формалары. Тиісінше, олардың мазмұны, міндеттері мен мақсаттарының, құралдарының, әдістері мен технологияларының құрамы осы тараптар мен даму деңгейлері бойынша саралануы керек.

Ж. К. Холодов дене шынықтыру – бұл дайындықтың барлық жақтарын жетілдіруге қолайлы жағдай туғызатын физикалық қасиеттерді дамытуға және функционалдық мүмкіндіктерді дамытуға бағытталған процесс деп санайды[1].

В. К. Балсевич дене тәрбиесі мен спорттық жаттығулар түпкі мақсаттардың, нәтижелердің сипатымен және ішінара қолданылатын құралдар мен әдістердің құрамымен ерекшеленеді деп мәлімдейді. Дене тәрбиесінің мазмұнында әдетте екі жағы бөлінеді: қимылдарды оқыту және физикалық қасиеттерді тәрбиелеу; спорттық жаттығулардың мазмұнында төртеуі бар: Физикалық, техникалық, тактикалық және психологиялық дайындық. Американдық дене шынықтыру және спорт теориясында біз басқаратын дамудың төрт деңгейі бар: органикалық, нейромышечный. Интеллектуалды және эмоционалды.

Шын мәнінде, жеке даму процесін басқару жүзеге асырылуы керек және оның мазмұны субъектінің-тәрбие мен оқыту объектісінің – адамның қабілеттері мен қасиеттерін қалыптастырудың бірдей матрицасында орналастырылуы керек [2].

Н.И. Пономарев дене тәрбиесі мен спорттық жаттығу – бұл қозғалыс мәдениетін дамыту арқылы адамның қабілеттері мен қасиеттерін дамытуды басқарудың мамандандырылған формалары. Тиісінше, олардың мазмұны, міндеттері мен мақсаттарының, құралдарының, әдістері мен технологияларының құрамы осы тараптар мен даму деңгейлері бойынша саралануы тиіс [3].

Е.И Когурдың пікірінше, дене тәрбиесі адамның қозғалыс мүмкіндіктерін норма шегінде жан – жақты және үйлесімді дамытуға

бағытталған; спорттық жаттығу-интегралды және үйлесімді, спорт түрлері бойынша жарыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін қажетті қабілеттерді мамандандырылған және шектеулі дамытуға бағытталған. Спорт түрлерінің жиынтығы оларды қалыптастырудың жоғары технологияларын қолдану деңгейінде мотор мүмкіндіктерін дамытудың барлық көлемін қамтиды. Спорт түрлері конверсия ператорлары-белгілі бір технологиялардың тасымалдаушылары және дене тәрбиесі бағдарламаларын қалыптастыру факторлары ретінде әрекет етеді [4].

В. П. Сердюк, О. П. Юшков жастық шақта жан-жақты физикалық дайындық өте маңызды деп санайды. Оның мақсаты-дұрыс дене қалпын қалыптастыру, техникалық әрекеттерді меңгеру үшін арнайы қасиеттерді жан- жақты физикалық дамыту [5].

А. В. Ивойловтың пікірінше, спорттағы заманауи жетістіктер жаттығу мен бәсекелестік жүктемелердің үлкен көлеміне, жоғары қарқындылығына және психикалық қарқындылығына байланысты. Бұл факторлар көбінесе спортшыны оның барлық рухани және физикалық күштерін жұмылдыруды талап ететін төтенше жағдайларға душар етеді. Сондықтан қазіргі уақытта спорттық жаттығулар жүйесін жақсарту қажет.

Бірінші қадам-жаттығу негіздерін тереңдету. Бұл курста спорттың осы түріне қатысты келесі бөлімдерді кеңінен көрсету керек:

спортшы қызметінің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері;

психологиялық-педагогикалық аспектілер;

спорт техникасының биомеханикалық ерекшеліктері, оны игеру және жетілдіру әдістері;

спорттық жарақаттануды дәрігерлік бақылау және алдын алу деректері.

Бір нәрсе өзгеріссіз қалады-біздің мамандарды даярлаудың теориялық деңгейі неғұрлым жоғары болса, жетістіктер де соғұрлым жоғары болады.

Дене тәрбиесі теориясы-бұл адам тәрбиесінің жалпы жүйесіне органикалық түрде кіретін педагогикалық ұйымдастырылған процесс ретінде дене тәрбиесінің құрылысының мазмұны мен формаларын анықтайтын жалпы заңдылықтар туралы ғылым.

Дене тәрбиесі теориясының бірқатар үлкен бөлімдері мен бөлімдері бар:

дене тәрбиесінің теориясы мен әдіснамасының жалпы негіздері.

Дене тәрбиесі жүйесінің негізгі бағыттарының теориясы мен әдістемесі.

Негізгі жас контингенттерінің дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. Ф.П. Суслов қазіргі уақытта спорт түрлері бойынша пайдаланылатын оқулықтар мен оқу құралдарын талдау барлық басылымдарда спорттық дайындықты құру бөлімі бар екенін көрсетеді.

Б. В. Евстафьев дене тәрбиесі білім беру түрі ретінде адамдардың жан-жақты физикалық дамуына, олардың қоғамдағы әлеуметтік міндеттерді орындауға нақты дайындығына бағытталған арнайы ұйымдастырылған және саналы түрде басқарылатын педагогикалық процесс деп санайды.

Дене тәрбиесі дене тәрбиесі процесінде дене тәрбиесінің бір түрі және дене тәрбиесінің құрамдас бөлігі ретінде адамдарда өз қабілеттеріне, шешуші іс-қимыл жасау қабілетіне, айтарлықтай физикалық белсенділікті жеңуге, сондай-ақ жүйелі жаттығуларға деген сенімділікті қалыптастыруға бағытталған арнайы ұйымдастырылған және саналы түрде басқарылатын педагогикалық процесс. жаттығулар.

Дене шынықтыру дене тәрбиесінің бір түрі ретінде адамдардың қоғамдағы әлеуметтік міндеттерді орындауға физикалық дайындығын қалыптастыруға бағытталған арнайы ұйымдастырылған және саналы түрде басқарылатын педагогикалық процесс.

Дене шынықтыру-бұл физикалық дайындықтың бір түрі ретінде адамның әртүрлі мүшелері мен жүйелерінің негізгі физикалық және арнайы қасиеттерін, моторикасы мен дағдыларын, функционалдығын, сондай-ақ байланысты білімдерін қажетті деңгейде жетілдіруге немесе қолдауға бағытталған арнайы ұйымдастырылған және саналы түрде басқарылатын педагогикалық процесс [6].

М. Я. Виленский және басқалар бейімделу құралы ретінде дене шынықтыру көп функционалды түрде көрінеді, ол тікелей әсер етеді (мысалы, жоғары өнімділік, моториканың байлығы кәсіби бейімделуге ықпал етеді) және жанама (мысалы, оңтайлы физикалық белсенділік психикалық көрсеткіштердің тұрақтылығын арттыруға, оқу жұмысын ұтымды ұйымдастыруға пайдалы әсер етеді) [7].

Л. П. Матвеев спорттың жалпы теориясының негізгі құрылымы-соңғы жылдары "спорттық педагогика" деген атау білімнің осы саласына көбірек қатысты деп санайды. Оған мыналар кіреді: спорттық техника теориясы, спорттық тактика теориясы және спорттық өнімділік теориясы. Ұқсас позиция: спорттық іріктеу теориясы, спорттық дайындық және жарыстар жүйесін құру теориясы мен технологиясы (SPS жүйесі).

Спорт теориясының биологиялық аспектілері

Мақсаты: биомеханикамен қатар спорттың биофизикасының басқа бөлімдерін (спорттық техниканың проблемаларына байланысты) ұсыну және биохимия мен спорт физиологиясының бірқатар жаңа тарауларын құру.

Спорт теориясының әлеуметтік-психологиялық аспектілері тек спорт тарихы мен психологиясын көрсетеді.

Спорттық-әдістемелік және спорттық-гигиеналық аспектілер. Оларға спорттың психогигиенасы сияқты ғылыми және қолданбалы білім кіреді.

Спорт теориясының философиялық және әдіснамалық аспектілері. Спорт құбылысын білуге және түсіндіруге диалектика мен логиканы қолдану. Бұған мыналар жатады: спорт теориясының метрологиялық аспектілері – пән, спорт саласындағы жалпы принциптер мен өлшеу технологиясын береді.

Спорттық қозғалысты ұйымдастыру және басқару теориясы.

В. Н. Платонов дене шынықтыру Жалпы, көмекші және арнайы болып бөлінеді деп мәлімдейді. Жалпы дене шынықтыру дегеніміз белгілі бір спорт

түріне қол жеткізуге және жаттығу процесінде тиімділікке оң әсер ететін моториканы үйлесімді дамыту процесі деп түсініледі.

Көмекші физикалық дайындық арнайы моториканы дамытуға бағытталған үлкен көлемдегі жұмысты тиімді орындау үшін қажетті арнайы негіз құруға бағытталған. Арнайы дене шынықтыру жаттығулары белгілі бір спорт түрінің ерекшелігіне, ондағы бәсекелестік белсенділіктің ерекшеліктеріне қойылатын талаптарға сәйкес моториканы дамытуға бағытталған.

Спортшының физикалық дайындығы оның мамандануымен тығыз байланысты. Кейбір спорт түрлерінде және олардың жекелеген пәндерінде спорттық нәтиже, ең алдымен, жылдамдық-қуат мүмкіндіктерімен, анаэробты өнімділіктің даму деңгейімен, ұзақ мерзімді жұмысқа төзімділікпен анықталады; үшіншіден, жылдамдық - күш және үйлестіру қабілеттерімен, әртүрлі физикалық қасиеттердің 4 біркелкі дамуымен.

Дене шынықтыру даярлығы бойынша бағдарламаны аяқтау Бастапқы әскери даярлық курсының аяқталуына орайластырылады.

А. Н. Ленц жоғары дәрежелі спортшылардың дене дайындығы-спорттық жаттығудың заманауи теориясы мен практикасының ең өзекті мәселелерінің бірі деп санайды. Айтпақшы, бұл мәселе соңғы уақытта мамандар арасында үлкен келіспеушіліктерді тудырды. Кеңестік балуандар, ауыр атлеттер, шаңғышылар, ескекшілер, конькимен жүгірушілер мен жүзушілердің физикалық дайындығының жалпыланған тәжірибесінің баспасөзде пайда болуы көптеген даулы мәселелерге белгілі бір айқындық беріп, жоғары спорт шеберлігі теориясын едәуір байытады⁷

А. А. Карпинский дене шынықтыру жалпы физикалық дайындықтан (ОФР) және арнайы физикалық дайындықтан (СФР) тұратынын айтады. ҚПО физикалық қасиеттердің жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді: күш, жылдамдық, төзімділік, икемділік және ептілік. Арнайы дене шынықтыру дайындығы ҚПО-ға негізделіп, классикалық күресте жоғары спорттық шеберлікке қол жеткізуді қамтамасыз ететін ерекше қасиеттерді дамытуға бағытталған. В. г. Федотова қазіргі спортта жоғары нәтижелерге қол жеткізу көбінесе қатысушылардың физикалық дайындығына байланысты деп санайды және қозғалыстардың белгілі бір саласында уақтылы мамандану бұл жерде негізгі рөл атқарады.

Балалық шақта дененің маңызды жүйелері мен функцияларын қалыптастыру кезінде белгілі бір физикалық қасиеттерді дамытуға қолайлы кезеңдерді ескеру өте маңызды. Балалардың, жасөспірімдер мен жастардың дене тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру үшін олардың даму заңдылықтарын анықтау қажет.

Төзімділік белгілі бір қарқындылықты орындау ұзақтығымен немесе дененің шаршауға қарсы тұру қабілетімен сипатталады.

Н. Г. Кулик бірлескен автормен дене шынықтыру кез-келген спорт түрінің ажырамас бөлігі болып табылады, дене шынықтырусыз үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу мүмкін емес дейді. Қазіргі уақытта көптеген

спорт түрлерінде жаттығуда әртүрлі қосымша жалпы дамыту және арнайы жаттығулар қолданылады. Дене шынықтыру-спорттық жаттығудың негізі. Жеткілікті дамыған күш және жылдамдық қабілеттерінсіз, төзімділіксіз, икемділіксіз, тіпті жақсы техникалық және тактикалық дайындықпен де жоғары нәтижелерге қол жеткізу мүмкін емес.

Г. С. Туманян әрбір студент ГТО кешенінің ғалымдарын және бақылау нормативтерін дайындау және тапсыру процесінде қолданылатын дене жаттығуларын орындау техникасын меңгеруге міндетті деп санайды. Спорттық жетілдірудің оқу бөлімінде оқитын студенттер, сонымен қатар, таңдалған спорт техникасының барлық бөлімдерінің ішінен оңтайлы қозғалыс көлемін игеруі керек, жан-жақты техникалық дайындық деңгейіне жету үшін олар спорттық техниканы бәсекеге қабілетті жағдайда тиімді қолдану үшін мықтап игеруі керек.

Осы міндеттерге сүйене отырып, физикалық жаттығуларды үйрену әдістемесінде салыстырмалы түрде тәуелсіз екі мәселені бөліп көрсетуге болады: бір мотор әрекетін үйрету және қозғалыс жүйесін оқыту.

В. И. Ушаков және оның бірлескен авторы жас спортшылардың тиімді дайындығы және спорттық нәтижелердің одан әрі өсуі көбінесе дайындықтың бастапқы кезеңдерінде олардың жағдайын объективті сипаттайтын тұтас ақпараттың болуына байланысты деп санайды.

Физикалық мүмкіндіктерді басқарудың және жаттығу жүктемелерін барабар жоспарлаудың әдіснамалық негізі спортшыларды даярлаудағы педагогикалық кешенді бақылау болып табылады.

В. И. Столяров, жақсы дене шынықтыру – балуанды дайындаудың барлық жақтарын жетілдірудің негізі, және ол жаңадан бастаушыларға да, жоғары дәрежелі спортшыларға да көп көңіл бөлуі керек дейді.

В. Н. Волков пен В. И. Сиваковтың айтуынша, физикалық қасиеттерді дамыту үшін негізінен екі әдіс қолданылады – жаттығуларды қайта орындау әдісі (ауыспалы жұмыс-демалыс) және жаттығуды үздіксіз орындау әдісі. Күш пен төзімділікті дамыту үшін осы әдістермен жаттығулар жасағанда, бұл жаттығулар дененің салыстырмалы түрде терең шаршауын тудыруы керек, ал жылдамдық, икемділік, үйлестіру дамыған кезде, керісінше, тез және терең шаршау болмауы керек. Дамыту кезінде жеке қасиеттерін жүктеменің шамасын өлшейді есебінен санын қайталауға жаттығулар, арттыру отягощений бұлшық, жылдамдығын өзгерту және орындау ұзақтығы жаттығулар амплитудасы қозғалыстар.

Б.А. Подливаев дене шынықтыру - бұл дайындықтың барлық жақтарын жетілдіруге қолайлы жағдай туғызатын физикалық қасиеттерді тәрбиелеуге және функционалдық мүмкіндіктерді дамытуға бағытталған процесс деп санайды. Ол жалпы және арнайы болып бөлінеді. А. Д. Суханов жалпы дене шынықтыру спортшының дене қасиеттерінің, функционалдық мүмкіндіктері мен жүйелерінің жан-жақты дамуын, бұлшықет қызметі процесінде олардың көрінуінің үйлесімділігін көрсететінін айтады.

Арнайы дене шынықтыру физикалық қабілеттердің даму деңгейімен, таңдалған спорт түріндегі жетістіктерді тікелей анықтайтын органдар мен функционалды жүйелердің мүмкіндіктерімен сипатталады. Арнайы дене шынықтырудың негізгі құралдары-бәсекеге қабілетті жаттығулар және арнайы дайындық жаттығулары.

Спортшының физикалық дайындығы оның спорттық мамандануымен тығыз байланысты. Кейбір спорт түрлерінде және олардың жекелеген пәндерінде спорттық нәтиже ең алдымен жылдамдық-қуат мүмкіндіктерімен, анаэробты өнімділіктің даму деңгейімен анықталады; басқаларында - аэробты өнімділікпен, ұзақ мерзімді жұмысқа төзімділікпен; үшіншіден, жылдамдық және йлестіру қабілеттерімен; төртіншіден, әртүрлі физикалық қасиеттердің біркелкі дамуымен анықталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Дене мәдениеті-оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде. Ізденіс - Поиск. 2009, №2 (2)- Б.262-264
2. Е.Уақбаев Қазақстанда дене тәрбиесі жүйесінің дамуы. Алматы: Санат, 2000
3. Ә.К.Әбділлаев. Дене мәдениетінің ілімі мен әдістемесі. Оқу құралы, Түркістан, 2011
4. Физиология мышечной деятельности. Учебник для институтов физической культуры. /Под ред. Я.М.Коца/.-Москва. «Физкультура и спорт», 2012.
5. Петрунев А.А., Вишневский В.А., Мороз В.В., Кузнецов А.И. Подготовка квалифицированных борцов классического стиля. - Красноярск: Изд-во КГУ, 1988.- 55с.
6. 31Озолин Н.Г. Молодому коллеге. - М: Изд-во Физкультура и спорт,1988.-288с.
7. Зациорский В.М. Физическая подготовка борцов.- М: Изд-во Рыбари,2004.-224с.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ПӘНІ ОҚЫТУШЫЛАРЫН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ДАЯРЛАУ

Елшиев Балгабай Тезекбаевич п.ғ.к.,доцент

Аннотация: Дене тәрбиесі пәнін мектепте оқытудың мақсаты — шымыр да шыныққан жасөспірімдерді жеке тұлға ретінде қалыптастыру. Отбасынан басталатын аса курделі бұл үрдіс мектеп тәрбиесімен ғана

шектеліп қоймауы тиіс. Алайда, тәрбие берудің өзге де салаларымен қоса жеке адамды әлеуметтік-педагогикалық негізде тәрбиелеп, қалыптастыруда мектептің алатын орны ерекше.

Адамгершілікке тәрбиелеудегі дене тәрбиесі пәнінің орны. Дене тәрбиесі пәнінің оқу урдісі алғашқы қимыл-жаттығуды үйренген сәттен-ақ басталады. Еңбектің адам мүшелерін дамытуға ықпалын, оқушыларға дене тәрбиесінің жеке адамды қалыптастырудағы орасан зор мүмкіндігін оқу барысындағы теориялық қисындарға сүйене отырып түсіндіру керек. Педагогика мен психология ілімдерінің мамандары адамгершілік қасиеттің негізі — адам санасы мен сезімінің және оның мінез-құлқының үйлесімінде жатқандығын дәлелдейді. Дене шынықтыру сабағы адам бойындағы ізгілік сипаттарының қарама-қайшылығы мен айырмашылықтарын жойып, түрлі танымдық қиындықтарды дене тәрбиесі арқылы жеңе білуге үйретеді. Адамның мінез-құлқы мен сана-сезімін жан-жақты жетілдіру — дене тәрбиесі пәнінің басты мақсаты. Оқу барысындағы ізгі тәрбиенің қайнар көзі сабақтың мазмұнына тікелей байланысты. Мектептегі дене тәрбиесі жүйесінің негізі адамгершілік қасиетке сай құрылуы тиіс. Себебі, бұл жүйе өзінің бойына интеллектуалдық, танымдық, эмоционалдық және моральдық компоненттерді біріктіреді. Тәрбиелеу-үйрету үрдісінде оқушыларды халықтық педагогика негіздерін қолдана отырып, өзара достық қарым-қатынасты дамытуға баулудың маңызы зор. Бұл үшін қимыл-қозғалыс тәрбиесіне негізделген сабақтарды ұйымдастыра білудің мәні ерекше. Оқушының қимыл-жаттығуларды орындаудағы мінез-құлқын, іс-әрекетін көрнекі мысалдар арқылы талдап-түсіндірудің тәжірибелік сипаты өте нәтижелі болмақ. Ол үшін «Жеке және ұжымдық қимыл-қозғалыс жаттығулары» деген тақырыпқа шығарма жаздырудың еш бұрыстығы жоқ. Сондай-ақ дене тәрбиесі сабағында кездесетін адамгершілік қасиеттерді насихаттайтын оқиғаларды тақырып ретінде ұсынудың да тәрбиелік әсері мол.

Дене тәрбиесі сабағындағы оқу-жаттығуларда ойыншылардың өзара қарым-қатынасына, қимыл-қозғалысына шек қойылмайды. Олар жаттығу кезінде емін-еркін қозғалады, біріне-бірі көмектеседі, кеңес береді. Міне, мұндай жеңілдіктерді ұстаздың дұрыс пайдалана білгені жөн. Мұнда, әсіресе, ережені, спорттық әдеп-нормаларды сақтаудың, қарсыласын сыйлай білуді талап ететін жарыстардың ықпалы ерекше.

Оқу-жаттығу барысында осындай әдіс-тәсілдерді орынды пайдалану нақты тәрбиелік тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге оқушылардың мінез-құлқының адамгершілік сипатта қалыптасуына мүмкіндік береді.

Адамгершілік сананы қалыптастыру. Адамның жан дүниесін түсіне білу және өзінің мінез-құлқын саналы түрде меңгеріп, ұстамдылыққа үйрену, ізгілік туралы ілім негіздерін терең түсіну — осылардың бәрі адамгершілік қасиеттердің негізін қалайды. Мұғалім осы алғышарттарды оқушының бойына сіңіре білуге міндетті.

Білім мен мінез-құлық психологиясының арасындағы алшақтық ұстаздың моралдық-адамгершілік қарым-қатынастар тәрбиесін білім беру үрдісімен тығыз ұштастыра алмауынан туындайды. Оның кілті мұғалім мен оқушының тіл табыса білуінде жатыр. Алайда, кез келген сөз кез келген жағдайда нысанасын дәл таба бермейді. Мысалы, залдың іші айқай-шу. Мұғалім оларды өзіне шақырып, жай ғана: «Мен бүгін ауырып тұрмын. Сонда да сендер сабақтан кенжелеп қалмасын деп келдім. Сондықтан тынышталыңдар», — деді. Бұл оқушылардың сезіміне әсер ету үшін айтылған сөз болса да, ол өз жемісін береді. Оқушымен қай уақытта сөйлесіп, қай уақытта сөйлемеу керектігін мұғалім аңғара білуі қажет.

Мұғалімнің сөзі қаншалықты маңызды болғанымен де, оқушының санасына әсер ететін ескертулер олардың қимыл жаттығуларымен тікелей астасып жатуы тиіс. Мәселен, оқушы гимнастикалық жаттығу — секіруге сенімсіздеу көңіл күймен дайындалып жатқанын байқағанда, оған «Қорықпа!» деген сөзді айтады. Тәжірибелі бапкер секіру кезегін алмастырып, оқушыға бірінші кезекте секіруді ұсынады. Бұл оның «мен — біріншімін» деген мақтаныш сезімі мен намысын оятады. Өзін сенімді сезінеді де, жаттығуды қалай да жақсы орындап шығуға тырысады.

Түрлі диспут, пікір алысу, талдау арқылы оқушылардың көзқарасын анықтап, оны ізгілік іліміне бейімдеу, өзіне деген сенімін күшейту тәрбиелік жұмыстың бір маңызды тәсілі болып табылады.

Адамгершілік қасиетке тәрбиелеу. Адамгершілік қасиеттерді игеру оқушының мінез-құлқын тәрбиелеу үрдісімен сабақтастырыла жүргізіледі. Білім мен өзіне деген сенімге негізделген қимыл жаттығулары ғана ізгілікке жетелейді. Сонда ғана оқушы өзінің іс-қимылының мәнін түсінеді. Дене шынықтыру сабағына белсенді түрде қатысу белгілі бір дәрежеде оқушыдан батылдықты, өжеттілікті, күштілікті, шыдамдылықты, көпшілікпен санасуды қажет етеді және сол қасиеттерді дамытуға да мүмкіндік береді. Әрине, мектеп бағдарламасы оқушылардан мөлшерден тыс қуат-күшті, тәуекелді, көзсіз батылдықты талап етпейді. Сондықтан да педагогикалық іс-тәжірибеде «Ерік-жігер», «Батылдық», «Шыдамдылық» сабақтары өткізіледі. Бұл сабақтардан талап етілетін спорттық-адамгершілік қасиеттердің қандай жағдайда байқалатынын мұғалім алдын ала мұқият ойластыруы тиіс. Соның ішінде оқушының қабілетін байқататын не жаңа қырынан ашылуға мүмкіндік беретін қарапайым қимыл жаттығуларына көңіл бөлінеді. Адамды ізгі дағдыға баулудың жолдары әр түрлі. Олар: жеке басқа қатысты дене тәрбиесі (күнбе-күнгі ертеңгілік гимнастика, шынығу т.б.) және әлеуметтік қасиеттер (өзге адамдарға көзқарас, кішіпейілділік т.б.).

Адамгершілік қасиетті қалыптастыру үрдісінің ережелері төмендегідей:

— әр адамның бойында жағымды-жағымсыз дағдылардың ұшырасуы табиғи нәрсе. Мысалы, біреулері бастаған істі соңына дейін жеткізуге қабілетсіздік танытса, екіншілері спортқа немқұрайды қарайды. Оқушылардың бойында кездесетін бірнеше кемшілікті қатарынан жоямын

деп ұмтылуға болмайды. Одан да тәрбиеленушінің жаман дағдыны өзі жоюға деген ықыласын ояту керек;

— жақсы үлгіге сүйену қажет. Жағымсыз дағдыны жою үшін одан не талап етілетіндігін, оны қалай жоюға болатындығының жолын, жаңа үлгіні қалай меңгеретіндігін оқушы білуі керек;

ізгілікке жетелейтін дағдыларды қалыптастыру және меңгеру күнделікті жаттығуды талап етеді. Әйтпесе екі-үш күннің ішінде үйренгенінен текке айырылып қаласың;

дене тәрбиесінің кез келген түрімен айналысқанда мұғалім оқушылардың бәріне бірдей талап қоюы қажет;

секциялық жаттығуларда бір түрлі, ал дене тәрбиесі сабағында екінші түрлі талап қоюға болмайды;

қалыптасып келе жатқан жақсы мінез-құлықтың үйлесімділігіне назар аудару қажет. Әр оқушының өзіндік ерекшелігіне қарай бейімделген дұрыс. Егерде жаңа үйренген мінез-құлық жаттығулары оған ұнамаса не қызықпаса, онда бұл қасиет бәрібір оның бойына дарымайды;

— бақылау барысында тура нұсқаулардан жанама ескетулерге дейін («Сен ұмытқан жоқсың ба?», «Кеше сен менің тапсырмамды орындамаған сияқтысың» т.б.) әдіс-тәсілдің барлығын қолдануға болады;

— жағымсыз мінез-құлық пен дағдыларды жою — өте күрделі нәрсе. Мұндайда өзінің бойындағы жағымсыз мінезге деген теріс көзқарасын қалыптастыру керек. Өзге оқушылардың пікірі мен ұжым мүшелерінің талқылауы жағымсыз мінез-құлықтан тез арылуға көмектеседі.

Адамгершілікке негізделген мінез-құлық пен дағдыларды қалыптастыруда педагогикалық әдісті (мақтау не жазалау) қолдану да өз нәтижесін береді. «Педагогикалық реттеу» деп аталатын бұл әдісті жүзеге асырудың нәтижелері мынадай: мақтау арқылы оқушының көңілін өсіреді, ынталандырады, ізгілікке ұмтылдырады, ал жазалау шарасын қолдану — оқушыны ұялтып, өз мінез-құлқына деген қанағаттанбаушылық сезімін тудырады, жағымсыз қылықтарды қайталамайтын болады. «Реттеу әдістерін» жаппай қолдануды қағидаға айналдыруға болмайды. Бұл шаралардың нәтижесі мұғалімнің жеке беделіне тікелей байланысты. Қолданылған шараның әділдігін оқушы мойындауға тиіс. Шара әділ болмаса, мұғалімнің беделі түсіп, ең қатал жазаның өзі ешқандай нәтижесіз болып қалады.

Мұғалім сынып оқушыларының мінез-құлқын реттеуге әсер ететін шараны дер кезінде нақты әрекетке байланысты қолдана білуі қажет. Оның пәрменділігі оқушылардың іс-қимылдарынан бірден байқалады. Мысалы, мұғалім бір оқушыны өзгеден бөле-жара мақтады делік. Сыныптың өзге оқушылары оны басқаша тусініп, сол баладан басқамыздың бәрін түгел сынады деп қабылдайды. Демек, әлгі мақтаудан ешқандай пайда болмады деген сөз. Сондықтан мақтау да, сынау да ұжым мен жеке оқушының арасына жік түсірмеуі шарт. Екі жақтың өзара түсінушілігін туғызғанда ғана ұжымдық пікір мен жеке беделдің үйлесімділігі пайда болады. Адамгершілікке негізделген мінез-құлықты қалыптастыру мұғалімнен көп

ізденісті, оқу мен жаттығу әдістерін үйлестіре отырып жұмыс жүргізуді талап етеді.

Адамгершілік сезімдерді қалыптастыру. Адамның жан дүниесін түсінуге бағытталмаған тәрбие жұмысы ешқандай да оңды нәтиже бермейді. Дене тәрбиесі пәнінің оқу-жаттығу жұмыстарының негізгі ізгілік мақсаты күштілердің әлсіздерге, ұлдардың қыздарға, жеңгеннің жеңілгенге деген сыйластық сезімін ояту, сонымен бірге сол баланың өзін-өзі сыйлай білуге баулу, азаматтық, жауапкершілік парызын түсінуге тәрбиелеу болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін мұғалім өзінің барлық іс-тәжірибесін сарқа пайдалануға міндетті. Белгілі педагог В.А.Сухомлинский тәрбие жұмысында оқушылардың жан дүниесін түсінуге ерекше назар аударып, соны басшылыққа алу керектігін баса ескертті. Құрғақ сөз бен бос қиялға негізделген үгіт-насихат немқұрайдылыққа әкеп соқтырады. Сезім мен сезімталдық — адамның құнды қасиеттерінің бастылары. Бұл қасиеттер оқушының қоршаған ортаға көзқарасын, эстетикалық-адамгершілік парасат-пайымын танытады. Оқушының оқу-жаттығу ісіне деген қызығушылық сезімін ояту арқылы аса күрделі міндеттерді жүзеге асыруға болады. Оқушы мен ұстаз арасындағы сенім, жылы қарым-қатынас — табыс кепілі. Ешқашанда баланың жер-жебіріне жетіп ұрсуға және олардың бойындағы қатыгездік белгілеріне бей-жай қарауға болмайды.

Адамгершілік сананы қалыптастыру. Адамның жан дүниесін түсіне білу және өзінің мінез-құлқын саналы түрде меңгеріп, ұстамдылыққа үйрену, ізгілік туралы ілім негіздерін терең түсіну - осылардың бәрі адамгершілік қасиеттердің негізін қалайды. Мұғалім осы алғышарттарды оқушының бойына сіңіре білуге міндетті.

Мұғалімнің сөзі қаншалықты маңызды болғанымен де, оқушының санасына әсер ететін ескертулер олардың қимыл жаттығуларымен тікелей астасып жатуы тиіс. Мәселен, оқушы гимнастикалық жаттығу - секіруге сенімсіздеу көңіл күймен дайындалып жатқанын байқағанда, оған «Қорықпа!» деген сөзді айтады. Тәжірибелі бапкер секіру кезегін алмастырып, оқушыға бірінші кезекте секіруді ұсынады. Бұл оның «мен - біріншімін» деген мақтаныш сезімі мен намысын оятады. Өзін сенімді сезінеді де, жаттығуды қалай да жақсы орындап шығуға тырысады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

Қазақстан Республикасы тәлім-тәрбие тұжырымдамасы. Қазақстан мұғалімі, 1995.

Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие. Алматы, 1995.

Оңалбек Ж.К. Болашақ мұғалімдерді оқушылардың дене шынықтыру – сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға дайындаудың ғылыми – педагогикалық негіздері. Түркістан, 2007.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ ЖҮЙЕСІ

Исаева Әйкерім Нұрланқызы доктор PhD, аға оқытушы

Аңдатпа: берілген мақалада Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт жүйесі жайлы сөз қозғалады

Түйін сөздер: дене шынықтыру, спорт жүйесі, басқару негіздері

Қазақстан Республикасындағы дене шынықтыру (дене шынықтыру спорт) қозғалысының субъектілері

Қазақстан Республикасындағы дене шынықтыру (дене шынықтыру спорт) қозғалысы:

- 1) олимпиадалық даярлау орталықтарын;
- 2) олимпиадалық резерв даярлау орталықтарын;
- 3) жоғары спорт шеберлігі мектептерін;
- 4) спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарды;
- 5) олимпиадалық резервтің спорт мектептерін;
- 6) олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектептерін;
- 7) балалар-жасөспірімдер спорт мектептерін;
- 8) дене шынықтыру-спорт қоғамдарын (спорт клубтарын);
- 9) балалар-жасөспірімдер дене шынықтыру даярлығы клубтарын;
- 10) балалар мен жеткіншектер клубтарын;
- 11) спорт медицинасы және оңалту орталықтарын;
- 12) дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерлерін;
- 13) допингке қарсы комиссияларды;
- 14) кешенді ғылыми топтарды;
- 15) оқу-жаттығу базаларын;
- 16) қызметі мектеп жасына дейінгі балалардың, оқушылар мен студенттердің дене тәрбиесі мен спорттық даярлығына бағытталған жеке және заңды тұлғаларды қамтиды.

Мектепке дейінгі балалар мекемелеріндегі, жалпы білім беретін мектептердегі және басқа оқу орындарындағы дене тәрбиесі

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың, жалпы білім беретін және кәсіптік мектептер, колледждер, лицейлер оқушыларының, жоғары оқу орындары студенттерінің дене тәрбиесі оқу және ұзартылған күн режимінде, оқу жоспарларына, дене тәрбиесінің кешенді мемлекет-тік бағдарламаларына, санитариялық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сәйкес сабақтан тыс уақытта және дербес жүзеге асырылады. Міндетті дене тәрбиесі сабақтары бүкіл оқу кезеңі бойына аптасына мектепке дейінгі мекемелерде - кемінде 8 сағат, жалпы білім беретін мектепте - кемінде 3

сағат, кәсіптік-техникалық мектептерде, колледждерде, лицейлер мен жоғары оқу орындарында кемінде 4 сағат жүргізіледі.

Денсаулығы нашар оқушылар мен студенттер арнаулы медициналық топтар мен емдік дене шынықтыру топтарында шұғылданады.

1-1. Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері, жалпы білім беретін мектептер және басқа да оқу орындары оқушыларға дене тәрбиесін беру мақсатында: дене шынықтыру машықтарын қалыптастырады, спортпен айналысуға тартады, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шаралар өткізеді және қоғамдық бірлес-тіктер мен басқа да заңды тұлғалардың мектеп жасына дейінгі балалардың, оқушылар мен студенттердің қатысуымен спорттық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуіне жәрдемдеседі.

2. Сабақтан тыс уақытта дене шынықтыру жаттығуларымен шұғылдану үшін спорт клубтары мен мектептен тыс дене шынықтыру-сауықтыру ұйымдары құрылады, олардың құрамына балалар-жасөспірімдер спорт мектептері, балалар-жасөспірімдер дене шынықтыру клубтары, тұрғылықты жері бойынша балалар мен жасөспірімдер клубтары және қызметі мектеп жасына дейінгі балалардың, оқушылар мен студенттердің дене тәрбиесі мен спорттық даяр-лығына бағытталған басқа да заңды тұлғалар кіреді.

3. Мектепке дейінгі балалар мекемелерінде, мектептен тыс дене шынықтыру-сауықтыру ұйымдарында және оқу орындарында дене тәрбиесі үшін қажетті жағдайлар жасау облыстардың, қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдарына, сондай-ақ құрылтайшыларға жүктеледі.

Еңбек ұжымдарындағы дене шынықтыру мен спорт

1. Кәсіпорындар, ұйымдар жұмыс істеушілерді сауықтыру жөніндегі дене шынықтыруды дамыту үшін қаражат көздеуге және азаматтардың дене шынықтырумен, спортпен шұғылдану құқық-тарын іске асыруына жағдай жасауға міндетті.

Мемлекеттік кәсіпорындар және мем-лекеттің қатысу үлесі бар заңды тұл-ға-лар дене шынықтыру-спорт қоғамдарының (спорт клубтарының) қызметіне қатысуға міндетті.

2. Қызметкерлердің, олардың отбасы мүшелерінің жеке және ұжымдық дене шынықтыру-спорт сабақтарын ұйымдастыру үшін материалдық база жасау, оны пайдалану, қаржыландыру, мамандармен қамтамасыз ету ұжымдық шарттармен және дене шынықтыру мен спортты дамыту бағдарламаларымен айқындалады.

Тұрғылықты жердегі және халықтың жаппай демалыс орындарындағы дене шынықтыру мен спорт

1. Тұрғылықты жерде және халықтың жаппай демалатын орындарында дене шынықтыруды және спортты дамыту:

- 1) спорттық клубтар мен секциялар жұмысын ұйымдастыруды;
- 2) дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуді;

3) дене шынықтыру-спорт ұйымдарына жаппай демалатын орындарда халықтың дене шынықтырумен және спортпен айналысуына арналған қажетті үй-жайлар бөлуге және спорттық ғимараттар беруге жәрдемдесуді қамтиды.

2. Санаторий-курорт ұйымдарында, пансионаттарда, демалыс үйлерінде, туристік базаларда және қала сыртындағы балаларды сауықтыру лагерьлерінде жеке, топтық және отбасылық дене шынықтыру-сауықтыру сабақтарын өткізуге жағдайлар жасалады.

Мүгедектер мен ақыл-есінің мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған дене шынықтыру мен спорт

1. Дене шынықтыру мен спорт мүгедектер мен ақыл-есінің мүмкіндігі шектеулі адамдарды дене бітімі және әлеуметтік жағынан оңалту құралдары болып табылады.

2. Жергілікті атқарушы органдар мүгедектер мен ақыл-есінің мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін арнайы дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын, сондай-ақ жалпы пайдаланудағы ғимараттарда дене шынықтырумен және спортпен шұғылдану үшін жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

3. Мүгедектер мен ақыл-есінің мүмкіндігі шектеулі адамдарды үздіксіз оңалту жүйесіндегі дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануды ұйымдастыру, кадрлар даярлау, әдістемелік, медициналық жағынан қамтамасыз ету, мүгедектер мен ақыл-есінің мүмкіндігі шектеулі адамдардың дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануына дәрігерлік бақылау жасау, білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, дене шынықтыру және спорт органдарына жүктеледі.

4. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган мүгедектер мен ақыл-есінің мүмкіндігі шектеулі адамдардың дене шынықтыру-спорт бірлестіктерімен бірлесе отырып, республикалық жарыстар өткізуді, мүгедектер арасындағы спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларының халықаралық жарыстарға, оның ішінде Параолимпиадалық, Сурдоолимпиадалық ойындарға және Арнайы олимпиадаға дайындалуы мен қатысуын ұйымдастырады.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары мүгедектер мен ақыл-есінің мүмкіндігі шектеулі адамдардың дене шынықтыру-спорт бірлестіктерімен бірлесе отырып, облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) деңгейіндегі спорттық іс-шаралар өткізуді, сондай-ақ олардың республикалық жарыстарға дайындалуы мен қатысуын ұйымдастырады.

Мемлекеттік денсаулық сақтау органдары мен мекемелерінің дене шынықтыру мен спортты дамытуға қатысуы

Мемлекеттік денсаулық сақтау органдары мен мекемелері өздерінің құзыреті шегінде:

дене шынықтыруды аурулардың алдын алу және оны емдеу құралы ретінде пайдаланады;

дене шынықтырумен және спортпен айналысатын адамдарға дәрігерлік бақылау мен икемді қадағалауды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларын халықаралық спорт жарыстарына даярлауды медициналық жағынан қамтамасыз етуге қатысады;

дене шынықтырумен және спортпен айналысатын адамдарды жарысқа жіберуді жүзеге асырады;

спорт медицинасы мен емдік дене шынықтыру саласында мамандар даярлауды жүзеге асырады және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

қолданылып жүрген ережелерге сәйкес мектепке дейінгі балалар мекемелерінде, оқу орындарында дене шынықтыру-сауықтыру және спорт жұмысын ұйымдастыруға белсене қатысады;

халықтың дене бітімінің даму деңгейін анықтайды;

Халықаралық Олимпиадалық Комитеттің сертификаты бар мамандандырылған мекемелерде допингке қарсы бақылауды қамтамасыз етеді.

Дене шынықтыру мен спорт сабақтарын, спорт жарыстары мен бұқаралық спорт шараларын өткізу кезінде қауіпсіздік қағидаларын сақтау, азаматтардың денсаулығын қорғау

1. Дене шынықтыру және спорт қызметкерлері дене шынықтыру мен спорт сабақтарын өткізу кезінде дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган әзірлеп, бекітетін қауіпсіздік нормалары мен қағидаларының сақталуын қамтамасыз етеді.

2. Дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттары ұйымдарының әкімшілігі сабақтар мен жарыстар өткізілетін орындарды қауіпсіздік техникасының қағидаларына, санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге сәйкес техникамен тиісінше жабдықтауды қамтамасыз етеді және азаматтардың денсаулығына келтірілген зиян үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

3. Дене шынықтыру мен спорт сабақтарын, спорт жарыстары мен спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған объектілер мен ғимараттар санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге, сондай-ақ спорт ғимараттарын пайдалану және өрт қауіпсіздігі қағидаларына сай болуға тиіс.

4. Дене шынықтыру мен спорт қызметкерлері дене шынықтырумен және спортпен айналысатын азаматтардың денсаулығына келтірілген зиян үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

5. Азаматтар мен қатысушылардың қауіпсіздік жағдайын қамтамасыз етуді күрделендіретін спорт ғимараттарын пайдалану және өрт қауіпсіздігі қағидалары талаптарының бұзылуы анықталған жағдайда, оның ішінде мінбенің тіреуіш конструкцияларының ескіруі, мінбе астындағы үй-жайларда жанар-жағармай заттары мен материалдарының болуы, авариялық жарықтандыру мен эвакуациялау жолдарының болмауы, өртке қарсы қорғану

құралдарының болмауы немесе ақаулары, сондай-ақ өрттің туындауына әкеп соғуы мүмкін электр жабдығын монтаждау және пайдалану қағидаларын бұзу бөлігінде төтенше жағдайлар жөніндегі органдар енгізетін ұсыным бойынша өз бетінше не ішкі істер органдарының бастамасы бойынша жергілікті атқарушы органдар қауіпсіздік жағдайларының анықталған бұзушылықтары жойылғанға дейін спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізуге тыйым салады.

Дене шынықтыру мен спортты одан әрі дамыту, спорт резервін даярлау және халықаралық дәрежедегі спортшыларды тәрбиелеу - халықаралық спорт ұйымдарының жылдам өзгермелі талаптарын, спортшыларды даярлаудың түрлері мен әдістерін үнемі жетілдіруді, жаңадан келгендерден бастап халықаралық дәрежедегі шеберге дейін республика спортшыларын тәрбиелеу жүйесін одан әрі дамытуды ескере отырып, оқу-жаттығу процесін ұйымдастыруға деген деген жаңа көзқарастарды талап етеді.

Спортқа даярлықты ұйымдастыруда оның қазіргі заманғы әдістемесінің мүмкіндіктерін іске асырудың бірқатар ережелері мен алғышарттарын:

спортқа даярлық жүйесінің жоғары тұрған (кұрама командалар, олимпиадалық даярлық орталықтары, жоғары спорт шеберлігі мектептері) және төмен тұрған (спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар, олимпиада резервін даярлау мектептері, балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері және олимпиада резерві мектептері) құрылымдық бөліктерінде олардың мақсаттары, міндеттері, кадрмен, материалдық-техникалық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудегі ұйымдық-әдістемелік негіздердің бір-бірімен ұштасқан өзара байланысын;

спортшыларды орталықтан даярлауды, олардың жаттығу сабақтарындағы тұрақты бәсекелестігін және оны жұмыс қабілетін арттырудың факторының бірі ретінде пайдалануды, ағзаның іс-қимыл резервін толығымен жұмылдыру мен бейімделу процестерін оңтайландыруды қамтамасыз ететін ұйымдастыру жағдайларын жасауды атап көрсету қажет.

Ол үшін:

елдің барлық өңірлеріндегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде және олимпиада резерві мектептерінде мектеп жасындағы балалардың 8 %-ына дейін сабаққа қамту мақсатымен олардың желісін кеңейту жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар мен елдің барлық өңірлерінде олимпиада резервін даярлаудың толыққанды өңірлік орталықтарын дамыту жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

олимпиадалық даярлық, соның ішінде мамандандырылған орталықтарды дамыту;

спорттық күнтізбеде жоспарланған республикалық іс-шараларды өткізуді және елдің құрама командалары мен үздік спортшыларының әлем, Азия чемпионаттарын, Олимпиада және Азия ойындарын қоса алғанда,

халықаралық жарыстарға, басқа да ресми және халықаралық іріктеу спорттық іс-шараларына қатысуын қамтамасыз ету;

спортшыларды - әлем чемпиондары және халықаралық жарыстар мен чемпионаттардың жүлдегерлерін және олардың жаттықтырушыларын ынталандыру жүйесін жетілдіру;

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Белиц-Гейман С.В. Плавание / М.: Просвещение, 2000.
2. Булгакова Н.Ж. Плавание / М.: Просвещение, 2001.
3. Булгакова Н.Ж. Познакомьтесь – плавание /Н.Ж. Булгакова. – М.: ООО «Издательство АСТ»; ООО «Издательство Астрель», 2002. – 160 с.
4. Булгакова Н.Ж. Игры у воды, на воде, под водой. - М.: ФиС,

ӘОЖ 372.8:718

**СПОРТ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ БАСТАПҚЫ ДАЙЫНДЫҚ
ТОПТАРЫНДА БОЛАШАҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕ БЕЙІМДІЛІКТІ
АНЫҚТАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

*Исмайл.Б.К. аға оқытушы
Ерланқызы.А. ДС-222 тобының білім алушысы
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Спорттық жетістіктердің жоғарғы деңгейге өсуі спорттық ұйымдарға үлкен мақсат қойып, спортшыларды жаңаша дайындауды талап етеді. Көп жылдық спорттық дайындық – спортшылар даярлығының ұйымдық сипатын, тәсілдерді, амалдарының, міндеттерінің алмасып отыруын қамтамасыз етіп отыратын тұтас педагогикалық жүйе. Өз кезегінде спортшыларды даярлау дене сапасын тәрбиелеу мен қимыл біліктілігін, машық пен дайындықты қалыптастырудың оқыту үрдісінде тиімді үйлесуіне жалпы дене дайындығы (ЖДД) мен арнайы дене дайындығы (АДД) құралдарының өсуіне, жүктемелерді бірте-бірте арттыру үрдісін қатаң сақтауға, дене сапаларының дамуын жастық кезеңде қолайлы болатын уақыттар негізінде дамытуға негізделген.

Спорттық ізбасарларды даярлау жүйесінің ұйымдық құрылысы спорттық оқу орындарының қызметіне негізделген. Спорттық ізбасарларды даярлау жүйесінің негізгі буындары спорттық бағытта білім беру мекемелері оның ішінде, балалар мен жасөспірімдер спорттық мектептері, мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорттық мектептері, жоғарғы

спорттық мектептері, орта арнаулы оқу орындары, олимпиадалық резерв мектептері болып табылады.

Спорттық іріктеу мен бағыттау мәселесі әлдеқашан өз алдына ғылым болып саналады. Балалар мен жасөспірімдердің мүмкіндіктерін болжай келе бапкер алдына талантты тұлғаларды іздестіру міндетін қояды. Спорттық болжауды жетілдіру мәселесі қазіргі таңда өз еліміздің де шетелдің де мамандары тарапынан үлкен проблемалар ретінде қарастырылып отыр.

Қазіргі кезде жинақталған көптеген мағлұматтарға қарамастан, талантты спортшыларды іріктеу мен спорттық бағыттау мәселесі әлі шешімін тапқан жоқ.

Спорт мектептеріндегі «спорттық» балаларды іріктеудің ғылыми негізделген тәсілдері, сонымен бірге, олардың нәтижелерін болжау спортшылардың қазіргі дайындық жүйесінде жаңадан спортқа келгеннен бастап халықаралық деңгейдегі спорт шеберлеріне дейінгі өсу, ізденіс пен даму кезеңдерін басынан өткізуде.

Отандық ғалымдардың маңызды ізденістерінің бірі – спорттық іріктеудің теориялық негіздерін жасау, кәсіби маңызды қасиеттердің өсу сипатын, жетілдіру және спорттан кеткен адамның орнын басу мүмкіндіктерін табу болып саналады.

Кез келген адам кәсіби суретші, музыкант, спортшы бола алмайтынын тәжірибе үнемі дәлелдеп отыр. Өйткені мұндай кәсіптерге қоғам қойған талап өте қатаң, ал сәтті қызмет етудің алғышарттары ретінде табиғи қасиеттер негізгі көрсеткіш болып табылады. Осыдан белгілі бір кәсіпте мысалы, спортта спорттық әрекетіне қатысты дарында адамдарды іздеудің толық қамтылған құралы ретінде іріктеу жүйесін ғылыми негіздеу және үнемі жетілдіру мұқтажы туады.

Дайындықтың әрбір кезеңінде іріктеудің неғұрлым ақпараттық жағын іздестіру маңызды және спорттық жарамдылықты бағалауға кешенді түрде кірісу қазіргі уақыт талабы болып табылады.

Спортқа жаңадан келген баланың мүмкіндіктерін анықтау үшін дене сапасы дамуының алғашқы деңгейін білумен қатар оқыту үрдісіндегі қалыптасқан көзқарастарды да өзгерту қажет болады.

Балаларға берілетін жүктеменің көлемі мен қарқындылығын анықтау, жаттықтыруды әртүрлі амалдар мен тәсілдерді қолдану арқылы педагогикалық жаңа жолды іздестіруді қажет етеді. Белгілі бір сапа мен дене қабілеттердің дамуы үшін қолайлы мезгілдерді өткізіп алмау маңызды болып табылады.

Қазақстан елі болашақта әлемдегі спорты дамыған елдер қатарына енуге арналған үлкен жұмыстар атқаруда, оған дәлел ретінде елімізде өтіп жатқан және болашақта өтетін үлкен жарыстарды атауға болады. Оларға 2011 жылы қысқы Азия ойындарын өткізу құқына ие болуы еліміздің спорт саласында танымал ел қатарына енуінің бір көрінісі болып табылады. Сонымен қатар, ҚР туризм және спорт министрілігінің 2009-2010 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарында көрсеткендей бұқаралық және балалар

мен жасөспірімдер спортының нашар дамуы, қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін ғылыми базаның болмауы, спорт саласында білікті мамандардың жетіспеуі кедергі болып отырғандығы көрсетіледі.

Спорт саласы жоғары бәсекелі болып табылады және оқу-жаттығу үрдісін ұйымдастыру, спортшылардың дене-күш мүмкіндіктерін арттыру, оларды оңалту және қалпына келтіру әдістемелерін жетілдіру негізгі проблемалар болып табылады.

Қазіргі спорт мектептеріндегі Кеңес Одағы кезіндегі Бүкілодақтық дене шынықтыру ғылыми-зерттеу институты 1983–85 жылдары әзірлеген бағдарламалар мен әдістемелер бойынша жұмыс істеп келеді. Қазақстан өзінің ғылыми базасын құрмай, бүгінде заманауи ғылыми әдістемелерсіз қалып отыр. Сол себепті республиканың спорт мектептерінде спорт түрлерінен бірыңғай оқу бағдарламаларын енгізу мүмкін болмай отыр, ал ол спорт резерві мен халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлаудың жүйелі жолын қамтамасыз етуге кедергі келтіріп отыр» деп қазіргі балалар мен жасөспірімдер спортындағы кемшіліктерді көрсетеді.

Жоғары дәрежелі спортшы дайындау көп жылға созылатын, үлкен ұйымдастырушылық жұмысты қажет ететін тұтас педагогикалық жүйе. Өз кезегінде спортшыны даярлау алдымен спорт түріне қабілеті бар адамды іріктеуден басталады.

Спорттық шеберлікті арттыру мақсатында дайындықтың әр кезеңіне арналған оқу-жаттығу сабақтары өткізіліп жарыстар күнтізбесі жасалады. Спортшы ізбасарларды даярлау білім беру мекемелері және спорттық мектептерде, клубтарда, спорттық колледждерде, спорттық интернаттарда Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт» заңына сәйкес іске асырылады.

Оқу-жаттығу үрдісі спортшыларды даярлаудың мынадай көпжылдық кезеңдеріне бөлінеді:

- 1) спорттық-сауықтыру;
- 2) бастапқы даярлық;
- 3) оқу-жаттығу;
- 4) спорт шеберлігін жетілдіру;
- 5) жоғары спорт шеберлігі.

Оқу-жаттығу үрдісін ұйымдастыру оқу-жаттығу мен спорттық іс-шараларды өткізуді, спортшыларға медициналық қызмет көрсетуді, оларды тамақтандыруды және оқу-жаттығу мен спорттық іс-шараларға бару жолын, сондай-ақ спорттық керек-жарақпен, спорт құрал-сайманымен және жабдығымен қамтамасыз етуді қамтиды.

Оқу-жаттығу сабақтары дене шынықтыру-спорт ұйымдарында және балалар-жасөспірімдер спорт ұйымдарында жүргізіледі» деп көрсетілген.

Қазақстан балуандары басқа спорт түрлерімен салыстырғанда олимпиадалық ойындарда жүлделі орындарды алу жағынан алда келе жатқанымен шешімін таппай келе жатқан мәселенің бірі, құрама сапында әр салмақ дәрежесі бойынша дарынды ізбасарлардың аз болуы байқалады,

әсіресе ауыр салмақ балуандары қатарында. Осы кемшіліктердің бір себебі ретінде біз спорттық мектептердегі дарынды балаларды табу, іріктеу жұмыстарының жан-жақты болмауы деп білеміз.

Жоғарыда көрсетілген Мемлекеттік бағдарлама «Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамытудың 1996-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» қисынды жалғасы болып табылады, оны іске асыру дене шынықтыру-спорттық ұйымдарының және республиканың жергілікті атқарушы органдарының бұқаралық спортты дамытуға, салауатты өмір салты қағидаларын қалыптастыруға, халықаралық дәрежедегі спортшыларды және спорт резервін даярлауға назар аударуына мүмкіндік берді.

Республика бойынша спорт мектептеріндегі бастапқы дайындық топтар (дзюдо, самбо және қазақ күресі түрлері) бойынша 1495 сандық көрсеткіштер көрсетіледі.

Қазақстан Республикасындағы дене тәрбиесі мен спорттың әлеуметтік-экономикалық қайтарымын зерттеген п.ғ.к., профессор М.Н.Кошаевтың еңбегінде дене шынықтыру және спорт саласындағы 60 эксперттің жауаптарында дене шынықтыру және спорттың әлеуметтік экономикалық жағдайының төмендігіне келесі факторлардың әсер ететіндігін көрсетеді:

Дене шынықтыру және спорт саласының статусының төмендігі;

Осы саланың ғылыми-әдістемелік тұрғыдан нашар қамтамасыз етілуі;

Қазақстан Республикасы бойынша спорттық кешендер мен құрал жабдықтардың жетіспеуін көрсетеді .

Осы факторлардың ішінде бізге маңыздысы спорт мектептеріндегі жұмыстардың ғылыми әдістемелік тұрғыдан нашар қамтамасыз етілуі.

Сонымен қатар, қоғамның қазіргі даму кезеңінде спорттық жаттықтырудың теориясы мен әдістемесінде сәтті қолдануға болатын генетикалық зерттеулер қолға алынып жатыр. Алайда, спорттың жекпе-жек тәжірибесінде, оның ішінде спорттық күреске іріктеу кезінде генетикалық факторлар аз ескеріледі. Тұқым қуалаушылықтың адам ағзаның дамуына, жетілуіне және қызмет етуіне ықпалы әсіресе жастық шақта білінеді. Тіпті ол спорттық әрекеттің қайсыбірінде болса да іріктеудің алғашқы кезеңдерінде зор маңызға ие деп тұжырымдайды .

О.П. Юшков, В.П. Сердюк «Еркін күрестегі алғашқы оқыту» атты еңбектерінде «Сауалнамалық сұрақтарды талдау көрсеткендей, үйірмеге қабылданатын балалардың жас шамасы 10 мен 12 жас аралығында. Бұл спорт мектепбі бағдарламасы ұсынғаннан едәуір төмен жас.

Жаңадан келгендерді топтарға жинақтауда жаттықтырушылар бұрын акробатикамен, спорттық гимнастикамен, спорттық ойынмен айналысқан балаларды алғысы келеді. Жаттықтырушылардың бір бөлігі (11%) үйірмеге бұрын спортпен айналыспаған, былайша айтқанда таза балаларды алады. Олар бұл амалдарын былай түсіндіреді. Басқа үйірмеден келген балалар

қиындық түсіп, қиналғанда қайтадан басқа үйірмелерге қашып кетеді» деп көрсетеді.

Библиографиялық тізім

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Алматы: Литера, 2010. – 96 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан 2030. – Алматы: Білім, 2007. – 257б.
3. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар.-Алматы:Ғылым, 2003,-215 б.
4. Баласағұни Ж.. Құтты білік. – Алматы, 2012. – 428 б.
5. Яссауи Қ.А. Ақыл кітабы. – Алматы: Мұраттас, 2005. – 262 б.
- 6.Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. - Алматы: Жазушы,2004.-285 б.
7. Құнанбаев А. Қалың елім, қазағым: өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы, 2005. – 384 б.
8. К.Құдайбергенова. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі » атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008. 30- 32-б

ӘОЖ 372.8:718

САМБО КҮРЕСІ

Кобланов Ж.Н. профессор.

Қаныбеков Ж.С. ДС-123 тобының білім алушысы

Шымкент университеті, Шымкент қ.

Самбо күресі — көптеген ұлттық күрес түрлерінің бай әдіс айлаларының жиынтығы.

Бұл орыстың «Самозащита Без оружия» деген сөзінен шыққан. Самбо күресін «орыс елінің күресі» — деп те айтуға болады.

1938 жылы Ресей сопорттық күрес мамандарының Бүкілодақтық конферециясы өткізіліп, онда Самбо күресі әдістерінің атаулары мен әдістерін топқа бөлумен қатар, алғашқы күрес ережесі бекітілді.

1966 жылы Толидо қаласында /АҚШ/ халықаралық әуесқой күрес федерациясының /ФША/ конгресі өткізілді. Осы конгресте самбо күресі халықаралық спорт түрі деп жарияланып, Бүкілдүниежүзілік самбо комитеті құрылды. Оған самбо күресінің дамуы мен әлем құрлықтарын насихаттау жұмыстары тапсырылды.

1972 — 1973 жылдарды Рига қаласында /Латвия/ Бірінші ашық Европа чемпионаты өткізілді.

1973 жылы Тегеранда /Иран/ Бірінші Әлем чемпионаты өткізілді.

1985 жылы Бильбарда /Испания/ Халықаралық әуесқой самбо федерациясы құрылды /ФИАС/.

1977 жылы Овьедо қаласында /Испания/ Әлем Кубогының бірінші турнирі өткізілді. Осы жарысқа Европа құрлығынан бұрынғы ССРО мемлекеті, Азия құрлығынан Жапон елі, Америка құрлығынан Канада жарысты ұйымдастырушы және өткізуші Испания мемлекеті қатынасты. Жарыс қорытындысы бойынша 1 орынды ССРО, 2 орынды Испания, 3 орынды Жапония, 4 орынды Канада иеленді.

Жасөспірімдер арасындағы алғашқы біріншілік 1979 жылы Испанияның Мадрид қаласында өткізілді. Осы жарыста Монголияның, Болгарияның, Испанияның және Францияның жас самбошылары жақсы өнер көрсетті.

1983 жылы Мадрид қаласында әйелдер арасынан бірінші Әлем чемпионаты өткізіліп, оның қорытындысы бойынша 1 орынды Испания, 2 орынды АҚШ, 3 орынды Венесуэлла, 4 орынды Норвегия, 5 орынды Франция, 6 орынды Швейцария иемденеді.

Осы алғашқы жарысқа бұрынғы ССРО елінің әйелдер командасы қатынасқан жоқ, себебі ол кезде әйелдерге самбо күресімен шұғылдануға рұқсат жоқ еді.

Алғашқы өткізілген жарыстардың қорытындысы анықталғандай, самбо күресімен шұғылданатын палуандар дзю-до палуандарынан басым екендігін көрсетті.

1963 жылы ССРО мемлекетінің самбошыларынан жасақталған дзю-до командасы Женевада өткен Европа біріншілігінде бірінші орынды жеңіп алды да, ал 1965 жылы Мадрид қаласында өткізілген дзю-до күресінен Әлем біріншілігінде Жапон командасынан кейінгі екінші орынды иеленді.

1972 жылы өткізілген Европа құрлығының ашық чемпионатына ССРО, Болгария, Англия, Югославия, Иран, Испания, Монголия, Жапония елдері қатынасты. Чемпиондықтарға ССРО палуандары В.Колленен, А.Хош, К.Герасимов, В.Невзоров, А.Федоров, Ч.Езерскач, С.Новиков, В.Кузнецовтар көтерілді.

Жеңімпаздар қатарына Жапондық Н.Нисинаиси және Н.Сато енді. Командалық орындар былайша анықталды: ССРО-1 орын, Жапония -2, Манголия -3, Болгария -4, Испания -5, Англия -6, Иран -7, Югославия -8.

Қазіргі кезеңде самбо күресі көптеген елге таралған. Оның күрес әдістері қарулы күштердің әскер даярлығында да кеңінен қолданылады.

Самбо күресі Қазақстанда 1950-60 жылдардан бастап дами бастады. Аз уақыттың ішінде самбо күресінен Қазақстан палуандары жақсы көрсеткіштерге жете бастады,

Қазақ елінен самбо күресі бойынша шыққан тұңғыш Әлем чемпионы жаңаарқалық Канат Байшолақов. Ол 1984 жылы Мадрид қаласында 48 кг

салмақ дәрежесінде Әлем чемпионы атанса, Асқар Шайхиев 48 кг салмақта 1989 жылы Нью-Йорк қаласында Дүние жүзінің чемпионы, ал семейлік Бауыржан Садықанов 1993 жылы Омбыда өткен Әлем чемпионатында 52 кг салмақта жеңімпаз атанды.

Айтжан Шаңғараев 1984 жылы 48 кг салмақта Европа құрлығының алғашқы чемпионы болды.

Алмас Мұсабеков Европа чемпионы атағын 1986 жылы, ал 1987 жылы Қанат Байшолақов жеңіп алды.

Қанат Байшолақов пен Алмас Мұсабеков 1982 жылғы өткен Европа чемпионатының күміс жүлдегерлері болып оралды.

1987 жылы Талғат Байшолақов Европа чемпионатының күміс жүлдегері болды.

1994 жылы Ғалымжан Сапарғалиев, Сәлкен Жартыбаев, Әлисұлтан Валабуев Европаның ашық чемпионатында қола жүлдегерлер атанды.

Айтжан Шаңғараев пен Алмас Мұсабеков ССРО чемпиондары атанған тұңғыш қазақ самбошылары.

Айтжан Шаңғараев ССРО кубогын жеңіп алған бірінші қазақ самбошысы /1983/.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Ж.Байшолақов, А.Махмутов, С.Рамазанов, Ғ.Сапарғалиев, З.Шаймерденов, С.Жартыбаев, Б.Қоңырбаев, Ғ.Жылгелдиев, Р.Сейлханов, Ә.Валабуев, Б.Несіпкалиев, Б. Жетпісбаев, А.Нығметов сияқты палуандарымыз Азия чемпиондары атанды. Қазақстанда самбо күресінен әйелдер арасында жарыстар өткізіліп тұрады, біздің қыздарымыз Әлемде, Европада, Азия құрлығында жүлделі орындарға ие болып келеді.

Самбо күресі спорттық, әскери және өзін қорғау ретінде үш түрге бөлінеді. Әскери және өзін қорғау түріне қолмен және аяқпен ұру, тұншықтыру, саусақ пен омыртқаны бұрау, бағындыру әдістері және одан қорғану түрлері, ал спорттық түріне түрегеліп тұрып әдіс арқылы лақтыру, жатып күресу, бағындыру мен қол аяқтың буындарын ауырту әдістерін қолдану еңгізілген. Самбо күресіне әдістердің 5 мыңнан асқан түрлері кіреді.

Самбо күресінде қолданылатын әдістер түрегеліп тұрып және жатық орындалатын деп екіге бөлінеді. Бұл күреске арнаулы тігілген киім киіледі.

Түрегеліп тұрып орындалатын әдістерге негізінен тобықтан қағу, ілу, алдан және арттан шалу, арқадан асыра лақтыру, аяқтан ұстау арқылы жығу т.б. әдістер енеді. Бұл әдістердің бір түрінің бірнеше орындалу тәсілдері және оған қарсы қолданылатын әдіс түрлері болады.

Жатып орындалатын әдістер түріне бағындыру, қол-аяқ буындарына жасалатын ауырту және аудару әдістерінің — түрлері қатады. Қол-аяқ буындарына жасалатын әдістер арқылы таза жеңіске жетуге болады.

Самбо күресі өзінің әдіс қолдану түрлері жағынан әлемдегі күрес түрлерінің ішіндегі ең көбі болып саналады. Әлгінде самбо күресінің спорттық түріне қоса әскери қолданбалы түрі бар деп айтқанбыз. Бұған

қолмен және аяқпен ұру, қарудан қорғану, қылмыскерді ұстау, оны алып жүру кезінде қолданылатын әдіс түрлері енеді.

Жаңадан үйренушілер тобының саны 15-20 адам, ал спорттық разрядтары бар жаттығушылар саны 10-12 болуы керек. Егер осы мөлшерден артық болған жағдайда жаттықтырушы мен үйренушінің мүмкіндіктерін толық пайдалану азаяды.

Жаттығушылар тобын іріктегенде ең алдымен туған жылдарына қарап, жас ережіеліктерін ескеру керек, одан кейін әр жаттығушыдан дене дайындығы мен мінез-құлқының ерекшелігін ескерген жөн. Егер самбо күресімен айналыспас бұрын басқа спорт түрімен шұғылданған болса, онда ондай жаттығушылардың дене дайындығы басқаларға қарағанда жақсы болып келеді, сондықтан оларды жеке топқа бөлген дұрыс. Жаттығуды бастамас бұрын күреспен айналысқысы келгендер дәрігерлік анықтамадан өтулері қажет

Жаттығу орнына көлемі 24x18 шаршы метрден кем емес ғимарат қолайлы болып келеді, Едені ағаш тақтайдан болғаны жақсы. Қабырғаға жаттығу тренажерлары, арқан, айна, т.б. қажетті құрал-саймандар орнатылады: Штанга, зіл тас. гантель. ауыр доп, секіргіш жіп, салмақ өлшейтін кір, сағат, дәрігерлік дәрі-дәрмек, кварцті шам қажет. Кілем төселген жер таза әрі желдеткіші болуы тиіс, Жаттығатын жерге тек спорттық киіммен ғана кіреді.

Кілем көлемінің диаметрі 9 м, оның сыртында I м 20 см — дек I м 50 см-ге жетерлік қауіпсіздік алаңы болады, Тоғыз метрлік диаметрдің ішкі жағы жалпақтығы; I метрлік қызыл түске боялады. Кілемнің ішкі жұмыс алаңының диаметрі 7 метр болғаны дұрыс. Қызыл түске боялған жолақтың жалпақтығы 1 метр. Кілем ортасындағы шеңбердің диаметрі I метр. Кілемнің қалыңдығы 5 см, ол синтетикалық жұмсақ материалдан жасалады, Кілемнің үстін арнайы жамылғымен жабады.

Төреші столының сол жағындағы кілем бұрышын көк түспен, ал оң жағындағы бұрышы қызыл түспен баялады. Кілем сыртына қауіпсіздік мақсатында қосымша жұмсақ төсеніштер төселеді.

Самбошылар жаттықтырушы ұстаздың барлық нұсқауларын бұлжытпай орындауға және жаттығуға кешікпей келіп, денені қыздыру жаттығуларын орындауға міндетті. Денені алдағы тұрған жұмысқа дайындамаған жағдайда, жылдам жарақат алып қалу қаупі туады. Күрес әдісін орындауды түсіндіріп көрсету кезінде мұқият болған жөн. Ең алдымен қауіпсіздік шарттарын орындау қажет. Өзің және басқа жаттығушылар дұрыс құлай білуге жаттыққаннан кейін ғана күрес әдістерін үйренуге дағдылаң. Жаттығу үстінде ұстамды болуға қарсылас палуанды бағалап, сыйлай білуге үйренуің керек. Спортшы өзінің жеке басының және жаттығу орнының тазалығын сақтауға міндетті. Тамақтану жаттығу басталмастан кем дегенде 2 сағат бұрын аяқталуы тиіс.

Жаттығушыда самбо киімі, арнайы аяқ киім, іш киім, қысқа тігілген шалбар /труссы/ аяққа таза носкиі, орамал, сабын болуы қажет. Палуан өзінің

денесінің таза , шашының қысқа, тырнағы алысқан, тісінің таза болуын қадағалайды. Жаттығушыға өзінің ішкі ой — дүниесін бақылай білуге, оны ізгі ниеттілікке бағыттай үйренуі ең қажетті қасиет.

Библиографиялық тізім

- 1.Абишев.К.Қазақтың ұлттық ойындары.2019.Оқулық
- 2.Алимханов.Е.Спорттық күрестің теориясы мен әдістемесі.А.2017.Оқу құралы
- 3.Практиканың әдістемелік негіздері.-Шымкент.-2016. 107б.-әдістемелік құрал
- 4.Еланцев.А.Физиологические основы физического воспитания.и видов спорта. 2017. Учебное пособие.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ОЙЫН ТҮРЛЕРІ

*Кожатаев Даурен Жанибекович аға оқытушы
Шымкент университеті, Шымкент қаласы*

Аңдатпа: Ойын баланың өмірінде маңызды орын алады. Бірақ түрлі ойындардың арасынан шапшаң қимылды ойындарды айрықша бөліп айтуға болады, өйткені оларда барлық ойынға қатысушылар өте белсенді қимыл-қозғалыс әрекеттеріне қатыстырылады. Бұл әрекеттер ойынның ережелері мен ағымына байланысты және балалардың алдына үлкендер

Ойын баланың өмірінде маңызды орын алады. Бірақ түрлі ойындардың арасынан шапшаң қимылды ойындарды айрықша бөліп айтуға болады, өйткені оларда барлық ойынға қатысушылар өте белсенді қимыл-қозғалыс әрекеттеріне қатыстырылады. Бұл әрекеттер ойынның ережелері мен ағымына байланысты және балалардың алдына үлкендер немесе олардың өзі қойған белгілі бір шартты мақсатқа жетуге бағытталған. Ауыл және қалада жастар арасында шапшаң қимылды ойындар кең тараған. Ешбір халық мерекелері оларсыз өткен емес.

Халық арасына көп тараған шапшаң қимылды ойындар өздігінен еркін пайда болды, олардың ұзақтығы шектелмеді; ойынның қарапайым ережелері, қимылдарға қойылатын талаптар ойынға қатысушылардың жалпы келісімімен қалыптасты, ойнаушылар әрқашан қай жерде, қашан ойнауды, қайда қашуға болатынын, жүргізушіге қанша адамды ұстап алу керектігін және т.с.с. өздері шешті.

Педагогикалық ойдың дамуына байланысты халықтық ойындардың ішінен тәрбиелік маңызы өте жоғарылары біртіндеп таңдалады. Ұзақ тәжірибенің арқасында олардың мазмұны айқындалып, ережелері қалыптастырылды, арнайы тәрбиелік мақсаттарды көздеген жаңа ойындар жасалды.

Мазмұны мен балаларды ұйымдастыруы жағынан ойындардың сан алуандығы олардың ішінен күн мезгіліне, өткізілу шарттарына сай, балалардың жасына қарай, олардың деңгейін ескеріп, сондай-ақ педагогтың алдына қойған мақсаттарына тура келетіндей етіп таңдап алуға мүмкіндік береді.

Балалардың денін сауықтыру мен бекіту, қажетті қимылдарға бейімділігін қалыптастыру, балалардың көңіл-күйінің көтеріңкі болуына жағдай жасау, оларды тәртіп пен достық қарым-қатынастарға, өз құрдастарының арасында іс-әрекет жасауға баулу, олардың сөз байлығы мен сөйлеу дағдыларын жетілдіру-міне, педагогтың саналуан ойындық тапсырмалар арқылы іске асыра алатын тәрбиелік мақсаттары.

Халық ойындарын іс-жүзінде өткізу оларды тереңірек зерттеп, іріктеуді қажет етеді. Халық ойындарына толыққанды сипаттаманы олардың пайда болуын және дамуын зерттеуді оларды этнографиялық зерттеу, педагогикалық бақылау мен пікірлерге сүйене отырып жүргізгенде ғана беруге болады.

Этнографиялық зерттеулер барысында қазақтың ұлттық ойындарының пайда болуы мен дамуына ерекше мән беріледі. Ойындардың мазмұны халықтың өмірі мен тұрмысының өзгеруіне сай ауысып отырды.

Қазақтардың ойындарына өз кезінде Орта Азия халықтарының ойындары әсерін тигізіп отырды, сол сияқты керісінше, кейбір Орта Азия халықтары қазақтардың бірқатар қызықты ойындарын өздеріне бейімдеді.

Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған қазақтардың ұлттық ойындары жоғары қызығушылыққа ие : бұл дене тәрбиесінің тамаша құралы; олар мазмұны мен сыртқы түрі жағынан да өте саналуан.

Қазақтың ұлттық ойындары командалық және командалық емес деп бөлінеді. Кейбір ойындар спорттың түрлеріне және жергілікті ойындарға дайындық ретінде қолданылуы мүмкін.

Олар оқушыларға белгілі бір тәрбиелік әсерін тигізеді: батырлық пен батылдыққа,

Қазіргі заман педагогикасында білімдік және тәрбиелік мақсаттар өзара тығыз байланыста. Сондықтан, білімдік мәселелерді шеше отырып, тәрбиелік мақсаттарды орындаймыз, ойын барысында табандылық, ұстамдылық, сабырлық, жеңіске деген құлшыныс сияқты көптеген тұлғалық қасиеттер қалыптасады.

Қазақ ұлттық ойындарында ойыншылар арасында белгілі қарым-қатынастар орнататын ережелер бар. Әрбір ойында ойыншылар сол ережелерге сай әрекет етуі тиіс. Ақырында, сол ережелерге сай ойыншылар тиісті іс-әрекеттерді таңдауы керек болады.

Жоғары квалификациялы спортшыларды жаттықтыру жүйесінде ағымдық жоспарлау мезоциклға және микроциклға жоспарлау негізінде жасалған.

Спорттағы жедел жоспарлау бір жағынан, жеке жаттықтыру сабақтарын жоспарлау ретінде, бір жағынан спортшыларды дайындауда белгілі маңызы бар өзіндік шараларды жоспарлау ретінде ұсынылған.

Жеке жаттықтыру сабақтарын жоспарлау жоспар-конспект ретінде жүзеге асырылады, онда келесідей мәселелер қарастырылады:

- сабақтардың мазмұны (абақтың даярлық, негізгі және қортынды бөлімдерінде жасалатын жаттығулар тізімі);
- жаттығуларды орындаудауға, сабақ барысын қортындылауға және сабақтарды ұйымдастыруға қолданылатын әдістер;
- нақты бір тапсырманы орындау барысында қойылатын ұйымдастырушылық - әдістемелік талаптар;
- орындалатын жаттығулардың әсер ету ерекшеліктері;
- жабдықтардың, құралдардың және жаттығу өткізілетін орынның ерекшеліктері.

Өзіндік шараларды жоспарлау еркін түрде іске асады. Көбінесе шараларды алдын-ала дайындалған сценарий бойынша ұйымдасқан түрде өткізуге тырысады. Мысалы, спортшылардың ерік-жігерін шындай түсу мақсатында спорт ардагерлерімен кездесулер ұйымдастырып отыру ұйғарылған. Ол үшін нақты болатын кездесудің негізгі ұйымдастыру сәттері және орындаушылардың нақты аты-жөндері көрсетілген жоспар-сценарий жасалады.

Осылайша, спорттағы жоспарлау ұйымдастыру мәселелерін және спорттық жаттықтыруды, жарыстарды ұйымдастыру мәселелерін, жұмысқа қабылеттілікті, жарыстардағы нәтижелілікті жақсарту мақсатында жаттықтыру сабақтарынан тыс және жарыстардан тыс факторларды қолдану мәселелерін қарастырады.

Спорттық жоспарлауды дайындықтың мақсаты мен тапсырмаларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін басқарудың қажетті шарты деп қарастыру қажет. Ғылыми түрде негізделген жоспарлар жоғарғы деңгейдегі нәтижелі дайындықты қамтамасыз етеді. Спортпен айналысушылардың жеке басының ерекшеліктерін, материалды-техникалық, климаттық, және басқа жағдайларды ескеруге мүмкіндік береді.

Ең алдымен, материалдық-техникалық базаның жоқтығынан және дене шынықтыру мамандарының жеткіліксіздігінен ауыл спортын дамыту проблемасы өте өткір қойылып отыр.

Ауылдық жердегі қазіргі бар 4069 спорт залының 3639-ы жалпы білім беретін мектептерде және негізінен оқу сабақтарын өткізу үшін пайдаланылады, спорт ғимараттарының 10,5%-ы ғана ауыл халқының спортпен шұғылдануына қолжетімді. Елдің алты облысындағы ауылдарда бірде-бір жүзу бассейні, ал республиканың 13 ауданында балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі жоқ, сол себепті ауылдағы спортпен

шұғылданушы балалар мен жасөспірімдердің саны жалпы республикалық көрсеткіштен екі есе төмен. Бүкіл еліміз бойынша ауылдарда бар-жоғы 26 дене шынықтыру және спорт әдіскері жұмыс істейді.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдеріндегі дене шынықтыру мен спорттың дамуына жасалған талдау жұмыстың неғұрлым кең тараған нысаны дене шынықтыру мен спортты дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу болып табылатынын көрсетеді.

Сонымен, Беларусьта халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыру және дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2002-2006 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламалары қабылданып, іске асырылуда. Украинада 2005 жылы "Дене тәрбиесі - ұлттың денсаулығы" атты бағдарламаның мерзімі аяқталып, Украинада дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының тұжырымдамасы қабылданды. Ресейде "Ресей Федерациясында дене шынықтыру мен спортты 2006-2015 жылдарда дамытудың" федералдық мақсатты бағдарламасын іске асыру жөнінде жұмыс жүргізілуде.

Бұл елдерде кейіннен мемлекеттік бағдарламалардың қабылдануы бұдан бұрынғы мемлекеттік бағдарламалардың дене шынықтыру мен спортты дамытуда едәуір рөл атқарғанына қарамастан, орын алған барлық көкейтесті мәселелерді шеше алмауымен байланысты болып отыр. ТМД елдерінде дене шынықтыру мен спортты дамыту жөнінде жаңадан қабылданатын мемлекеттік бағдарламалардың негізгі міндеттері: халықтың денсаулығын бекемдеу, бұқаралық дене шынықтыруды дамыту, дене шынықтыру-спорт ұйымдарының материалдық-техникалық, кадр және қаржы әлеуетін нығайту, балалар мен жасөспірімдер спортын, жоғары жетістіктер спортын дамыту, спорттың барлық түрлерінің дамуын қамтамасыз ету дене шынықтыру мен спорттың дамуын реттейтін нормативтік-құқықтық базаны жасау болып табылады.

Елдің дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарының желісі олардың жеткіліксіз санымен, негізінен сапасының төмендігі және біркелкі орналастырылмауымен сипатталады.

Халықтың барлық топтарының, әсіресе балалардың, жасөспірімдер мен жастардың дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануы үшін жағдай жасау қажет, қолда бар дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын тиімді пайдаланып, осы ғимараттардағы қызмет көрсету сервисінің қажетті деңгейін, олардың қол жетімділігін және тартымдылығын қамтамасыз ету қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Белиц-Гейман С.В. Плавание / М.: Просвещение, 2000.
2. Булгакова Н.Ж. Плавание / М.: Просвещение, 2001.
3. Булгакова Н.Ж. Познакомьтесь – плавание /Н.Ж. Булгакова. – М.: ООО «Издательство АСТ»; ООО «Издательство Астрель», 2002. – 160 с.
4. Булгакова Н.Ж. Игры у воды, на воде, под водой. - М.: ФиС, 2000.

СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУДЫ БАСҚАРУДЫҢ ЖАЛПЫ ТӘРТІПТЕРІ

*Құлтаев Серік Турабекович аға оқытушы
Бекжанова Эрика ДС-121
Шымкент қаласы, Шымкент университеті*

Аннотация:

Оқушыларды жүйелі түрде дене жаттығуларына үйретудің тиімді жолдарының бірі - олардың өз еркімен дайындалуы. Осыған байланысты оқу бағдарламасына дене тәрбиесінен үйге тапсырма беруді міндетті түрде енгізу керек.

Отбасында өз еркімен орындалатын дене тәрбиесінің бір түрі - таңертеңгілік гигиеналық-бой сергіту жаттығуы. Ол адамның дене құрылысының ұйқыдан соңғы тіршілік қызметіне тез араласуына әсерін тигізіп қана қоймай, адамды сергек жүруге және көңіл-күйін көтеруге көмегін тигізеді. Таңертеңгілік бой сергіту жаттығуы тұлғаны дұрыс қалыптастыруға әсер ете отырып, тыныс алуды жақсартады, қан айналу жүйесі қызметін күшейтеді, зат алмасуға көмектеседі, оқушылардың зеректігін, мақсатқа жету ұмтылысын қалыптастырады, ақыл-ой қызметін арттырады. Ертеңгілік бой сергіту жаттығулары оқушыларды тәртіптілік пен бейімділікке, өзіне деген сенімділік пен белсенді қызмет атқаруға тәрбиелейді.

Оқушылар дене-бітімінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұруға ықпал етеді. Жақсы денсаулық - адамның еңбек және қоғамның іс-әрекетке жемісті қатысуының маңызды кепілі. Оқушылардың денсаулығына қамқорлық жасауға біздің қоғамымыз мейлінше мүдделі. Сабақтарда, сабақтан тыс уақытта, спорт секцияларында дене тәрбиесін күн сайын ұйымдастырып, қолайлы жағдайлар жасау қажет.

Табиғи қозғалыстың түрлері жүгіру, қарғу, жүзу, лақтыру, шаңғы, коньки, велосипед тебу, акробатика өмірге қажетті дағды және іскерліктерді қалыптастырады. Жас адамдардың денесі түрлі жаттығулар көмегімен ширап, дамиды. Сондықтан күш, жылдамдық, төзімділік, икемділік сияқты адам қабілетін дамыту оқушылардың қозғалтқыш тәжірибесін байытады, дене қозғалысын үйлестіреді.

Дене тәрбиесі саласында ырғақ, жеке гигиена, дене шынықтыру мәдениеті, туризм, спорт ерекше орын алады.

Дене тәрбиесі ең басты күн тәртібін, яғни, еңбек, демалыс, тамақтану, ұйқы, бос уақыт ырғақтарын дұрыс ұйымдастыруда талап етеді. Күн тәртібін тиімді пайдалану балалардың ақыл-ойы мен дене құрылысының дұрыс дамуына, денсаулығын сақтауға көмектеседі.

Күн тәртібін бұзбау міндет. Тәртіп дегеніміз - демалыс, тамақтану, жеке гигиена және күн мен түннің пайдалы сәттерін маңызды, мазмұнды қолдану.

Мектепте дене тәрбиесін мұғалім, сынып жетекшісі, тәрбиеші басқарады. Олардың жұмысының мазмұны:

- шәкірттерге оқу, еңбек және демалыс ырғағын ұтымды пайдалануды үйрету, оқушылардың денсаулығын үнемі бақылау, жұмыс қабілетін жаңсарту, оларға жағдай туғызып, қамқорлық жасау.

- оқу күні және оқу жылы бойында қозғалыс жасау, қозғалтқыш әрекетке үйрету және қозғалтқыш сапаларын дамыту, дене шынықтыру және сауықтыру жұмысын тиімді өткізу.

Дене тәрбиесін мектепте және мектептен тыс оқу орындарында спорттық базаларда іске асыру үшін төмендегі талаптарды еске алған жөн:

- оқушылардың бойында жоғары адамгершілік сапаларын тәрбиелеу.
- шәкірттің денсаулығын нығайту, жұмыс қабілетін көтеру.
- спортпен шұғылдануға оқушылардың тұрақты қызығуын және қабілетін дамыту.

- негізгі қозғалтқыш сапаларын дамыту.

Дене тәрбиесінің мазмұны, міндеттері және формалары әрбір мектептердің жағдайларына байланысты дене шынықтыру және сауықтыру жұмысының жүйесін жасауды қажет етеді.

Дене тәрбиесінің негізгі құралдарына дене жаттығулары, гимнастика, ойын, туризм, спорт, табиғи факторлар жатады.

Дене жаттығулары - бұл саналы түрде орындалған қимылдар және қозғалтқыш әрекеттер. Дене жаттығулары бұлшық ет жүйесін, қан айналымын және тыныс алу мүшелерін дамытады.

Гимнастика. Түрлері: негізгі және гигиеналық гимнастика, спорттың гимнастика, акробатика, көркемдік гимнастика, өндірістік гимнастика және емдік гимнастика.

Ойын оқушыларды жылдамдықта, төзімділікке тәрбиелейді.

Табиғат факторларын балалардың денесін сауықтыру жұмысы кезінде пайдалану өте тиімді. Дене тәрбиесінің маңызды мақсаттарының бірі - балалар мен ересек адамдарды дене шынықтыру ісіне жұмылдыру.

Дене тәрбиесінің міндеттері:

- денсаулықты нығайту және шынықтыру, дененің дұрыс өсіп-жетілуіне және ағзаның жұмыс қабілетін арттыруына әсер ету;

- қимыл дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру және жетілдіру;

- қимылдың жаңа түрлеріне баулу және оны теориялық білімдерімен байланыстыру;

- негізгі қимыл-қасиеттерін күшті, төзімділікті, шапшаңдықты және ептілікті дамыту;

- еріктілікке, батылдыққа, табандылыққа, тәртіптілікке, ұйымшылдыққа, достық пен жолдастық сезімге, мәдениет мінез-құлық дағдысына еңбек пен қоғамдық меншікке саналы көзқарасын тәрбиелеу;

- өдеттерді қалыптастыру және дене жаттығуларымен үнемі шұғылдануға ынтаны тәрбиелеу;

- гигиеналық дағдыларды сіңіру, дене жаттығулары мен шынықтыру гигиенасы жөніндегі білімді хабарлау.

Дене шынықтыру сабағы әзірлік, негізгі, қорытынды бөлімдерінен тұрады. Әзірлік бөлімі оқушылардың сергек көңіл-күйін, дене шынықтырумен шұғылдану ынтасын арттыру және балаларды сабақтың негізгі бөлігінде күрделі дене жаттығуларын орындау даярлығын жасау үшін пайдаланылады.

Сабақтың негізгі бөлігіне оқу бағдарламасындағы дене жаттығуларының түрлері енгізіледі. Жаттығулар, әр қилы ойындар оқушылардың көтеріңкі көңіл-күйін туғызады. Осы көтеріңкі ілікті басып, оқушыларды келесі сабақтарға даярлау сабақтың үшінші, қорытынды бөлігінің міндеті. Сабақ жалпы сап түзеумен, қорытынды жасаумен аяқталады.

Дене шынықтыру сабақтары процесінде білім беру, тәрбиелеу, сауықтыру міндеттері шешіледі.

Дене шынықтыру сабағының маңызды тәрбиелік міндеті оқушылардың дене шынықтырумен үнемі шұғылдануға ынта-ықыласын дарыту. Бастауыш сыныптағы дене шынықтыру сабақтары жаттығуларының және ойындарының сан алуанды-лығымен ерекшеленеді.

Дене тәрбиесі бойынша сыныптан тыс жұмыстардың міндеттері: баланың денсаулығын нығайтуға көмектесу; ағзаны шынықтыру, оқушылардың жан-жақты өсіп жетілуіне, дене шынықтырудық оқу бағдарламасын ойдағыдай меңгеруге көмектесу; балаларды дене шынықтыру және спортпен үнемі шұғылдануға әдеттендіру; қозғалыс дағдысын тәрбиелеу.

Дене шынықтыру мен спорт жөніндегі сыныптан тыс жұмыстың негізгі формалары: секциялары мен үйірмелердегі сабақтар спорт жарыстары, серуендер, туристік жорықтар, дене шынықтыру және спорт мейрамдары.

Серуендер мен жорықтарды балалардың табиғат туралы білімдерін толықтыра алатындай тамаша адамдардық әңгімелерін ести алатындай жерде белгіленген жөн.

Оқушыларды жүйелі түрде дене жаттығуларына үйретудің тиімді жолдарының бірі - олардың өз еркімен дайындалуы. Осыған байланысты оқу бағдарламасына дене тәрбиесінен үйге тапсырма беруді міндетті түрде енгізу керек.

Отбасында өз еркімен орындалатын дене тәрбиесінің бір түрі - таңертеңгілік гигиеналық-бой сергіту жаттығуы. Ол адамның дене құрылысының ұйқыдан соңғы тіршілік қызметіне тез араласуына әсерін тигізіп қана қоймай, адамды сергек жүруге және көңіл-күйін көтеруге көмегін тигізеді. Таңертеңгілік бой сергіту жаттығуы тұлғаны дұрыс қалыптастыруға әсер ете отырып, тыныс алуды жақсартады, қан айналу жүйесі қызметін күшейтеді, зат алмасуға көмектеседі, оқушылардың зеректігін, мақсатқа жету ұмтылысын қалыптастырады, ақыл-ой қызметін арттырады. Ертеңгілік бой сергіту жаттығулары оқушыларды тәртіптілік пен

бейімділікке, өзіне деген сенімділік пен белсенді қызмет атқаруға тәрбиелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ташболатов С. Спорт және жаттығу психологиясы Шымкент.-2019.- Оқу құралы
2. Ким А.М., Спорт психологиясы.- Алматы.-2017.- Оқу құралы
3. Дене шынықтыру және спорттағы басқару спорт менеджменті Шымкент.-2016 Лекция жинағы
4. Мұхамеджанова Ұ. Дене шынықтыру пәнін оқыту әдістемесі.- Астана.-2011.
5. Алшынбаев .К. Шағын кешенді ауыл мектептерінде дене тәрбиесі сабағын жүргізу ерекшеліктері.- Шымкент.-2018.- Дәрістер жинағы.
6. Батибаева С.Г. Физическая культура.- Алматы.-2014.- Метод. пособие.

ӘОЖ 372.8:718

ҚАЗАҚТЫҢ КҮРЕСІ АРҚЫЛЫ БАЛУАННЫҢ ЖЫЛДАМДЫҒЫН ДАМЫТУ

Кобланов Ж.Н. профессор.

*Маханбет Б. М. ДС-323 тобының білім алушысы
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Жылдамдық-адамның қандай да болмасын қозғалысты тез-шапшаң орындау қабілеті. Жылдамдық, қозғалыс түрінің басталуы мен толық аяқталған кезі аралығында уақытпен өлшейді. Балuanның жылдамдық қабілет мөлшері төмендегі жағдайларға байланысты болып келеді;

- а) Оның жүйке жүйесінің тітіркендіргішке жауап беру қабілетіне
- ә) Қозғалтуға қажетті салмақ мөлшерімен оны орындаушы дене-күш қабілетінің арасындағы айырмашылыққа
- б) Қозғалыс түрінің өзгеру жиілігіне
- в) Балuanның әдіс-айланы меңгеру шеберлігіне

Балuanның орталық жүйке жүйесінің қозу мен тежелу процестерінің алмасу жылдамдығына байланысты берілген жүктемені орындау қабілеттері әр түрлі болып келеді. Күресте қозғалыстар түрі көбіне қарапайым және күрделі болып келеді. Қарапайым қозғалыстарға балuanның кілемдегі тұрысының өзгеруі, тепе-теңдіктен шығаруға бағытталған қозғалыстары

жатады. Бұған қарсылас балуан алдын-ала бір қозғалыс түрімен жауап беруді ықтимал. Балуан кездесу кезінде көбінесе қозғалыстың күрделі түрін іске асыруға мәжбүр болады, оған қарсылас қозғалысының бір түріне бірнеше жолмен жауап беруі немесе жалғыз түрін таңдап алуы себеп болады. Қозғалысты орындау кезінде ең қолайлысын таңдап алу қарсыласқа жауап беру уақытын ұзартады. Балуанның өзінің әдіс-айланы орындауы немесе қорғануы, сол арқылы қарсыластың қозғалысы түріне сәйкес жасау қабілеті, кілемдегі жеңіске жету нәтижесіне тікелей әсер етеді.

Қарсылас балуанның әр қозғалысы түріне баға бере, білуі, сәт сайын өзгеріп отыратын қозғалыс түрінің бағыты мен жылдамдығын есепке ала отырып өзіне қажетті уақытта әдіс-айла орындай алу қабілеті, балуанның машықтану шеберлігінің деңгейін көрсетеді. Белдесу кезінде балуан көбіне қарсыласының әдіс-айласының қайсысы жалған қыймыл екендігін, қайсысы негізгі екендігін айырып әрекет етуге машықтануы тиіс.

Жоғарыда айтылған жағдай жаттығу кезінде адамның сезгіштік жұмыс қабілетінің ерекшелігіне бағынады, неғұрлым осы сезгіштік қабілеттер жұмысы жақсы дамыған болса, балуанның әрекет етуге жұмсайтын уақыты жылдам және дәл болады. Осы тітіркендіргіштер жұмысын (көру, есту, жанасу) арнайы жаттығулар топтамасын қолдану арқылы жақсартуға болады.

Бұлшық ет күші мен дененің салмағы арасындағы байланысты пайдалану әдістемесі

Бұл әдістеменің ерекшелігі жаттығу кезінде көтеретін салмақты қажетті салмақтан аз алады да, жаттығуды өте жылдам орындау мақсаты қойылады. Осындай орындауды көп рет қайталай отырып, көтеретін салмақ мөлшерін біртіндеп көбейте береді, бірақ жаттығуды орындау жылдамдығы төмендемейді.

Жаттығуды күрделендіре отырып орындау әдістемесі

Бұл әдістеменің ерекшелігі – көтеретін жүк мөлшері қалыптыдан көп алынады. Берілген жаттығуды үлкен салмақпен және жылдам орындау тапсырмасын орындаған соң, қайтадан бастапқы қалыпты салмаққа көшеді. Осылай болған кезде орындаушыға жаттығуды орындау өте жеңіл сезіледі, ол бұрынғыдан да жылдам орындау қабілетіне ие болады.

Қозғалыс түрін жылдам ауыстырып орындату әдістемесі

Бұл әдістеме бұлшық еттердің жұмыс қабілетінің тез ауысуы мен дәл және жылдам орындалуына бағытталады және бұлшық еттердің тез жиырылуы мен екіншісінің тез босауының арасындағы байланысты дамытады. Тәжірибе түрінде шеберлігі жоғары машықтанған балуанның бұлшық еттері, машықтанбаған адамға қарағанда жиырылуы мен босауы жылдам болатындығы дәлелденген[3].

Күресшінің жалпы жылдамдық қабілетін арттыру жолдары

Уақытты қысқарту әдістемесі

Бұл әдістеме мақсаты белдесу уақытын қысқартып алады және қарсылас балуанға бірнеше ұпайды артық беру арқылы күрестіреді. Мақсат-арттық берілген ұпайды теңестіру және 1-2 минут ішінде жеңіске жету.

Бөлімдерге бөліп күрестіру әдістемесі

Бұл әдістемені іске асыру үшін балуанға 3-5 белдесу өткізу тапсырмасы беріледі. Әр белдесу ұзақтығы 1-2 минут, бірақ белдесуде өте жоғары қарқында өткізуі тиіс. Әр белдесу бөліктерінің арасында 3-5 минуттық үзіліс беріледі, осы үзіліс уақыты біртіндеп қысқартыла береді, белдесуді жүргізу қарқынын төмендетпеу тапсырылады.

Бірғақты әдістеме.

Бұл әдістеменің ерекшелігі балуан белдесуге берілген уақыт кезінде күресуді бірде жылдам, бірде сылбыр, баяу қарқынмен күресіп отырады. Біртіндеп баяу күресу уақыты азайтыла береді.

Уақытты көбейту әдістемесі.

Бұл әдістеме кезінде балуанға қысқы уақытта үлкен қарқынмен жұмыс жасау тапсырмасы беріледі. Әр сағат сайын белдесу уақыты ұзартыла береді, бірақ күресу қарқыны төмендемейді[4].

1.2. Күресшінің арнайы жылдамдығын арттыру жаттығулары

Балуанның арнайы жылдамдығы – оның нәтижелі белдесуге аз уақыт жұмсап жетуіне бағытталған. Жылдамдық көрінісін әр адам субъективті түрде қабылдайды. Біреуге жылдам көрінген қозғалыс біреу үшін баяу болуы ықтимал. Спорттық шеберлік неғұрлым жоғары болған сайын, арнайы жылдамдық қабілеті жоғары бола бастайды.

Күрес әдіс-айласын шебер орындауға машықтандыру жылдамдық қабілетін арттыруға көмектеседі. Жылдам орындауға жұмсалатын уақытты азайту төмендігі жағдайларға байланысты:

1. Әдісті немесе жаттығу түрін орындау элементтерін ауыстыруға
2. Әр қимыл түрін жұмсалатын уақыттың қасындысына
3. Жаттығуды орындауға жұмсалатын күш қосындысына
4. Қозғалысты орындауға жұмсалатын жол ұзақтығын қысқартуға
5. Қозғалысты атқаратын иінді қысқартуға

Қозғалысқа қатысатын бірнеше дене мүшелерінің жылдамдықтарын біріктіру, қосу жалпы жылдамдықты арттырады. Орындауға қажетті күрес әдісінің бірнеше бөліктерінің бірігуі арқылы, толық әдіс көрініс береді. Олар көбіне брінен кейін бірінің қалыптасқан реті бойынша орындалады. Машықтану кезінде осы орындалу реті жаттықтырушының тапсырмасы бойынша өзгертілуі ықтимал. Мысалы, қол және желкеден ұстау арқылы арқадан асыра лақтыру әдісін орындау реті:

1) ұстау, 2) арқамен қарсыласқа бұрылу, 3)көтере лақтыру, 4) құлау болып бөлінеді. Ал жақсы машықтанған балуандар осы ретті, көбіне, өзгертіп орындайды. Мысалы, - алдымен олар құлап бара жатып бұрылуды, ұстауды, соңынан көтере лақтыруды орындайды. Әдісті осылай орындау кезінде жұмсалатын күш, дене мүшелерінің үйлесімді жұмыс істеуді барлығы әдісті жылдам орындауға бағытталады, сонда қарсыластың әдіске қарсы әрекет ету мүмкіндігі азаяды[5].

Қарама-қарсы бағытталған жылдамдықтарды қосу арқылы – қозғалыс жылдамдығын арттыруға болады. Оған қарсылас балуан өзіне қарай

қозғалып келе жатқанда сол қозғалысын жалғастыра әдіс орындай алу жатады. Осылай орындау кезінде жылдамдық көрсеткіші артқанымен күш көрсеткіші кемитіндігін еске ұстаған жөн

Қарсылас балуанның қорғаныс жылдамдығын төмендету арқылы әдіс айланы өте жылдам және шебер орындай білу дәрежесіне жету, күресу үстінде шабуылдау немесе қорғану кезеңдерін қасылас жылдамдығынанда тез орындау қабілетіне жеткізеді. Қарсылас балуан жылдамдығын төмендегі жағдайларды қолданып азайтуға болады:

- а) оның күшіне күшпен қарсы жауап беру арқылы,
- ә) қарсыластың дене мүшелерінің қозғалыс жолын ұзарту арқылы,
- б) қозғалыс инерциясын ұзарту арқылы т.б.

Осы мақсаттарды іске асыру үшін көбіне «алдын алу» белдесулерін өткізеді. Бұл белдесулердің ерекшеліктері онда қарсылас балуанға шабуыл жасап, әдіс орындауға тапсырма беріледі, ал қорғанушы балуан осы шабуылдың «алдын алып» одан да тез әрекет етіп, өзі әдіс орындауға міндетті.

Жылдам әрекет етіп үйретуге өзінен салмағы жеңіл балуанмен күрестіру де тиімді болып келеді, себебі салмағы жеңіл балуанның салмағы ауыр балуаннан қозғалысы жылдам болып келеді. Мақсат – жылдам қозғалысқа қарсы әрекет ете білуге үйрет.

Арнайы жылдамдық көрсеткішін төменгі формуламен есептейді.

$$A \text{ жылдамдық} = \frac{t}{R} ; \quad t - \text{күресу уақыты}$$

R – көрсеткіш (ұпай саны, жарыста алған

орын)

Бір-біріне қарсы бағытталған күш түрлерін қосу жылдамдық инерциясын арттырады.

Әдіс орындауға қосылатын дене мүшелерінің қозғалыс жолын қысқарту оның орындау уақытының азаюы әкеледі, яғни, әдісті жылдам жасау мүмкіндігі артады. Мысалы, арқадан аса лақтыру әдісін орындау кезінде жамбасты алға алдын ала шығару, сол әдісті орындау жылдамдығын арттырады. Жамбасты алға шығару, тобықтан қағу, шалу, ілу, өңгеріп лақтыру сияқты әдістерді жылдам орындауға көмектеседі. Алға еңкею, қолды төмен түсіру, аяқтан ұстау әдістерін жасауға қолайлы[6].

Қозғалу инерциясының айналу осьне жақын болуы әдісті жылдам орындауға қолайлы болып келеді, оны төменгі мысалдардан көруге болады. Мысалы, арқадан асыра лақтыру әдісін орындау үшін балуан өз денесін тік өсі бойынша бұру қажет болады, сондықтан әдіс орындаушының денесінің неғұрлым тік жағдайда болып айналу өсіне жақын болуы, сонымен қатар қолмен аяқтыңда осы өске жақын болуы әдісті орындауды жылдамдатады. Әдісті бір аяқта тұрған жағдайда, дененің еңкейіп тұрған қалпында, қолдардың жан-жаққа созылған күйінде жасау әдісті орындауды баяулатады.

Шалу, қағу, ілу әдістерін аяқтың бүгілген қалпына орындау жылдам болады. Аяқтың түзу қалпында болуы әдісті орындау уақытын созып орындау мүмкіндігін азаятады.

Библиографиялық тізім

1. Жоғары оқу орындарында (жоғары жетістіктер спортында) ТАСТ оқыту теориясы, әдістемесі және практикасы, мамандандыру Қуанышов С., Пошимов Т., Алшынбаев К. Оқу құралы Шымкент 2019
3. Основы избранного вида спорта 2017. Учебное пособие
4. Дене тәрбиесінің педагогикалық негіздері 2012 ж
5. Теория методика педагогических исследований физическом воспитании 2018

ӘОЖ372.8:718

ВОЛЕЙБОЛ СПОРТ ОЙЫНЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ДАМУ

*Айсағалиев Б.Т. аға оқытушы
Шала Ерлан ДС-423 тобының білім алушысы
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Қазіргі таңда техникалық жоғарғы оқу орындарында дене шынықтырудан тыс жұмыс істейтін студенттік спорт клубтары қарқынды дамудың үстінде. Сондықтан спорт және негізгі міндеті дене тәрбиесі болып табылатын дене мәдениеті тұжырымдамаларын ажырату керек.

Дене шынықтыру немесе дене мәдениеті - қоғамның жалпы мәдениетінің бөлігі, денсаулықты қолдауға бағытталған әлеуметтік қызметтің бағыттарының бірі, адам денесінің қабілеттерін дамыту және әлеуметтік тәжірибенің қажеттіліктеріне сәйкес оларды пайдалану.

Спорт - бұл әлеуметтік маңызды нәтижелерге жеткізетін дене жаттығуларын қолдануға негізделген білім беру, ойнау, бәсекеге қабілетті қызмет болып табылады. Спорттың айрықша ерекшелігі - бұл жаттықтыру, ал спорттың басты мақсаты – жақсы нәтижелерге қол жеткізу. Алайда, бұған қоса басқа да маңызды әлеуметтік мақсаттарға жеткізіледі - олар: адам

денсаулығын нығайту және физикалық жетілдіру, оның идеологиялық, ақыл-ой, моральдық, эстетикалық тәрбиесі. Сондай спорттық ойындардың бір түрі - волейбол спорт ойыны, өз өзектілігін жоғалтпайды, жастар арасында танымалдығы одан сайын арта түседі.

Волейбол - бұл командалық ойын, әр ойыншы өзінің қарсыласының іс-әрекетіне байланысы қозғалыс қимылдарын жасайды. Волейбол студенттерге теориялық ақпараттар алуына, тактиканың және техниканың негізгі әдістері мен тәсілдерін үйренуіне, өздерінің мүмкіншілігіне сәйкес жаттығуына, екі жақты ойын кезінде үйренген дағдыларын жетілдіруіне мүмкіндік береді.

Дене тәрбиесінде волейбол ойынының кең көлемде таралуы оның әр түрлі жаттығуларға ыңғайлылығымен, жастардың демалыстарын дұрыс ұйымдастыруымен, денсаулықты және дене тәрбиесін жетілдірудегі жан-жақтылығымен, ойын ережесінің қарапайымдылығымен, керекті құралдардың және алаңның күрделі еместігімен түсіндіріледі. Ойын жағдайы жаттығушыларды жалпы мақсатқа жету үшін өзінің ойын кезіндегі іс-қимылын ұжымының мақсатына бағындыруға, жағдайға байланысты өзінің бар мүмкіншілігімен әрекет етуге, спорттық сайыс кезінде қиындықты жеңе білуге, ойын барысындағы шиеленіскен жағдайда дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелейді. Бұлар студенттердің ұжымдық сезімін; тез зейін қоюы мен шапшаң ойлауын, шешім қабылдағыштығын және өзінше қимылдар жасай білу дағдысын қалыптастырады.

Техникалық жоғарғы оқу орындарында волейбол ойыны алдында тұрған міндеттер:

а. Студенттердің денсаулығының деңгейін көтеру.

б. Кейінірек студенттердің жоғарғы оқу орында білім алуды аяқтағаннан кейін олардың кәсіби жұмыста және өмірде қажет физикалық қасиеттердің қалыптастырып, болашақ мамандардың тиімді жұмыс істеуіне үлес қосу болып табылады.

Біздің университетте техникалық мамандықтарда оқитын инженерлердің және т.б кәсіптік маңызды физикалық қасиеттерін атап өтсек, олар : жоғары жұмыс өнімділігі және әлсіздікке ,күйзеліске дем бермеу, күш-жігер, төзімділік, икемділік, мұқияттылық, шапшаң реакция жылдамдығы, жоғары концентрациясы және оның мұқият ауысуы, жақсы дамыған жады,әсіресе жедел, жоғары деңгейдегі мағлұматты қабылдау және дамыған байқампаздық, практикалық ойлау, күрделі шешімдерді жылдам қабылдау мүмкіндігі, қимыл-қозғалысты жоғары үйлестіруді қамтиды. Жоғарыда аталғандардың барлығы - бұл волейбол ойнау үшін қажетті талаптар болып табылады. Жалпы алғанда, волейбол спорт түрінде ғана емес, мамандықтары жоғары қарқындылықпен, тұрақтылықпен, шешім қабылдау мен ойлау шапшаңдығымен және дәлдікпен ерекшеленетін адамдардың мамандықтарына арналған оқыту құралдарының бірі ретінде қарастырылып келе жатыр.

Алайда, бүгінгі таңда техникалық жоғарғы оқу орындарында волейбол спорт ойыны жоғарғы дәрежедегі спортшыларды дайындау құралы ретінде дамуы мәселелерге тіреліп отыр.

Сондықтан, бұл жұмыстың мақсаты: жоғары оқу орындарында студенттік волейбол спорттық командаларды ұйымдастыру және дайындау, волейбол спорт ойынын дамыту үшін тиімді жағдайларды анықтау болып табылады.

Студенттік спорт түрі ретінде волейболды университеттерде дамытудың маңызы зор. Жақсы қалыптасқан тиісті инфрақұрылыммен жабдықталған спорттық ортада, сондай-ақ белсенді дене шынықтырумен айналысуға арналған ортада жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізе отырып, келесідей нәтижелерге қол жеткізуге болады:

Библиографиялық тізімі.

1. Груцьяк Н. Б. Волейбол в неспортивном вузе: тенденции развития . – Слобожанський науково-спортивний вісник. – 2015 №2 (46)
2. Калининцева, И. Г. Волейбол в университете : учеб.-метод. пособие / И. Г. Калининцева, С. А. Песчанова ; Владим. гос. ун-т им. А. Г. и Н. Г. Столетовых. – Владимир : Изд-во ВлГУ, 2017. – 136 с.
3. Матиевская СМ, Крутько Г.А. Совершенствование учебной программы вуза по дисциплине «физическая культура» (на примере волейбола) Международный журнал экспериментального образования. – 2012. – № 4 (часть 2) – С. 156-159
4. Орлова В.В., Халалеева О.Е. Студенческий спорт как фактор подготовки спортсменов высших достижений // СИСП. 2015. №3 (47). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/studencheskiy-sport-kak-faktor-podgotovki-sportsmenov-vysshih-dostizheniy> (дата обращения: 06.12.2018). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/studencheskiy-sport-kak-faktor-podgotovki-sportsmenov-vysshih-dostizheniy>
5. Платонова Н. И. Волейбол как средство развития физических качеств студентов вузов // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2016. – № 7 (июль). – 0,4 п. л. – URL: <http://e-koncept.ru/2016/16147.htm>

ҚАЗАҚ КҮРЕСІНІҢ ҚАРЫМЫ

Айсағалиев Б.Т аға оқытушы

Еркинжанов Руслан ДС- 423 тобының білім алушысы

Шымкент университеті, Шымкент қ

Қазақ күресі – ұлттық төл спортымыз. Біздің күрес – ешқандай күрес түрлеріне ұқсамайды. Бүгінгі таңда жүргізіліп отырған спорттық-теориялық және әдістемелік зерттеулер бойынша қазіргі самбо, дзюдо, еркін күрестердегі негізгі айла-тәсілдер қазақ күрес өнерінен алынғаны дәлелденуде. Яғни, дәстүрлі көшпелілер күресі әлем спортының дамуына зор үлес қосты деуге болады. Әсіресе, белбеу пайдаланып күресу тәсілінің бай тәжірибесі Ұлы Даладан бастау алып, Шығыс пен Батыс елдеріне танымал спорт түрінің алғышартына айналды. Белбеу арқылы белдесудің өзіндік сипаты болған, ол белге оралған қайыстан ұстап, тізесі не алақаны жерге тигенге дейін күрескен. Бұл күрес жылдамдық, ептілік, күш және айла-тәсілдердің кең диапазонды қимыл-қозғалысымен қызықты. Сондықтан да оның адамның көңіл-қуанышын арттыратын, қанын қыздырып, ерлікке, елдікке баулитын қасиеті бар. Біз, қазақ халқы жоғарыдағы белбеу арқылы күресудің негізін салған жұрттың біріміз. Бұған мынадай мысалдарды келтіруге болады. Көшпелілер күресінің басты қағидасы – әділеттілік болған. Жеңімпазды анықтау көрермен халықтың көз алдында жарасым тапқан. Жарыс ережесінде күресті ұйымдастырушылар оны мезгіл және жер таңдамай өткізетін болған. Көшпелілер өнерінің жоталы бір саласы – қазақ күресінің тәрбиелік маңызы зор, ол ұлттық намысты қоздырып, көрерменге асқан шабыт сыйлайтын құдіреті биік күрес екенін тарихтан білеміз. Ал бүгінде қазақтың ұлттық спорты – күрес ешқашан тіршіліктен тыс қалмай, бірге жасасып, әлем чемпионаттарын өткізетін деңгейге дейін жетіп отыр. Өткен ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың бірінші жартысында сайын дала төсінде сайран салып, салтанат құрған бабаларымыз Иманжүсіп, Балуан Шолақ, Қажымұқан күш-қуатымен бірге ақыл-парасатымен, ақындық-әншілігімен де ерекшеленіп, нағыз ұлт мақтанышына айнала білді. Қажымұқан бабамыз төрткүл дүниенің ең мықты деген балуандарын тізе бүктіріп, өз заманындағы кәсіби балуандықтың биік шыңына көтеріліп қана қоймай, «мұсылман әлемінің бас балуаны» деген атаққа ие болды. Осындай көрнекті өкілдері әлемді мойындатқан, тарихтың таразысына түсіп, әлем спортынан ойып тұрып орын алған қазақ күресінің көші ХХІ ғасырға да аумай-талмай жетті. Сәл шегініс жасасақ, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің жанындағы Дене тәрбиесі және спорт комитеті алқасының шешімімен 1972 жылы қазақ күресінен тұңғыш рет 12 балуан «Қазақ КСР-інің спорт шебері» атағына ие болды. Қазақ күресінен әдістемелік оқу кітабы да тұңғыш рет сол кезде басып шығарылды. Бұл оқулықты жазысуға республикаға белгілі спорт

мамандары атсалысты. Содан бергі 40 жылдай уақыт бойы ұлттық күрес ережелері заманға сай даму жолында талай мәрте өзгертіліп, теориялық жағынан еңбектер жазылып, зерттеліп, ғылыми жетілдірілген бір жүйеге түсті. Кейінгі 10 жылда қазақ күресі Туризм және спорт министрлігі Спорт істері жөніндегі комитетінің қамқорлық, қолдауының арқасында қанатын кеңге жайып, халықаралық аренаға шығып үлгерді. 2003 жылы Германияның Берлин қаласында өткен Дүниежүзі қазақтарының құрылтайында Дүниежүзілік қазақ күресі қауымдастығы құрылды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Төл спортымыз – қазақ күресін олимпиялық ойындар деңгейіне дейін көтеруге күш салуымыз керек», – деген тапсырмасы аясында қарқынды жұмыс жүргізуіміздің нәтижесінде, бүгінде ұлттық күресіміз әлемнің 50-60 мемлекетінде тамыр жайып, дамып отыр. Бұған дәлел 2006 жылы Алматыда 48 елдің балуандары қатысқан I әлем чемпионаты ұйымдастырылса, II әлем чемпионаты 2008 жылы Ресейдің Ор қаласында өтті. Кезекті III әлем чемпионаты мен V дүниежүзілік күрес ойындарының Астана қаласында өтуі төл өнеріміздің әлемдік аренадағы мәртебесінің жоғары екендігін көрсетті. Бұған дейін екі рет Еуропа, алты рет Азия чемпионаттары өткізілді. Бес құрлықтан 40-тан астам елдің спортшылары қазақ күресінің киімін киіп, әлемдік додаға түсуі – тарихта болмаған теңдессіз оқиға, өнердің өркендеуі, ұлтымыздың мерейі. 2010 жылдың көктемінде қазақ күресі FILA-ның құрамына кірді. Енді біздің балуандар осы ұйым аясында Азия, Африка, Америка, Австралия, Еуропа құрлықтарының жарыстарына ресми түрде қатысатын болды. Биылғы жоспар – 240 балуанды қатыстыратын Азия чемпионатын өткізу. Сонымен бірге, Того Республикасында Африка чемпионатын өткізу жоспарлануда. Жақында Литваның Шяйляу қаласында 240 балуанның қатысуымен Еуропа чемпионаты өтті. Жылдың соңғы ресми жарысы қазан айында Түркияда өтетін әлем кубогы болмақ. Дүниежүзілік қазақ күресі қауымдастығының аясында әлем, Азия, Еуропа чемпионаттары, әлем кубогы, жас ерекшеліктеріне байланысты Қазақстан чемпионаттары мен спартакиадалары және түрлі республикалық жарыстар өткізіледі. Бұлардың бәрі Дүниежүзілік қазақ күресі қауымдастығы мен республикалық федерацияның қаржысымен өткізіліп келеді. Алдағы уақытта әлемнің 5 құрлығының әртүрлі елдерінде қазақ күресі қауымдастығын ашуды жоспарлап, соған сай жұмыстар атқарудамыз. Серік ТӨКЕЕВ, Дүниежүзілік қазақ күресі қауымдастығының президенті.

Библиографиялық тізім:

1. Алимханов Е Қазақ күресін үйретудің негіздері. - Алматы, 2000.
2. Алимханов. Е. Балуанның дене-күш қабілетін арттыру. - Алматы, 2004.
3. Койшыбек. К Спорттық жарыстарға қатысушы балуанның көпжылды дайындығын оқу құралы - Алматы, 2005

ЕРКІН КҮРЕСТЕҢ ӘДІС ТӘСІЛДЕРІ

*Махатбаев.Ф.Д. аға оқытушы
Нуралиева Д. Бг(п)-123 тобының білім алушысы
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Қазақстандағы еркін күрес, республикалық чемпионаты 1951 ж. бастап өткізіліп келеді. Бұдан ең алғаш шыққан СШ-лері Ж.Сқақов, Қ.Байдосов, Қ.Қожанов және т.б. Алғашқы жылдары оның секцияларына барушылар аз болғандықтан грек-рим күресіне қатысушылар да еркін күрестен бақтарын сынап көрді. Кейін Ә.Айханов, А.Гапсатаров, А.Бұғыбаев, М.Қапанов, Ю.Курапаткин, И.Байрамуков сияқты балуандар халықаралық жарыстарда көзге түсті. Республиканың құрама командасы 2003 ж. Алматыда өткен Азия кубогы үшін жарыста жалпыкомандалық 1-ші орынды жеңіп алды.

Еркін күрес ережесі

Көрермендердің күрес түрлерінедеген ықыластарының төмендеуі салдарынан, күрестің басқа түрлері сияқты, еркін күрес те Олимпиадалық бағдарламадан шығып қала жаздады. Әйтеуір, әупіріммен, аман қалды. Бірақ, енді «еріктілер» жаңа ереже бойынша күш сынасатын болады.

Жекпе-жексол баяғы 12 x 12 мерлік бозкілемніңүстінде өтеді. Ереже бойынша, кілемніңқалыңдығы 4 см жұқа болмауы керек. Квадраттың ішіне диаметрі 9 метрлік шеңбердің суреті салынған және оның ішкі жағындаені 1 метрлік «пассивтілік аумағы» болады. Жекпе-жек осы үлкен шеңбердің ішінде өтеді. Балуандар ең алдымен бір-бірімен кілемнің ортасындағы бір метрлік кішкентай шеңберде білектерін ұстасады.Сонымен жекпе-жек басталады.

Спортшылар салмақ санаты бойынша ғана емес, жас санаттарына да бөлінеді. Оқушылар — 14-15 жас аралығындағылар, кадеттер- 16-17жас аралығындағылар, жасөспірімдер -18-20 жастағылар, юньюрлар- 20 және одан жоғары жастағылар. Және 35 жастан жоғарыдағыларды қамтитын жеке ардагерлер санаты тағы бар.

Балуандардың киімдері қызыл немесе көк түсті арнайы трикодан және арнайы кеды аяқ киімінен тұрады. Аяқкиімге қойылатын талаптарға келетін болсақ, онда ешқандай айылбас болмауы, табаны шегеленбеуі, өкшесі болмауы керек. Және спортшылардың денесінде сақина, білезік, сырға сияқты ешқандай аксессуар болмауы керек, олар спортшыларды жарақаттауы мүмкін. Жекпе-жек алдында төреші балуандардың тырнақтарында тексереді: олардың тырнақтары қысқа етіп алынуы тиіс.

Оған қоса, спортшылар денелерін майлы заттармен майламаулары, кілем үстіне шылқып терлеп шықпаулары, білектерін, тобықтары мен

буындарын таңып байламаулары керек. Себебі, бұлайлалардың барлығы балуандардың ұстасуларын қиындатады. Сонымен бірге, балуандар кілем үстіне тықыр қырынып немесе өсірілгеніне біраз болған сақалмен шығулары керек. Ал бір-екі күндік қылшықпен шығуға болмайды, себебі қылшықтар белдесу кезінде қарсыласты тырнауы мүмкін. Және жарыс басталардың алдында спортшы төрешіге таза бет орамалын көрсетуі керек.

Ал жекпе-жек кезінде балуандар түрлі техникалық амал-тәсілдер қолдана алады. Грек-рим күресінен айырмашылық сол, еркін күресте балуандарға аяқтан шалуға рұқсат етіледі. Балуандардың басты мақсаты қарсыласының жауырынын жер иіскету, сонда ғана ол таза жеңіске жете алады. Жеңіс сондай-ақ, спортшының белдесу кезінде жинаған ұпай саны бойынша да анықталады. Ең бастысы, еркін күресте аяқпен жасалатын тәсілдер бар, грек-рим күресінен оның айырмашылығы да осыда.

Жаңа ереже қабылданғанға дейін, балуандардың белдесуі екі минутқа созылатын үш кезеңнен тұратын. Қазір жекпе-жектер үш минуттық екі кезеңнен тұрады, арасында жарты минуттық үзіліс жасалады. Ұпай сандары екі кезеңнің қорытындысы бойынша жинақталып, сол бойынша жеңімпаз анықталады. Овертаймдар мен клинчтер алып тасталған. Егер белдесу басталғаннан кейінгі екі минуттың ішінде ешкім ұпай жинамаса, төреші спортшының қайсысы белсенділік танытпай отырғанын анықтайды. Нәтижесінде, «жалқау» балуан келесі 30 минуттың ішінде ұпай жинауы керек, әтпесе, ол ұпай оның қарсыласына беріледі.

Еркін күрес техникасы дегеніміз жеңіске жетуге бағытталған белгілі бір әрекеттер жүйесі. Күрес тактикасында аса тиімді әр түрлі әрекеттер қарастырылып шықты. Оларды шабуылдау, қорғану, қарсы шабуылдау әрекеттері деп бөлуге болады. Осылардың ішінде палуанның техникалық шеберлігін арттыруға ең пайдалысы шабуылдау әрекеттері болып табылады. Күрес техникасына нашар палуандар әдетте, өзіне қолайсыз әрі тиімсіз амалдарды пайдаланады, Сөйтіп, көбінесе қарсыластарының бетін қайтаруға ғана күш салады. Ал мұндай амалдар шабуылдаушы жақтың күші басым болса ғана нәтиже береді. Техникасы жақсы палуандар көбінесе күші басым қарсыласын да жеңіп кетеді. Бұл үшін олар түрліше қимылдар жасап, қорғанып, қарсы шабуылға шығып, не күш жағынан, не уақыт жағынан ұтады.

Күрес техникасын анықтау үшін күресушілердің барлық негізгі қимылдарын талдаудан өткізу қажет. Мұндай талдауды ең алдымен ол қимылдарды орындауға жұмсалатын механикалық күш тұрғысынан қарау керек.

Ең карапайым қимылды орындағанның өзінде де адам денесінің бірқатар органдары өзара қимылға келіп, оны орталық нерв жүйесі реттеп тұратындығы белгілі. Сондықтан күрес техникасын талдап анықтағанда жеке бұлшық ет қызметі қарастырылмайды. Өйткені күресте оның қысу немесе тарту күші, тарту узақтығы, шапшаңдығы пайдаланылады. Сонымен, палуандар қозғалысында әсер етуші күш ретінде мыналар ескеріледі:

салмақ күші;

бұлшық еттің тарту күші;

дененің инертті (қимылсыз тұрған кездегі) қарсылығы.

Осы күштер әсер еткенде палуан денесі әр түрлі жағдайға түсуді, оның жеке бөліктерін рычаг ретінде қарастыру ыңғайлы.

Күрескен кезде палуандар көбінесе тіреу алаңын көзбен бақылайды. Мұндай жағдайда тіреу алаңы екі табаны мен табандарының арасындағы кеңістік болып табылады. Палуанның жағдайына қарай оның аяқтарын тірейтін алаңы да өзгеріп отырады. Әрине тіреу алаңы неғұрлым үлкен болса, палуанның берік тұратындығы да табиғи нәрсе. Жалпы ауырлық центріне түсетін түзу сызық тіреу алаңының шетіне келсе немесе одан шығып кетсе, тепе-теңдік бұзылады. Сондықтан палуан қимылдаған кезде ауырлық центрінің түзу сызығы тіреу алаңының ортасына жақын болуының маңызы зор.

Палуан денесінің белгілі бір бағыттағы орнықтылығы орнықтылық бұрышы бойынша сипатталады. Орнықтылық бұрышы дегеніміз ауырлық сызығы және дененің ауырлық центрін тіреу алаңының шетімен (дененің орнықтылық дәрежесі анықталатын жақтағы) қосатын сызық арасындағы бұрыш. Орнықтылық бұрышы (X) дененің ауырлық центрі төмендеп, тіреу алаңы үлкейген сайын және ауырлық сызығы тіреу алаңының шетінен қашықтауына қарай үлкейе береді. Айқас кезінде аяқтарын алшағырақ қойып, аздап бүксе, палуан денесі орнықтырақ болады. Алайда аяқтарын тым алшақ қойып немесе көбірек бүгіп жіберсе, спортшы денесін шапшаң игере алмай қалады.

Осындай қимылдар жасау үшін ең қолайлы жағдайды күресте палуанның тұрысы деп атайды. Бұл мынадай жағдай аяқтары иығынан сәл алшақтау, бір аяғы (сол немесе оң) бір табан алға қойылған; тізелері аздап бүгілген, бұлшық еттері бос, кез келген бағытта тез қимылдауға дайын, денесі сәл ғана еңкейген, ал алға қойған аяғы жағындағы иығы да солай қарай бұрылған. Әсіресе, жалпы ауырлық центріне ерекше көңіл аудару қажет. Ол шабуылдау кезінен басқа уақытта тіреу алаңының ортасында (аяқтарының арасында) болуы тиіс.

Орнықтылық бұрышын «қауіпті бағытта» арттағы аяқты палуан өзінің тұрған күйін сақтайтындай етіп, ал қауіпті бағыт қарсы жақта қалатындай етіп тағы да кейін қоға арқылы арттыруға болады.

Тұрған күйінде қозғалтудың алғашқы сәті әдетте ауырлық центрі вертикалын тік сызығын тіреу алаңының алғы шетінен асырып, тепе-теңдіктен шығумен байланысты. Алайда тепе-теңдіктен сәл айырылудың кезін қарсыласы шабуылдау үшін пайдаланып кетуге әзір тұрған жағдайда (яғни айқасу кезеңінде) ауырлық центрін тіреу алаңынан шығарғанда аса сақ болған дұрыс. Аяқты аттағанда (егер бұл шабуылдауға байланысты болмаса) мына ережені сақтау керек, әр уақытта әуелі қозғалу бағытына жақын тұрған аяқты аттау керек және оған салмағын бірден түсірмеуі қажет. Салмағы әуелі орнындағы аяғына түсуі, содан кейін барып аттаған аяғына

түсуі тиіс. Бұдан соң арттағы аяғын ыңғайлы тұру қалпына келетіндей қашықтыққа қоюы керек. Аяқтарын осылай қозғағанда қозғалатын бағытта орнықтылық бұрышын арттыру мүмкіндігі туады. Демек спортшының тепе-теңдігін тез қалпына келтіруіне болады.

Күрес жеке-жеке қарапайым қозғалыстан (ол қозғалыс кеңістік және уақыт арқылы бір-бірімен байланысты) тұратын тұтас рекет болып табылады. Яғни әрбір әдіс, қол, аяқ, дене арқылы жасалатын қарапайым қозғалыстан тұрады ол қарапайым қозғалыс деп аталады. Күресте шартта түрде қозғалыстар былайша бөлінеді:

қолдардың қозғалысы — ұстау, орап ұстау, қысу, итеру, жұлқу, түю, тарту, тіреу, басу, т. с. с.

аяқтардың қозғалысы — қою, аттау, кейін қою, адымдап кету, бұғу, жазу, іліп шалу, қағу, устіне салу, итеру, т. с. с.

дененің қозғалысы — еңкею, тік көтеру, иілу, бурылу, қысу, итеру, құлату, т. с. с.

Палуанның қимылдарының біразы бір мезгілде, біразы бірінен соң бірі орында-лады. Барлық әдістерді шартты түрде қарапайым қозғалыс және қозғалу фазасы деп бөлуге болады.

Куресушінің негізгі жағдайы және қозғалыстары, олардың биомеханикалық талдауы (тіреу алаңы, жалпы ауырлық центрі).

Күрескен кезде палуандар көбінесе тіреу алаңын көзбен бақылайды. Мұндай жағдайда тіреу алаңы екі табаны мен табандарының арасындағы кеңістік болып табылады. Палуанның жағдайына қарай оның аяқтарын тірейтін алаңы да өзгеріп отырады. Әрине тіреу алаңы неғұрлым үлкен болса, палуанның берік тұратындығы да табиғи нәрсе. Жалпы ауырлық центріне түсетін түзу сызық тіреу алаңының шетіне келсе немесе одан шығып кетсе, тепе-теңдік бұзылады. Сондықтан палуан қимылдаған кезде ауырлық центрінің түзу сызығы тіреу алаңының ортасына жақын болуының маңызы зор.

Библиографиялық тізім

1. Купцов А.П. (под общ. ред.) Спортивная борьба. Москва. 1978.
2. Шепетюк М.Н. Совершенствование в спортивной борьбе. Алматы. 2005.
3. Шепетюк М.Н. Обучение в спортивной борьбе. Алматы. 2003.
4. Туманян Г.С. Спортивная борьба. М. 1985.
5. Туманян Г.С. Школа мастерства борцов, дзюдоистов и самбистов. Москва. 2006.
6. Байдосов К.Р. Казахская национальная борьба. Алматы: Мектеп, 1987.
7. Матущак П. Ф., Мухиддинов Е. М. Казахша курес. Алматы: Рауан, 1995.
8. Таникеев М.Т. Казахские национальные виды спорта. Современные проблемы. Алматы. 1991.

9. Таникеев М.Т. Мир народного спорта. Алматы. 1998.

10. Матушак П.Ф. Наследники Кажымукана. Алматы: Казахстан, 1969.

ОӘЖ 37.091.212:364.694

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА БАСКЕТБОЛ АРҚЫЛЫ ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Е.А. Битабаров п.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.
Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ.*

*Ұ.О. Алиев магистр, аға оқытушы
Мирас университеті, Шымкент қ.*

*У.М. Маханова магистр, аға оқытушы
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Кез-келген оқу орнының, атап айтқанда дене шынықтыру пәнінің мұғалімінің негізгі міндеті - толыққанды, дені сау, физикалық және моральдық тұрғыдан тұрақты жас ұрпақты тәрбиелеу. Өкінішке орай, бүгінгі таңда біз өте күрделі проблемаға тап болдық - мектеп бітірушілер денсаулығының жалпы әлсіреуі. Олардың көпшілігінде олар жігерлі емес, физикалық әлсіз, денсаулығының әртүрлі бұзылуларынан зардап шегеді. Бүгінгі оқушылардың негізгі бөлігі іс жүзінде спортпен айналыспайды, оларды дене шынықтыру сабақтары қызықтырмайды. Оқушылардың 80% денсаулығы әлсіреді, қалыптың бұзылуы, бұлшықет массасының дамымауы, семіздік және дистрофия байқалады. Оқушылардың белсенділігі өте төмен, олар ұйқышыл, оқу бағдарламасын игере алмай қиналады. Олардың көпшілігінің психикасы тұрақты емес, балалар ашуланшақ, ренжігіш, ескертулерге жеткіліксіз жауап береді. Бұл жағдайлар бізді баскетболмен айналысатын оқушылар тобымен жұмыс жүргізуге итермеледі.

Баскетбол - қарқынды спорттық ойын, дене тәрбиесінің маңызды құралдарының бірі. Баскетболдың жүйелі сабақтары денсаулықты нығайтады, жан-жақты физикалық дамуға ықпал етеді, ерік-жігерді, табандылықты, батылдықты тәрбиелейді. Ол өзінің ойын-сауығымен, әртүрлі техникалық-тактикалық әдістердің көптігімен, эмоционалдылығымен, ашықтығымен, динамизмімен, сонымен бірге ұжымшылдығымен және индивидуализмімен тартады, сонымен қатар мамандардың пікірінше, жан-жақты физикалық дамудың ең тиімді құралы болып табылады.

Айтпақшы, баскетбол бірнеше онжылдықтар ішінде бүкіл әлемде жанкүйерлердің жүрегін жаулап алған танымал спорт түрлерінің бірі болуы мүмкін, бұл бұрын-соңды болмаған құбылыс сияқты. Баскетболдың танымалдығы және оны дене шынықтыру жүйесінде кеңінен қолдану, ең алдымен, ойынның экономикалық қол жетімділігіне, жоғары эмоционалдылыққа, үлкен әсерлі әсерге, жастардың денесі мен тәрбиесіне кешенді әсерге байланысты, сондықтан мәтін бойынша біз баскетболдың ең тән ерекшеліктерін келтіреміз [1].

Баскетбол табиғи қозғалыстарға негізделген - жүгіру, секіру, лақтыру, доп беру. Оларға балаларды, жасөспірімдерді және ересектерді оқыту оңай. Сондықтан баскетбол балаларды тәрбиелеу және оқыту бағдарламасына балабақшалардан бастап, ал доп ойындары екі жастан бастап кіреді. Жеңіске жетуге бағытталған іс-қимылдардың жылдамдығында қарсыластан асып түсуге деген ұмтылыс қатысушыларды өз мүмкіндіктерін жұмылдыруға, күштердің максималды күшімен әрекет етуге, спорттық күрес барысында туындайтын қиындықтарды жеңуге үйретеді. Бұл ерекшеліктер табандылық пен адалдықты тәрбиелеуге ықпал етеді.

Қарқындылығы мен ұзақтығы бойынша жиі өзгеретін қозғалыстар мен әрекеттердің әртүрлі ауысуы қатысушылардың денесіне жалпы кешенді әсер етеді. Баскетбол сабақтары негізгі физикалық қасиеттердің дамуына ықпал етеді. Ойын ортасы өте тез өзгереді және жаңа ойын жағдайларын тудырады. Бұл жағдайлар ойыншыларды ойын процесін үнемі қадағалап отыруға, жағдайды лезде бағалауға, кез-келген жағдайда белсенді, тапқыр және жылдам әрекет етуге үйретеді. Ойын процесін үздіксіз бақылау кеңістіктік және уақыттық бағдарлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Дене дайындығы - бұл дене мүшелері мен жүйелерінің физикалық қабілеттері мен мүмкіндіктерін дамытуға бағытталған процесс, дамудың жоғары деңгейі, ойын дағдылары мен тиімді бәсекелестік қызметті сәтті игеру үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етеді.

Баскетболдағы дене дайындығы екі түрден тұрады – жалпы және арнайы дене дайындығы. Олардың арасында тығыз байланыс бар. Жалпы дене дайындығы - бұл дене қабілеттерін жан-жақты тәрбиелеу және білім алушылардың денесінің жалпы жұмыс қабілеттілігін арттыру процесі.

Жалпы дене дайындығы жаттығуларына мыналар кіреді:

денсаулықты нығайту;

негізгі физикалық қасиеттерді тәрбиелеу;

жалпы өнімділік деңгейін арттыру;

өмірлік маңызды дағдылар мен біліктіліктерді жетілдіру.

Арнайы дене дайындығы - баскетболдың ерекшелігіне жауап беретін білім алушылардың дене қабілеттері мен функционалдық мүмкіндіктерін тәрбиелеу процесі [2].

Баскетбол бүкіл әлемде танымал. Бірақ жас спортшыларды даярлау - көп уақытты қажет ететін және жауапты іс, өйткені қателіктер денсаулыққа әртүрлі жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін. Сондықтан оқушыларды даярлау міндеттері, оқу-жаттығу процесін ұйымдастырудың құралдары, әдістері, формалары, ең алдымен, олардың дамуының жас заңдылықтарынан және ағзаның функционалдық мүмкіндіктерінен туындауы керек.

Баскетбол сабақтарының әр түрлі жағдайлары әсіресе жылдамдық, төзімділік, ептілік, күш сияқты қасиеттердің жан-жақты физикалық дамуына ықпал етеді. Әр түрлі ойын жағдайлары, допқа ие болу, қарсыласпен күресу бұлшықеттердің үлкен топтарын жұмысқа тартады және дененің негізгі функционалды жүйелерінің дамуына және нығаюына, ең алдымен жүрек-қан

тамырлары, тыныс алу және вегетативті жүйке жүйелеріне оң әсер етеді. Оқу-жаттығу сабақтары кезінде балаларда моральдық-еріктік қасиеттер тәрбиеленеді - тәртіп, батылдық, табандылық, кез-келген сипаттағы қиындықтарды жеңу қабілеті, еңбекқорлық, ұжымшылдық сезімі.

Баскетболдың бірқатар ерекшеліктері оның үлкен сауықтыру, тәрбиелік және қолданбалы маңыздылығын анықтайды. Жасөспірімдер спортының теориясы мен әдістемесі мектеп жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін, көпжылдық спорттық дайындықтың әр кезеңіне сәйкес келетін құралдарды, әдістерді, ұйымдастырушылық формаларды қолдану ерекшеліктерін ескереді.

Мектеп жасындағы балалардың дене тәрбиесінің басқа әдістерімен және формаларымен салыстырғанда спорт, атап айтқанда баскетбол, дамып келе жатқан ағзадағы оң функционалды және морфологиялық өзгерістерді тиімді ынталандырады, қозғалыстың дамуына көбірек әсер етеді [3].

Бұл балалар мен жасөспірімдердің психикалық дамуына ықпал ететін спорт деп толық негізде айтуға болады. Жасөспірімдер, әдетте, қарқынды дамып келе жатқан өзін-өзі танумен, жеке тұлғаның құнды қасиеттерін (ерікті, адамгершілік, физикалық) сезінуге деген ұмтылыспен сипатталады. Дәл осы спортта оқушылар осы қабілеттерді дамытудың тиімді құралдарын табады.

Ойынның бәсекеге қабілеттілігі, қоршаған ортаның үздіксіз өзгеруі, сәттілік немесе сәтсіздік спортшыларда олардың қызметіне әсер ететін әртүрлі сезімдер мен тәжірибелердің көрінісін тудырады. Жоғары эмоционалды деңгей тұрақты белсенділік пен ойынға деген қызығушылықты сақтауға ықпал етеді. Баскетболдың бұл ерекшеліктері баскетболшыларды тәрбиелеуге, эмоцияларды басқаруға, олардың әрекеттерін бақылауды жоғалтпауға қолайлы жағдай жасайды. Кездесу барысында әр ойыншы өзгертін ойын ортасын ескере отырып, қандай әрекеттерді орындау керектігін дербес анықтап қана қоймай, қашан және қандай жолмен әрекет ету керектігін шешеді. Бұл шығармашылық бастамамен айналысатындарды тәрбиелеу үшін маңызды. Жалпы, барлық командалық спорт түрлерінің ішінде баскетбол басқалардан гөрі жеке қабілеттер мен дриблингті көрсетуге, сондай-ақ кейде сол немесе басқа матчтың нәтижесін жалғыз шешуге бейім екенін ұмытпаған жөн.

Ойын ережелері спортшылардың қарсыластар мен төрешілерге қатысты мінез-құлқының этикасын қарастырады. Жеке және техникалық жазалар жарысқа қатысушылар арасындағы қарым-қатынасты реттеу құралы ретінде қызмет етеді. Бұл ерекшелік достық пен серіктестікті тәрбиелеу және өз әрекеттерін команданың мүдделеріне бағындыру әдетін қалыптастыру үшін өте маңызды [4].

Баскетбол бүкіл әлемде кеңінен таралды, жыл сайын осы спорт түрімен айналысуға деген қызығушылық артып келеді, халықаралық аренада бәсекелестік күшейе түседі. Соңғысы баскетболдың даму тенденцияларын ескере отырып, оқыту әдістемесін жетілдіру қажеттілігін тудырады. Ойын

кезінде спортшылардың қозғалыс әрекеттерінің әртүрлілігі олардың компоненттерінің сандық сипаттамасын қиындатады. Қазіргі заманғы оқу процесі оның жағдайын ұтымды модельдеу мақсатында спортшының денесін үлкен жүйе ретінде интегративті сапалық-сандық сипаттау әдістерін әзірлеу қажеттілігін алға тартады.

Осылайша, баскетболмен айналысу қозғалыс функцияларын - адам ағзасының негізгі функцияларын едәуір ынталандырады деген қорытынды жасауға болады, оны кез-келген іс-әрекетте, соның ішінде ақыл-ойда өнімділікті арттыру үшін үнемі жетілдіріп отыру керек.

Библиографиялық тізім

1. Берговина М.Л. Баскетбол: средства и методы обучения: учебное пособие /М.Л. Берговина; М-во образования и науки Рос. Федерации, ГОУ ВПО "Сыктывк. гос. ун-т". - Сыктывкар: ИПО СыктГУ, 2018. - 111 с.
2. Шестаков М.П. Техническая подготовка / М.П. Шестаков, И.Г. Шестаков. – М.: СпортАкадемПресс, 2001. – 127 с.
3. Холодов Ж.К., Кузнецов В.С. Теория и методика физического воспитания и спорта. М.: Академия, 2003. - 480 с.
4. Вяземский М.Н. Специальная подготовка в баскетболе: Теория и практика физической культуры. – М., 2016, № 8. - 44 с.

ОӘЖ 159.922; 796.08

СПОРТШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖӘНЕ СПОРТТЫҚ ҚЫЗМЕТТЕГІ ЖЕТІСТІКТЕРІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

*Ұ.О. Алиев магистр, аға оқытушы
Мирас университеті, Шымкент қ.*

*Е.А. Битабаров п.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.
Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ.*

*О.М. Маханов Дене шынықтыру пәні мұғалімі
Ш. Қалдаяқов атындағы мектеп-гимназия, Отырар ауданы*

Мәлімделген мәселенің өзектілігі қазіргі уақытта әртүрлі деңгейдегі ұлттық құрама командалардың мүшелері болып табылмайтын перспективалы спортшыларды кәсіби өзін-өзі анықтау процесінде оларды сүйемелдеу процесін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тиімді жүйенің жоқтығына байланысты. Талантты спортшылардың көпшілігі қандай да бір себептермен спорттық мансабын жақсы дене дайындығы деңгейімен аяқтайды. Зерттеушілердің едәуір бөлігі спорттық мансапты аяқтау кезеңінде

спортшылардың әлеуметтік және кәсіби бейімделу мәселесін қарастырады [1].

Бірқатар жетекші ғалымдар мансапты аяқтағаннан кейін спортшыларды оңалту мәселелерімен айналысты, бірақ авторлар әзірлеген тәсілдер, принциптер мен технологиялар, әдетте, спорттық мансапты аяқтауға байланысты спорттық немесе білім беру болсын, спортшы мансабының бір жағын қамтиды, бұл олардың алғашқы кәсіби өзін-өзі анықтау кезеңінде және кәсіптік білім берудің бастапқы кезеңінде сәтті жүйелі үйлесу мүмкіндігін ұсынбайды.

Қазіргі спортшылардың «қос мансапты» іске асыру шеңберінде білім беру және спорттық қызметті қоса атқаруына байланысты мәселені қарау өзекті болып табылады. Отандық спорт психологиясы үшін «қос мансап» тұжырымдамасы жаңа құрылым болып табылады, дегенмен шетелде спортшылардың өмірлік тепе-теңдігі мәселесі спортты басқа қызмет түрлерімен, ең алдымен білім беру қызметімен тиімді үйлестірудің тетіктері мен факторларын анықтайтын зерттеудің басым бағыттарының бірі болып табылады [2].

Студент спортшының әрқашан таңдауы бар: спорттық жаттығу немесе оқу процесі. Бұл жағдайда "қос мансап" мәселесі өзекті болып табылады: бұл студенттік спортшылардың оқу процесіне, спорттық жиындарға және жарыстарға білім беру қызметімен белсенді қатысуының органикалық үйлесімі.

Кейбір зерттеулер көрсеткендей, студенттер мен спортшылар жаттығулар мен спорт түрлерін біріктіруде келесі қиындықтарға тап болады:

уақытша және аумақтық қиындықтар (сабаққа дайындалуға, өз бетінше жұмыс істеуге уақыт жеткіліксіз; демалуға уақыт аз; үй шаруасына уақыт жоқ); қарым-қатынастағы қиындықтар (егер жеке сабақ кестесі болмаса, міндетті сабаққа қатысудың баламалары туралы мұғалімдердің түсінігі жоқ); ата-аналардың қолдауы жоқ (көбінесе олар оқуды маңызды деп санайды немесе олар бәрін жасау керек деп ойлайды); достарымен және серіктестерімен араласуға уақыт жеткіліксіз;

когнитивті және эмоционалды қиындықтар (басқа жағымды нәрселерге уақыт жетіспейтінін сезіну; зерттелетін материалға терең енбейтіндігіңізді сезіну; бәрі жартылай жасалып жатқанын сезіну: оқу/спорт/демалыс).

Айта кету керек, белсенді спортшы үшін жарыстар оның өмірінің маңызды элементі болып табылады, сондықтан басымдық беру кезінде студент спортшылардың көпшілігі спортты бірінші орынға қояды, көбінесе басқа қызмет түрлеріне қарағанда. Кейбір шетелдік ғалымдардың пікірінше, қос мансапты тиімді жүзеге асыру үшін студент-спортшылардың өмірлік құндылықтарын және олардың сауалнама барысында анықталған басымдықтарын ескеру қажет; оқу және спорттық іс-шараларды біріктіру үшін барынша қолайлы жағдай жасау үшін оқушының бейімделу процесіне оның жаттықтырушысын тарту - жаттығулар мен сессиядан өтудің жеке кестесін қамтамасыз ету; қашықтықтан оқытуды белсенді пайдалану.

Осылайша, ғылыми дереккөздерді талдау көрсеткендей, оқуды бітірген кезде спортшының алдында спорттық мансапты жалғастыру керек пе деген маңызды сұрақ туындайды. Себебі, осы уақытқа дейін спорт мектептерінің көпшілігі талантты спортшыларға одан әрі көмек көрсетудің болашағын көрмейді. Нәтижесінде білім алушы тиісті деңгейдегі қолдауды (қаржылық, медициналық-биологиялық, психологиялық-педагогикалық) алмайды [3].

Жоғары дәрежелі спортшылар үшін бұл мәселе олардың қызметіне қажетті қолдау көрсетілетін спорттық дайындық орталықтарымен өзара әрекеттесу арқылы шешіледі, бірақ бұл жобаға бәрі кіре алмайды. Тағы бір әдіс - демеуші табу немесе коммерциялық турнирлерге қатысу, бірақ біз бұл процестің өзіндік қиындықтары бар екенін түсінуіміз керек. Спорттық даярлық жүйесінен тыс қалған талантты спортшылардың спорттық мансабын ұзартуға ықпал ететін тиімді шара медициналық-биологиялық; әлеуметтік-психологиялық; ақпараттық компоненттерді қамтитын сүйемелдеу қызметін құру болып табылады.

Көптеген спортшылар үшін «қос мансап» құру белгілі бір қиындықтарды тудырады. Мысалы, спортшының білім беру қызметіне қосылуы жаттығу процесінің тиімділігінің төмендеуіне әкеледі; спортшының спорт мектебін бітіруіне байланысты жарыстарға қатысуды медициналық-биологиялық қамтамасыз ету және қаржыландыру тоқтатылады; спортпен белсенді айналысу спортшының оқу қызметіне аз қатысуына әкеледі, бұл үлгерімнің төмендеуіне әкеледі және т.б.

Зерттеу қазіргі спортшының кәсіби өзін-өзі анықтауының негізгі аспектілерін зерттеген басқа авторлар алған ғылыми нәтижелерге сәйкес келеді. Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау және спорттық бейіндегі жоғары оқу орындарында оқу процесін ұйымдастыру практикасын зерделеу оқу процесін студент-спортшылардың спорттық дайындығымен интеграциялау жөніндегі зерттеулер фрагменттік және сегменттік сипатта болатынын және негізінен спорт саласының профильдерін зерделеуді жалғастыратын элиталық спортшыларға қатысты екенін көрсетеді. Осыған қарамастан, білім беру ұйымдарында оқитын спортшылардың оқу іс-әрекетін кәсіптік-білім беру бағдарлау, оңалту, психологиялық-педагогикалық патронаж проблемаларын шешу үшін ғылыми негізделген тәсілдер мен инновациялық технологиялар әзірленбеген, бұл зерттелетін мәселенің өзектілігін анықтайды. Спортшылардың «қос мансабын» жүзеге асыру барысында анықталған проблемалар кәсіби өзін-өзі анықтаудың күрделі кезеңінде оларды қолдау жүйесін жетілдіру қажеттілігін көрсетті. Қазіргі спортшыларды қолдаудың аймақтық жүйесінің қажеттілігі теориялық тұрғыдан негізделген, оның ішінде әртүрлі компоненттер: медициналық-биологиялық; әлеуметтік-психологиялық; ақпараттық, спорттық мансапты одан әрі жалғастыру мен жоғары білім алу арасындағы таңдау жағдайына тап болған талантты спортшылардың спорттық мансабын ұзартуға ықпал етеді. Сонымен бірге спортшыларды қолдау жүйесін әзірлеу және енгізу жүзеге асырылды, оған әртүрлі компоненттер кіреді: медициналық-биологиялық;

әлеуметтік-педагогикалық; ақпараттық. «Қос мансапты» құру кезінде спортшыларды қолдау жүйесін мазмұнды және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді практикалық қолданудың негізгі принциптері тұжырымдалған.

өзінің өмірден байқағандарын іске асырып, қоршаған адамдардың іс-әрекетіне еліктейді. Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары: «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Қыз қуу», «Тоғызқұмалақ» т.б. балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады. Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Ұлы педагог В.И.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды», - дейді. Демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы баии түседі. Оқу үрдісінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай алынады. Сонда ғана оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Оқушыларды әсіресе, «Сиқырлы қоржын», «Көкпар», «Асық» секілді ұлттық ойындарға қатыстыру өте тиімді екеніне көз жеткізу қиын емес. Бұл ойындарды жаңа материалды бекіту немесе қайталау кезінде қолдану керек деген пікір бар. Оқушы ойынның үстінде не соңында өзінің қатысу белсенділігіне қарай түрлі баға алуы мүмкін. Мұғалім әр оқушының еңбегін бағалап, ынталандырып отыруы тиіс. Ойынның тәрбиелік маңызы мынада: ол баланы зеректікке, білгірлікке баулиды. Бабаларымыздың асыл қазыналарына деген көзқарасын құрметтеуге сөз әсемдігін сезінуге үйретеді[5]. Батылдыққа, өжеттікке тәрбиелейді. Ендеше еңбекке баулу сабағын ұлттық ойындар арқылы сабақтасытырып түсіндіру пән тақырыптарын тез, жылдам меңгеруге ықпал етеді. Оқушының сөздік қорын байыта түседі. Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, аса көрнекті жазушы М.Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», - деп тегіннен тегін айтпаса керек. Одан кейінгі кезеңде қазақ халқының бай этнографиялық материалдарын жинақтаған және оның ішінде ұлт ойынының тәрбиелік маңызы туралы пікір айтқандар К.А.Покровский, А.И.Ивановский, Н.И.Гродеков, Е.А.Алекторов, Ә.Диваев, А.Левшин, Н.Пантусов, Ф.Лазаревский, П.П.Пашин, Г.С.Запяржский, А.Шиле, А.Харунзин, А.Горячкин, П.Ходыров, Е.Букин, О.Әлжанов, т.б. болды делінген. Е.Сағындықов өз еңбегінде: «Қазақтың ұлт ойындары тақырыпқа өте бай және әр алуан болады», - дей келіп, ұлт ойындарын негізінен үш салаға бөліп топтастырған. Ә.Диваев «Игры киргизских детей» атты еңбегінде тарихта алғаш рет қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырады. Қазақ балаларының ұлттық ойынына тоқталғандардың бірі – орыс ғалымы А.Алекторов. Мәселен, оның «О рождении и воспитании детей киргизов, правилах и власти родителей» (Орынбор, 1891) атты еңбегін атауға болады. М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінен бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды. Кезінде ұлттық ойындарды

зерттеген авторлар қатарында М.Тәнекеев, Б.Төтенаев, М.Балғымбаев, Ә.Бүркітбаев, т.б. есімдерін атауға болады. Кеңес Одағы кезіндегі ұлттық ойындардың маңызы мен қажеттілігін көрегендікпен қарастырған ғалым Б.Төтенаев «Қазақтың ұлттық ойындары» (Алматы, 1994) атты еңбегінде қазақ ойындарын бірнеше топқа бөліп, ойын шарттарын жазып, жастар үшін тәрбиелік мәнін зерделеп, ойын білдірген. Сабақта және тәрбиеде, яғни балабақшалар мен бастауыш мектептерде ұлттық ойынды ұтымды пайдаланса, алдымен еңбекке баулу және дене шынықтыру пәндерінде оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру шарттары теориялық тұрғыдан негізделсе, онда оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыруға және халықтың асыл мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастыруға болады. Қай халықтың болмасын, оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен спорттық, дене тәрбиеге байланысты тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан халық арасында қалыптасқан ойындар туралы сипаттамалық жинақтар, деректер және құжаттар дұрыс зерттеу мен талдауды қажет етеді. Ұлттық дәстүрлі халық ойындарының ел арасындағы беделі, тарихи қоғамдағы алатын орны және болашақ ұрпақты өсірудегі қажеттілігі, оның шығу тарихы туралы ғылыми тұрғыдан бізге дейінгі ғалымдар да көп ізденді. Осы мәселеге байланысты зерттелген ғылыми еңбектерді біз хронологиялық шектігіне қарай бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады:

Орыстың отарлау саясаты кезеңіндегі алғашқы орыс әскери шенеуніктері мен миссионерлерінің көшпенділер хақындағы зерттеу жұмыстары;

Кеңес заманы кезеңіндегі Орта Азия және Қазақстан халықтарының ұлттық ойындары туралы жазылған ғылыми еңбектер;

Библиографиялық тізім

1 Жасөспірімдерге арналған волейбол ойыны. Бекбергенова Ж.Е. Шилібаев Б.А. Оқу құралы Алматы 2019

2. Дуйсембин К., Алиакберова З. Жаска сай физиология және мектеп гигиенасы. - Алматы, 2003 – 85бет

3. Спорт ойындары Алшынбаев К.И., Тастанов А.Ж., Ермашова А.О., Айтжанов А.А. Оқулық Шымкент 2017

4. Ұлттық энциклопедия. 2002ж, - 442бет

5. Алшынбаев.К., Спорт ойындары.- Шымкент.-2017.-Оқулық.-70бет

СПОРТҚА БАУЛУ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Асылбек Мерей студент ДС-1222

Аңдатпа: берілген мақалада спортқа баулу арқылы тәрбие берудің ерекшелігі жайлы сөз қозғалатын болады.

Бүгінде білім — қоғамның әлеуметтік-экономикалық, интеллектуалдық және рухани дамуының стратегиялық бағдары ғана емес, сонымен қатар біздің қоғамымыздың қауіпсіздігінің кепілі.

Оқытудағы жаңа технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол оқытушылар мен оқушыларға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану оқушылардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты. Қазіргі кезеңде жалпы орта мектептердегі оқу бағдарламаларын құрастыру бағыт-бағдары өзгерді. Алайда, бұлардың бәрінде мектеп оқушыларын қайда оқитындығы ескерілмейді, олардың меңгеруі тиіс негізгі дағдылар мен қабілеттер, оқу нормасын тапсыруға арналған шарттар көрсетілген. Денені шынықтыру жаттығуларының орындалуы қозғалыс дайындығының деңгейі туралы мәлімет береді. Дегенмен, бұл бағдарламалар базалық, үлгілік сипатқа ие, сондықтан оларды әрбір педагог жергілікті жағдай мен салт-дәстүрлерге орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, өзгерте алады. Дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық процестер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып, тәжірибеге сын көзбен қарап, дене тәрбиесі міндеттерін

жүзеге асыруға белсенді, салауаттылық пен дене мәдениетін меңгерген маман даярлаудың маңыздылығы артуда.

Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, оқушылардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі.

Елімізде бәсекеге қабілетті білім – білім беру саласының ең басты міндеті болып отыр. Дамудың алдыңғы қатарындағы елдердің білім дәрежесімен теңесу – еліміздің біліми саясатының негізгі көздегені. Дамыған елу елдің қатарына енудің алғышарттарының бірі де осы сапалы да бәсекеге қабілетті білім. Сондықтан да еліміздегі мектептердегі білім берудің басты ұстанымдары мен міндеттері, әрекеттері, жолдары осы мақсатқа орай ұйымдастырылады.

Дене тәрбиесі сабағының жоспарлары

Мектептегі дене тәрбиесі сабағының жоспарлары төрт түрге бөлінеді:

Дене тәрбиесі сабақтарының жылдық жоспар-кестесі.

Тоқсандық жоспар-кестесі.

Әр сабақтың жоспары.

Жоспар-конспект.

Дене тәрбиесі сабақтарының жылдық жоспар кестесі Білім және ғылым министрлігі бекіткен бағдарламаға, ауданның ауа райы және климаттық жағдайына, мектептің спорттық материалдық базасы мен құрал-жабдықтарына байланысты құрастырылады.

Әр сабақтың жоспары

Әр сабақтың жоспар материалдары сыныптардың тоқсандық жоспарларынан алынады. Біз әр сабақ жоспарының екі түрлі нұсқасын беріп отырмыз. Дене тәрбиесі мұғалімдері өздеріне қолайлы түрлерін таңдап алып өз жұмыстарында қолдануларына болады.

Жеке тұлғаның дамуы үшін баланың қарқынды іс-әрекеті болуы шарт. Алайда кез келген іс-әрекет баланың қабілетін, дарынын, мінез-құлық белгілерін, білік пен дағдыларын дамыта алмайды. Қабілеттіліктің дамуы үшін өз барысында баланың бойында жағымды сезімдер туғызатын іс-әрекет қажет. Бала белгілі бір жұмыс пен міндет үшін емес, баға үшін емес, сол

жұмыспен өзі айналысқысы келетін болғандықтан жетістікке ұмтылады, яғни олбалада жағымды сезімдер мен байланысты қажеттілік бар. Осыған байланысты жеке тұлғаның дамуының тағы бір бастауы өзіне көңіл аудартады. Бұл жеке тұлғаның мәдени ұстанымдарынан бастау алатын өз-өзіне деген қалыптастырушылық, талап қоюшылық ықпалы.

Салалық бағдарлама халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыруға, барлық санаттағы және топтағы тұрғындардың дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануына жағдай жасауға, халықты қолжетімді спорт құрлыстарымен қамтамасыз етуге, спорт саласында кадрларды, сондай-ақ спорт резерві мен халықаралық деңгейдегі спортшыларды даярлау жүйесін жетілдіруге бағытталған.

Осы кезеңде саланың нормативтік құқықтық базасын жетілдіру жөнінде жұмыс жүргізілді. Дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге түзетулер енгізілді. Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер әзірленді және бекітілді.

Осы кезеңде дене шынықтырумен және спортпен шұғылда-нушылар санының тұрақты өсу үрдісі байқалды. Егер Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың басында 2007 жылы спортпен шұғылданушылар саны ел тұрғындарының (15%-ы) 2,3 млн. адамды құраса, 2008 жылы 2,35 млн. адамға артқан, 2009 жылы 2,4 млн. адам, 2010 жылы 2,8 млн. адам немесе 17,7%-ын құраған.

Шетелде бұқаралық спорт бірінші кезекте халықты сауықтырудың, өзін-өзі жетілдіруге қол жеткізудің, өзін көрсетудің және дамытудың тетігі, сондай-ақ зиянды әрекеттерге қарсы күрестің құралы болып табылады. Сондықтан мемлекеттер халықты бұқаралық спортпен айналысуға тартуды негізгі мақсат етіп қоя отырып, бұқаралық спортты дамыту мәселесіне ерекше мән береді. Бұқаралық спортты дамыту үдерісінде мыналар негізгі ерекшеліктер болып табылады: бұқаралық спортты қолдауда мемлекеттің рөлін, сондай-ақ осы саладағы қызметті ұйымдастырудың барлық нысандарының рөлін арттыру, бұқаралық спортты алдын алу және емдік іс-шараларда пайдалану, әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың алдын алу, жастарды адамгершілік, эстетикалық және интеллектуалдық тұрғыда дамытуда спортты пайдалану.

Осы үдерістердің ықпалы мыналардан:

спорттық думандардан және спорттық қызмет көрсету секторынан;

спорттық телерадио хабарларды тарату көлемінің артуынан;

халықтың қажеттілігін есепке ала отырып, дене шынықтыру-сауықтыру инфрақұрылымын дамытудан;

қызмет көрсету нысандарының, бұқаралық спорт қызметін көрсету ұсыныстарының әдістері мен құралдарының алуандығынан түсетін табыстың өсуіне алып келді.

Қазіргі таңда бүкіл еліміз бойынша өткізілетін спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларының саны артып келеді, тек

2010 жылдың өзінде 17 мыңнан астам бұқаралық-спорттық іс-шара өткізіліп, оған 3,5 млн.-нан астам адам қатысқан.

Қазақстан әлемдік қауымдастық қатарында басқа елдермен терезесі тең дәрежеге қол жеткізуі үшін, жасұрпақтың нұрлы болашағы үшін осындай батыл қадамдарға бару қажет. Қоғам игілігі, елдің өркендеп дамуы үшін жасалып жатқан осы маңызды бастамаға білім беру және ғылым саласы қызметкерлерінің, жалпы барша халықтың қолдау көрсетіп, барынша атсалысатынына сенеміз. Сол сенім бізді алға жетелейді. Халқымыздың ғасырлар бойы армандап, екі ғасыр тоғысында қол жеткізген бақыты ол біздің – тәуелсіздігіміз. Оның іргетасының мықты болып, нығаюы жас ұрпақтың терең білімі мен тәлімді тәрбиесіне байланысты болмақ.

Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесінің қайнар көздерін, тарихи даму кезеңдерін сараласақ, олардың мынадай жағдайларға байланысты пайда болатынын анықтауға болады:

- дене дайындығы жетілген, денсаулығы мықты адамдардың қажеттілігінен туындаған қоғамдық өмірдің іс-тәжірибесі;

- әр түрлі тарихи кезеңдерде ойшылдар мен ағартушылардың жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу туралы ой-тұжырымдары мен идеялары;

- үйлесімді дамыған, жан-жақты, білімді де білікті ұрпақ тәрбиелеудегі озат педагогикалық іс-тәжірибелер мен ұсыныстар;

- дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі саласындағы ізденістер мен ғылыми негізделген тұжырымдамалар;

- дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесін дамыту жөніндегі мемлекеттік сұраныстар.

Дене тәрбиесінің адам әрекетінің сан – қилы сипатымен, өзіне тән ой-сана мен даму заңы, өзара ішкі байланыстары мен өзара ықпалдастықта дамитын ерекшеліктері, әдістері мен өзіндік тарихы қалыптасқан. Нәтижесінде дене тәрбиесі теориясы ғылым ретінде қалыптасып, мәні мен мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді. Тарихи деректерді сараптасақ, адамзат қоғамы пайда болып, алғашқы өмір сүру кезеңінен-ақ дене тәрбиесіне көңіл бөлініп, сол еңбек пен тұрмыстық өмірдің шарты ретінде дамыды.

Алғашында дене тәрбиесі ұйымдасқан ойындар мен ойындық-қимыл қозғалыстар түрінде көрініс берді. Бұл кезеңдегі ойындар мен денешынықтыру жаттығулары қарапайым болғанымен, олардың адамды қалыптастыру мен тәрбиелік маңызы зор болды.

Дене тәрбиесінің басқа тәрбиелермен сабақтастығы мәселесі Орта Азия және Ұлы дала ғұламалары еңбектерінде де ерекше аталған. Солардың ішінде ерекше тұлға Әл-Фараби тәрбие мәселесіне бағыт-бағдар бере отырып, «Әлеуметтік-этикалық трактаттар» атты еңбегінде бала денесін жетілдіруді оның бойындағы абзал қасиетті тани біліп, мінез-құлқының жақсы сипаттарын тәрбиелеп, өзін-өзі үнемі дамыту қажеттігіне тоқталады. Ол «дененің саламаттылығы» ұғымын енгізе отырып, әр адамның тәрбиесінде мынадай үш қасиет болу қажет деп есептейді: дене күші, рухани және ақыл-

ой, олар өзара үйлесімді дамыған жағдайда ғана жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға болатынын дәріптейді.

Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» дастанында ұлттық психологиямыз бен ұлыстық ерекшеліктерімізге тоқтала келе, «кемел адам» ұғымын енгізе отырып, кемел адамның бойында мынадай қасиеттер: жомарттық, саламаттылық, білімділік, ақылдылық, бір сөзде тұру, ширақтық болу қажет дейді.

Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларын халықаралық спорт жарыстарына даярлауды медициналық жағынан қамтамасыз етуге қатысады;

дене шынықтырумен және спортпен айналысатын адамдарды жарысқа жіберуді жүзеге асырады;

спорт медицинасы мен емдік дене шынықтыру саласында мамандар даярлауды жүзеге асырады және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

қолданылып жүрген ережелерге сәйкес мектепке дейінгі балалар мекемелерінде, оқу орындарында дене шынықтыру-сауықтыру және спорт жұмысын ұйымдастыруға белсене қатысады;

халықтың дене бітімінің даму деңгейін анықтайды;

Халықаралық Олимпиадалық Комитеттің сертификаты бар мамандандырылған мекемелерде допингке қарсы бақылауды қамтамасыз етеді.

Дене шынықтыру мен спорт сабақтарын, спорт жарыстары мен бұқаралық спорт шараларын өткізу кезінде қауіпсіздік қағидаларын сақтау, азаматтардың денсаулығын қорғау

1. Дене шынықтыру және спорт қызметкерлері дене шынықтыру мен спорт сабақтарын өткізу кезінде дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган әзірлеп, бекітетін қауіпсіздік нормалары мен қағидаларының сақталуын қамтамасыз етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ордабаев Н.О., Тулеев Е.И. Дене дайындығының негіздері. 2018
2. Мырзақұлов Қ., Байжанов Е. Спорттың ілімі мен әдістемесі 2019.
3. Касымов С.Б., Алайдаров И.Қ. Мектепте гимнастиканы оқыту әдістері. 2021.
4. Белиц-Гейман С.В. Плавание / М.: Просвещение, 2000.
5. Булгакова Н.Ж. Плавание / М.: Просвещение, 2001.
6. Булгакова Н.Ж. Познакомьтесь – плавание /Н.Ж. Булгакова.

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ОЙЫНЫ - ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ

Тукиев С. А. профессор

Исахан М.Б. ДС-223 тобының білім алушысы

Шымкент университеті, Шымкент қ.

Тоғызқұмалақ ойынының ойналу тәсілдерін өз басым Шинжияң телевизиясына «Қазақ балаларының байырғы ойындары» атты телебағдарлама аясында 120 ойын түрін әзірлеп жүргеннен бері зерттеп келемін. 1992 жылдан бері отыздай алтайлық қариямен әңгімелестім. Әрқайсысының айтқандарын жеке жазып алдым.

Қазақстанда Қазақстан Спорт және туризм министрлігінің Спорт комитетінің Тоғызқұмалақ қауымдастығын құрып, тоғызқұмалақ ойынын мемлекеттік деңгейіне көтеріп, халықаралық ойын түріне енгеніне қатты қуанып қалдық.

2008 жылы қыркүйек айында Үрімжі қаласына осы Тоғызқұмалақ қауымдастығының атқарушы директоры Мақсат Шотбаев бастаған бір топ қандастарымыз арнайы мені іздеп келіп, ұлттық ойынымыздың тарихымен бөлісуімді сұраған еді. Енді төменде жинаған материалдарымды беріп отырмын.

Тоғызқұмалақ ойынының тарихы

Материалдық деректерге сүйенер болсақ, тоғызқұмалақ ойыны археологиялық деректерде көне Тараздың қазбаларында Х-ХІІ ғасырға тәуелді, Өрнек қаласынан тоғызқұмалаққа арналған мүсіндеме шыққан. Сондықтан бұл біздің қолымыздағы тоғызқұмалақ жайындағы ең арғы дерек болмақ.

Ал Алтай қазақтарында қытай елі азаттыққа жеткен 1949 жылдарға дейін қойшылардың бәсекелі ойыны болғандығы анық, Тоғызқұмалақ ойынын ойнаған, оны білетін қарияларымыздың сарқыншағы әлі арамызда үзілмей бүгінге жетіп отыр. Тоғызқұмалақ ойынын ертеде «қойшылар ойыны» деп атайды екен. Себебі бұл ойынды бұрын ылғи да қойшылар қойын беткейлерге қарастырып тастап, жерден тоғызқұмалақ ойынын ойнайтын пішін (қалып) әзірлеп алып ойнайды екен.

«Қойшылар ойыны» деудегі тағы бір себеп, тоғызқұмалақ ойынының әрбір жүрісі мен ұтыстарының барлығы – малдың бағымы мен бабына негізделіп отыруында. Мысалы, әр құмалақты отаудан қозғарда «май жалаттым», «қой телідім», «сиыр желіндеді», «қосақ тіркедім» т.б. малшаруашылық тілдерін қолданып отырған. Тоғызқұмалақ ойнайтын тақтаны жерден қазып әзірлеп алған қойшылардың бір көзі – қойда, назары құмалақта жүріп қызыға ойнайтын ойыны болғандықтан, «қойшылар ойыны» аталса керек.

Әйтсе де уақыт пен заманның ілгерлеуіне қарай, тоғызқұмалақ ойыны да дамыды. Ойнау тақтасы ағаштан, металдан, сүйектен жасалып, үй ішінде ойнайтын түрлері пайда болды. Және бүкіл қауымның ордаларында да ойналатын дамыған, кемелденген ойынға айналды.

Тоғызқұмалақ ойынының сыры

Тоғызқұмалақ ойынының тақтасындағы (Қазақстан ойыншыларының әзірлеуінде құмалақ түсетін шұңқыры – «отау», құмалақ жиятын екі үлкен шұңқырды «қазан» десе, қытай қазақтарында құмалақ түсетін шұңқырды – «қазан», құмалақ жиятын екі үлкен шұңқырды «отау» деп аталатын парқы барын анықтай отырып, бұл мақалада Қазақстан тәртібімен алғанымды ескертемін) 1993 жылы Көктоғай өңірінде Аруан және Кәйпен деген қариялардың айтуларына, тоғызқұмалақ ойыны тақтадағы отаулардың сөзсіз тоғыз болуынан емес, әр отауға түсетін құмалақтың тоғыз болуынан.

Алтай өңіріндегі көп санды қариялардың ойнаған тоғызқұмалақ ойынының тақталары көбінесе бес отадан, екі жағында он отау болады. Екі қазанды қосқанда он екі шұңқырлы қалып екен. Осы отаудың әрқайсысын тоғызқұмалақтан бес отауға қырық бес құмалақтан он отауға тоқсан құмалақ түседі дейді.

Ал Көктоғайлық қариялардың айтуына, тоғызқұмалақ ойыны, ойнаушының шеберлігіне қарайды. Тоғызқұмалақ ойыны мен ауа райын болжау, маусым, амалдар арқылы төрт түлік малдың аман есен болуы сияқты болжамдар айтылады. Осындай болжамдарды тоғызқұмалақ ойынында шеше алған адам нағыз ойын төресі болады, тоғызқұмалақ ойнайтын тақта бес отаулы, жеті отаулы, тоғыз отаулы болып бір-біріне ұқсамайды. Мұнда бес отаулы тақтамен ойнайтын ойынмен мал жайын болжайды. Жеті отаулы тақтамен ауа райын болжайды. Ал тоғыз отаулы тақтамен болашақты болжап ойнайды екен. Сонымен қатар құмалақшылар мен тоғызқұмалақ ойынының болжамы бір мағыналас келеді екен. Бес, жеті, тоғыз құмалақты шашып жіберіп, мал басының аман есендігін, ертеңгі күнді, жолаушының жолын, жақсылық пен жамандықты болжап сөйлейтін құмалақшылар да негізді осы тоғызқұмалақ ойынынан алады деушілері бар.

Тоғызқұмалақ ойынының тақталары алуан түрлі болады. Осы түрлі тақтада ойналатын тоғызқұмалақ ойыны да әртүрлі болады.

Бес отаулы тақта – тайынша ойын; Жеті отаулы тақта – жылқы ойын;

Тоғыз отаулы тақта атан ойын делінген. Құмалақшылар әуелде тайынша ойынынан бастап, жетілу арқылы атан ойынымен танылатын көрінеді.

Ойын тақтасының түрлері:

1 тақта – «көзтимес»;

2 тақта – «құлақ естімес»;

3 тақта – «көкпен үндес»;

4 тақта – «үндемес»;

Міне, осындағы 1 тақтадағы «көзтимес» пішіні көзге ұқсайды. Бұл тақтамен жаратылыстық құбылыстардың сырын білетін ойыншылар ойнайды екен.

2. «Құлақ естімес» тақтасымен тоғызқұмалақ ойнаушылар маусымды, амалды, жыл қайырып тоғауды білетін болжампаз ойыншылар ойнайды екен.

3. «Көкпен үндес» тақтасымен жұлдызнаманы сөйлей алатын, аспан тәңірінің тілін, жер тәңірінің үнін білетін болжампаз ойыншылар ойнайды.

4. «Үндемес» тақтасы ең қарапайым тақта болып, әдеттегі адамдар үйреншікті ойнайтын тақта екен.

Жоғары да айтылған 5, 7, 9 отаулы үш түрдегі ойын тақталарының өз алдына ойын белгілемесі немесе ойнап жететін көмбесі әртүрлі болатын көрінеді.

Мысалы, тоғызқұмалақ ойынындағы бес отаулы тақтаға тоғыздан құмалақ әзірлегенде, он отауға тоқсан құмалақ салып ойнау арқылы бір маусымның тоқсан күніне таласу арқылы, осы маусымдағы ауа райы, малдың жай-жағдайын есепке салады екен.

Ал жеті отаулы тақтаға бір жағына алпыс үш құмалақтан, жиыны 126 құмалақ салып ойнауда амалдар мен тоғаулар арқылы ауа райын болжайды екен.

Тоғыз отаулы тақта бір жағына тоғыздан 81 құмалақтан, он сегіз отауға 162 құмалақ салып ойнау жоғарыдағы екі тақта ойынынан күрделі болып, нағыз жұлдызнама қағидасы мен адам өмірін, жақсылық пен жамандықты, болашақты болжап сөйлейді екен.

1993 жылы Көктоғай ауданының Күрті ауылына қарасты Өндірқара деген жерде өз кезінде халық әндерін нақышына келтіріп айтатын, тоғызқұмалақтан хабары бар Тұрысбек деген 66 жастағы ақсақалмен қой бағып жүрген өріске барып кездесіп-кеңескенімде жоғарыдағы үш түрлі қалыппен үш мазмұнда тоғызқұмалақ ойыны ойналатынын құптай келіп: «Жоғарыдағы бес отаулы ойындағы 45 құмалақты – «ердің жасы», 2 жеті отаулы 63 құмалақты ойын – «пайғамбар жасы», 3 тоғыз отаулы 81 құмалақты ойын «құдай берген қарттың жасы» деп, үш түрлі ойынды бастағанда тілек тілейді», - деді.

Тоғызқұмалақты ойнау

Тоғызқұмалақты ойнауда әуелде «ойынды кім бастау керек» дегенге келісіп алу керек. Ол үшін ежелде екі қойшы, ең алдымен, тоғызқұмалақ тақтасын әзірлеп алып, әуелі біеуі бас бармағына бір құмалақты іліп алып, аспандатып шертеді. Сөйтіп, қайсысының құмалағы отауға барып түссе, сол жақ бірінші болып жүріс бастайды екен. Аспанға құмалақты шертерде, «ау, бәле, аспанда құмалақ сөйлерсің бір ғажап» немесе «ақ, сөйлеп әділ бас», «құмалақ емес, қырық шөптің басы, әулие-әнбилердің дұғасы» деген тілектер айтылады.

Ойынды оңынан солға қарай айналдырып жүреді. Жүрушінің көңілінде қарсы әріптесін қалай ұту жөнінде есеп болуы керек. Ал отаудағы құмалақты

алғанда орнына бір құмалақ қалдырып отырып айналдырады. Отауға қалдырған құмалақты «май тастадым» немесе «қор тастадым» деп отарады. Екі құмалақ отауда тұрса, «қосақ» немесе «қоспа қостым» дейді. Үш құмалақ болғанда, «сиыр немесе қой желіндеді» деп бір құмалақты отауда қалдырып, екі құмалақты алып екінші отауға көшіреді. Екінші отауға көшіріліп барғанда құмалақ солай үшеу болса, екеуін алып отырады. Жүруші байқамай отаудағы құмалақ санын төрт құмалаққа шығарып алса, қарсы жақ байқап отырып, «арамза туды» деп түкіріп, үш құмалақты алып алады да, өз отауына салады.

Қарсы жақ әлгіндей «арамза туғанды» ұтып алып, өз отауына салғанда отауындағы құмалақ алтыға жетсе, «қора толды»; жеті құмалақ болса, «ел көрді»; сегіз құмалақ болса, «құдай берді» делініп, тоғызға барғанда отаудың бетін жауып қояды. Бұл «отау толды», «отау байыды» болады.

Осылайша ойналған ойынның бір шарты жоғарыдағыдай түкіріп алынған қоспа жиналған (салынған) отауды әрбір жүрісте аттатып отырады. Яғни ол отауға құмалақ тастауға болады, құмалақ алуға болмайды. Егер қарсы жақ ол отадан байқамай құмалақ алып қалса, «сұғанақ» болады да, өзінен үш құмалақ ұттыруы керек. Бұл кеткен үш құмалақ «қуғын» немесе «ауыс» делінеді. Әрбір жағы ойын соңында ұтылып қалса, жауып қойған отаудағы (яғни қуғыннан толған отау) тоғызқұмалақ екінші жаққа түгелдей «олжа», «жеңіс» болып беріледі.

Тоғызқұмалақ ойыны осылайша ойналып келіп ең соңғы үлкен қазандағы құмалақтар саналады. Бұл кезде өз меншікті 45 (яғни 63,81) құмалағын артық ұтып алған құмалақтың саны есептеледі. «Бір құмалақ артық болса, лақ, қозы; екі құмалақ - ешкі, қой, үш құмалақ – қозылы қой, төрт құмалақ – ірі қара, бес құмалақ – жетегімен жеті» делініп, қарсы жаққа қарыз болып отырады. Егер де осындай ұтыспен ұзаққа созылған ойыншының екінші жағына созылған ойыншының екінші жағына ұттырған құмалағы жүзге жетсе, «айғыр үйір», «тоғыз тоғанақ», «қоралы қойымен» ұтылған болады да, қорасы құғап, ұтылыстың айыбын және төлейді.

Ал жүріс барысында қарсы жақтың 45 (63,81) құмалағын екінші жақ ұтып кетіп, қарсы жағының қазаны құрғап қалса, «қатын өлген» болып, екінші бұл әріптесімен ойнамауға уағда беріп, қарсыласын мойындауы керек.

Тоғызқұмалақтың маусымды есептеп ойнауынан аз дерек

Көптеген нақты мәліметтерді қорытындылағанымызда тоғызқұмалақ ойыны математикалық есеп арқылы маусымдарды ай, амал, тоғауларды есептей келе, ауа райын болжау, негізінен, отауларға түскен құмалақтар арқылы ойналатын көрінеді. Мысалы, тоғызқұмалақ тақтасындағы (жеті, тоғыз отаулы тақталардың қай қайсысы болсын) барлығында да – бір жүйе, отауларға өзі анықтауға тиісті жұмысының анықтамасын отаулар арқылы табатын көрінеді. Мұнда бес отаулы тақтадан мысал келтірсем, төмендегідей, 1 қазан өз алдына бір маусым негізінде; 2 отау - әр күннің, аптаның басы «бастанғы» болады. 3 отау - тоғаулар; 4 отау – амалдар; 5 отау - бір ай; 6 отау - бір апта, күн немесе айналымға түсетін тоғыз күн негізінде айналады. Осы

арқылы әуелде сәтті күн талдап, аптаның басын «бастанғы» деп, ойынды осыдан бастайтын көрінеді.

1992 жылы Жеменей ауданында 60 жастағы Бұқат деген ақсақалдың айтуынша, тоғызқұмалақ ойыны арқылы жұлдызнама ашып, адам ғұмырының бақыты мен сорын айтады. 1993 жылы Көктоғайдың Күрті ауылында - Ердіқан және Өндірқара өңірінде Зарлықан деген жетпісті еңсерген қариялар: 1942 жылы бақсы Сымғазы тоғызқұмалақ ойнады, ол ұтқан, отауларға түскен құмалақтарға қаражды да, ең соғында «ел бүлініп, ер дүрлігіп, қатын шулап, мал тулайтын болды» дегенін естідік. Бірақ бұл сөздің сырын ұғуға тырысқан сол кездегі ел ағалары оны қаузағанда «әне, тоғызқұмалақ айтып тұр ғой» деп қана жауап берген екен», дейді.

1994 жылы Көктоғай ауданының Тұрғын өңірінде Сайпыл деген 76 жастағы қария «тоғызқұмалақ ойыны арқылы ғұмырды, бақ пен сорды болжайтыны рас» дей келе өзі білетін қыруар қағидаларға тоқталған еді. Алтай аймағының Абидан ауылында Әбдығани деген қария: «Кезінде бақсылардың тоғызқұмалақ ойынын ойнап, ел мен жердің ертеңін болжап сөйлейтінін көргенмін», - дейді. Міне, мұндай кеңесте тоғызқұмалақ ойынының ойналуы мен отаудағы және ұтқан-ұтылған құмалаққа қарай есеп жүргізетін әдісте бір тылсым сыр жатқандай.

Қариялардың кеңесіне негізделгенде, тоғызқұмалақ ойнаушы егер жұлдызнамалық болжам жасаймын десе, санада (ойда) ұтқан құмалақ пен отаудағы тасты бір бәйтерек немесе үш бұрышты пирамида тәрізді бейнемен есептесе керек. Қараңыз, осы талғаммен сөйлеп көрелік: Бір пирамиданың бойына ұтып алған құмалақты әуелде үш бөлікке бөлеміз. Жалғыз құмалақ пирамиданың ту басында тұрады. Бұл – «бәйтерек басындағы шыбын жан». Бес құмалақ пирамиданың ортаңғы бөлігінде тұрады. Бұл – «тіршілік заңдылығы, яғни бәйтеректің ортасы болады да, «ғұмыр кешіру» деп аталады. Ал тоғызқұмалақ пирамиданың тағаны, бұл – «қара жер» анадан өсіп-өнген тіршілік иелерінің тірлігі мен дүниеден өтуі аралығындағы құбылыстарды математикалық күрделі формаларға салып, есеп жүргізсе керек.

Өйткені тұтас бес отаулы тақтадағы 90 құмалақтың осы тәртіппен бір пирамиданың бойына шақ келіп тұрғанын байқаймыз. Осы қағида арқылы ұтып алған құмалақ өсіп-өнудің тұрағы пирамида (бәйтерек) тағандағы тоғызқұмалақ болса, ортадағы бес құмалақ – «тірлік», өмір заңдылығы, жоғарыдағы жалғыз құмалақ «сыңар қалу» немесе «шыбын жан» негізінде болып, математикалық есеп арқылы қорытынды шығарады екен.

Тоғызқұмалақ ойыны мен жұлдызнамалық қағидаға сүйеніп ертеңгі ғұмырды болжау қазақ мифологиясында айтылатын «жер астында теңіз бар, теңізде жайын (балық) болады. Балықтың үстінде көк өгіз тұрып, сол көк өгіз қара жерді екі мүйізімен көтеріп тұрады. Ал қара жердің үстінде жалғыз бәйтерек болып, бәйтеректегі жапырақтар бұл дүниедегі пенделердің санымен бірдей болады да, әрбір пенденің есімі де осы жапырақта жазулы тұрады дейді екен. Қай жыпырақ сарғайып түссе, сол жапырақта есімі

жазулы пенде дүние салады. Сол сарғайған жапырақ үзіліп түсіп, шыбын болып бәйтеректің басына өрмелеп жыл бойы ызындайды да тұрады. Дүниеден өткен адамның жетісі, қырқы, жылы өтеліп болған соң, әлгі шыбын көк аспанға немесе тағы бір дүниеге ұшып кетеді» деген аңыздың төңірегінде үндесіп тұрғандай. Бұл - әрине, тірлік. Ғұмыр заңдылығы. Бұл заңдылықты еріксіз мойындайсыңда. Өйткені халықтың «қаралы болған үй де жыл уағына дейін шаңырағында қара ту немес қара шашақты найзаны шаншып қойып, аруақтың жетісі, қырқы, жылы өткенде барып қара туды, найзаны түсіріп, қара қазан төңкеріп, қаралы үй іші қаза болған адамның қасиеттерін жырлап, жылдығына атын сойып, тұл түсірген соң барып, әлгі марқұмның шыбын жаны сол қара ту немесе қара шашақты найзамен өрлеп барып – көк аспанға болсама басқа да дүниеге ұшып, тағы бір тірлікті бастайды» дегенімен үндеседі.

Библиографиялық тізім

1. Абишев. К. Қазақтың ұлттық ойындары. 2019. Оқулық
2. Алимханов. Е. Спорттық күрестің теориясы мен әдістемесі. А. 2017. Оқу құралы
3. Қобланов Ж. Н. Спорттық күрес әдістемесінің негіздері.
4. Тайжанов, А. Құлназаров. Дене тәрбиесі. Алматы. 2002 ж

ӘОЖ 372.8:718

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

*Тукиев С. А. профессор
Маратұлы Қанағат ДС-723 тобының білім алушысы
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Жеңіл атлетиканың тарихы ежелгі дүние дәуіріндегі халықтардың іс әрекетінен басталады. Табиғи қозғалыстар, яғни, жүру, тұру, секіру адам бұлшық еттерінің қозғалысы адамзат пайда болған дәуірден бастау алады. Мәліметтерге сүйенсек, жеңіл атлетикадан жарыс біздің эрамызға дейінгі 776 жылы өткізілген. Бұл туралы Ежелгі Грек олимпиада ойындары туралы жазбаларда анық жазылған. Сол замандарда жарыс тек ұзын-сонар алаңда жүгіру жарысымен шектелген. Ерлер мен әйелдер арасындағы бәсеке жеке-жеке өткізіліпті. Гректер жұдырық түйістіретін спорт түрі мен күресті ауыр атлетикаға жатқызған. Бұрынғы атлеттердің жетістігі жүгіру шапшаңдығымен өлшенген. Бізге алғашқы олимпиадалық чемпиондардың Ежелгі Грекиядан шыққаны белгілі. Бұл шара біздің эрамызға дейінгі 776 жылы өткізілген. Онда атлеттер тек жүгіру спорт түрінен бақ сынаған. Додаға 192 метрді бағындырған жалғыз атлет жеңімпаз аталған екен. Жеңіс

тұғырынан көрінген азамат Элида қаласында жай ғана даяшы болған. Ал, жеңіл атлетика алғаш рет Англияда ұйымдастырылған. 1837 жылдары жарысқа түскендер 2 метр қашықтықта жүгірген. Оған қатысушылар Регби қаласындағы колледжде білім алып жатқан жастар болған. Итон, Оксфорд, Кембридж, Лондондағы оқу орындарында да спорттық жарыстан жиі өтіп тұрған. Кейіннен бағдарламаға қысқа қашықтықта жүгіру, ұзындықта және биіктіктен секіру сынды шарттар енгізді. 1865 жылы Лондон атлетика клубы құрылды. Бұның негізінде тұңғыш рет жеңіл атлетикадан ел чемпионаты өтті

1880 жылы Англияда Британ империясының шеңберінде әуесқойлар атлет қауымдастығы негізін қалады. Ал, АҚШ-та 1868 жылы Нью-Йорк қаласында алғашқы атлет клубы ашылды. Сол жылдары Америкада атлетиканың дамуына үлес қосқандардың басым дені университет ошақтары болды. 1880-90 жылы жеңіл атлетика жеке дара спорт түрі ретінде күллі Еуропаға кең таралды. 1896 жылы өткен олимпиада ойындары жеңіл атлетиканың дамуына орсан жол ашты. Сол жылы Афинада өткен I олимпиада ойындарына жеңіл атлетиканың 12 түрі енгізілді. Додада америкалық жеңіл атлеттер барлық жүлдені қанжығаларына байлады. Алайда, олардың қуанышы ұзаққа бармады. Өйткені, 1952 жылдан бастап олимпиада ойындарына қатыса бастаған КСРО атлеттері олардың бірден-бір қарсылары болды.

1996 жылы Атлантада өткен олимпиада ойындарында өнер көрсеткен атлеттердің саны 2000-ға жетті. Әйелдер арасындағы жарыс 1928 жылдан бастау алады. Нәзік жандар 1999 жылы жаздық әлем чемпионатында және 2000 жылы Сидней олимпиадасында жақсы нәтижеге қол жеткізе білді.

1968 жылы Мехикода өткен жарыста америкалық спортшы Боб Бимон— 8 м 90 см ұзындықтан секіруден әлем рекортын жаңартқан. Бұны күллі әлем «21 ғасырдың ең биік көрсеткіші» деп бағалады. Араға 20 жыл салып Сеулде өткен олимпиадада 100 және 200 м қашықтықтан жүгіруден америкалық желаяқ Флоренс Грифф фит- Джойнер рекорттық көрсеткішті бағындырды. Оның бұл жетістігі 14 жыл қатарынан сақталып тұрды. Жеңіл атлетика — бүгінгі таңда тек біздің елде ғана емес, дүние жүзінде кең таралған спорт түрі. Жеңіл атлетиканың негізгі жаттығулары — тегіс жерде жүгіру, бедерлі жерде жүгіру, жүру, кедергілермен жүгіру, ұзындыққа және биіктікке секіру, лақтыру, жеңіл атлетикалық көпсайыс.

Жүгіру — қысқа, орташа және ұзақ қашықтық болып үшке бөлінеді. Қысқа қашықтыққа — 100, 200, 400 м және 110 м кедергілі қашықтық жатады. Орташа қашықтыққа 800, 1000, 1500, 2000, 3000 м жүгіру және 3000 м кедергілі қашықтыққа жүгіру жатады. Ұзақ қашықтыққа — 5000, 10000, 20000, 42 шақырым 192 м марафондық қашықтық және 50 шақырым кросс (дала жарысы) жатады.

Жүру — 20 шақырым спорттық жүріс. Лақтыру — диск, найза, граната, балға, доп және ядро. Секіру — орында тұрып және жүгіріп келіп ұзындыққа секіру, биіктікке және сырықпен секіру, үш аттап секіру.

Жеңіл атлетикалық көпсайыс — көпсайыс құрамына жеңіл атлетиканың жаттығуынан 10 жаттығуға дейін кіреді. Олар — жүгіру, секіру, лақтыру және кедергілерден өту.

Сөре және мәре. Жарыс барысында сөреден шығу үшін жүгіруші төменгі және биік сөре жағдайында тұрады. Қысқа қашықтыққа жүгіргенде төменгі сөре жағдайында тұрады. Орта және ұзын қашықтыққа жүгіргенде биік сөре жағдайында тұрады. Төменгі және биік сөреде жүгіріп шығу әдіс-тәсілін студенттер мектеп бағдарламасынан оқып кеткендіктен, оған қайтадан оралмадық.

Жеңіл атлетиканың негізгі жаттығуы — жүгіру. Ол жеңіл атлетиканың барлық жаттығуларында қолдана-ды. Сондықтан, кім болсын, жеңіл атлетикамен шұғылданғанда, ең алдымен жүгірудің айла-тәсілін меңгеруі керек.

Жүру. Адам баласының табиғи жүруі бар. Екінші — жүрудің спорттық түрі бар. Әрине, екеуінің айырмашылығы жер мен көктей. Спорттық жүрістің негізгі ережесі, әрбір аттаған сайын, яғни, алдыға аттаған аяқтың өкшесі жерге тимейінше итерілетін аяқты жерден көтеруге болмайды. Демек, адамның екі аяғы да жерге тимейтіндей көтеріліп кететін фазасы болмауы керек. Бұл жағдайға кез келген спортшы қалыптасып үйрене бермейді. Табиғи жүрісте көтеріліп кететін фазасы болады. Яғни, жүгірудің алғы шарты орындалады. Спорттың жүріспен жарысқа қатысқан спортшы жүгіріп кетпес үшін көтеріліп кететін фазасын төрешілер мұқият қадағалайды.

Әдетте, жүгірудің әдісін білетін спортшылар төменгі сөреден шығудың әдісін жақсы меңгерген болса, жылдамдықтан көп ұтады. Бұл деген жүгіріс әдісін меңгерді деген сөз. Ал жоғарғы сөре жүгіріс әдіс-тәсілін меңгеруге айтарлықтай әсер ете қоймайды. Бірақ орта және ұзақ қашықтыққа жүгіргенде аяқты көтеріп алып, алға соза басудың өзіндік ерекшелігі бар. Мәселен, біреу қысқа адымдайды, енді біреу жүгіргенде адымын ашады. Жүгірушінің жылдамдығы, міне, негізінен осы жағдайдың орындалуына байланысты. Осыған орай мынандай жаттығуларды орындауға болады: белгілі бір қашықтықты (400, 800, 1000 м) бір темппен жүгіріп өту (бірнеше рет қайталау); 20-30 м қашықтықты өте жоғары жылдамдықпен жүгіріп өту. 6-8 рет қайталанатын; соқпақ жолды бір темппен жүгіріп өту (1000, 2000, 3000 м); белгілі бір қашықтықты тізені көтеріп жүгіріп өту; аяқтың өкшесімен ғана жүгіру; аяқтың ұшымен жүгіру; жүреден отырып жүгіру; сыңар аяқтап секіріп, жүгіру; қысқа қашықтыққа төменгі сөреден шығып, жоғары жылдамдықпен жүгіру (20, 30, 40 м); қолды жерге тірмей төменгі сөреден жүгіріп шығу; белгілі бір қашықтықты аяқты артқа сілтеп жүгіру; белгілі бір қашықтықты арқамен алдыға қарап жүгіріп өту; 30-40 м қашықтықты екі аяқтап секіріп жүгіру; 30-40 м қашықтықты орында тұрып секіріп өту; 30-40 м қашықтықты жүреден отырып жүріп өту.

Биіктікке секіру.

Биіктіктен секіру үшін спортшы ең әуелі сілтейтін және итерілетін аяқты анықтап алады. Шамамен 7-9 м жүгіретін жерін белгілейді. Әдетте,

биіктікке секіретін спортшы кермеден секіруге жүгірген кезде аса жоғары жылдамдықпен бастағанымен, кермеге жақындаған кезде жылдамдық төмендейді. Себебі, спортшы секіруге дайындалады. Бүгінде биіктікке секірудің бүкіл әлемге тараған үш түрлі жаттығуы бар. Біріншісі — «аттап» секіру, екіншісі -алдыға қарай «аунап» секіру, үшіншісі — «шалқадан жатып өту». Қазір әлем бойынша ең жоғарғы көрсеткішті -«шалқадан жатып өту» әдісімен орындап отыр. Оқу процесінде қолданылатын секірудің ең қарапайым түрі «аттап» секіру. Сабақта биіктікке секіруді осы «аттап» секіруден бастайды. Секірудің негізгі айла-тәсілін үйрену үшін ең әуелі дұрыс жүгіріп келгенде сілтейтін аяқ дәл шығу керек. Сілтейтін аяқты кермеге қарай созғанда тізе бүгілмеуі керек. Екіншіден, итерілетін аяқ нақтылы өз орнына түсуі керек. Яғни, негізгі мақсат — итерілетін аяқтың қозғалысы дұрыс орындалуы керек. Сонда ғана жаттығудың орындалуы нәтижелі болады. Жаттығуды орындаушы жерге сілтеген аяғымен түседі. Кермеден сілтеген аяқ, өткеннен кейін итерілетін аяқ мүмкіндік болғанша жоғары көтеріледі.

Дала жарысы.

Қазақстан ауа райының жағдайына байланысты екі өңірден тұрады. Қысы жоқ жылы өңірі де, жылға жуық қары жататын солтүстік өңірі. Қысы жоқ, жылы өңірде шаңғы тебудің орнына дала жарысы өткізіледі. Дала жарысы барлық оқу орындарының дене тәрбиесі пәнінің бағдарламасына кіреді.

Дала жарысы — кедергілері көп, яғни, ойлы-қырлы жерлерде өткізіледі. Жаттығушылар, болмаса жарысқа қатысушылар, ағып жатқан бұлақ суынан өтеді, секіре алмаса, айналып өтудің жолын іздейді. Өрге шығады, еңіске құлдилаиды. Аспалы көпірден өтеді, терең ордан секіреді, т.б. осындай жер бедерінің кедергілері жалғаса береді. Дала жарысының негізгі мақсаты — табиғи жағдайда кездесетін кедергілерден өту. Мәселен, өзен арнасынан қалай өтуге болады? Егер де секіріп өтуге болмаса, аттап өтуге келмесе, онда аяқ киімді шешіп өтуге болады. Екінші бір жағдайда, бірақ адам аяқ киімін шешіп басқаларды көтеріп өткізіп алуына болады. Жарқабақ-өрднен шыққанда, ең алдымен бір бала шығады. Оның шығуына төмендегі тұрғандар көмектеседі. Енді жоғары шыққан оқушы басқаларға қолын беріп көмектеседі. Жарқабақтан төмен түсіп өту үшін секіріп түспей, жардан сырғанап түскен абзал. Бірақ алғашқы түскен адам басқалардың жарақат алмай, құлап қалмай дұрыс өтуін бақылайды. Аспалы көпірден өткенде барлық оқушылар түгелдей көпірге шықпай бір-бірлеп қана өтуге болады. Ол үшін оқушылардың біреуі көпірден өтіп екінші жағына барып, көпірдің дұрыстығын білгеннен кейін ғана келесі оқушының өтуіне болады.

Жалғыз бөренелі көпірден өту. Әрине, көпірдің дұрыс екендігін білгеннен кейін ғана кезектесіп өте беруге болады. Сазды, томарлы жерден өткенде тек бір ізбен ғана жүру керек. Алдыдағы жол бастаушы, мұндай

жердің бедерін жақсы білуі қажет. Себебі, сазды-томарлы жер болғаннан кейін міндетті түрде бұл жер батпақты болып келеді. Сондықтан, негізгі мақсат жүгіріп келе жатып томарға шалынбай, батпаққа түсіп кетпей, бастаушының талабын мұқият орындау керек. Қалың қопалы жерден өткенде де осы көрсетілген ереже орындалады. Тік беттен де саппен жүріп түсуге болады. Өйткені біреуі тайғанап кетсе екіншісі ұстап қалады. Сазды, шалшықты жерлерді айналып өту керек. Көлденең құлап жатқан үлкен бөренеден секіріп өтетін мүмкіншілік болмаса, онда бір аяқты үстіне қойып барып секіріп өтуге болады. Жалпы дала жарысына жолға шықпас бұрын, мүмкіндік болғанша, дала жарысының жолымен жай жүріп, танысып алу керек. Содан кейін ғана трассаның қай кезеңінде жүгіріп өтуге, қай жерінде жай жүріп өтуге болатыны анық. Жаттығу кезінде, мүмкіндік болғанша жүгіру мен жүруді алмастырып отыру абзал. Дала жарысы сабағын өткізгенде 3 шақырымнан 5,8 шақырымға дейін жүгіріп және жүріп өтуге болады. Дала жарысына киімді ауа райының ыңғайына қарай кию керек. Саппен жүргенде бірінен-бірінің ұзап, қалуына болмайды. Дала жарысының қауіпсіздік ережесі

Дала жарысы сабағына қойылатын талаптар мұқият орындалады. Артындағы топ жол бастаушының айтқанымен жүреді. Қандай кедергілер болсын, топтағы оқушылар кезек күтіп орындайды, болмаса, біріне-бірі көмек көрсетеді. Кедергілерден өткенде жаттығулардың орындалуына аса мұқият болу керек. Себебі, жаттығулардың дұрыс орындалмағанының салдарынан жарақаттанып қалмау керек. Дала жарысы трассасының дұрыс-бұрыстығына жол бастаушы жауап береді. Жол бойында жарақат алған әріптесіне көмек көрсету. Жүзу Жанды, жансыз денелердің тіршілік ететін негізгі факторлары — су, ауа күн сәулесі. Міне, сусыз тіршілік жоқ. Сондықтан суға түсу адам денсаулығын сақтаудың негізгі құралы болғандықтан, міндетті түрде дене тәрбиесі пәнінің бағдарламасына кіреді. Дене тәрбиесі сабағында суға түсуді оқытудың негізгі мақсаты жас ұрпақты суда жүзуге үйрету. Жалпы Республикамызда суға шомылудың толық жағдайы жасалған жөн. Бірақ, суда жүзуді үйрену кімнің болса да міндеті болып табылады. Осыдан барып, суға жүзуді бұқаралық міндетке айналдыру, бүкіл халықтың дене шынықтыру-сауықтыру шараларының бағдарламасына енгізу қарастырылған. Сонда ғана, халықтың денсаулығын сақтаудағы нәтижелі іс болмақ. Бүгінгі таңда оқу жүйесіне президенттік тесттің бағдарламасы да кіріп отыр. Әрине, президенттік тесттің нормативтер көрсеткіштерінен сынама тапсыру әркімнің міндеті болып табылады. Білім беру жүйесінде суға жүзу жаттығулары өз алдына спорт түрі ретінде де қолданылады. Суға жүзудің оқыту жүйесі жабық су бассейндерінде және ашық су қоймаларында ұйымдастырылады. Әрине, ашық су қоймаларында оқу процесін ұйымдастыру жылдың жылы мезгіліне байланысты. Суға жүзудің оқу процесін өткізу мен ұйымдастырудың өзіндік ерекшелігі бар. Бұл процесс, ең әуелі бассейнде және ашық су қоймаларында сабақ өткізудің ережесімен танысады. Мұғалімнің нұсқауынсыз және бақылауынсыз ешқандай жаттығуларды орындауға болмайды. Суға түспес бұрын, жүзуді

үйренудің бастапқы дайындық жаттығулары құрлықта орындалады. Одан кейін, судың тереңдігі тізеден және белден аспайтын жерде орындалады. Сабақта суға жүзудің барлық ережелері мұқият орындалады. Оқу процесінің бастапқы жаттығулары судың астында дем шығару және денені су бетінде қалай ұстау ке-рек, ол үшін қол мен аяқтың қандай қозғалысы болу керек, т.б. осылайша жалғаса береді. Енді, суда алдыға қозғалу үшін қол-аяқпен қандай жаттығулар орындалады. Жалпы осы жаттығуларды орындаудың айла-тәсілін үйренуден бастайды. Жүзу жаттығуларының негізгі түрлерін оқыту процесі, шұғылданушылардың су бетінде денесін қалай ұстау керектігін әбден үйренгеннен кейін ғана жалғасады. Бұл оқыту жүйесі тек қана мұғалімнің басшылығымен, жүргізген нұсқауымен және бақылауымен өтеді.

Суда жүзу негізгі үш жаттығудан тұрады. Құлаштап жүзу, етпеттеп және шалқалап жатып орындалады. Екінші — брасс, тек етпеттен жатып орындалады. Баттерфляй әдісімен де етпеттен жатып жүзеді. Бүкіл әлемде суда жүзу жаттығуларының негізгі тараған түрі — етпеттеп жатып құлаштап жүзу. Кім болсын, жүзудің қандай жаттығуымен шұғылданса да, ең әуелі міндетті түрде құлаштап малтау әдісін үйренуі керек. Содан кейін ғана брасс, болмаса баттерфляй әдісімен малтуға ден қоюға болады. Жалпы жүзуден жарыс бағдарламасына — етпеттен жатып құлаштап жүзу, шалқадан жатып құлаштап жүзу, брасс және баттерфляй жаттығулары кіреді. Қозғалмалы ойындар Спорттың ойындардың бір түрі — баскетбол. Бүкіл әлемге тараған ойындардың бірі. Осы ойын түрінен бүгінде құрлық және әлем біріншілігі өткізіліп тұрады. Халықаралық федерациясы жұмыс істейді. Баскетбол ойынының қозғалысы адам баласына аса пайдалы табиғи қозғалыс пен дене мүшелерінің қимылынан тұрады — жүгіру, жүру, секіру және лақтыру. Бұл ойынды он жасар баладан бастап қай жаста болсын, бәрі ойнай береді. Сондықтан да баскетбол дене тәрбиесі пәні жаттығуларының бірі ретінде ең тиімді және ағзаға пайдалы болып табылады. Баскетбол ойыны адамның көңілін шаттандырып, іскерлігін арттырады. Бүгінгі баскетбол ойынының даму деңгейі өзінің ең жоғарғы нүктесіне жетті деуге болады, себебі ойынның бүгінгідей жылдамдығы бұрын-соңды болып көрген жоқ. Ойыншының қозғалысы, жүгіру жылдамдығы секіру және лақтыру, кілт тоқтауы. Міне, мұның барлығы жалпы дамыту жылдамдығын, ойыншылардың дайындық деңгейін көрсетеді. Осындай ойын барысында, нақты қозғалыс нәтижесінде ең бастысы адамның координациясы қалыптасады. Қандай жаттығу болсын, қозғалыс барысында нақтылы орындалады. Айталық, допты торға түсіру, болмаса допты әріптесіне дәл бере білу, допты алып жүргенде қар-сыласын алдап өту, т.б. Демек, адамның барлық қабілет-қасиетін қалыптастыратын ойынның бірі. Баскетбол, спорт ойындарының бір түрі ретінде барлық оқу орындарының бағдарламасына кіреді. Арнаулы оқу орындарының студенттері бұл кезеңде баскетбол ойынын ойнап, белгілі деңгейде дайындықпен келді деп есептеледі. Сондықтан бұл оқушылар оқу процесінде ойынның негізгі айла-тәсілдері,

тыныс алу және ойын жүйесін біледі, жарысқа да қатыса алады. Волейбол — спорттың кең тараған ойындардың бір түрі. Тіпті, су бойында жағажайда да жарыстар өткізіледі. Бүгінде волейболдан әлем және құрлық біріншілігі өткізіліп тұрады. Волейбол ойынының қозғалысы адам баласына аса пайдалы табиғи қозғалыс пен дене мүшелерінің қимылынан жүгіру, жүру, секіру, лақтыру, т.б. жаттығулардан тұрады. Бұл ойынды он жасар баладан бастап қай жаста болмасын, бәрі ойнай береді. Сондықтан да, волейбол дене тәрбиесі пәні жаттығуларының бірі ретінде ең тиімді де ағзаға пайдалысы болып табылады. Волейбол ойыны адамның көңілін шаттандырып, іскерлікті арттырады. Бүгінгі волейбол ойынының даму деңгейі өзінің ең жоғарғы нүктесіне жетті деуге болады. Себебі, ойынның бүгінгідей даму жылдамдығы бұрын-соңды болып көрген жоқ. Ойыншының қозғалысы, жүгіру жылдамдығы, секіруі, лақтыруы, кілт тоқтауы, міне мұның барлығы жалпы ойынның жылдамдығын, ойыншылардың дайындығын деңгейін көрсетеді. Осындай ойын барысында нақты қозғалыс нәтижесінде ең бастысы, адамның координациясы қалыптасады. Қандай жаттығу болмасын, қозғалыс барысында нақтылы орындалады. Айталық, шабуылдау кезінде допты қарсыласының алаңға дәл түсіру, болмаса допты әріптесіне дәл бере білу, болмаса допты қарсыласының алақанына алдап тастау, т.б. Демек, адамның барлық қабілет-қасиетін қалыптастыратын ойынның бірі. Волейбол, спорт ойындарының бір түрі ретінде барлық оңу орындарының бағдарламасына кіреді. Арнаулы оңу орындарының студенттері бұл кезеңде волейбол ойынын ойнап, белгілі бір деңгейде дайындықпен келеді деп есептеледі. Сондықтан, бұл оқушылар оқу процесінде ойынның негізгі айла-тәсілдерімен таныс, ойын жүйесін біледі, жарысқа да қатыса алады. Арқан тартыс. Бұл ойынды жаздыгүні көгалда ойнауға болады. Ойыншылардың саны 10 баладан аспағаны жөн. Ойынға ұзындығы 8-10 м екі ұшы түйілген арқан пайдаланылады. Арқанның тең ортасына белгі ретінде қызыл мата байлайды. Ойынға қатысушылар бойларына қарай қатарға тұрады да, ойын жүргізушінің берген бұйрығы бойынша «бір, екі» деп санап шығады. Содан кейін «бір» дегендері бір жаққа, «екі» дегендері екінші жаққа бөлінеді. Арқанның қызыл мата байланған жерін күні бұрын еденге немесе жерге сызылған белгі-сызықтың үстіне дәл келтіреді де, екі жақтың ойыншылары арқанның сол белгісінен бастап бірінің артынан бірі қос қолдап ұстап, тартып тұра қалады. Егер де бәрі бірдей арқаннан ұстауға қолдары сыймаса, онда соңғылары алдыңғылардың белінен ұстайды. Ойын жүргізушінің берген белгісі бойынша екі команда арқанды екі жаққа қарай тарта жөнеледі. Ойынның мақсаты қарсыластың бір не бірнеше ойыншысын ортадағы сызықтан өз жағына тартып өткізу. Команданың ортаңғы сызықтан өтіп кеткен ойыншысы ойыннан шығып қалады. Қарсылас команданың ойыншыларын қай команда түгелдей ортаңғы сызықтан өз жағына тартып өткізсе, сол команда ұтқан болып есептеледі. Ойнаушылардың өзара келісулері бойынша ойынды қайталап ойнауға да болады.

Библиографиялық тізім

1. Дене тәрбиесі. Әдістемелік құрал Г.Маковецкая, Т.Васильченко, О.Меркель. Алматы кітап 2009ж.
2. Алимханов. Е. Спорттық күрестің теориясы мен әдістемесі. А. 2017. Оқу құралы.
3. Қ.Р. үздіксіз білім беру жүйесінде “Салауатты, денсаулықты сақтау бағдарламасы бойынша салауатты өмір салтын қалыптастыру” тұжырымдамасы. – Валеология, дене тәрбиесі, 2013. №1.
4. Брусиловский М.В. Қазақстандағы дене тәрбиесі және спорт очерктері». Алматы, «Кітап», 2011.

УДК 370.182.62.

ФУТБОЛ ӘЛЕМДЕ КЕҢ ТАРАҒАН СПОРТТЫҚ ОЙЫН ТҮРІ

*Тұрмаханбет Г.Қ. Магистр, аға оқытушы
Құрманов Ернұр Арнұрұлы
ДС-721 тобының білім алушысы
Шымкент университеті, Шымкент қ*

Футбол ойыны барлық дүние жүзінде кең тараған спорттың бір түрі. Футбол спорты 4 жыл сайын дүние жүзілік жарыс өткізіліп отырады. Төрт жылдық жарыстар арасында Еуропа чемпионаты өткізіліп отырады және де жыл сайын Лига Чемпионы мен Лига Европасы өткізіліп тұрады. Футбол — (ағылш. foot — аяқ, ball — доп) спорттың командалық ойын түрі және де әлемге аса танымал ойындардың бірі болады. Ойынның негізгі мақсаты қарсылас команданың қақпасына аяқпен немесе басқа да дене мүшелерімен (қолдан басқа) қарсылас командаға допты көбірек салуға мақсат етеді.

Командалық сайыстар нәтижесінде екі команданың салған доптарының санына байланысты ұпай жинайды.

Футбол тарихы XII ғасырдан басталады. Англияда ойын тәсілімен ережелерін ойлап шығарылған. Футболдың алғаш 1863 ж. Англияда арнаулы ережесі бекітіліп, тұңғыш қауымдастық құрылды. Сондықтан Англия аталмыш спорт түрінің отаны болып есептеледі. Бірақ футболға ұқсас аяқ доп ойынының түрлері Ежелгі Мысыр, Қытай, Грекия, Римде орын алған. Ал онан кейінірек Франция мен Италияда дамыған. Кейін бұл спорт түрі біраз өзгерістерге ұшырап, футбол деген атаумен бізге жетті.

Қазақстанға футбол 1909 - 1910 жылдары келді. Ойын шарттарын бұзушылықты фол деп атайды. Бірінші рет тәртіп бұзғаны үшін сары карточка беріледі, ал екінші қайталаған үшін – қызыл карточка мен ойыншыны ойын алаңынан шығарады. Халықаралық футбол ассоциацияның (IFAB) әртүрлі деңгейде және әртүрлі футболшылар топтары үшін (мысалы, жасөспірімдер үшін, әйелдер үшін, мүмкіншілігі шектелгендер үшін, т.б.) ресми түрінде қабылданған ойын шарттарының 17 нұсқасы бар. Әр команданың құрамында 11 ойыншы (қосалқы ойыншыларды санамағанда), оның біреуі - қақпашы. Өз айып алаңында қақпашыдан басқа ойыншы допты қолымен ұстауға болмайды. Қақпашыдан басқа ойыншылар қорғаушылар, жартылай қорғаушылар, шабуылшылар болып бөлінеді. Бір ойынның аты - матч, матч екі 45 минуттық бөлімнен (тайм) тұрады. Ойын арасында 15 минуттық үзілісі бар. Ойын мақсаты – команданың допты қарсылас команданың қақпасына салу (гол) және өз қақпасына салғызбау. Ойынның нәтижесінде көбірек доп салған команда ұтады. Егер де ойынның нәтижесінде екі команда да бірдей гол салса – тең ойын деп саналады. Бұл жағдайда тағы қосымша уақыт (15 минуттанекі тайм) берілуі мүмкін. Егер де қосымша уақыттан кейі тең ойын болса – матчтан кейінгі пенальти жұптары өткізіледі. Ойын 100-110 м, ені 64-75 метрлік тіктөртбұрышты алаңда өткізіледі. Биіктігі 2 м 44 см, ұзындығы 7 м 32 см-лік қақпасы бар. Қақпаның сыртына тор керіледі. XIX-ғасырдың соңына қарай футбол Еуропа мен Латын Америкасы елдеріне кеңінен тарай бастады. 1904 жылы халықаралық футбол федерациясы (FIFA), 1954 жылы Еуропа футбол қауымдастықтары одағы (УЕФА) құрылды. 1900 жылдан бастап олимпиялық ойындар бағдарламасына енген. 1930 жылдан бастап төрт жылда бір рет әлем чемпионаты және 1958 жылдан бастап Еуропа кубогы үшін жарыстар өткізіліп тұрады. Өмір көрсеткендей ешқандай ойын, егер де жақсы ойыншылары болмаса нәтиже бермейді. Футболшы көптеген қажетті қасиеттерге ие болуы керек. Футболдағы әр ойыншы доп алып жүру, дәл пас, қақпаға допты тура бағыттай білуі керек. Осылармен бірге ол бүкіл ойын бойы түсетін ауыртпалыққа шыдай білуі керек. Футболда басты, маңызды ол ойыншылардың өз денесімен допты игеруі. Міне осыларға байланысты ойыншы, егер де жарыстарда жақсы жетістіктерге жеткісі келсе, өзінің дайындығына басты назар аударуы керек. Ал осындай дайындық өзіне жоғары физикалық дайындықты, әртүрлі техникалық ойдыққа жетеді. Осындай дайындықтың әрбір бөлігі бір бүтіндей болуы керек. Физикалық дайындық ол физикалық жұмыс жасау қабілетін немесе футболшының физикалық жағдайы немесе күш, ептілік, икемділік, жылдамдық және шыдамдылық секілді физикалық қасиеттердің жиынтығы. Техника – дегеніміз ол ойын кезінде футбол- шының допқа және өз денесіне ие болуы. Тактика – дегеніміз ол ойланылған, әрбір ойыншының және бүкіл команданың қозғалысы амалдары. Ойын кезінде алаңда футбол шеберлерінің дәл пастарды әдемі комбинацияларын көруге болады.

Осылардың барлығы бұл шеберлерге көптеген жаттығулар арқасында келеді. Жаттығулар кезінде футболшылар физикалық, техникалық және тактикалық дайындықтарға көп уақыттарын бөледі. Қазақстандық футболдың басқарушы органы болып 1992 жылы құрылған. 1994 жылы Қазақстан ФИФА-ның толыққанды мүшесі атанды. 2001 жылға дейін Азиялық конфедерацияға кірген болса, 2002 жылы UEFA құрамына өткен. 2002 жылдың 25 сәуірінде Қазақстан UEFA-ның 52-ші мүшесі болып қабылданды. Қазақстан футбол федерациясын Еуропа футбол қауымдастықтары одағы құрамына қабылдау туралы шешім Стокгольмде өткен УЕФА конгресінде бекітілген. Содан бері бұл күн Қазақстан футболы күні ретінде аталып өтіледі. Алғаш рет футбол командасы Ярыш деп аталып 1913, Семей қаласында құрылды. Бұл командыда атақты жазушы М.Әуезов ойнаған.

Кеңес үкіметі кезінде Қазақстанда көптеген командалар құрылып соның ішінде беделді командалардың бірі Алматылық Қайрат (жоғарғы лига) Шыменттік Металлург кейінірек Мелиоратор басқаша Ордабасы деп аталды. Қазақстанның үздік ойыншылары: Б.Байсейітов, Қ.Ордабаев, Т.Сегізбаев, П.Естафий, А.Талмачев, Қ.Бердиев т.б. Қазақстан құрамасы 1996 жылғы Азия Кубогының іріктеу турнирінде өткізді. 7-ші топта Сирия және Катар құрамаларымен бір топқа түсіп, алғашқы кездесуінде Катар құрамасын 1-0 есебімен жеңді. Бұл осы іріктеудегі құраманың соққан жалғыз добы болатын. Одан кейін олар қалған үш кездесуде бірде-бір доп соға алмай, қақпасына барлығы алты доп жіберіп алып, жеңіліп қалды. 1998 жылғы ӘЧ-ның іріктеу кезеңінде Қазақстан Ирак және Пәкістан құрамаларымен 9-шы топқа түсті. Алғашқысын 2-1, 3-1 есебімен жеңсе, екіншісін 3-0, 7-0 есебімен жеңді. Екінші кездесуде Оңтүстік Корея, Жапония, БАӘ, Өзбекстанмен бірге В тобына түсіп соңғы орын алды. Біреуінде жеңіп, үшеуінде тең түсіп, төртеуінде жеңіліп қалды. 2000 жылғы Азия Кубогының іріктеуінде Катар, Иордания, Палестина, Пәкістан құрамаларымен бір топқа түсіп екінші орын алды. Топ жеңімпазы Катардан 1 ұпай қалып қойды. 2002 жылғы Әлем Чемпионатына іріктеуде Ирак, Непал және Макао құрамаларымен бір топқа түскен Қазақстан Ирак құрамасымен ұпайы тең түсіп, қосымша көрсеткіші бойынша қалып қойды. 2000 жылы ҚФФ Азиялық аймақтағы футболдың даму перспективасы төмен деген көзқараспен Евро аймаққа өтудің жолдарын іздеді. Қазақстанның географиясындағы Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе облыстары Еуропаға кіріп тұрғандықтан, 2002 жылы Қазақстан УЕФАға қабылданды. Сондықтан Қазақстан өту кезеңінде болғандықтан 2004 жылғы Азия Кубогы мен Еуропа Чемпионатының іріктеу турниріне қатысқан жоқ. 2006 жылғы ӘЧ-на іріктеуде Қазақстан тұңғыш рет Евро аймақта өнер көрсетті. Украина, Түркия, Дания, Грекия, Албания және Грузия құрамаларымен бір топқа түсіп, 12 ойында 1 ғана ұпай жинап соңғы орын алды. 2006 жылдың басында құраманы голландиялық маман Арно Пайперс баптады. ЕУРО-2008 іріктеуінде 14 матчтың екеуінде жеңіске жетіп, 4 матчта тең түсті. Нәтижеде 8 құраманың арасында 6-ші орын алды. 2010 жылғы әлем чемпионатының іріктеуін Қазақстан құрамасы сәтсіз бастады. Осының

салдарынан Арно Пайперс қызметінен кетті де, орнына неміс маманы Бернд Шторк келді. Шторк та құраманы көтере алмады. Құрама бірнеше рет ірі жеңіліске ұшырап, 2011 жылы Мирослав Бераник келді. Бераник келісімен құраманың ойыны аздап болса да жүйеге түсіп, шамалы дұрысталды. Бірақ 2013 жылы құрамадан ол да кетті. Одан кейін келген Юрий Красножан, Талғат Байсуфинов, Александр Бородюк секілді бапкерлер де айтарлықтай табысқа жете алмады. 2018 жылдың 1 наурызында құрамаға болгариялық маман Станимир Стоилов келді. Соңғы кездері футбол командалары жоғары нәтижелерге қол жеткізіп келе жатыр. Сонымен атамыз М.Әуезов бастап берген футбол ойыны ары қарай дамытуға міндеттіміз.

Библиографиялық тізімі

1. Селуяное В.П., Сарсения С.К, Сарсения К.С Физическая подготовка футболистов.-«ТВТ Дивизон», Москва,2016.-191с.
2. Озолин Н.Г.Ностольная книга тренера. Наука побеждать, профессия тренер.-Москва,АСТ,Астрель,2014.
3. Футбол. Учебник для вузов. Под ред. Казакова П.Н.:Фис,1995.
4. Гломазов С,Чирва Б.Футбол . Теоретические основы и методика контроля технического мастерства. Москва, Физкультура и спорт, 2003г.
5. Остьянов В.Н. Гадамак И.И Бокс. Оқу мен жаттығу. Киев, Олимпиадалық әдебиет 2015ж.

УДК 370.182.62.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Тұрмаханбет Г.Қ. магистр,аға оқытушы
Глсбек Әлия Ғаниқызы ДС-721 тобының білім алушысы
Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Бүгінгі күні дене шынықтыру жаттығуларымен халықтың басым көпшілігі шұғылданады.Дене шынықтыру-спорттық бағдарламасына сай мамандар,дене шынықтыру мәдениеті жаттығу сабақтарын мектептерде,жеке адамдар мен топтар немесе көпшілік арасында ұйымдастырылуы мүмкін.

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде дене шынықтыру жаттығуларының табиғи түрдегі қозғалыстары өткізіліп (жүру,жүгіру,жүзу

т.б), өмірге қажетті деген қабілеттер мен әдетті дамытып, мектепке білім алуға дайын болуы тиіс. Мектептегі жалпы білім берудегі «дене шынықтыру мәдениетін» оқыту тәртібі, оқушылардың теориялық және тәжірибе жүзінде дене шынықтыру мәдениетімен спорт негіздерін танысуына және бұл негіздер күнделікті өмір мен білім алуды жалғастыруға қажет.

Дене шынықтыру-сауықтыру, мәдениет мекемелері, денсаулық лагерлері, демалыс орындарындағы білім беру жұмысы және сабақтан тыс уақыттағы өзге де іс-әрекеттер мен бос уақыттарды өткізу болып табылады. Сонымен бірге, дене шынықтыру білімін арнайы, терең үйретіп, өзі іске асыратын таңдалған іс-әрекет десек болады. Сондай-ақ, дене шынықтыру мәдениеті белсенді дамыту мәселелерін, еңбек қабілеттілігін арттырып, белсенділіктің серпінді оңтайланылуына күш беретін және іс-әрекет десек болады. Сондай-ақ дене шынықтыру мәдениеті белсенді демалу мәселелерін, еңбек қабілеттілігін арттырып, белсенділіктің серпінді оңтайлануына күш беретін және іс-әрекет қабілеттілігінің дамуын, психикалық процесстер мен жеке тұлғаның мінездемесі және өнегелі тәрбие алуы мен еркін болуын шешеді. Дене шынықтыру сабақтарының арнайы мамандық мекемелерде өтетін дене шынықтыру-педагогикалық іс-әрекеттерінің негіздеріне, көпшілік шұғылданатын дене шынықтыру мәдениетінің жоғарғы дәрежедегі спорт түрлері мен коммерциялық спорт түрлері және кәсіби спорт түрлеріне дайндау жатады.

Дене шынықтыру-сауықтыру жастарды қарулы күштерге даудың ажырамас бір негізі. Мектептегі тәжірибе сабағымен, қоғамдық демалыс орындарында дене шынықтыру мәдениеті болашақ отанды қорғайтын жастардың әскери өмірге қажетті талаптарға сай болуы үшін кәсіби физикалық дайындығы мен жеке тұлғаның қабілетін жетілдіріп, дене-шынықтыру біліміне мамандығы мен дағдылауын дамытады.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мен құқық қорғау органдарына әскери оқу мен тәрбиенің ажырамас бір негізі болып табылады.

Орта, арнайы орта және оқу орындарында дене шынықтыру мәдениетін міндетті өтетін болып табылып, бұл пәннің аспектісі дамуды, денсаулықтың жақсаруын, тәрбие мен білім берудегі арнайы міндеттерді шешіп, шартты талап өтетін студенттердің денсаулық жағдайының жетілдіретін кәсіби іс-әрекеттерді қолға алады. Арнайы мекемелер (денсаулық сақтау орындары мен санаторий т.б) мен жалпы білім беру мектептеріндегі балалардың психикалық және физикалық дамуы, коррекциялық-компенсациялық және емдеу-профилактикалық міндеттерді дене шынықтыру мен денсаулық сақтау арқылы болатындығын мамандар алға тартады. Бұл жерде қозғалыс пен іс-әрекет қабілетінің дамуы қалыптасады; физикалық және психикалық кемшіліктің орны толтырылып, түзетіледі; аурудан кейінгі еңбек қабілеті мен физикалық еңбек қабілеті жоғарғы деңгейде болады [1].

Дене шынықтыру мәдениетінің, дене шынықтыру-сауықтыру көмегі арқылы әкімшілік өз қызметкерлерінің дайындық, алдын ала дайындық, тәжірибесін жоғарлату квалификациясы, еңбек қабілеті және әрекет

кабілеттілігі секілді көптеген мәселелерді шешіп, әрекет ету мен көңілді болудың шарттарын және кәсіби аурулардың асқынуының алдын алады. Сонымен бірге, дене шынықтыру іс-әрекеттері емдеу-профилактикасы, коорекциялық-ақтау, демалу және денсаулық сақтау мекемелері мамандарының міндеттері, халық әлеуметтік қамсыздандару мен мәдениет т.б мәселелерін де шешеді.

Бұл негіздер субъекті мен әр түрлі мекемелер мен кәсіпорындардағы дене шынықтыру мұғалімдердің өзара қарым-қатынасын және бұл мекемелердегі мамандар ерікті көмекші болу арқылы дене шынықтыру мәдениеті мен спорттың мүмкіндігі әлеуметтік маңды міндеттерді шешеді.

Дене шынықтыру іс-әрекеттерді адамның денсаулық жағдайы дене мүшелерінің қалыпты жұмыс істеу жүйесі дене шынықтыру қызығушылығын іске асыру спорт жанкүйерлерін сондай-ақ дене шынықтыру мен мәдениеті мен спорт жалпы отбасылық мәселелерді шешеді әрбір адам дене шынықтырумен өз денсаулығының жақсаруы мен мықты болуына еңбек қабілеттілігін сақтауға физикалық тұрғыдан белсенді және сергек бола алады серпінді денне шынықтыру белсенділігін адам ағзасына жағымды түрде әсер етеді дене шынықтыру іс әрекеттері заттардың ауысуының үнемділігін, жүрек пен бұлшық еттердің мықты болуын, қатерді ісік, сал болып қалу, өкпе және т.б да ауруларымен күресу қабілеттілігін шындайды. Дене шынықтыру, сауықтыру адам ағзасының жағымсыз жәйтерден әсерленуіне қарсы төзімділігін арттырып, имунитетті жоғарлатып, түйсік, сезімдерді күшейтіп, ұйқының тұрақты болуын және адамның сергек, көңілді, және ақылы мен физикалық еңбек қабілеттілігінің күшеюін қамтамасыз етеді[2].

Дене шынықтыру мәдениеті мұғалімнің нормативті негіздегі іс-әрекеттері оның мынадай әлеуметтік-педагогикалық білімін анықтайды: дене шынықтыру мәдениеті мен спорт саласындағы әлеуметтік-педагогикалық білімнің ерекшелігі (дене шынықтыру мәдениеті мен спорт саласындағы әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттердің құқықтық негізі)[3]

Дене шынықтыру мәдениеті мен мұғалімнің педагогикалық іс-әрекеттерінің мазмұны мен ұйымдастыру негіздерінің анализі, әлеуметтік бағытпен бірге, дене шынықтыру мәдениеті мұғалімнің әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттерінің потенциалының маңызды екенін көрсететі. Дене шынықтыру спорт іс әрекеттерінің әлеуметтік педагогикалық мәселелерін шешуге бағытталған негізгі шарт, дене шынықтыру мұғалімінің іс әрекеттерінің әлеуметтік педагогикалық потенциалы және арнайы дене шынықтыру спорт түрлері, әдістері, оқу және тәрбие міндеттерінің құралдарын қолдану болып табылады. Бүгінгі күні әлеуметтік педагогикалық білімнің басты негізін, мұғалімнің дене шынықтыру және спорт міндеттерін орындауындағы әлеуметтік-педагогикалық шешуінен көре аламыз, сондықтан дене шынықтыру мұғалімінің әлеуметтік педагогикалық білімнің қабілеті туралы айтқанда мынадай қажетті аспектілерді көрсетеміз:

Білім мен қабілетті мұғалімнің әлеуметтік терең білімі ретінде қарастырып, тікелей дене шынықтыру-сауықтыру жұмысында іске асыру.

Дене шынықтыру және спорт стандарты мен талаптары негізінде білім қабілеті қазіргі уақытта тиімді пайдалану (әдістемелік гигиеналық.психология.педагогикалық)

Дене шынықтыру мәдениеті мұғалімнің кәсіби қабілеті мен білімін негізге алып,біз дене шынықтыру тәрбиесімен білім беру және физикалық даму процесіндегі қойылған талаптардың ерекшеліктеріне назар аударамыз[4].Мысалы,педагогикалық тапсырмаларды жүктейтін қабілетті топтарға әлеуметтік педагогикалық қарым қатынас нысанының денсаулығы туралы нақты мәліметердің әлеуметтік қабілеті болуы,олардың физикалық даму деңгейі,физикалық дайындығы,дене шынықтыру қызығушылығы ерекшелігі және т.б бұл мәліметтер мұғалімінің негізгі жоспарындағы дене шынықтыру мәдениеті мен спорттық кәсіби іс-әрекеттердің құралы болып табылады.

Қабілеттілер тобы бағдарламасында мынадай жоспарлы дене шынықтыру жұмысының әлеуметтік әсер ету әдістері қарастырылады: мазмұн,тұрақты әлістері,ұйымдастыру құралдары.Қабілеттілер тобының дене шынықтыру спорттық әс-әрекеттер мен әс-шараларды өткізуге міндетті түрде мұғалімнің әлеуметтік рөлі болады.Қабілеттілер тобында тек педагогикалық іс-әрекеттің нәтижелерін бағалау мен есепке алу ғана емес,оқушылардың дене шынықтыру іс-әрекеттеріне байланысты өзгеріс талқылаулары болуы тиіс (денсаулық жағдайын үйрену қабілеті,физикалық даму,тәрбие және білім алу).

Дене шынықтыру мәдениеті мұғалімнің мәдениеті мұғалімнің қабілеті мен құнды сипаты және білім берудегі себепті іс-әрекеттері жоғарғы оқу орындарына дайындық процесін дамытып,мамандардың кәсіби іс-әрекеттерінің жүзеге асу маңыздылығын арттырады.Студенттің оқудағы нәтижелері мен дене шынықтыру мұғалімнің іс-әрекеттері бірнеше факторларға байланысты екенін байқауға болады.Айталық,себептердің ішінде педагогикалық маман болу себебі,нақты бір спорт түріне қызығушылықпен байланысты және белгілі дамыған психикалық іс-әрекеттер ерекшелігі мұғалімнің дене шынықтыру жаттығуларын орындауының негізі болып табылады.Бұл негіздермен бірге болашақ мұғалімнің өмірдегі образы мен дене шынықтыру мәдениеті мен спорттағы орны анықталып,шығармашылық маманның дене шынықтыру мәдениеті мен спортқа қызығушылығын арттырып,дамытады.

М.И.Қабышева дене шынықтыру мәдениеті саласындағы біліктіліктің дамуына әсер ететін факторларды екі топқа бөліп қарастырады.Бірінші топтағы факторлар-бұл әлеуметтік (сыртқы орта) факторлар:материалдық-техникалық база,өмір мен тұрмыс шарты,экологиялық орта,бұқаралық ақпарат құралдары.нұсқаулық құжаттар.Екінші топтағы факторлар-жеке тұлға индивиді: туа біткен қабілеттер (антропометриялық, морфологиялық, физиологиялық, психикалық негіздер) және тәжірибеде жинақталған қабілеттер (себеп, қызығушылық, қарым қатынас, білім, шеберлік, тәжірибе). Бұл сипаттамаларды ерекше маңызды факторлар ретінде қарастыруға

болады. Сонымен бірге, дене шынықтыру мәдениеті мұғалімнің біліктілігінің белсенділігін немесе тежелуін және мамандарды педагогикалық дайындау процесін есепке алуымыз шарт.

Бұл талқылаулар арқылы біз дене шынықтыру мәдениеті мұғалімінің кәсіби дайындығын анықтап, бұл негіздермен мұғалімнің өзіндік әлеуметтік-педагогикалық біліктілігі дәлелденеді. Адамның жетістікке жетуі мен өзін-өзі тануға әсер ететін әлеуметтік, физикалық және психикалық факторлармен бірге дене шынықтыру білімі, дене шынықтыру тәрбиесі, физикалық даму процесі де әлеуметтік тұрғыдан әсер етеді. Халықты әлеуметтік қорғау және әлеуметтік тұрғыдан ұйымдастыру жүйесі туралы білім структурасында және дене шынықтыру мәдениеті мен спорт мекемелерінің жүйесі туралы білім мазмұнында, дене шынықтыру мәдениеті мен спортты дамытуға жәрдемдесетін мекемелер де болуы тиіс.

Дене шынықтыру мәдениеті мен спорт саласындағы әлеуметтік педагогикалық іс әрекеттер туралы заң бойынша дене шынықтыру мұғалімдерінің біліктілігі әлеуметтік педагогикалық іс әрекеттерді нормативті негізінің ерекшелігімен тығыз байланысты. Ал, тәрбие жұмысының ерекшелігі туралы анықтама-дене шынықтыру мәдениеті мен спорт потенциалының әлеуметтік педагогикасы туралы анықтамамен және спорттық дене шынықтыру бағытындағы сыныптық және сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы дене шынықтыру мәдениеті мен спорт құралдары, әдістері, формаларды қолдану ерекшеліктерімен байланысты.

Дене шынықтыру мәдениеті мұғалімінің әлеуметтік біліктілігінің шартты дамуы себептермен құнды бағыттар дене шынықтыру мәдениеті студенттің дене шынықтыру мәдениеті және спорт саласындағы іс әрекеттермен қарым қатынаста байланысты: өмір образы, шығармашылық қабілет пен индивидуальді психикалық іс әрекеттер ерекшелігі педагогикалық міндеттерді кәсіби тұрғыдан шешу жолдары болып табылады.

Библиографиялық тізімі

1. Ұ. Мұхамеджанова Дене шынықтыру пәннің оқыту әдістемесі. Астана. «Жарыс», 2011. – 192 б
2. Қобланов. Ж. Н Спорт терминдерінің. А, «Эконмика», 2009. – 96 б
3. Шадиев Әмірхан Арнаулы оқу орындарын дене тәрбиесі спорт жұмыстары. А, «Қазақстан». 2011. - , 105 б
4. Төтенай. Б Дене тәрбиесі. А, «Глобус». 2016. - 41 б
5. Оразов Ш. Б Дене тәрбиесінде жеке тұлға мен қозғалыс сапа. А, «Жалын», 2015. – 201 б.

СПОРТ РЕЗЕРВІН ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДӘРЕЖЕДЕГІ СПОРТШЫЛАРДЫ ДАЯРЛАУ

Укшебаев Куралбай Танкибаевич аға оқытушы

Қабылбек Алина ДС-121

Шымкент қаласы, Шымкент университеті

Аннотация: Дене шынықтыру мен спортты одан әрі дамыту, спорт резервін даярлау және халықаралық дәрежедегі спортшыларды тәрбиелеу - халықаралық спорт ұйымдарының жылдам өзгермелі талаптарын, спортшыларды даярлаудың түрлері мен әдістерін үнемі жетілдіруді, жаңадан келгендерден бастап халықаралық дәрежедегі шеберге дейін республика спортшыларын тәрбиелеу жүйесін одан әрі дамытуды ескере отырып, оқу-жаттығу процесін ұйымдастыруға деген деген жаңа көзқарастарды талап етеді.

Дене шынықтыру мен спортты одан әрі дамыту, спорт резервін даярлау және халықаралық дәрежедегі спортшыларды тәрбиелеу - халықаралық спорт ұйымдарының жылдам өзгермелі талаптарын, спортшыларды даярлаудың түрлері мен әдістерін үнемі жетілдіруді, жаңадан келгендерден бастап халықаралық дәрежедегі шеберге дейін республика спортшыларын тәрбиелеу жүйесін одан әрі дамытуды ескере отырып, оқу-жаттығу процесін ұйымдастыруға деген деген жаңа көзқарастарды талап етеді.

Спортқа даярлықты ұйымдастыруда оның қазіргі заманғы әдістемесінің мүмкіндіктерін іске асырудың бірқатар ережелері мен алғышарттарын:

спортқа даярлық жүйесінің жоғары тұрған (құрама командалар, олимпиадалық даярлық орталықтары, жоғары спорт шеберлігі мектептері) және төмен тұрған (спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар, олимпиада резервін даярлау мектептері, балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері және олимпиада резерві мектептері) құрылымдық бөліктерінде олардың мақсаттары, міндеттері, кадрмен, материалдық-техникалық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудегі ұйымдық-әдістемелік негіздердің бір-бірімен ұштасқан өзара байланысын;

спортшыларды орталықтан даярлауды, олардың жаттығу сабақтарындағы тұрақты бәсекелестігін және оны жұмыс қабілетін арттырудың факторының бірі ретінде пайдалануды, ағзаның іс-қимыл резервін толығымен жұмылдыру мен бейімделу процестерін оңтайландыруды қамтамасыз ететін ұйымдастыру жағдайларын жасауды атап көрсету қажет.

Ол үшін:

елдің барлық өңірлеріндегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде және олимпиада резерві мектептерінде мектеп жасындағы

балалардың 8 %-ына дейін сабаққа қамту мақсатымен олардың желісін кеңейту жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар мен елдің барлық өңірлерінде олимпиада резервін даярлаудың толыққанды өңірлік орталықтарын дамыту жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

олимпиадалық даярлық, соның ішінде мамандандырылған орталықтарды дамыту;

спорттық күнтізбеде жоспарланған республикалық іс-шараларды өткізуді және елдің құрама командалары мен үздік спортшыларының әлем, Азия чемпионаттарын, Олимпиада және Азия ойындарын қоса алғанда, халықаралық жарыстарға, басқа да ресми және халықаралық іріктеу спорттық іс-шараларына қатысуын қамтамасыз ету;

спортшыларды - әлем чемпиондары және халықаралық жарыстар мен чемпионаттардың жүлдегерлерін және олардың жаттықтырушыларын ынталандыру жүйесін жетілдіру;

Алматы қаласындағы «Шаңырақ» шағынауданында «Спорттағы дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернат» мемлекеттік мекемесін құру.

Қазақстанның дүние жүзінің бәсекеге қабілетті елу елінің қатарына кіру стратегиясына қол жеткізуі республика спортшы-ларынан халықаралық аренада жоғары нәтижелерге жетуді талап етеді.

Спорт резервін даярлау және халықаралық дәрежедегі спортшыларды тәрбиелеудегі проблемаларды табысты шешу үшін түпкілікті нәтижеге - әлем, Азия чемпионаттарында, Азия және Олимпиада ойындарында жүлделі орындарды иеленуге қабілетті спортшыларды тәрбиелеуге едәуір ықпал ететін факторларды қатаң ескеру қажет:

таңдаған спорт түріне мамандану үшін оның арнайы талаптарына жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жүйесінің қатаң түрде сай болуы;

спорт мамандығын таңдау, көпжылғы даярлықтың күллі жүйесін әзірлеу, жарыс қызметінің тиімді құрылымын анықтау кезінде нақты әрбір спортшының жеке бейімділігі мен қабілеттеріне барынша ден қою;

жаттығу және жарыс жүктемесінің, демалудың, тамақтанудың, жұмыс қабілетін қалпына келтіру, ынталандыру құралдарының және іс-қимыл мүмкіндіктерін жұмылдырудың қатаң теңгермелі жүйесіне ұмтылу;

даярлықтың дәстүрден тыс құралдарын кеңейту - спортшы ағзасының іс-қимыл мүмкіндіктерін толық ашуға мүмкіндік беретін аспаптарды, жабдықтарды және әдістемелік тәсілдерді пайдалану;

спортшылардың жаттығу әсерлерінің факторларына бейімделу процестерін жеделдетуге, олардың басты жарыстарға тікелей даярлығының тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін орташа биіктіктегі және биік таудағы жағдайларда спортшыларды даярлаудың тиімді әдістемесін жетілдіру;

бүкіл спорттық жаттығу жүйесін жарыс қызметінің оңтайлы құрылымына қол жеткізуге бағдарлау;

даярлық жүйесінің қарқындылығы, оған олимпиадалық спортты дамытудың жалпы үрдістері ретінде, сонымен бірге нақты спорт түрлерінің даму ерекшеліктері ретінде де тұрақты зерделеу мен есептеу негізінде жедел түзетулер жасау - жарыс ережелерін және оларды өткізу шарттарын өзгерту, жаңа мүкәммалдар мен жабдықтарды қолдану;

халықаралық спорт федерациялары тарататын әдістемелер мен ақпараттық материалдарды қолдана отырып, елдің құрама командаларында оқу-жаттығу процесін ұйымдастыруда республика-лық қоғамдық бірлестіктердің рөлін арттыру.

Спорт ғимараттары 2009.10.07. № 181-IV ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Дене шынықтыру мен спорттың материалдық базасы әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне жататын дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарының барлық түрлерінен құралады.

2. Спорт ғимараттары орналасатын аумақтарды құзыретті мемлекеттік органдар аталған ғимараттарды болашақта салуға арналған жерді ағымдағы игеру және келешектегі резервте ұстау үшін нормативтік бөлу арқылы анықтауы мүмкін.

Тұрғын үй аудандарының спорт ғимараттарымен қамтамасыз етілу нормативтері Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес белгіленеді.

3. Қамтамасыз ету нормативтерінде, құрылыс нормалары мен ережелерінде көзделген спорт ғимараттарына тұлғаның үйлер алабын, әкімшілік, мектепке дейінгі мекемелер мен оқу орындарының үйлерін салуға жол берілмейді. 2009.10.07. № 181-IV ҚР Заңымен 4-тармақпен толықтырылды

4. Мемлекеттік меншіктегі дене шынықтыру-сауықтыру, спорт және спорттық-техникалық ғимараттарды, соларға тең дене шынықтыру-сауықтыру, спорт және спорттық-техникалық ғимараттарын құрмай жоюға, олардың нысаналы және функционалдық мақсаттарын өзгертуге жол берілмейді.

Дене шынықтыру мен спорт саласында мамандар даярлау және дене шынықтыру мен спорт қызметкерлеріне қойылатын кәсіби талаптар

1. Дене шынықтыру оқу орындарында және дене тәрбиесі факультеттерінде оқыту, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады. 2007.27.07. № 320-III ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Дене шынықтыру мен спорт жөніндегі педагогтік қызметке жоғары немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар жіберіледі.

3. Дене шынықтыру мен спорт қызметкерлеріне қойылатын кәсіби талаптар заңдарда белгіленген тәртіппен бекітілетін арнаулы біліктілік нормаларымен анықталады.

4. Спорт жарыстары мен бұқаралық спорт шараларының төрешілігіне дене шынықтыру-спорт ұйымдарында арнайы даярлықтан өткен және

белгіленген тәртіппен спорт түрлерінің төрешісі ретінде аттестатталған адамдар жіберіледі.

Дене шынықтыру мен спорт саласындағы жеңілдіктер және әлеуметтік кепілдіктер 2004.20.12 № 13-III ҚР Заңымен 29-бап өзгертілді (бұр. ред. қара) (2005.01.01. бастап қолданысқа енгізілді); 2009.10.07. № 181-IV ҚР Заңымен 29-бап өзгертілді (бұр. ред. қара)

Дене шынықтыру саласындағы жеңілдікпен көрсетілетін қызметтер

Дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін немесе жеңілдікті жағдайларда пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесі, сондай-ақ жеңілдіктердің мөлшері Қазақстан Республикасының заңдарымен, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының және дене шынықтыру-спорт ұйымдары әкімшіліктерінің шешімімен белгіленеді. ҚР 04.07.03 ж. № 471-II (бұр. ред. қара) (күшіне енетін мерзімін қара); 2004.20.12 № 13-III (бұр. ред. қара) (2005.01.01. бастап қолданысқа енгізілді); 2009.10.07. № 181-IV (бұр. ред. қара) ҚР Заңдарымен 30-бап өзгертілді

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ташболатов С. Спорт және жаттығу психологиясы Шымкент.-2019.- Оқу құралы
2. Ким А.М., Спорт психологиясы.- Алматы.-2017.- Оқу құралы
3. Дене шынықтыру және спорттағы басқару спорт менеджменті Шымкент.-2016 Лекция жинағы
4. Мұхамеджанова Ұ. Дене шынықтыру пәнін оқыту әдістемесі.- Астана.-2011.
5. Алшынбаев .К. Шағын кешенді ауыл мектептерінде дене тәрбиесі сабағын жүргізу ерекшеліктері.- Шымкент.-2018.- Дәрістер жинағы.
6. Батибаева С.Г. Физическая культура.- Алматы.-2014.- Метод. пособие.

ӘОЖ 372.8:718

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЕРЕЖЕСІ

*Серимбетов Ж.Ш. магистр аға оқытушы,
университет доцент
Тілепхан Г.М. ДС-621 тобының білім алушысы
Шымкент университеті, шымкент қаласы*

Шығу тарихы:

Соңғы деректерге қарағанда, оның шығу тарихы 4 мың жылдық кезенді қамтиды. Ал кейбір мамандардың айтуынша, оның пайда болған кезі бұдан да көп уақыт болуы әбден мүмкін. Тоғыз-құмалақ өткен ғасырларда қазақ даласындағы ең кең тараған ойын болатын. Қазақи аңыздарға сенетін болсақ,

тоғызқұмалақ ойынын қарапайым қойшылар ойлап тапқан. Тоғызқұмалақ тақтасы ретінде олар жерді қазып, арнайы шұңқырлар жасаған. Ал, құмалақтарды дайындау үшін қойлардың құмалағын кептіріп, дәл сондай 162-сін қолданған.

Ауызба-ауыз таралып келген аңыздарда тоғызқұмалақ ойыны қойшылар үшін керемет ермек болды. Соңғы деректерге қарағанда, тоғызқұмалақ сынды ойындар ертеректе арифметикалық есептер үшін пайдаланылып, кейін келе есептеу әдістері ұмытылғанға ұқсайды. Тоғызқұмалақ тақтасы тек 18 отаудан емес, 14, 10 отаудан да тұруы мүмкін. Мұнда тек ойынның басында бір ұяшық отауға 9-дан артық құмалақ салуға болмайтыны маңызды. Себебі, тоғыздан кейінгі он және одан үлкен сандарды тек ондық санау жүйесінде ғана белгілеуге болады. Мысалы, он саны бір құмалақ пен бос отаудан тұрады. Сонда бос отау нөл белгісінің қызметін атқаратындығын көреміз. Тоғыз-құмалақта есеп шығару кілтін 2017 жылдан бері зерттеуші Бейсенбаев А.С. насихаттап келеді. Бұл цифрсіз есеп шығару кілті арқылы кез-келген тоғыз-құмалаққа ұқсас ойын тақтасында қосу, алу, көбейту және бөлу амалдарын шығаруға болады. Бейсенбаев А.С. ұсынған Цифрсіз есеп шығару ережелері(тоғыз-құмалақ тақтасында есеп шығарудың кілті деген де атауы бар) төменде келтірілген.

Тоғыз-құмалақ тақтасының кілті:

Бірліктер-тастар(құмалақтар)

Сан орны-отау

Сан белгісі-отаудағы тастар саны

Нөл-бос отау

Бөлшектік белгі-тұздық

Теңдік белгі-қазан

Қосу белгісі-ойда

Алу белгісі-ойда

Көбейту белгісі-ойда

Бөлу белгісі-ойда

Әлемде:

Қазіргі кезде әлемнің көптеген елдерінде тоғыз-құмалақ жақсы насихатталып жатыр. Мәселен, Қырғызстанда мектептерде тоғыз-коргоолдан олимпиада өтеді екен. Қытайда, Қарақалпақстанда кітаптар, ғылыми еңбектер шығуда. Сондай-ақ, көршілес Алтайда, Қарашай-Шеркеште, Сахада үйірмелер ашылып, Еуропаның бірнеше елдерінде тоғыз-құмалақ ойналып жатыр деген дерек бар. Қазір әлемде тоғыз-құмалаққа ұқсас мысырлық калах, Моңғолияда эсон коргоол, Шри-Ланкада олинда калия, африкалықтарда манкала, габата, абапа, нам-нам, бао, тамподуо, омвесо, маработ, тұрақты америкалықтарда аджи-бото, варри роунд және роунд, азиялықтарда сунгка, паллангули, гонгкак сынды ойындар бар. Мәселен, Африкадағы Уганда елінің омвесо деген ұлттық ойыны бар. Оның тоғыз-құмалақтан ерекшелігі

отау саны көп (32 отау) те бірақ құмалақ саны аз (64 құмалақ). Осы ойынды уғандалықтар әлемдік интеллектуалдық ойындардың қатарына кіргізіп, одан жыл сайын біресе Америкада, біресе Англияда олимпиадалар өткізеді екен. Немесе Шри-Ланканың манкала типіндегі жеті отаулық олинда калия ойын түрін алайық. Қазір бұл ойын, Интернет арқылы жедел дамып келе жатыр.

Қазақстанда:

Қазіргі таңда республикада оның жеке қауымдастығы бар, облыс орталықтарында тоғыз-құмалақты үйренемін деушілерге қауымдастықтың бөлімшелері мен үйірмелері ашылған. Бүгінде Қазақстанда осы жұмыстардың ұйытқысы болып отырған танымал бірнеше азаматтар бар. Солардың ішінде тоғыз-құмалақ федерациясының президенті Әлихан Байменов, вице-президенті Сардар Шәріпов пен «Таңғажайып тоғыз-құмалақ» кітабының авторы, тоғызқұмалақтан мемлекеттік жаттықтырушы Мақсат Шотаев деген азаматтардың есімін атау тұрарлық.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдан бері тоғыз-құмалақ жылдан-жылға дамып келеді. Бұл жерде жаңа құрылған тоғыз-құмалақ федерациясының ықпалы зор болып отыр. Бүгінгі таңда осы қауымдастықтың арқасында елдің түкпір-түкпірінде үйірмелер ашылып, тоғыз-құмалақтан жарыстар жиі өткізіліп келеді.

Тоғызқұмалақ ережесі: Тоғызқұмалақ ойыны арнайы тақтада екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы – 2 қазан, 18 отау, 162 құмалақтан тұрады. Ойын басында әр ойыншыға бір қазан, тоғыз отауға тоғыз-тоғыздан салынған сексен бір құмалақ тиесілі.

Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны – бастаушы, қарымта жүріс жасаған ойыншыны – қостаушы деп атайды. Кейде бастаушы үшін – ақ жағы, қостаушы үшін қара жағы деген тіркестерді де қолданамыз.

Тақтаның жазу үлгісіндегі жалпы құрылысы төмендегідей:

отаулар	№9	№8	№7	№6	№5	№4	№3	№2	№1
9	9	9	9	9	9	9	9	9	Қостаушы қазаны (0)
9	9	9	9	9	9	9	9	9	Бастаушы қазаны (0)
отаулар	№1	№2	№3	№4	№5	№6	№7	№8	№9

Берілген диаграммаларда бастаушының отаулары мен ондағы құмалақтар мөлшері үнемі төменгі жағында орналасады. Жүріс ойыншылар тарапынан кезектесіп жүріледі. Жүрісті кімнің жасайтыны жеребемен немесе қарсыластардың келісімімен анықталады.

1. Жүріс жасау үшін өз жағыңыздағы отаулардың бірінен біреуін орнына қалдырып, қалған құмалақтарды қолға алып, солдан оңға қарай бір-бірлеп таратамыз. Тарату сәтінде құмалақтар өз отауларымыздан асып кететін болса, қарсыластың отауына таратамыз. Егер соңғы құмалақ қарсыластың тақ санды құмалағы бар отауына түсіп, ондағы құмалақтарды жұп қылса (2, 4, 6, 10, 12), сол отаудағы құмалақтар ұтып алынып, өз қазанымызға салынады. Егер соңғы құмалақ қарсыластың жұп санды құмалағы бар

отауына түсіп (3 құмалақтан басқа), тақ қылса немесе өз отауымызға түссе, құмалақ ұтып алынбайды.

Мәселен, бастаушы №3 отаудағы 9 құмалағын таратса, соңғысы қарсыласының №6 отауына барып түседі және ондағы 9 құмалақ соңғы құмалақпен 10 болып, ұтып алынады және қазанға салынады.

2. Отаудағы жалғыз құмалақ көрші отауға жүргенде орны бос қалады.

3. Жүріс жасаған кезде отауларға құмалақ салмай немесе 2-3 құмалақ бөліп алып жүруге болмайды.

Тұздық алу ережесі:

Тоғызқұмалақ ойынында құмалақтан басқа ойында бір рет қарсыластың отауын ұтып алуға да болады. Оны ежелде – “тұзды үй”, қазіргі тілде – тұздық деп атайды.

4. Тұздық алу үшін жүріс жасаған кезде, қарсыластың екі құмалағы бар отауына таратқан құмалағыңыздың соңғысын түсіру керек. Сонда сол отауда қалыптасқан 3 құмалақпен бірге отау да ұтып алынып, ойынның аяғына дейін сіздің меншігіңізге айналады. Енді жүріс жасалған сайын тұздық алынған отауға түсетін бір құмалақ, міндетті түрде сіздің қазаныңызға салынып отырады. Тұздық алынған отауға арнайы белгі қойылады. Жазбаша түрде – Х деген шартты таңбамен белгіленеді. Осы жағдайда қостаушы ойыншы №7 отаудағы 10 құмалағын тарату арқылы, соңғы құмалағын бастаушының №7 отауына түсіріп, ондағы 2 құмалақты үшеу етіп, осы құмалақтарды ұтумен қатар, осы отауға тұздық жариялайды. Ендігі кезде бүкіл ойын барысында №7 отау – қостаушының меншігіне айналады.

5. Тұздық ойында бір рет алынады және №9 отаудан ешқашан алынбайды.

6. Тұздық аттас отаулардан алынбайды.

“Атсырау” ережесі:

Ойын аяқталуға жақындаған сайын әр ойыншының отауларындағы құмалақ таусыла бастайды. Әр құмалақ ұтып алынған сайын немесе тұздыққа түскен сайын қарсыластардың жүріс мөлшері кеми береді. Сондықтан ойын соңында қарсыластардың бірінің отауларында жүріс жасай алмайтын жағдай да кездеседі.

7. Ойыншылардың бірінің отауларындағы құмалақты бірінші таусып алып, жүріссіз қалуы – атсырау деп аталады.

8. Атсырауға ұшыраған ойыншының қарсыласы бұл жағдайда қосымша бір жүріс жасап, барлық құмалақтарды өз қазанына салып алады. Жүріс бастаушыдан басталады. Ол №9 отаудағы 4 құмалағын таратады. Өз кезегінде қостаушы №1 отауға түскен 1 құмалақты жүреді. Бастаушы №9 отаудағы жалғыз құмалақты 1 отауға салады. Қостаушы кез келген отаудағы құмалақпен, мәселен, 1 отаудағы 1 құмалақпен жүріс жасайды. Енді қостаушы отауларындағы 8 құмалақты қазанына салып, ойынның есебін жүргізеді. Есеп 76-86. Қостаушы ұтты.

9. Егер “атсырау” жағдайында қосымша жүріс жүрілген кезде, құмалақтар амалсыздан қарсыластың отауларының біріне түсіп, жүріс беретін болса, ойын әрі қарай жалғаса береді. Сонымен қатар ойыншы ойын барысында 82 құмалақ жинаса да, нәтиженің дәлдігі үшін ойынды соңына дейін ойнауы тиіс.

Отау нөмірлері	Қазақша атауы	Қырғызша атауы		Қарақалпақша атауы
№ 9 отау	маңдай	ооз	куу моюн	маңлай
№ 8 отау	көкмойын	көк моюн	көк моюн	көк мойын
№ 7 отау	қандықақпан	эки тишти	эки тишти	қаңлы қақпан
№ 6 отау	белбасар	ак колтук	ак далы	бел басар
№ 5 отау	бел	бел	бел	бел
№ 4 отау	атсыратар	далы	белдин алды	Атсыратар
№ 3 отау	атөтпес	текилдек уй	жаман үй	ат өтпес
№ 2 отау	тектұрмас	ат өтпес	ат өтпес	тектұрмас
№ 1 отау	арт	қуйрук	қуйрук	арт немесе таңлық

МАЗМҰНЫ

ПОЛИЛИНГВАЛДЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕР

<i>Қанаатова Г.О.</i> МЕСТО И ЗНАЧЕНИЕ ЭПИЧНЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ В ВОСПИТАНИИ МОЛОДОГО ПОКОЛЕНИЯ.....	3
<i>Айтенова Д.О.</i> ЕЖЕЛГІ ӘДЕБИ МҰРАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ.....	6
<i>Valieva Z.A., Akmaral Maratovna</i> IMPORTANCE OF ENGLISH LANGUAGE.....	10
<i>Артикулова Ю., Шойбекова. А.А.</i> М.ШАХАНОВТЫҢ – ТАНАКӨЗ ПОЭМАСЫНДАҒЫ АДАЛ ДОСТЫҚ БЕЙНЕСІ.....	12
<i>Аталова Ж.Б.</i> ОБРАЗ РОССИИ В ПОЭЗИИ XX ВЕКА.....	15
<i>Vaitenova A.A.</i> HERBERT WELLS AND HIS TWO-WORLDS.....	19
<i>Керімбаев Е.Ә.</i> КӨНЕ ТҮРКІЛЕР ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ҒАЛАМНЫҢ МИФОЛОГИЯЛЫҚ МОДЕЛІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭВРИСТИКАЛЫҚ МӘНІ.....	23
<i>Ибрагимова Ш. Бекқожаanova Г.К.</i> MODERN METHODS OF INVESTIGATING HOMONYMS.....	28
<i>Калымбетова К.Д.</i> DEVELOPMENT OF INDEPENDENT CREATIVE ACTIVITY IN THE TEACHING PROCESS.....	31
<i>Шанишархан А.А., Касымбай Д.У</i> TÜRKÇE DİL ÖĞRETİMİ METODOLOJİSİ.....	38
<i>Керимбаев Д.М., Пулатова М.К.</i> ПУТИ ОСВОЕНИЯ ЯЗЫКОВЫХ ДИСЦИПЛИН В УСЛОВИЯХ ВУЗА.....	41
<i>Керимбаева Д.Е., Абдикаимова С. И.</i> ИЗУЧЕНИЕ ПЕРСОНАЖЕЙ ТЮРКСКОГО ГЕРОИЧЕСКОГО ЭПОСА: КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ ПОДХОДЫ.....	47
<i>Керимбаева Д.Е., Абызбек А.Б.</i> РОЛЬ КУЛЬТУРНОГО КОДА В ФОРМИРОВАНИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ КАРТИНЫ МИРА.....	54
<i>Керимбаева Д.Е., Әсілхан Е.Ғ.</i> ОСОБЕННОСТИ ЯЗЫКОВОЙ КУЛЬТУРЫ СТУДЕНТОВ- ЮРИСТОВ: АСПЕКТЫ ИЗУЧЕНИЯ.....	59
<i>Лауланбекова Р.Т.</i> ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КҮРДЕЛІ ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ СИМВОЛДЫҚ БЕЛГІЛЕРІ.....	61
<i>Турдали Ж.Б., Белгибаева Г. А.</i> ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ҚЫЗДАР БЕЙНЕСІ.....	69

<i>Қасымбай С.С.</i>	
МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ САЛАУАТТЫ ТАМАҚТАНУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТİNДЕ.....	71
<i>Әшірәлі Н.Е., Белгібаева Г.А.</i>	
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ.....	75
<i>Матлап М., Лауланбекова Р.Т.</i>	
ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ БАЛА ТӘРБИЕСІ ТУРАЛЫ.....	77
<i>Серік Н., Белгібаева Г.А.</i>	
ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ХАНДАР БЕЙНЕСІ.....	81
<i>Өтеген Р. К.</i>	
FORMATION AND DEVELOPMENT OF SKILLS OF THE INDEPENDENT ACTIVITY WITH THE USAGE OF EDUCATIONAL GAME AT THE ENGLISH LANGUAGE LESSONS.....	85
<i>Онер А.</i>	
КЕНЕН – ЖЫРШЫЛЫҚ ӨНЕРДІ ЖАЛҒАУШЫЛАРДЫҢ БІРІ.....	91
<i>Дүйсенбекова М.Л.</i>	
ФУНКЦИЯЛЫҚ ЕТІСТІКТЕРДІҢ БОЛЫМСЫЗ ФОРМАЛАРЫ.....	94
<i>Азмиева Э.Э.</i>	
СВОЕОБРАЗИЕ РУССКИХ ДЕТСКИХ СЧИТАЛОК.....	99
<i>Умарбекова Г.А., Джамалова А.К.</i>	
ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИГРЫ И ИХ РОЛЬ В ОБУЧЕНИИ ЯЗЫКАМ В УСЛОВИЯХ НАЛИЧИЯ УГРОЗ ТРАДИЦИОННОГО И НЕТРАДИЦИОННОГО ХАРАКТЕРА.....	101
<i>Бельгібекова Ж.</i>	
КЕНЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІ.....	105
<i>Мыңжасарова М.А.</i>	
КЕНЕН – СУЫРЫП САЛМА АҚЫН.....	110
<i>Сабырова Г.С.</i>	
АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНДА ҚАЗАҚ ЖАЗБА ӘДЕБИЕТІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ.....	114
<i>Өмірзақ Г., Базарбекова Н.Ш.</i>	
МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КӨРНІС.....	120
<i>Алимова Г.А.</i>	
ОҚЫТУДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	124
<i>Алмахан Г.</i>	
ҚАЗАҚ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ЭТНОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	128
<i>Жиёмбаева Ж.Р.</i>	
ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ КОНЦЕПТТЕРЛЕРДІҢ ВЕРБАЛДАНУЫ.	130
<i>Қартбаева Н.Б.</i>	
ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ ҒАЛАМНЫҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНІҢ КЕҢІСТІК ЖӘНЕ ТАБИҒАТ КОНЦЕПТІЛЕРІ.....	133
<i>Сәдібеков Р.Е.</i>	
ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕР КОНЦЕПТОСФЕРАСЫНДАҒЫ «МЕРГЕН»,	139

«КЕМПІР» КОНЦЕПТТЕРІ.....	
<i>Чукаева А.Т.</i>	
ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ АДАМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАТТЫҚ ӘЛЕМІНІҢ КОНЦЕПТТЕРІ.....	141
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТРЕНДТЕР МЕН ИНОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР	
<i>Турлибеков А.А.</i>	
ДЕНЕШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТПЕН АЙНАЛЫСАТЫН ӘРТҮРЛІ ДӘРЕЖЕДЕГІ СПОРТШЫЛАРМЕН САБАҚ ӨТКІЗУ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	150
<i>Исмайл.Б.К., Есенбек Ұ.</i>	
СПОРТТЫҚ САЙЫСТАРДА ОҚУШЫЛАРМЕН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ.....	155
<i>Сапаров К.Т.</i>	
СПОРТТЫҚ ШЕБЕРЛІКТІ ЖОСПАРЛАУ. СПОРТТЫҚ ШЕБЕРЛІКТІ ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ.....	159
<i>Аралбеков А.Ә.</i>	
ТАҢДАҒАН СПОРТ ТҮРІНЕН БАЛУАННЫҢ ДЕНЕ КҮШ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	163
<i>Бариков Д.Х.</i>	
ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ДАМУЫ. КҮРЕС ТЕХНИКАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ.....	168
<i>Маханова У. М.</i>	
БАСКЕТБОЛ ОЙНАУДЫ ҮЙРЕНУДІҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ.....	173
<i>Бектурганов Е.М.</i>	
ОЙЫН ТЕХНИКАСЫН АРТТЫРУҒА БЫҚПАЛ ЕТЕТІН БАСКЕТБОЛШЫЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ҚАСИЕТТЕРІ	177
<i>Урисова А.И.</i>	
ҚОҒАМДАҒЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ.....	181
<i>Сарсембаев.А.Б., Рысқұлбек.Г.</i>	
СПОРТШЫЛАРДЫҢ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ІС-ҚИМЫЛДАРЫНЫҢ ДЕНЕ МҮМКІНДІГІ АРТТЫРУ.....	184
<i>Сарсембаев.А.Б., Фахриддинов Р.</i>	
СПОРТШЫЛАРДЫҢ ШЕБЕРЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	190
<i>Ахмедов Б. А., Ондасинов К.</i>	
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	196
<i>Дәурен.Ж.Б., Нұртасбек.А.</i>	
ФУТБОЛ ОЙЫНЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....	202
<i>Дәурен.Ж.Б., Кулниязов Э. У.</i>	
ВОЛЕЙБОЛ.....	208
<i>Дүйсенов Қ.К.</i>	
ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫННЫҢ ПАЛУАНҒА БЕРЕТІН МҮМКІНДІКТЕРІ.....	211
	216

<i>Елишев Б.Т.</i>	
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ПӘНІ ОҚЫТУШЫЛАРЫН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ДАЯРЛАУ.....	
<i>Исаева Ә.Н.</i>	
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ ЖҮЙЕСІ.....	221
<i>Исмайл.Б.К., Ерланқызы.А.</i>	
СПОРТ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ БАСТАПҚЫ ДАЙЫНДЫҚ ТОПТАРЫНДА БОЛАШАҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕ БЕЙІМДІЛІКТІ АНЫҚТАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....	226
<i>Кобланов Ж.Н., Қаныбеков Ж.С.</i>	
САМБО КҮРЕСІ.....	230
<i>Кожатаев Д.Ж.</i>	
ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ОЙЫН ТҮРЛЕРІ.....	234
<i>Құлтаев С.Т. Бекжанова Ә.</i>	
СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУДЫ БАСҚАРУДЫҢ ЖАЛПЫ ТӘРТІПТЕРІ.....	238
<i>Кобланов Ж.Н., Маханбет Б.</i>	
ҚАЗАҚТЫҢ КҮРЕСІ АРҚЫЛЫ БАЛУАННЫҢ ЖЫЛДАМДЫҒЫН ДАМУ.....	241
<i>Айсағалиев Б.Т., Шала Е.</i>	
ВОЛЕЙБОЛ СПОРТ ОЙЫНЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ДАМУ.....	245
<i>Айсағалиев Б.Т., Еркінжанов Р.</i>	
ҚАЗАҚ КҮРЕСІНІҢ ҚАРЫМЫ.....	248
<i>Махатбаев.Ф.Д., Нуралиева Д.</i>	
ЕРКІН КҮРЕСТЕҢ ӘДІС ТӘСІЛДЕРІ.....	250
<i>Битабаров Е.А., Алиев Ұ.О., Маханова У.М.</i>	
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА БАСКЕТБОЛ АРҚЫЛЫ ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	254
<i>Алиев Ұ.О., Битабаров Е.А., Маханов О.М.</i>	
СПОРТШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖӘНЕ СПОРТТЫҚ ҚЫЗМЕТТЕГІ ЖЕТІСТІКТЕРІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	257
<i>Битабаров Е.А., Төлебеков Н.Ж.</i>	
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМНЫҢ МАҢЫЗДЫ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ РЕТІНДЕ.....	260
<i>Тоқбергелі Н.С., Сапар Н. Б.</i>	
СПОРТ-АДАМНЫҢ РУХАНИ ӘЛЕМІ ҮШІН МАҢЫЗДЫ.....	264
<i>Тоқбергелі Н.С., Рәсіл М.Н.</i>	
ҰЛТТЫҚ СПОРТ ҰЛТТЫ ТАНЫТАДЫ.....	267
<i>Рустемов М.М., Санемов А.</i>	
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘНЕ ТӘРБИЕСІ.....	271
<i>Рустемов М.М., Қорған С.</i>	
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ОРНЫ.....	275
<i>Асылбек М.</i>	
СПОРТҚА БАУЛУ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	280

<i>Тукиев С. А., Исахан М.Б.</i>	
ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ОЙЫНЫ – ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ.....	285
<i>Тукиев С. А., Маратұлы Қ.</i>	
ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА.....	290
<i>Тұрмаханбет Г.Қ., Құрманов Е.А.</i>	
ФУТБОЛ ӘЛЕМДЕ КЕҢ ТАРАҒАН СПОРТТЫҚ ОЙЫН ТҮРІ.....	297
<i>Тұрмаханбет Г.Қ., Ілесбек Ә.Ғ.</i>	
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	300
<i>Укшебаев К.Т., Қабылбек А.</i>	
СПОРТ РЕЗЕРВІН ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДӘРЕЖЕДЕГІ СПОРТШЫЛАРДЫ ДАЯРЛАУ.....	305
<i>Серимбетов Ж.Ш., Тілепхан Г.М.</i>	
ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЕРЕЖЕСІ.....	308

«БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАҢА ТРЕНДТЕР МЕН
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМДАҒЫ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК НАУЧНЫХ СТАТЕЙ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«ЗНАЧИМОСТЬ НОВЫХ ТРЕНДОВ И ТЕХНОЛОГИЙ В СИСТЕМЕ
ОБРАЗОВАНИЯ»

COLLECTION OF SCIENTIFIC ARTICLES
OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL
CONFERENCE
«THE IMPORTANCE OF NEW TRENDS AND TECHNOLOGIES IN THE
EDUCATION SYSTEM»

V том

Басуға _____ жылы қол қойылды.
Қаріп түрі «Times New Roman»
Көлемі _____ шартты баспа табак.
Таралымы ____ дана.

